



**«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

**Ақылдастар алқасы:**

**Сапарбаев Б., төраға**

**Айтұлы Н.**

**Асқаров Ә.**

**Есдәулет Ұ., жауапты хатшы**

**Еспенбетов А.**

**Жұмаділов Қ.**

**Ғабдоллаұлы С.**

**Ибрагимов Т.**

**Исабеков Н.**

**Түсіпбеков Т.**

**Ысқақов Қ.**

**Редакциялық алқа:**

**Әскербекқызы Ж.**

**Кәпұлы Д.**

**Қазанқапов Ж.**

**Құрмансейіт Қ., жауапты редактор**

**Рамазан Д.**

**Тұрлынова Р.**

**Бауыржан Жақып**

**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

I том

**ЕЛІККӨРГЕН**

*Өлеңдер, балладалар, поэмалар*

Фолиант

УДК  
ББК  
Б

---

*Алтай-Ертіс кітапханасы*

---

**Б Жақып Б.**  
**Еліккөрген:** *Өлеңдер, балладалар, поэмалар.* – Астана:  
Фолиант, 2013 – 352 б.

ISBN

Қазақ өлеңіне өз даусымен, өзіндік өлең өрнегімен келген Бауыржан Жақып есімі қазіргі таңдағы жырсүйер қазақ қауымына кең танымал.

Табиғи таланты мен әдеби біліктілігі сай өсіп-толысқан ақынның бұл кітабына Тәуелсіз Қазақстанның өткен тағдыр-талайы мен бүгінгі биік мұраттары туралы шығармалары енгізіліп отыр. Оның поэзиясы ұлттық бояуының қанықтығымен, қазақи дәстүрден тамыр тартқан көркемдігімен және қарапайым халыққа түсініктілігімен, ақыл мен сезім пернелерін егіз өргендігімен де ерекшеленеді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК  
ББК

ISBN

© Жақып Б., 2013  
© «Фолиант» баспасы, 2013

### «ТАНЫ МЕНІ, АШЫП КӨР ҚҰПИЯМДЫ»

Кімге қалай екенін қайдам, ал мен үшін ең жаман өлең – ортақол өлең. Неге? Өйткені жаман өлеңнен өлеңнің текті табиғаты мен бекзат бітім-болмысын, сыртқы мүсіні мен ішкі тынысын түгел қамтып, түптеп тани алмайтын, дайындығы аз, түсінігі шала оқырманның өзі де бірден жерінеді. Ал ортақол өлеңнен көп-көп оқырман, тіпті өзін өлең дүниесінің білгірімін, сөздің тамыршысы, ойдың безбенімін деп санайтын көзіқарақты, көкірегі ояу адамдар да бірден бас тартып, бірден сырт айналмайды. Өйткені ортақол өлеңде бәрі бар. Ұйқас пен ырғақ дегеніңіз буын-буынымен үйлесіп, бунақ-шумағымен қосылып сіресіп тұр. Балталамақ түгілі, көк мұздың көбесін сөгетін сүйменмен ұрсаң да бұза алмайсың. Теңеу ме? Ол да бар. Образ ба? Іздесең оны да табасың. Әрине, ол теңеулер мен образдар оқыған адамды селк еткізетіндей, ең болмаса селт еткізетіндей жаңа да, тың да емес. Әбден таптаурын болған көне немесе әлжуаз, көтерем. Бірақ, қалай болғанда да, ондай өлеңдер, ең бастысы, өлеңге қойылатын негізгі талаптар мен шарттардың барлығын игеріп алған. Енді оған не демексің? Ондай өлеңге бірдеңе деуге қандай себеп, нендей салдарың бар? Әлде ол өлеңнің авторымен алакөз бе едің? Сұрақ дәл осылай төтесінен, кісілігіңе салмақ сап қойылғанда, өзің-ақ амалсыз тосылып қаларың хақ...

Шынында да, ондай өлеңдерде бәрі болып келеді. Бірақ оқып шыққанда, әлгінде айтқанымыздай, «не селк етпейсің, не селт етпейсің». Тым үйреншікті. Кәдімгі механикалық машықтан туған конвейерлік өнім. Штамп. Бірінен-бірі аумайды. Жарқ ете қалатын сілкініс те, сарт ете түсетін серпіліс те жоқ.

Қимыл-қарекеттері – жіппен басқарылатын қуыршақтардың қимыл-қарекеттері. Жаныңның терең қабаттарына кіріп, тебіреніске түсіретін сарабдал ой да, күркіреп, күрпілдеп келіп жарқылдап жататын жасындай асау мінез де жоқ, тек әлеміш бояулармен сылап-сырланған, күн көзінде жатқан шынының сынығындай жалт-жұлт етіп көзді арбайтын жасанды, алдамшы әрекет қана бар. Мұндай ортақол өлеңдердің қауіптілігі сонда – оқырман қауымның өлеңге деген талғамын барынша бүлдіріп, барынша аздырып-тоздыратындығында. Яғни, оқырман қауымның осындай жылтыраған целлофан қапшықтағы өлеңдерге әбден бой үйретіп, сүйексінді болып алатындығында. Жұртшылықтың ондай өлеңдерге әбден бой үйретіп алатындығы сондай, кейде олардың қолына қан-жыны сорғалаған дүниені ешқандай орап-бүктемей, сол қалпында молынан қаршып ұстата салсаң, не боп қалды деп шошынып кетері хақ. Өйткені ол жылтыраған целлофан қапшықтағы өлеңдерге үйреніп алған. Әдемілеп, әрлеп, орап-сырлап беруің керек.

Ақырында ортақол өлең оқырманды адастырып, шатастыратыны сондай, оны бидайдан арпаны, күріштен күрмекті, тарыдан қауызды айыра алмайтын жағдайға жеткізеді. Менің ортақол өлеңді жаман өлеңнен де жек көретінім содан.

Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырған себебіміз, әсіресе, кейінгі кезде шын талантты өлеңдердің сұрқай, ортақол өлеңдердің лайлы тасқынының астында қалып бара жатқадығынан. Содан барып шын талантты өлеңдер қаламға көп ілікпей, көзге көп шалына бермейді. Оның есесіне ортақол өлеңдердің пысықай авторлары орынсыз әспеттеліп, орынсыз құрметке ие болып жатады. Міне, осындай келеңсіз үрдістердің салдарынан сырт қалып, көзге көп шалына бермейтін ақындардың бірі, сөз жоқ, Бауыржан Жақып дер едік.

Әдетте ақын деген, егер ол шын ақын болса, әдебиет табадырығын аттаған бойда, ең болмаса бір шумақпен болса да, жұртты жалт қаратары сөзсіз. Олай болмады ма, онда ол ақынның одан әрі жұртшылық аузына іліне қоюы екіталай. Бауыржанның оқырман қауымды бірден өзіне қаратқан өлеңі – «Әжемнің ұршығы». Бұл өлең кезінде жай оқырманды ғана емес, қазақ өлеңінің күмбірлеп тұрған көне қоңырауы Әбділда

Тәжібаевтың дуалы аузына іліккен болатын. Ол өлеңді бәріміз де сүйсіне оқығанбыз. Тағы бір оқиық:

*Бір сәтке, әже, тыншып па ең –  
Шұйкеге мол жіп жиылып,  
Отырушы едің ұршықпен  
Уақытты қоса иіріп.*

*Қолыңнан шыққан сыйлықтар  
Қонатын үйге құт болып.  
Секундтар және минуттар  
Иірілетін жіп болып.*

*Сен жоқта көңіл серги ме,  
Сағындық аңсап, бұл – шыным.  
Иесіз қалды төргі үйде  
Киелі сенің ұршығың.*

*Кетсең де алыс Күнге ұшып,  
Кетпейсің естен ендеше.  
Өзің боп мені жүр құшып  
Сен тоқып берген кеудеше.*

*Өзімді сонда жұбатып,  
Өмірге іштей күйінгем.  
...Ұршық қой мына Уақыт  
Жіп қылып бәрін иірген.*

Міне, жай ғана тұрмыстық бір шаруа алып әлемнің тыныс-тіршілігімен жалғасып, кішкене ғана бір деталь Уақыт дейтін ұлы ұғыммен ұласып жүре берді. Оның үстіне секундтар мен минуттардың өзін жіп қылып иіріп отырған Әженің сиқырлы қуаты қандай десеңізші! Бейне бір ол Уақыт билеушісіндей... Бірақ бәрін де үгіп, бәрін де уатып, жалмап-жұтып жатқан жебір Уақыт күндердің күнінде көрі кейуананы да өзінің иіріле үйіріліп тұрған иіріміне тартып алып кетті. Тағы да осы өлеңдегі Әжеге деген соншалықты құштар сағыныштан, қимас аңсардан тағы бір сөз айтсаң көз жасы құйылып жүре беретін,

қыстығып тұрған бозбаланың лебі мен демі қандай?! Сол леп пен дем сенің де көкірегіңе кіріп, сенің де жаныңа ұя сап жатқан әлдебір сағыныш пен аңсарды оятып, дүр сілкіндіріп, кеуденді кернеп алып бара жатады.

Жалпы Бауыржан – өткеніне, балалық шағына көп үңілетін, сол бір дәуреннің тұнығына көп сұңгитін ақын. Рас, жалғыз Бауыржан ғана емес, бәріміз де өткенімізге, Бердібек ағамыз айтқандай, «балалық шаққа саяхат» жасамайтынымыз жоқ. Бірақ көбіміздің балалық шаққа жасаған саяхаттарымыз жалпылама баяндап беруден, сол бір шақты өліп-өшіп сүйетінімізді жел сөздермен күптіре айтудан әрі аспайды немесе ол шақты суреттеп береміз деп көрген-білгенімізді этнографиялық мұражайдың библиографиялық көрсеткішіне айналдырып алатынымыз бар. Әрине, нақты бір детальді, айқын бір затты көрсетпей қандай бір кезең, қандай бір мезгілді өлеңмен өрнектей қою қиын. Бірақ ол деталь да, ол зат та тірі көрініс, тірі суретке айналу керек қой. Ол да бізден әлдеқайда жас бола тұра, бәріміз сияқты, «Қолтаңба» өлеңінде айтқандай, «ағаш қасықпен құрттың көбігін жалап» өскен ақын. Осы сөздің өзі-ақ талайымызды балалықтың шат-шадыман күндеріне алып кетіп, көңіл-көздеріміз уақыттың қалың тұманының ар жағында қалған талай-талай қызықты көріністерді бірінің соңынан бірін ілестіріп шығары сөзсіз. Бірақ өлеңнің міндеті өткенді тек көрсету ғана емес қой. Өлеңнің міндеті, ең алдымен, өткенді тірілту. Образбен көрсету. Тірі образбен! Сондықтан жұрттың Бауыржан ақыннан құрт қайнатып жатқан әжеңнің қолтаңбасын қай жерден көріп тұрсың деп сұрауы әбден заңды. Оның үстіне біздің қазіргі түсінігімізде қолтаңба деген – қастерлі ұғым, қадірлі түсінік. Олай болса, құртта қандай қолтаңба болуы мүмкін? Бірақ Бауыржан бізді дәл сол қастерлі ұғым мен қадірлі түсінікке алып келеді:

*...Келешек бізді күтті алдан,  
Келмеске сәби күн кетті.  
Сол кезде сықпа құрттарда  
Қолтаңбаң барын білмеппін.*



*Құртыңды аңсап жаныммен,  
Қолтаңбасын мен сағындым –  
Аялы алақаның мен  
Салалы саусақтарыңның.*

Әжесінің аялы алақандары мен салалы саусақтарының ізі қалған құрт. Құрттағы әже қолтаңбасы! Өткеннің тірі образы дегеніміз осы емес пе?!

Бауыржанның әжесі туралы, әжесінің қолынан шыққан дүниелер жайлы жазған өлеңдері біршама. Тағы да ол өлеңдердің бәрі дерлік сәтті, бәрі дерлік желсіз күнгі көл тұнығынан күміс кесемен шөп еткізіп іліп алғандай мөп-мөлдір, тап-таза. Өйткені олар аса бір құштар сүйіспеншілікпен, аса бір құмбыл ықыласпен жазылған. Бауыржан үшін әжесі, өзі бауырында өскен аяулы адам, асыл ана ғана емес, ол – тұтас бір әлем. Әжесі бұл дүниеден өткенде, сол бір тағдырлы тұтас әлем де әжесімен бірге қопарыла көтеріліп, барса келмес бақи дүниеге көшіп кеткендей...

Бірақ әжесінен қалған мұра өлмек емес. Тағы да ол мұра мұра қалпында қалмай, әлдеқайда масштабты, әлдеқайда ауқымды кең дүниемен жалғасып кетеді. «Алаша» өлеңін алайық. Әжесінің көзінде кәдімгі алаша. Сол алаша үстінде жатқан ақын қандай күй кешеді дейсіз ғой?

*Жатсам сенің үстіңде  
Туған жерде ояндым, –*

дейді. Бұл, әрине, детальдің ғана ойнауы емес. Тамыры да, қуаты да әріде.

*Ойға баттым не түрлі,  
Қасиетімсің төрдегі.  
Ұшқыш кілем секілді  
Алып кеттің сен мені.*

Енді, міне, туған жердің бәйшешек гүлдері бетіне ою-өрнек боп түсіп, туған жердің бояуы сіңген алаша бір сәтте сиқырлы

кілемге айналды да, үстінде жатқан ақынды көтеріп ап, әлем үстімен ұша жөнелді.

Бауыржан, сөз жоқ, дәстүршіл ақын. Бірақ дәстүршілдікті әлдекімдердей тар қауызға салып қарастырмайды, әлдекімдердей тым үстірт, тым жадағай, тым таңқы түсінбейді. Кеңірек қарастырып, тереңірек үңіледі. Менің бұлай деп шұқшиып сөйлеп отырған себебім, қазір бәзбіреулер дәстүршілдік дегенді өлеңнің сыртқы кейпі, яғни формасы деп ұғады екен. Басқаны былай қойғанда, өлең әлемінде едәуір аты бар деген бір замандасымыз «Біз өлеңді Абайдың жыр үлгісімен ғана жазуымыз керек, сол нағыз дәстүр» деп байлам жасапты. Рас, Абайдың ғажайып жыр үлгілерінен ешуақта да бас тартуға болмайды. Өйткені ол үлгілермен біздің ұлы құндылықтарымыз дүниеге келген. Ол үлгілермен әлі де талай-талай таңдай қақтырып, таңғалтатын шығармалар дүниеге келетініне шөк келтірмейміз. Яғни, ол үлгілер – мәңгі жасайтын үлгілер. Оған ешкімнің де дауы болмаса керек. Ешкімнің де! Бірақ Абай бұрын-соңды қазақ өлеңінде болып көрмеген жаңа үлгілер алып келді ғой. Тағы да ол жаңа үлгілер қазақ ұғымына соншалықты жақын. Сүйектес бауырдай боп сіңісіп кетті. Олай болса, оның сол дәріс-сабағынан неге тағылым алмаймыз? Ол дәріс-сабақтың біз үйренетін ең басты қасиеті – жаңа үлгілердің Абай ғана айта алған жаңа мән, жаңа мазмұнға қызмет етуінде. Абай ғана айта алған ол жаңа мән мен жаңа мазмұнды жеткізуге бұрынғы үлгілердің мүмкіндігі жетпес еді. Ол жаңа мән мен жаңа мазмұндағы Абай өлеңдері бізде бұрын болмаған жаңа үлгілерді киіп дүниеге келді. Табиғи түрде! Сондықтан бүгін өмірге келіп жатқан немесе болашақта өмірге келетін бөлек мән мен тосын мазмұндағы өлеңдер де өз үлгілерін киіп дүниеге келіп жатса, оны жатырқамаған жөн. Тек табиғи болсын, арғы тамыры болсын, Абай дәстүрі бізге осыны үйретеді.

Олай болса, жаңа мән, жаңа мазмұнсыз жаңа үлгіңіз де, көне үлгіңіз де әншейін бір іші қуыс схема боп шығады. Тағы да қайталап айтамыз: жаңа үлгіні жаңа мән, жаңа мазмұн ғана тудыра алады. Әрине, көне үлгілермен де ғажап дүниелер өмірге келуі әбден мүмкін. Келіп те жатыр. Тіпті кейде ұйқасқа ғана құрылып, таңдайы тақылдаған дидактикалық

үлгімен жазылған өлең де жүрегіңді баурап, жаныңды жаулап алады. Бұл да бір сиқырлы құбылыс! Бір сөзбен айтқанда, қандай үлгімен жазсаң да, ол үлгі қозғаған тақырыбыңның мән-мағынасын, болмыс-бітімін ашуға қызмет етуі керек. Бауыржанның «Домбыра» атты өлеңі бар:

*Бұлбұлдың даусы сіңген домбыра,  
Қыран боп түлкі ілген домбыра.  
Аңшы боп ойға шомған домбыра,  
Аттың шабысы қонған домбыра.  
Лекіткен домбыра, лепірткен домбыра,  
Ортекелерді секірткен домбыра.  
Бәйге атындай баптаған домбыра,  
Арыстарымды жоқтаған домбыра.  
Арқаны жаяу кезген домбыра,  
Азапқа талай төзген домбыра.  
Азаттық күнін күткен домбыра,  
Қазаққа ғана біткен домбыра!*

Біз бұл өлеңнің қандай үлгімен жазылғанына мән беріп жатпаймыз. Өйткені бұл өлеңде, ең бастысы, домбыраның табиғаты мен тағдыры сөйлеп тұр. Қараңызшы, өлеңнің әр жолы саусақпен басқан сайын бір леп пен бір гәп шығаратын пернеге айналып кеткен жоқ па? Сонымен бірге бұл өлеңге тек домбыраның ғана табиғаты мен тағдыры емес, қазақ рухының да табиғаты мен тағдыры өрілген.

Бауыржанның бізді тағы бір төнті ететіні – оның байқағыштығы мен қырағылығы. Ол – әдетте жалт еткен жақындағыны шап беріп ұстай алатын, қиядағыны қалт жібермей қағып түсетін алғыр. Көзімен көргенді сол сәтінде сөзімен суретке түсіре қояды. Әрине, ол жылт еткен нәрсенің бәрін сырт еткізіп баса беретін ешқандай композицияны, ешқандай арақашықтық өлшемін, ешқандай көлеңке мен жарық тепеңдігін білмейтін, талғам атаулыдан жұрдай бейберекет фотограф емес. Оның сөзбен салған суреттерінің бәрі дерлік әрі нақты, әрі жанды.

*Объектив – дерсің жанарым,  
Жүрегім – фотоаппарат, –*

дейді ол бір өлеңінде. Дәл солай.

*Шілдені мүйізімен шайқап іліп,  
Сиырлар бара жатыр оқалақтап.*

Жанымызға соншалықты жақын, көзімізге соншалықты таныс аптапты күнгі ауыл суреті. Бірақ «шілдені мүйізімен шайқап іліп» бара жатқан сиырларды тек Бауыржан ғана көре алыпты. Енді Бауыржанның жаңбырлы күнгі күзгі ағаштарына қараңыз:

*Күллі ағаш моншаға түсіп жатыр,  
Шешіп тастап киімін сыртындағы.*

Бұрын мұндай суретті қай ақын салыпты?

Бауыржанның кейбір суреттері аса іріленіп, зор қайрат, зор қуатқа ие боп кетеді. Сенбесеңіз, таңалакеуімнен тұрып, жұмысына кіріскен көше сыпырушының қимылына көз салыңыз:

*Сырылмен таңды оятып,  
Сыпырып түнді жүргендей.*

Бұған енді қалай сүйсінбейсіз?!

Тізе берсек, Бауыржан салған суреттерден тұтас бір көрме жасақтап шығуға болар еді. «Үлгілдеген көгалда бүлкілдейді ақ бұлақ», «Жел жүгіріп барады су бетімен, су жүгіріп барады жер бетімен», «Дүр етіп қарағайдан ұшқан құстай, кетті ұшып жүрегімнен қалың өлең», «Төсіне қырат-батырдың тағылған гүлдер орден боп», осылай жалғаса береді, жалғаса береді.

Егер Бауыржан табиғаттың көңілді де, көзді де арбар сыртқы құбылыстарын сөз-суретке түсірумен ғана болып, тек соны ғана қызықтап кетсе, онда ол оқырман қауымды тез жалықтырып алған болар еді. Онда ол қаншама әдемі бояулар жағып, қаншама қызық суреттер салса да, бар болғаны пейзаждық қана

ақын боп қалар еді. Өйткені табиғат әлемі, бізді қоршаған мына дүние әсем қимыл-қарекеттер мен ажарлы әсем суреттерден ғана тұрмайды ғой. Оның да тартысқа толы драмасы, күйініші мен сүйініші, бітіспес күресі мен тіресі бар. Сондықтан енді ол дүние астарына үңілуге бет қояды:

*Өзендерім желең төсі ашылып,  
Тереңіне ағады сыр жасырып.  
Қара жердің астарында асыл бар,  
Қойнауына шөккен талай ғасырлар.  
Қалың бұлттың астарынан жай құлар,  
Қуаныштың астарында қайғы бар.  
Жарықтың да астары бар – қараңғы,  
Ой да астарлы, ұстама, дос, жағаңды.*

Дүниенің лебі мен деміне алаң ақын енді бұдан былай антеннадай сақ, мембранадай сергек. Сондықтан да ол уақыттың кеше, бүгін, ертеңінен, яғни үш өлшемінен де сыр мен гәп іздейді. Дүниенің бар түпкірімен жалғасып, дүниенің бар тарабымен байланысқа түскен ақын көкірегі, сөз жоқ, күмбір мен дүбірге толып шыға келмек. Енді оның бәріне алаң, бәріне күпті көңілі тіпті космос кеңістігімен де байланысқа түскендей:

*Басқарып тұрған әр қадамды үнсіз,  
Басқарып тұрған айналамызды,  
Ғажап бір күш бар жалғаған сымсыз  
Күнге де бізді, Айға да бізді.*

Әрине, бұл жолдар арқылы ақын өзінің дүниетанымы мен қиял кеңістігінің мүмкіндігін ғана көрсетіп қоймай, айнала тіршілікпен біртұтас, бір жаратылыс екенін, мына әлемнің бірімен-бірі қабысып, бірімен-бірі жалғаса жамырасқан құбылыстардан тұратынын, оның діңі де, тіні де бір екенін, ол әлемнің бүкіл тыныс-тіршілігі де, болмыс-бітімі де сенің жүрегінде жаңғырып жататынын жеткізіп тұр. Ақынның дүниетанымы мен қиял кеңістігі қаншалықты масштабты, қаншалықты ауқымды болса да, оның жаны ең алдымен жер бетіндегі өмір мен жер бетіндегі тіршілікке, тіпті оның көл бетіндегі қоңыр

үйрегінің тағдырына да алаң. Өйткені космос корабльдері де ең алдымен осы жұмыр жердің қамын ойлап, күйін күйттеп ұшып жатады. Олай болса, қоңыр үйрек екеш қоңыр үйректе де мына қатыгез заманның қасіреті жатса, ақын жаны қалай күйінбесін, ақын жаны қалай тебіреніп, солықтамасын? Сол өлеңді түгел оқыңызшы. Үзіп-жұлып, бөліп-жарып оқу – бұл өлеңге обал.

*Қалмастан тілсіз жауға жаны күйреп,  
Қаперсіз, су бетіне салып ирек.  
Көрдім мен, кетпейді әлі көз алдымнан,  
Уланған көлде жүзген қоңыр үйрек.*

*Қоға да, жағадағы қамыс та улы,  
Қосылған бұлақтағы ағыс та улы.  
Балапан кезінде-ақ бұл үйректі  
Дегелең дүмпулермен таныстырды.*

*Тұратын қалың қамыс бүркеп, қорып,  
Өсті ол көл бетінде үркек болып.  
Биікке ұшушы еді бір кездері,  
Шалдығып, соңғы кезде жүр көп қонып.*

*Мойылдай жанарына нұр сіңді айдан,  
Қалайша у сәулені жусын бойдан?  
Сарыжалдың сағымына жүр шомылып,  
Қайнардың қасіретін білсін қайдан?!*

*Көзінен үңілген жан мұңды көрер,  
Оны бір көрген адам шындық өрер.  
Өн бойы сәулеленген қоңыр үйрек,  
Өлсе де туған көлге сүңгіп өлер.*

Қолтоқпақтай ғана қоңыр үйректе бүкіл туған жер мен туған елдің қасіретті трагедиясы жатыр. Адамның қарау пиғылымен жасалған алапат жарылыстың улы сәулесін балапан

кезінде-ақ тұла бойына сіңіріп алған қоңыр үйрек халі – аянышты хал. Зорға ұшып, зорға қонып жүрген ол үйрек бірақ бәрібір туған жерін, туған көлін тастап кетпек емес. Бәрібір ол өлсе де сол туған көліне, улы болса да, сүңгіп өлмек. Осы бір жол арқылы-ақ, жалғыз қоңыр үйрек қана емес, сол жерді мекен еткен тұтас бір елдің тағдыры көз алдыға келіп тұра қалады. Неткен жанкешті қайсарлық?! Қоғасы мен қамысына дейін уланып жатса да, семіп те, суалып та қалмайтын неткен ессіз махаббат?! Олай демей не дерсің?! Айналаның бәрі улы сәуле сіңіріп алған. Ауру, дімкәс, кеселді, дертті. Санасыз қоңыр үйрек, әрине, оны білмейді. Ал саналы адамдарға не болған? Қопарыла көтеріліп көшіп кетпей ме?! Мұндай сұрақтың сан сапалағын, мың түрлісін қойсаң да оған басқаша жауап таба алмайсың. Оған бір-ақ жауап бар. Ол – туған жерге деген ессіз де көзсіз махаббат. Сол махаббат қана оларды шырмап буып, шідерлеп ұстап, жібермей отыр.

Бауыржан да сол тулақтай кеуіп, бордай үгітіліп жатқан Дегелеңнің дәл түбінде, яғни от бұрқырап, от жалмап, от жалап ойран-ботқасы шыққан Абыралыда дүниеге келген. Сол Бауыржаннан «Сен үшін дүниедегі ең ыстық жер қай жер?» деп сұраңызшы. Ол ойланып жатпастан-ақ «Арқау болып келбетің көп өлеңге, қайта түлеп қырларың көгерер ме? Дерттенсең де, қырық жыл өрт көрсең де, перзент үшін сендей жер жоқ әлемде!» деп жауап берері хақ.

Туған елі мен туған жерінің ғұмыр бойы басылмайтын күйікті өксігі мен күйінішті зарын естіп өскен Бауыржан сылдырмақ-шылдырмағы көп мынау алдамшы өмірдің шаттығына шомылып, қуанышына жуынғысы кеп, өзін-өзі қаншама алдарқатқысы келсе де, бірақ бәрібір ол «ақ қан» боп ауырған туған даласының ауруымен өмір сүріп, дертімен дем алады. Өзі солай дейді: «Келген сайын қан жылап жан-жүрегім, қайтып жүрмін қайғы алып қала жаққа». Бейне бір ауылына қайғы алып қайту үшін баратындай. Неткен ауыр тағдыр?! Неткен азапты ғұмыр?!

Сенің де жаның азапқа түседі. Тамұқтың отындай ыстық жалын сенің де жүрегіңді шарпып өтеді. Мұндайда жан дауысы

керек шығар. Солай болады да. Бауыржанның қолынан «Жан дауысы» атты дастан дүниеге келген. Тағдырдың өзі қойғандай тақырып. Ақынның жан дауысы шырқырап, туған жер төсінен «айнадай жарқыраған көлін» іздеп, «көкорайлы шалғынын» таба алмай, «ән шырқап ататын ақ таңынан» адасып бебеу қағады. Құлындаған даусы құраққа жететіндей. «Киік те жоқ, арқар да жоқ, қыран да жоқ. Жоқ! Бәрі жоқ. Тіпті дөңкиіп-дөңкиіп жатқан төбелердің де әскердің тәртібімен шаштары алынып тасталғандай». Туған жерді адам айтқысыз зұлмат басқан. Сол зұлмат сұмдығынан тау да шыдай алмай зар қағады. Дегелең зарлап тұр:

*Басталды сол бір сұмдық бастан кешкен,  
Секілді әлдеқайда аспан көшкен.  
Жазығым көрінбейді жадыраған,  
Барлығы төңіректің астан-кестен.*

*Жалмады айдаһар-өрт жаппай маңды,  
Барлығы төңіректің отқа айналды.  
Қаптаған қарағайым шоққа айналды,  
Жүрегім шошынғаннан соқпай қалды.*

Таудың алып жүрегі тоқтады. Тау өлді. Енді ол күлге, үйіндіге айналды. «Жүрегім соқпайды енді, демім бітті, ей, таулар, жиналыңдар жаназама» дейді Дегелең. Жер үстіндегі бүкіл тауларды жаназасына шақырып тұр. Ақырғы сөз, ақырғы тілек. Таудың өзін өлтірген ол сұрапыл, сұмдық күшке ештеңе де төтеп бере алмақ емес. Сенбесең, құраған тоғайдың «Улы ортаға қамалдым да, улы сәуле уыстадым, улы судан нәр алдым да, улы ауамен тыныстадым. Бұтақтары құдай болып, құшағымда тұнған ағаш, абыройдан жүрдай болып, қалдым бір күн тыр жалаңаш» деген төбе құйқанды шымырлатар соңғы сөзіне құлақ тұр. Немесе «Жылайын десем жасым жоқ, тарайын десем шашым жоқ. Әлдекімдердің қолымен көкірегіме басылды от. Қырлардың көші қаралы, қош айтып маған барады. Өнімнің бәрі мұңды да, тәнімнің бәрі жаралы»



деп еңіреген алып Даланы тыңда. Әйтпесе «Өткеннің бәрі ойымда, ұмытпағанмын, сүйретілемін, еңтігіп тұрып қаламын. Шалдықтым мен де ауруға, шамам жоқ енді, құрдымға суым кеткендей құрып барамын» деп тұншығып, демі бітіп бара жатқан, тартылған өзеннің мұңын естіп көр. Болмаса «Жерімдегі жарылыс, жетті маған дүмпуі. Ойламаппын болар деп мұндай сұмдық бір күні. Кидім ажал көйлекті, жоғалып ем тапқызбай. Рухымды сөйлетті көрде тыныш жатқызбай. Адам азды, жер тозды, су тартылды, ну жанды. Қайда апарып сақтармыз қу сүйекті, қу жанды?» деп шошынған зираттағы Абай сөзіне мойын бұрыңыз.

Әйтеуір, бұл дастандағы қай тарауды оқысаң да қаның атқақтап басыңа шауып, жаның шүберекке түйіліп, ет-бауырың езіліп, сай-сүйегің сырқырап қоя береді.

Сөз жоқ, Дегелең мен Абыралы қасіреті – бүкіл жердің, бүкіл қазақтың қасіреті. Ол қасіретті бүкіл болмыс-бітіміңмен, бүкіл тамыр-талшығыңмен сезінесің. Бірақ ол қасіретті дәл Бауыржандай сезіне қоюымыз қиын. Өйткені ол – сол жердің ауасын жұтып, сол жердің суын ішіп, көлінен қоңыр үйрегін көріп, қорасынан қоңыр қозысын өргізіп өскен ақын. Алматыдан ауылына барса да, ауылынан Алматыға қайта оралса да алапат сұмдық зұлматтың аждаһа демінен әлі күнге азап шегетін жандармен күнде кездесіп, оларды күнде көріп, олармен күнде сөйлесіп отыр. Күнделікті күйбең тірлік жетегімен жүрген біздер көбіне ол қасіретті естен шығарып алатынымыз рас. Ал Бауыржан тағдыры басқа. Бірде ол маған: «Темаға, мен тіпті ойын-тойда да елегізіп отырам... Телефонның даусы кейде маған шоқ басып шар ете қалған баланың даусындай естіледі. Тағы да не боп қалды деп шошып кетем...» – дегені бар. Яғни, ақын жүрегі ел қасіреті мен ел азабын арқалап тұр деген сөз. Ол қасірет пен азапты Бауыржан енді жүрегінен сылып тастай алмайды. Ғұмыр бойы олай өмір сүру, әрине, ауыр. Бірақ лағынет атқыр мына қу тағдыр оның жүрегіне сондай қасіретті жүк арқалатып қойса не дерсің? Амалың жоқ қой. Олай болса, енді оның ақындық бағы да сол азапта. Басқаша айту мүмкін емес. Шындығы сол.

Мен бұл мақаламда даусы нық, тегеуріні қатты Бауыржан Жақып ақынның шығармаларының табиғаты өзіме жақын бағыттарын ғана сөз еттім. Шын ақынның бітім-болмысын, оның көркемдік-эстетикалық өресі мен өрісін түгел қарастыру, оның ұңғыл-шұңғылын түгел тану мүмкін болмаса керек. Бауыржанның «Таны мені, ашып көр құпиямды» деген сөзі де біздің сол ойымызбен үндесіп тұрғандай.

*Темірхан Медетбек,  
ақын, ҚР Мемлекеттік  
сыйлығының лауреаты*

Өлеңдер





## ЕЛІККӨРГЕН

Есімде, Алатаудың бөктерінде,  
Қиқулап құстар ұшып жеткенінде,  
Өндірдей өңкей ақын көкке шықтық  
Көгілдір Алматының көктемінде.

Сылдырап сырға таққан бұлақ ағып,  
Отырмыз қызғалдақтан шырақ алып,  
Дір еткен гүлдің өзі шабыт қозғап,  
Жүрекке алуан-алуан жыр оралып.

Біресе Сәкен болып сыр ашамыз,  
Біресе Бейімбет боп қыр асамыз.  
Өзендей өзеуреген екіленіп,  
Екпіндеп Ілиясқа ұласамыз.

Еліктеп Мұқағали, Қасымға біз,  
Балаймыз өзімізді жасынға біз.  
Төлеген, Жүмекен боп толғанамыз  
Жап-жасыл қалың ағаш қасында біз.

Иітіп Күннің өзін егілдіріп,  
Аспаннан өлең болып көрінді бұлт.  
Аққудай Фариза апай ортамызда,  
Біз болсақ, жыр оқыдық төгілдіріп.

Біріміз жыр оқыдық дауылдатып,  
Даусымыз тау жаңғыртып, дабылдатып.

Біріміз асқақтатып, арындатып,  
Лаулатып, алаулатып, жалындатып.

Көктемгі үнімізден көл дір етіп,  
Біріміз ақ тұмадай мөлдіретіп,  
Қыздардың қолындағы орамал мен  
Көктегі ақша бұлттай желбіретіп.

Оқыдық небір өлең тебіреніп,  
Өйткені жырға айналған өмір едік.  
Елжіреп Фариза апай баға берді,  
Алатау тыңдап тұрды еміреніп.

Өлеңнің жанған оты көрікті ашты,  
Күй ойнап көкіректе көбік шашты.  
Бір кезде біз отырған сол тоғайдан,  
О, ғажап, ғажайып бір елік қашты.

Бөріміз аңтарылып қарап қалдық,  
Елікті жақсы ырымға балап та алдық.  
Еліктің кездескені жақсылық қой,  
Көкке өрлеп көңіліміз, қанаттандық.

Біздердей талай жас тал көктейді әлі,  
Біздерге соқпай олар өтпейді әлі.  
Қазақтың өлеңінің киесіндей  
Сол елік көз алдымнан кетпейді әлі.

Жап-жасыл сол бөктерге түр береді,  
Ойыма қызыл елік мың келеді.  
Қазақтың қара өлеңін қадір тұтып,  
Көргендер сол елікті кімдер еді?!

Қашанда жас толқынға сеніп келген,  
Біздегі ақ сезімге ерік берген,  
Біздерді жырға баулып, жолға салған  
Фариза апам еді Еліккөрген.

Қара өлең шын талантты жат көре ме?  
Басына, кім біледі, бақ бере ме?

Сондағы үлкеніміз – Ертай ақын  
Жүр бүгін өлең жазып Ақтөбеде.

Өлеңнен шырақ жағып мың қыстауға,  
Мұратбек кетіп қалды Шыңғыстауға.  
Сиынып үш жүз алпыс екі әулиеге  
Жүр біздің Светқали Маңғыстауда.

Ақсайда Гүлнар менен Қайрат ақын,  
Талғарда Жәниядай әйбат ақын.  
«Қасқыр» мен «Аспанды» оқып біздің Әбіш  
Жауын да қарсы келген жайрататын.

Мәукенұлы болатын Берғазиев,  
Оның жырын тыңдайтын Серғазы ұйып.  
Маяковский сияқты отты өлеңін  
Темірғали оқитын кең жазылып.

«Жазғаны аумайды, – деп, – Есениннен», –  
Жүруші ек, ерте айрылдық Үсениннен.  
Есжан да толмай кетті қырық жасқа,  
Ерекше ол да көзге түсе білген.

ҚазПИ-ден бізге келген үш ақынды  
Қаумалап қызғалдақтар құшатын-ды.  
Кәдірбек, Нұрлан менен Қазбек ақын  
Сол сәтте қанат бітіп ұшатын-ды.

Ашылып Мейірханның мұңды әлемі,  
Айсұлу сонда өлеңін шыңдап еді.  
Білмеймін қазір қайда жүргендігін,  
Бәрімізді Ғазиза тыңдап еді.

...Біз сонда шарап ішіп қызып едік,  
Өлеңнің өзенінде жүзіп едік.  
Өңімде сонан кейін көрген жоқпын,  
Түсімнен шықпай жүрсің, Қызыл елік.

...Тағы да мамыр келді желік берген,  
Көктеммен сол бір сәттер еріп келген.  
Кеудені керемет бір желік керген,  
Ғажайып сезімдерге ерік берген.

Жүрегім сағыныштан кетті езіліп,  
Достарым қайда жүрсің Еліккөрген?

### КИІЗ ҮЙ

Киіз, киіз, киіз үй,  
Киіз, киіз, киіз үй,  
Қара мақпал түндерде  
Айдан таққан мүйіз үй.

Ою, ою, ою үй,  
Ою, ою, ою үй,  
Сенен шыққан күмбірлеп,  
Бабам тартқан қою күй.

Отау, отау, ақ отау,  
Ырысты отау, бақ отау.  
Сенен көзін алмайды  
Ақ қар, ақ қар Алатау,  
Қатпар, қатпар Қаратау,  
Сағым, сағым Сарыарқа,  
Атырау, Алтай, дала, тау.

Керегекөз шаңқан үй,  
Уық иық шаңқан үй,  
Алтын діңгек, тор шаңырақ,  
Торғауытты қалқан үй.

Қырға қонған шатыр үй,  
Ойға қонған шатыр үй,  
Бес қаруын асынған,  
Дулығалы батыр үй.



Ақ сеңсенді бөріктім,  
Тау тұлғалы көріктім,  
Иен даланың төрінде  
Еркін, азат, еріктім.

Қонағыңды шақыр үй,  
Қымызыңды сапыр үй.  
Нұр саулаған төсінен  
Жыр саулаған ақын үй.

Ашуланса қамшылы үй,  
Шамырқанса шамшыл үй.  
Қонақ келсе қой сойған,  
Туыс келсе қаншыл үй.

Жауын жауса тамшылы үй,  
Сәукелелі, сәншіл үй.  
Көмейінен саз төккен,  
Әсем әуез әнші үй.

Күміс баулы туырлық,  
Қасиетіңді ұғындық.  
Түннің аппақ нұрына  
Сенде жатып жуындық.

Аққу мен қаз көл аңсар,  
Жайлауымсың – мен аңсар.  
Шаңырағыңа, о, ғажап,  
Сыйып кеткен ғаламшар.

Көк құлынды биенің,  
Ақ боталы түйенің  
Саумалының, шіркін-ай,  
Исі сіңген сүйегің.

Күн шығады таңертең,  
Саған сүйеп иегін.  
Дала – күйші, ақеркем,  
Сен деп білген тиегін.

Өлеңімнің гүл өңі,  
Өмірімнің тірегі.  
Желп-желп еткен түндігі –  
Кең даламның жүрегі.

Көкте Тәңірі – бір ием,  
Жерде сенсің – қыр ием.  
Сыйып кеткен ішіңе  
Дөңгеленген дүнием.

Сол үшін де сүйемін,  
Алдыңда бас иемін.  
Саған ешбір үй жетпес,  
Киіз үйім – киелім!

## АЛАША

Ауылымнан алдырған  
Үйімдегі тұмарсың.  
Әжем марқұм қалдырған  
Сен бір асыл мұрамсың.

Сарғалдақтай сап-сары,  
Сағынышы бар санамның.  
Қызыл-жасыл, тоқсары  
Бояуы бар даламның.

Тасқа біткен түсті не  
Қынаменен боялдың.  
Жатсам сенің үстіңе  
Туған жерде ояндым.

Ойға баттым не түрлі  
Қасиетімсің төрдегі.  
Ұшқыш кілем секілді  
Алып кеттің сен мені.

Көрдім асыл әжемді,  
Көрдім туған өлкемді.  
Көрдім тоғай, өзенді,  
Жан-дүнием өртенді.

Беу, киелі алаша,  
Асыл әжем тоқыған.  
Жақындата түстің бе  
Жүргенде елден алыстап.  
Өлең жазып отырам  
Енді сенің үстіңде  
Аруаққа бағыштап...

### **БІЛТЕ ШАМНЫҢ ЖАРЫҒЫ**

Ай туады, Күн қашады,  
Алдымызда түн тосады.  
Жанушы еді сонда біздің  
Қараша үйдің білте шамы.

Жанымызға жарық беріп,  
Парақтардан әріп теріп,  
Сол жарықпен оқушы едік  
Не бір кітап алып келіп.

«Мың бір түн» де қаласаң бар,  
Жалп-жалп жанып дана шамдар,  
Небір көне кітаптарды  
Оқытатын қара шалдар.

Терезеден ұрланып Ай,  
Күлімсіреп тұрған ұдай.  
Білте шаммен біз оқыған  
Ғашықтардың сырларын-ай,  
Батырлардың жырларын-ай!

Даусымызды соза түсіп,  
Бөйге болса оза түсіп,  
Шайқастарды оқығанда  
Арқа кетер қоза түсіп.

Керқұла атты Кеңдебайың,  
Күн астында Күнікейің...  
Сұлулыққа тіл біткенде  
Шұбыратын сілекейің.

Қыс тоңдырмас мұз-қарымен,  
Түн тоңдырмас ызғарымен.  
Білте шамның жарығымен  
Бірге кейде жүргендейсің  
Жылан Бапы қыздарымен.

Енді бірде тапқандайсың  
Қазақ айтқан қоңыр әнді.  
Ертіп келе жатқандайсың  
Ер Төстіктей бағыланды.

Құртқаменен достасқанда  
Болғандайын Қобыланды.  
Гүлбаршынмен қоштасқанда  
Алпамыстың жолы қалды.

Ата жаумен айқастырып  
Ер Тарғындай оғыланды,  
Қалмақтармен шайқастырып  
Қамбардайын қабыланды.

Ерлік маздап жас денеңде,  
Ой толғайсың басқа әуенде.  
Білте шамның жарығымен  
Отырасың басқа әлемде.

Алмастырып Айды Күнмен,  
Шабасың кеп Тайбурылмен.

Шаттанасың, қуанасың,  
Кезігесің қайғы-мұңмен.

Батыр аты қайсыдан кем,  
Ұшасың кеп Байшұбармен.  
Хандарменен бетпе-бет кеп,  
Тілдесесің қойшылармен.

Заңғар-заңғар тау қалдырып,  
Шуда-шуда шаң қалдырып,  
Елді қорғап баратасың  
Тарғын болып Тарлан мініп.

Қыз Жібектің лебін сезіп,  
Айналасың серігіне.  
Жылайсың кеп ағыл-тегіл  
Төлегеннің өліміне.

Ұйықтап сосын кетесің ғой,  
Қой шетінде Қозы болып.  
Балаң мұрттан өтер өбіп  
Ақ Баянның өзі келіп...

Өрт боп жанып жалынынан,  
Соның бәрін қанып, ұғам.  
Қымбат нәрсе жоқ-ау, сірә,  
Білте шамның жарығынан.

## ДОМБЫРА

Тәңірінің құйған жан нұры домбыра,  
Халқымның қилы тағдыры домбыра.  
Күй болып ғажап төгілген домбыра,  
Еңкілдеп жылап, егілген домбыра.  
Іштегі шерді тарқатқан домбыра,  
Әсем өмірден ән тапқан домбыра.  
Қара шанағына мұң толған домбыра,  
Пернелеріне үн толған домбыра.

Ақыл нұрына қаратқан домбыра,  
Сезім сәулесін таратқан домбыра.  
Хандардан қалған кесем домбыра,  
Билерден қалған шешен домбыра.  
Дауларды шешіп тастаған домбыра,  
Майданда қолды бастаған домбыра.  
Ғасырлар сырын сақтаған домбыра,  
Суға салса да батпаған домбыра.  
Отқа салса да жанбаған домбыра,  
Кең-байтақ жерді қорғаған домбыра.  
Құрманғазыдан қалған домбыра,  
Дина шешеміз шалған домбыра.  
Тәттімбет бабам шерткен домбыра,  
Серілер-салдар ерткен домбыра.  
Небір шеберлер жасаған домбыра,  
Сүгір домбыра, Қашаған домбыра.  
Ұшқан күндерге ілескен домбыра,  
Үкісі үлшілдеп, жыр ескен домбыра.  
Абай домбыра, Жамбыл домбыра,  
Даналар тартқан даңғыл домбыра.  
Көп әңгімені азайтқан домбыра,  
Жігіт боп қызға сөз айтқан домбыра.  
Сұлудың үні – гәкку домбыра,  
Көлдегі жүзген аққу домбыра.  
Бұлбұлдың даусы сіңген домбыра,  
Қыран боп түлкі ілген домбыра.  
Аңшы боп ойға шомған домбыра,  
Аттың шабысы қонған домбыра.  
Лекіткен домбыра, лепірткен домбыра,  
Ортекелерді секірткен домбыра.  
Бәйге атындай баптаған домбыра,  
Арыстарымды жоқтаған домбыра.  
Ауыр қазаны естірткен домбыра,  
«Жазмыш-ай, жазмыш!» дестірткен домбыра.  
Арқаны жаяу кезген домбыра,  
Азапқа талай төзген домбыра.  
Азаттық күнін күткен домбыра,  
Қазаққа ғана біткен домбыра!

## ТАЙҚАЗАН

Баласы Сәруардың Әбділәзиз  
Асқан бір шеберлікпен құйған қазан.  
Жасатып бұйрығымен Ақсақ Темір,  
Қазандық бөлмесіне сыйған қазан.  
Төрінен кесененің орын алып,  
Қазына, дәулет, байлық жиған қазан.

Сырларын ғасырлардың ішке бүгіп,  
Тәу етіп, халық басын иген қазан.  
Келгендер керуен-керуен алтын құйып,  
Мінәжат етушілер сүйген қазан.  
Зеңбірек дүмпуіне төтеп беріп,  
Отына отаршылдық күйген қазан.

Бұл қазан – басқаларға арман қазан,  
Шүпілдеп нұры Алланың толған қазан.  
Жазылып Құран сөзі ернеуіне,  
Қағбасы Түркістанның болған қазан.

Кеңдік пен қонақжайлық үлгісіндей  
Қазақтың қасиеті қонған қазан.  
Орнынан бір дүлей күш қозғап кетіп,  
Қараусыз Эрмитажда қалған қазан.

Сол қазан бәрін көрген азабымның,  
Қуәсі талай-талай аза-мұңның.  
Тайқазан Түркістанға алынған соң,  
Басына бақыт қонды қазағымның.

Тайқазан сәні болған сайын дала-ай!  
Жас ұрпақ ғұмыр кешсін уайымдамай.  
Ырыс-құт, берекесін қазағымның  
Құдірет енді ешқашан айырмағай!

Алдаспан, қынабыңнан суырылма,  
Ешбір жан қарсы келмес бұл ырымға.  
Тайқазан орынынан қозғалмаса,  
Тәуелсіз елім тұрар тұғырында!

## ҚАСҚЫРДЫҢ ТЕРІСІ

Кеше ғана дала кезген, сай кезген,  
Мен ұлысам, қоян қашқан, қой безген.  
Түннің ішін тіміскілеп шығатын,  
Түн баласы көз ілмейтін айкезбе ем.

Келе жатсам, қарсақ қашқан демімнен,  
Сонадайдан құс үріккен лебімнен.  
Жер дөңгелеп бауырымның астында,  
Аспан аунап, қабырғасы сөгілген.

Аспан аунап, қабырғасы сөгілген,  
Сауырынан жұлдыздары төгілген.  
Қаралы бұлт маған шағып бар мұңын,  
Солқ-солқ жылап, еңіреген, егілген.

Жел жеткізіп тау мен тастың сәлемін,  
Тыңдайтынмын ақ бұлақтың өлеңін.  
Ештеңеден тайсалмайтын, қайтпайтын  
Қара түннің қаһарманы мен едім.

Көзге түртсе түк көргісіз, қара түн  
Менің жалғыз жан серігім болатын.  
Қараңғылық – қағылатын қанатым,  
Екі көзім түнді жарып жанатын.  
Ал ұлысам, көктен жұлдыз ағатын.

Тұмсығымды Айдың нұры аймалап,  
Жапырылып жол беретін хайуанат.  
«Өмір» деген – құздың басы екенін  
Құлағанда түсіндім тек тайғанап.

Түнді сүйген, қырды кезген арлан ем,  
Кеше ғана маздап тұрып жанған ем!  
...Тері болдым, керегеге іліндім,  
Беу, дүние, сен не деген жалған ең?!



## ҮШ ТАЛ ҮКІ

Жыр толып жүрегімнің уысына,  
Келеді небір ойлар тіл ұшына.  
Үйімнің төрінде тұр үш тал үкі,  
Ілініп кілемнің бір бұрышына.

Қарт әжем қондырғандай биігіне,  
Қадапты үкіні бас киіміме,  
Нәресте кезімнен-ақ тұмар болған,  
Айналып тірлігімнің түйініне.

Қиналсам, кейде жүрек дамыл алмай,  
Қасымнан үш тал үкі табылардай.  
Төрде тұр қасиетім, бойында оның  
Әжемнің қолдарының табы бардай.

Көзінің күлім қаққан нұры сіңген,  
Бесікте әлдилеген жыры сіңген,  
Үкінің үлпілдеген мамығына  
Әжемнің үлбіреген үні сіңген.

Сондықтан киелі сол үш тал үкі,  
Әжемнің аруағындай құшқан үкі.  
Қасында қанат бітіп жыр жазамын,  
Жамылып жауырыныма қыста күші.  
Үш тал үкі, үш тал үкі...

## ӘЖЕМНІҢ ҰРШЫҒЫ

Бір сәтке, әже, тыншып па ең –  
Шүйкеге мол жіп жиылып,  
Отырушы едің ұршықпен  
Уақытты қоса иіріп.

Қолыңнан шыққан сыйлықтар  
Қонатын үйге құт болып.

Секундтар және минуттар  
Иірілетін жіп болып.

Сен жоқта көңіл серги ме,  
Сағындық аңсап, бұл – шыным.  
Иесіз қалды төргі үйде  
Киелі сенің ұршығың.

Кетсең де алыс Күнге ұшып,  
Кетпейсің естен, ендеше.  
Өзің боп мені жүр құшып  
Сен тоқып берген кеудеше.

Өзімді сонда жұбатып,  
Өмірге іштей күйінгем.  
... Ұршық қой мына Уақыт  
Жіп қылып бәрін иірген.

## ҚОЛТАҢБА

Күн нұры көзде ойнайтын  
Тұрғанда біздер азанда.  
Бұрқыл да бұрқыл қайнайтын  
Аппақ құрт қара қазанда.

Құшағын әжем ашып кең,  
Құшады бізді керім үн.  
Жайраңдап, ағаш қасықпен  
Жалаймыз құрттың көбігін.

Ойынға бөліп назарды,  
Жүретін ол бір кез еді.  
Жағалап қара қазанды,  
Жағалап асыл әжені.

Жылытар балғын денені  
Қос шуақ барын сеземіз.

Көктен Күн сәуле себеді,  
Нұр төгіп жерден әжеміз.

Ертеңгі күні ертемен  
Құрт жаяды әжем сықпалап.  
Жас құрттан жейміз еркелер,  
Сол дәмнен бойға құт тарап.

...Келешек бізді күтті алдан,  
Келмеске сәби күн кетті.  
Сол кезде сықпа құрттарда  
Қолтаңбаң барын білмеппін.

Құртыңды аңсап жаныммен,  
Қолтаңбасын мен сағындым  
Аялы алақаның мен  
Салалы саусақтарыңның.

Мен – тірі, ал сен – аруақ,  
Қолтаңбаң барын білесің.  
Түсімде менің әр уақ  
Құрт жайып, әже, жүресің.

## АБАЙДЫҢ ҚАСҚАБҰЛАҒЫ

Абайдың Қасқабұлағы,  
Сағасы інжу-маржаннан.  
Жағасы жасыл пүліштен,  
Тамшысы алтын, күмістен.  
Жапырақ сүйген бетіңнен,  
Суыңнан сұлу гүл ішкен.

Абайдың Қасқабұлағы,  
Елімді қорғар қылыш па ең?  
Жеріме біткен ырыс па ең?  
Ай сүйіп асыл ерніңнен,  
Күлімдеп келіп Күн ішкен.

Абайдың Қасқабұлағы,  
Ағасың асқақ тыныспен,  
Шайырсың дәйім жыры үстем.  
Батыспен байтақ тілдестің,  
Шұғыласын шашқан Шығыспен.

Абайдың Қасқабұлағы,  
Тұлпарлар тоқтап су ішкен,  
Тұлпардай сен кең тынысты ең.  
Етпеттеп жатып жағанда  
Бала Абай сенен су ішкен.

Абайдың Қасқабұлағы,  
Ұлы ақын мұңын бөліскен,  
Сөйлеспей жақын туыспен.  
Іштегі өртін сөндіріп,  
Дана Абай сенен су ішкен.

Абайдың Қасқабұлағы –  
Қазағым атын қойған су,  
Әлемге атын жайған су.  
Шақпаққа бара жатқанда,  
Шәкәрім бетін шайған су.

Абайдың Қасқабұлағы –  
Әуелеп шабыт қуған су,  
Әуезов үні туған су.  
Бетінде кілкіп қаймағы  
Мұқаңның сөзі тұнған су.

Абайдың Қасқабұлағы –  
Халқымның аққан жыр-өні,  
Көрмедім сендей тұманы.  
Жағанда сенің, киелім,  
Ұлылар ғана туады.

Абайдың Қасқабұлағы,  
Қырық өрім таспа бұлағы,

Аспанның аспа бұлағы.  
Отыз жыл ойран салса да,  
Қырық жыл қырғын болса да,  
Мөлдіреп жатыр суы әлі,  
Абайдың Қасқабұлағы!

## БАЛҚАЙМАҚ

Суға жүзіп, шалғын кешіп, тауда ойнап,  
Көк кілемде балалық шақ салды ойнақ.  
Бәрі есте жоқ. Тек жадымда қалғаны –  
Асыл әже. Ағаш қасық. Балқаймақ.

Ал таңырқа, ал таңдай қақ, таңдай қақ,  
Қазақ болып жаралғаным қандай бақ?!  
Менің төтті балалығым сияқты  
Әжем өзі қайнататын балқаймақ.

Бозбала боп қолат біткен қол соғып,  
Атқа міндік ерттеп алып, қамшы өріп.  
Балқаймақтың дәмін алдым есіме  
Шыққанда алыс сапарларға жол соғып.

Жігіт болдық күннің нұры қанда ойнап,  
Азамат та болып шықтық арды ойлап.  
Бойым өссе, ойым өссе биіктеп,  
Соның бәрі сенің арқаң, балқаймақ.

Гүл өсіріп, бағбан болдық, тал егіп.  
Бала сүйдік, өзіміз де бала едік.  
Балқаймақтың дәмін алдым есіме  
Көктем келіп, мал төлдесе, қар еріп.

...Әжем сүйген маңдайымның бағы бар,  
Бал күндерді жан-жүрегім сағынар.  
Балдай төтті өлең жаздым, өйткені  
Таңдайымда балқаймақтың дәмі бар.

## БӘЙГЕ

Кеткенде аттар аңырап,  
Қозған сәтте делебе,  
Бір шайқалып шаңырақ,  
Дір етеді кереге.

Төбе толы көп қазақ,  
Шертеді-ай кеп күй керім.  
Бірі қосып ақбоз ат,  
Бірі қосып жиренін.

Мас боп жусан иісіне,  
Қиқулайды бар бала.  
Дала деген күйшіден,  
Күй тыңдайды таңдана.

Отырады шалдарың:  
Алласынан сый күтіп,  
Қозған кезде делебе,  
Кеткісі кеп құйғытып,  
Жеткісі кеп мәреге.

Бір шал жеңін түреді,  
Құрып алып малдасын.  
Енді бірі жүреді  
Мініп алып жорғасын.

Тынса бірі тек іштей,  
Қолына алып сапысын,  
Біреулері келіспей,  
Дауласады ат үшін.

Жайраңдаған жүзінен  
Жақсылықты сезе бер.  
Жайғаса қап тізіле,  
Жайраңдайды әжелер.

...Бара жатты сырғып-ақ,  
Бара жатты құлдырап.  
Айналғандай сағымға,  
Сағым болып бұлдырап,  
Ағалардың астында  
Ағараңдап бір-бір ат.

Көкжиекте самғайды  
Бір-бір сағым-нүктелер.  
Солардан көз алмайды,  
Тек соларды күткен ел.

Көңіл емес бәйгесіз  
Қазақтардың көңілі.  
Өмір емес бәйгесіз  
Қазақтардың өмірі.

...Оқтай зулап кетеді,  
Аянбайды шапқанда.  
Өмір – жарыс екенін  
Түсінгендей аттар да.

## АҚЫН МОНОЛОГИ

Қылаң беріп қырды асқан  
мынау таңдар менікі,  
Мынау өзен, мынау көл,  
шынар талдар менікі.

Ай мүйізі нұр шайқап,  
күн арқандар арқарлар,  
Шыңдарына шыршалар  
шығар таулар менікі.

Үкілі сай менікі  
үйір киік үйірілген,  
Қарлығаштар менікі  
иір жарға иірілген.

Бозала таңда пыр етіп  
боз даланы оятқан  
Бозторғайлар менікі  
көк төсіне күйін ілген.

Жасын жыры менікі,  
жаңбыр өні менікі,  
Жағажайдың балауса  
балқұрағы менікі.  
Дөң маңдайлы, тұма көз,  
құба жазық менікі,  
Жыра қазып жол ашқан  
тау бұлағы менікі.

Жылан жол да менікі,  
жұмыр жон да менікі.  
Бота белес, қозы дөң,  
құлын жал да менікі.  
Шаңын қағып аңыздың  
шапса озған тұлпар мен  
Су төгілмес үстінен  
сұлу жорға менікі.

Ақ қайың да мойнына  
Айдың нұры асылған,  
Қалмай қойған ақша бұлт  
көлеңкесі қасымнан,  
Жұлдыздары шашылған,  
көзіме оттай басылған,  
Ару түн де менікі  
желең төсі ашылған.

Қызыл-жасыл гүлдері,  
шалғыны да менікі,  
Адамдардың сан қилы  
тағдыры да менікі.  
Ақын болып туған соң,  
жырлау керек бәрін де,  
Аспан асты, жер үсті –  
барлығы да менікі!



## АҢСАУ

Мен сағынып келдім  
 Анамның ақ құрттарын,  
 Даламның ақ бұлттарын,  
 Туған үйдің түтінін будақтаған,  
 Қызыл күрең жолдарды күн қақтаған;  
 Ағаш-хауыздарды  
 Жасыл желегін аспанға атқылаған,  
 Мөлдір бұлақтарды  
 Бір-бірімен жарысып, шапқылаған;  
 Көлдерді мөлдіреген,  
 Ақ жауынға таулардың жуынғанын,  
 Көздері жәудіреген  
 Қозыларын ауылдың, құлындарын;  
 Жұлдыздары самсаған түнгі аспанды,  
 Бала күннен бірге өскен құрдастарды;  
 Жеңгейлерді алдымнан жыр-қақпа ашқан,  
 Әжейлерді әдемі сырмақ басқан;  
 Қарындастарды  
 Қос бұрымнан қатар өрген,  
 Қарияларды маған сан бата берген;  
 Інілерді таңдайы тақылдаған,  
 Ағаларды сөзімді мақұлдаған;  
 Шық қонған жапырақты,  
 Киелі топырақты  
 Сағынып келдім мен.

## САРЫАРҚАНЫҢ САМАЛЫ

Сарыарқаның саумал самалы-ай!  
 Изеннің басын изелткен,  
 Бетеге басын билеткен.  
 Домбыра-талды қолға алып,  
 Құлағын бұрап күйлеткен.

Ақ селеу басын шайқалтқан,  
 Көк мұнар таудан ой тартқан.

Көк жорға менің көңілімді  
Олай да былай тайпалтқан.

Шетінде сағым қайнаған,  
Бетінде көлдің ойнаған.  
Аспанда жүзген бұлттарды  
Алдына салып айдаған.

Қанатын қырда жайған өн,  
Жартастың бетін қайраған,  
Қуып бір кейде кететін  
Құстардың даусын сайраған.

Тұлпардың жалын тараған,  
Сұңқардың алдын ораған.  
Ақ қайыңдардың көк сырға  
Жапырақтарын санаған.

Сезімнің күйін шалқытқан,  
Ойымның көлін толқытқан,  
Кеудемді кеулеп тазартып,  
Жан-жүрегімді балқытқан.

Даламды кезген көсіліп,  
Жазықта жүзген есіліп.  
Өткен күндерден бүгінге  
Шежіре шерткен шешіліп,  
Сарыарқаның саумал самалы-ай!

### **АУЫЛДЫҢ ҚЫСЫН САҒЫНДЫМ...**

Соңғы кез қыста ауылға бара алмай жүрмін,  
Сол ғана аяздай батады арқама менің,  
Алатауға келіп ақындық арқалап едім.  
Шұрқырап туған-туыстар жиналған кезде,  
Бұрқырап бу боп шығатын Арқада демім.

Ауыздығымен алысып борандай жырдың,  
Пешіндей асыл анамның жана алмай жүрмін.  
Әкемнің күрегін алып, қар күреуші едім,  
Соңғы кез қыста ауылға бара алмай жүрмін.

Ауылдың қысы-ай, сағынтты аппақ қарымен,  
Шақырды көне қар басқан соқпақтарымен.  
Мамық үстіне жұлдызды іздерін салып,  
Ұшатын шілдер пыр етіп топ-топтарымен.

Тоңған ағашты жылытып торғай қонатын,  
Қырандар сермеп ұшатын шалғай қанатын.  
Төбе басында қабір боп томпиып жатар  
Төлеужан сынды кешегі армандай ақын.

Шалдарым жатар беткейде құс төсегінде,  
Шаруасы жоқ тірліктің ішкі есебінде.  
Мұржасы ғана түтінін түзу шығарып,  
Қалғиды үйлер ауылға қыс келсе мүлде.

Соғым сойылып, қазанда балдай асылған,  
Қазы-қартасынан татады ел, жал-жаясынан.  
Қыраулы әйнектерге қыс салған суреттер, шіркін,  
Бір де кем емес Третьяков галереясынан.

Сенемін  
Ауылға деген сағыныштан арылмасыма,  
Хат жазып бүгін отырмын қарындасыма.  
Ауылдың аты ауыл ғой, қалада бүгін  
Шақыратын қазақ азайды соғымбасына.

Ақ қардың үстінде жегіп ап күллі пар атын,  
Ағалар ат шанасымен сырғып ағатын.  
Сырға тағып ап билейтін мөп-мөлдір мұздан  
Биші қайыңды сағындым мың бұралатын.

Жылы бұлаққа күн нұры тиіп қашатын,  
Ақ қарға із сап бір жаққа киік қашатын.

Ай мүйізіне аспаннан жұлдыз қондырып,  
Арқарлар күнді арқандап биікті асатын.

Қысқы түн қандай?! Жылынған мәңгі қуатқа,  
Қыстаудың шамы жылт етіп жанды жырақта.  
Обалар белгі береді өткен күндерден  
Көк бөрілері ұлитын қарлы қыратта.

Өңімде кейде сезінсем дауылдың күшін,  
Түсімде кезіп жүремін тауымның ішін.  
Жүрегімді аппақ шабыт пен боранға ораған  
Ауылдың қысын сағындым, ауылдың қысын.

### ШЫҢҒЫСТАУ

Шыңғыстау, сапар шектім саған бүгін,  
Жыр болып төскейінде жанар гүлің.  
Ақшоқы Құнекеңді бауырына алып,  
Алладан тілейді елдің амандығын.

«Абай жолын» қастерлеп Құрандайын,  
Абай жырын тағып ап тұмардайын,  
Сағынып келдім саған, Орда тауы  
Басына Мамай қонған қырандайын.

Бар сенде кеңдік те ерек, елдік бөлек,  
Тоқтамыс болу үшін ерлік керек.  
Мәңгілік махаббаттың белгісіндей,  
Аңыз боп қалды бізге Еңлік – Кебек.

Қарамола – хақ билік есігіндей,  
Қара қылды қақ жарғы шешіміндей.  
Тербелген Зере әженің әлдиімен  
Жидебай – жырдың алтын бесігіндей.

Жазығын Ералының көрер елім,  
Мұхаңның маңдайына теңер едім.

Алысқа ұзап шықсам, шақырады  
Абайдың тақиясындай төбелерің.

Бүркітің қансонарда тоят таба,  
Күйімен Тәттімбеттің оят, дала.  
Қажының талай сырын бүгеді ішке  
Шәкәрім паналаған Саятқора.

Шыңғыстау – шырылдаған шындығымдай,  
Мың бұлақ есіле аққан мың бұрымдай.  
Күлкісі сәмбі талдың естіледі  
Тоғжанның шолпысының сыңғырындай.

Ұшырдың көкке талай қыр құстарын,  
Есімнен кетпес сенде гүл құшқаным.  
Әлемде сенен биік тау жоқ маған,  
Абайдай Шыңды берген Шыңғыстауым!

## ҚАЙРАУ

Санаған бабам итті құт,  
Жаз, қаламым, жүйткітіп,  
Ақ қағаздың үстінде  
Аппақ боран ұйтқытып.

Тал болып жырым майысып та,  
Оранып тамсын ой шыққа.  
Адамның көңіл-әйнегін  
Ақ қырау болып айшықта.

Сал өрнек, зерле, әрлендір,  
Құлақтан бойға келген жыр.  
Бесіктегі сәбиді  
Әлдіңмен тербелдір.

Табиғаттан күй ұрлап,  
Жаз, қаламым, шиырлап.

Жеті қат көкті, қиялым,  
Әуеле, шарла, құйындат.

Биікте, өрле, аспанда,  
Жаңбыр боп шашу шаш тауға.  
Өлеңім, қосыл тамшы боп  
Көзден бір шыққан бастауға.

Өлінің бәрі тірілген  
Асыл сөз төгіл тілімнен.  
Жартастар шошып оянсын  
Жаңғыра шыққан үнімнен.

Дөңдерім қалсын «пай-пайлап!»  
Кең жерім қалсын «ойхойлап!»  
Демдерін алып құм таулар,  
Шөлдерім қалсын айқайлап.

Ұшырып құсын көлдерім,  
Қондырып алсын белдерім.  
Ойларым иірім-иірім боп,  
Өзенге салсын өрнегін.

Күнді елден бұрын көрген шың  
Ақ мамық бұлтты өңгерсін.  
Қайыңдарым ырғалып,  
Теректерім тербелсін.

Алма ағашы гүл ашсын,  
Ақ сезіміме ұлассын.  
Еліктерім елеңдеп,  
Арқарларым қыр ассын.

Көк пенен жерді байқастап,  
Жанарымнан отты жай тастап.  
Жүрейін көк жорға өлеңмен,  
Әрі де бері ойқастап.

Толқын боп көбік шашпасам,  
Жай болып көкті оспасам,  
Қазақтың қара сөзімен  
Құпиясын жырдың ашпасам;

Жел болып бірде азынасам,  
От болып бірде маздасам;  
Шашасына шаң жұқпас  
Шабытым барда жазбасам,  
Несіне тудым ақын боп?!

### **КӨГЕРШІН ҰШҚАН КӨК БЕЛДЕН...**

Арқандай жолы созылған,  
Арқаның жоны жазылған.  
Жібектей желі есілген,  
Жусанды белі көсілген.

Түбіттей бұлты түтілген,  
Толқынды көлі күтінген.  
Тәкаппар Күні сыланған,  
Самалы сазын шығарған.

Сағымы көзде көлбеген,  
Аршасы тауға өрлеген.  
Емені сайда ойланған,  
Терегі жырға айналған.

Көгершін ұшқан көк белден,  
Таулары қарттай көп көрген.  
Тұмасы жылға кезеді,  
Құлашын жайған өзені.

Тақтайын жартас мелшиген,  
Ақ қайың – қыздай мен сүйген.  
Тобылғы сырға-гүл таққан,  
Торғайы әнін шырқатқан.

Тоғайы сұлу, монтиған,  
Томары шымда томпиған,  
Көгалы көкке боянған,  
Көрген соң соның барлығын –  
Оянған менде ой-арман.

### ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Қазақстаным,  
                    Тәуелсіз Қазақстаным!  
Ақ қанат таңның көрдім мен  
                    ғажап ұшқанын.  
Көрдім мен сенің мөп-мөлдір  
                    айдындарыңды,  
Алатау, Алтай, Қаратау –  
                    айбындарыңды.  
Ұлытауыңды көрдім мен,  
                    Шыңғыстауыңды,  
Абайдың жыры оқылған  
                    мың қыстауыңды.  
Гүлденді қазір кең далам  
                    иесі болмаған,  
Жамбылдың қызыл жолбарыс  
                    киесі қолдаған.  
Махамбет сөзі лаулаған  
                    Қараойды көрдім,  
Мағжан боп өзі қаулаған  
                    дара ойды көрдім.  
Мұстафа, Халел, Жақып пен  
                    Әлімхандарың,  
Міржақып, Ахмет, Жүсіпбек,  
                    Әлихандарың...  
Бауырыңа қайта оралды  
                    өз арыстарың,  
Қазақстаным,  
                    Тәуелсіз Қазақстаным!  
Көне ғасырлар сыр ашты,  
                    гүлге де орандың,





Алтын күн алтын далама  
құйыпты нұрын,  
Желбіреп тұрған Көк Туым,  
биік тұғырым.  
Оралып батыр, билерім,  
хандарым ойға,  
Іргеміз бүтін ел болдық,  
тәуба, Құдайға!  
Қазақстан, Астана, өзен-көл,  
тау-тасым енді  
Әлемнің барлық жаңарған  
картасына енді.  
Бостандығымның күн санап  
асқақтап әні,  
Нұрлы болашаққа рухымыз  
бастап барады.  
Ғаламға жайдың аспанға  
қазақ ұшқанын,  
Қазақстаным,  
Тәуелсіз Қазақстаным!

## ШАЛҚЫМА

Аспанның көкірегін өртеген Күн,  
Сен менің шабытымды ерте келдің.  
Көрдім де көкжиектен кереметті,  
Жанымның жалын күйін шерте бердім.

Ақынның сәйгүлігін қамшыла, арман,  
Ақ бас шың қара бұлтты шаншып алған.  
Сол шыңдар арасында ұшып-қонған  
Құс біткен – композитор, ән шығарған.

Жырыма, өртенген Күн, от бере гөр,  
Неткен жер, неткен сурет, неткен өнер?!  
Жанымның жайлауындай жасыл шалғын,  
Көңілімнің көктеміндеі Көктөбелер.

Көлдерім, иірім-езу, толқын-ерін,  
 Сендер де таңғажайып көркім едің.  
 Көрем де – сиқыр үнді, қара шанақ  
 Қазақы домбыра боп шертілемін.

Үнімді тыңда, далам, тыңда, ғалам,  
 Санаңды сан ойменен шырмап алам.  
 Ұшырдым сезімімнен қанат байлап,  
 Кішкентай жүрегімді жыр бораған.

## ТҰМАР

Мен – рухпын!  
 Жаралғанмын жанған Күннен, Жалыннан,  
 Гун де болып сапар шектім сағымнан.  
 Көк түріктің мәңгі тірі рухымын,  
 Көктегі Айға Көк бөрі боп табынған.

Тәңірқұты Мөде болып құт тасып,  
 Баламер боп кездім жерді нық басып.  
 Еділ болып уысымда ұстадым  
 Шығыс пенен Батысыңның тұтқасын.

Бумын, Білге, Естеми боп өрледім,  
 Тоныкөк пен Күлтегін боп ерледім,  
 Өсиетімді тасқа қашап қалдырып,  
 Сөзбен жудым ұрпағымның жөргегін.  
 Рухпын – мен!  
 Рухымын мен сақтардың,  
 Жүрегімді алау етіп жаққанмын.  
 Қыпшақ болып қылыш алып қолыма,  
 Қарсы келген жаудың басын шапқанмын.

Дүбірімен дүниені ояттым  
 Дүсірлеген тұяғымен аттардың.  
 Кеңдік, Өрлік, Ерлік – осы үшеуін  
 Үшбұрышты тұмар етіп таққанмын.

## ТҰТҚА

Өтіп жатыр күндерім мен айларым,  
Бойым өсті, босағаны бойладым.  
Қарсы алдымнан қаншама есік ашылды,  
Ал ашарда тұтқа жайын ойладым.

...Еңбектедім, үлкен-кіші қамалап,  
Жүрдім сосын жер үстелді жағалап.  
Ала жіппен тұсауымды кескен соң  
Тәй-тәй бастым үйдің ішін аралап.

Қарт әжемнің мен едім бар күткені,  
Шаңырағымыз сол әжеммен құтты еді.  
Туған үйдің есігінің тұтқасы –  
Ең алғашқы мен ұстаған тұтқа еді.

Өнерпазға балғын басты қанша идім,  
Кішкенеменнен өлең сүйдім, ән сүйдім.  
Екінші бір мен ұстаған зор тұтқа –  
Тұтқасы еді қабырғалас көрші үйдің.

Тізіп қойған асықтарды жолда атып,  
Шыбық мініп, жарты ауылды шаңдатып,  
Асыр салып өтіп жатты балалық  
Ойсыз, қамсыз, кеш те батып, таң да атып...

Ауылдағы қадамымды нық басып,  
Мектеп бардым жеті жасқа шыққасын.  
Ойланбастан көппен бірге ұстадым  
Сол мектептің есігінің тұтқасын.

Оқушы деп шығарды өмір шешімін,  
Сол бір күні көп айтылды есімім.  
Білім деген ұшан-теңіз ғаламның  
Ашыппын мен қасиетті есігін.

Содан бері білім қуып, ой кештім,  
Бұлтқа айналып, әрлі-берлі сан көштім.  
Нұрлы күнде таңғы шықтан сыр үзіп,  
Айлы түнде жұлдыздармен сөйлестім.

Күтті есіктер айрығында жолымның,  
Тұтқасы жоқ қақпаларға соғылдым.  
Есік аштым аспанда да, жерде де,  
Көп тұтқада табы қалды қолымның.

Жаратушы Тәңіріме табындым,  
Тіршіліктің заңдарына бағындым.  
Шалғай шығып, шет елдерде жүргенде  
Туған елдің тұтқаларын сағындым.

Біледі ұрпақ бабалардың өрлігін,  
Тұтқа болған тұлғалардың ерлігін.  
Күндер өтті еліміздің тұтқасын  
Бөтен жандар ұстаған күн, шерлі күн.

Ел тұтқасын адал сөйлеп, ақ күлген  
Келеді ұстап ағаларым ат мінген.  
Өлең – әлем есігінің тұтқасы –  
Қасиетті қаламымды таптым мен.

Жырға бөлеп қалың ойдың орманын,  
Арғымақтай қарғып өту – арманым.  
Тұтқасы аз, есігі көп өмірден  
Қасиетті сөз тұтқасын таңдадым.

## ТҰҒЫР

Сендей ел жоқ мынау Жердің бетінде,  
Қазақстан, сенсің менің аспаным,  
Сенсің менің таусылмайтын дастаным.  
Бұлағындай бүлк-бүлк еміп төсіңді,  
Еркебұлаң сапарымды бастадым.

Көркем ұлан болып аштым кеудемді,  
Самалыңнан қуат алды жас төнім.  
Мейірім етіп жидым ылғи бойыма,  
Сенен алған шуағымды шашпадым.

Табанды етіп тауың мені шыңдады,  
Табаныма тиіп тарғыл тастарың.  
Нұрға оранып жаттым сенің қойныңда,  
Қалғығанда шалғыныңды жастандым.

Сендей жер жоқ мынау Жердің бетінде,  
Көрген жоқпын сендей сұлу жер керім,  
Көлбеңдеген көк көйлекті көлдерің,  
Аққу жүзіп суға салған өрнегін,  
Ай мүйізді арқарларын асырған  
Айқұш-ұйқыш, алтын кемер белдерің.

Теңіз де бар толқындары жар соққан,  
Өзен де бар мұхиттарға қарсы аққан.  
Әрлі-берлі жүйткіп жатқан жолдар бар  
Жолаушысын ертелі-кеш шаршатқан.

Тауларың бар ауылдарды қаусырған,  
Шыңдарың бар ақ бұлттарға шаншылған.  
Сенің мидай жазығыңды сағынып,  
Шалғай кетсем бар шыдамым таусылған.

Қорғаның бар, тал көмкерген сайыңды,  
Орманың бар қарағайлы, қайыңды.  
Оғыздардан Ай нұрымен жеткен сөз  
Аңыз бенен ақиқат боп жайылды.

Сағым құшқан далаң да бар көсілген,  
Шежірелер, құпиялар шешілген.  
Арғы бабам құлпытас боп сөйлейді,  
Арғымақтар қарғып аққан төсіңнен.  
Сендей ел жоқ мынау Жердің бетінде!

**ҚОС ЖАҒАСЫ ЕСІЛДІҢ**

Биіктетіп еңсесін аласарған,  
Ата-бабам ежелден қала салған.  
Бүгінгі ұрпақ жазылды маңдайына  
Бір кездегі ақ сағым, тамаша арман.

Толқын шашын самалмен тарап көлім,  
Бар әлемді өзіне қаратты елім.  
Қазағымның айналды айбынына  
Жыр төгіліп, ән өрген Қараөткелім.

Топырақ көміп, тарихым таста қалған,  
Өтті заман жанымды жасқа малған.  
Кеше ғана ырысты Ақмола еді,  
Бүгін, міне, нұр ұшты Астанамнан.

Не көрмеді қазақтың бұл даласы,  
Бостандықтың қымбат-ау тым бағасы.  
Сайын дала төсінде бой көтерген,  
Бүгін мүлдем жаңғырған Тың қаласы.

Осынау күнді сан ғасыр күткен дала,  
Жарқырайды Астанам тіптен дара.  
Абылайдың ақ туын Ардай сақтап,  
Нұрсұлтанның көк туын тіккен қала.

Отан үшін кеткендер отқа кіріп,  
Ұрпағының жадында жатты арылып.  
Бәйтеректің ұшарын бұлт шалмайды,  
Ақордадан ақиқат ақтарылып.

Гүлзарлар, хауыздарда ән ауысып,  
Сал жағалау раушан мен лала құшып.  
Кептерлердің ілесіп қанатына,  
Балдырғандар күлкісі барады ұшып.

Кешегі өткен өтеуі азабымның,  
Ардан да аппақ нұрымын таза күннің,  
Қос жағасын Есілдің қоңыраулатып,  
Бой түзеді керуені қазағымның.

Шешіп берген түйіннің күрмеуін кей  
Жолайрықтар шуақты күндерімдей.  
Нұр-Астана мешіті шұғыла шашқан  
Жүректегі дінімнің діндегіңдей.

Қызғалдақтай қыздарым лаулап қырдан,  
Арғымақтай ұлдарым шаң қаптырған.  
Көпірлерім алыстан көз тартады  
Бүгінім мен ертеңді жалғап тұрған.

Біз – қазақпыз сансыз бел, қыр асатын,  
Бүгінімнен ертеңге ұласатын.  
Көкке ұмсынған ғажайып ғимараттар,  
Зәулім үйлер бірінен бірі асатын.

Бұл – Астана төрімде биік тұрған,  
Мәртебесі Ай-Күнге тиіп тұрған.  
Ынтымағы, бірлігі, татулығы  
Наурыздағы уыздай ұйып тұрған.

Бұл – Астана толғатып ана күткен,  
Перзентіндей сарылып дала күткен.  
Бақытымның, бағымның белгісіндей  
Бұл – Астана қазаққа ғана біткен.

## СТУДЕНТТІК ДӘПТЕРДЕН

Далада қыс, сұрықты алған,  
Қайрат кеткен Қараталға.  
Сәлем берем тұрып таңнан  
Сәлде оранған Алатауға.



Басты ойымда шабыт қалың,  
Мен де отырмын тұманданып.  
Көрсетпейді анық бәрін  
Терезем де қырауланып.

Көңілсіз бір ой да өрілген,  
Елегізіп, езілемін.  
Қырау-қырау әйнегімнен  
Мөлдірлікті сезінемін.

Дос дос па еді қарсы алмаса,  
Кидім аппақ көйлегімді.  
Болғаны тек шаң шалмаса  
Сенің көңіл-әйнегіңді.

Сезінемін сезімдерді  
Сергітетін дауыл-жырды.  
Сілкінетін кезім келді,  
Сілкіп тастап ауыр мұңды.

Сәлем бердім тұрып таңнан  
Сәлде оранған Алатауға.  
Далада қыс, сұрықты алған,  
Қайрат кеткен Қараталға.

### **ТҮН. КАЗГУ ҚАЛАШЫҒЫ**

Мынау – КазГУ қалашығым,  
Талай құстар қанаттанған.  
Тауып төтті жарасымын,  
Жастық мұнда ән ақтарған.

Кешкі ауада күлкі ұшады,  
Ұшады кеп шарықтап бір.  
Жүректерді жыр құшады,  
Бозторғай-ән қалықтап тұр.

Көкірегіме жыр тағайын,  
Түртеді әуен тағы да ойды.  
Желсіз түнде шырқады Айым  
«Желсіз түнде жарық айды».

Қайың ару тұрды арқамнан  
Ұмытылған шумақты айтып.  
Перде сырып бір балконнан  
Түн қойнына сіңді «Ақ бантик».

Жанарларға ақық тұнар,  
Арман құшақ жайып тағы.  
Бара жатыр бақыттылар  
Әуелетіп «Қайықтаны».

Өрте, жастық, өрті мені,  
Алма ағашы бақта билер.  
Алма-кезек шертіледі  
Шертпе күйлер, төкпе күйлер.

Көріп келем кешкі абатты,  
Дауысымды тыңда менің.  
Жатақхана бес қабатты,  
Бес жыл сенде тұрған едім.

Мекені едің еліктердің,  
Жырға айналды сол естелік.  
Көріп сені көріктендім,  
Елік қыздар елес беріп.

Көз алдымнан өтті айналып  
Сол кездерде әлем көші.  
Өрік-жүздер өрттей жанып,  
Өтті талай өлең кеші.

Бозбала едім ойға ғашық,  
Құшағыңды жаясың ба?  
Тұрған сәттер аймаласып  
Ақ қайыңның аясында.

Езуіме күлкі үйірді,  
Еске түсіп соның бәрі.  
Жастық атты бір фильмнің  
Жүріп өтті кадрлары.

...Араладым қалашықты,  
Жастық шағым өтпе, тегі.  
Елес тұнған қарашықты  
Сүйіп алғың кеп кетеді.

## АҚ ҚАЙЫҢ

*(Сергей Есенинге)*

Шығысшалап айтқанда, шайыр – атың,  
Естимісің даусымды, қайың ақын?  
Жырыңды оқып сол кезде-ақ, сол заманда-ақ,  
Мастанғандар мастықтан айығатын.

Ол кезде де маздайтын күлімдеп Күн,  
Жыр оқитын ақын боп күбірлеп Түн.  
Талай-талай арудың алма төсін  
Қоңыр самал өлеңмен дірілдеттің.

Жайық желі шашыңды қайыратын,  
Ғайып болған жоқсың сен, қайың ақын.  
Адалдарға нұр төгіп өлеңіңмен,  
Арамдарды жырыңның жайы ұратын.

Деген жоқсың ешкімге: «Күштімін мен!»  
Лермонтовпен тілдесіп, Пушкинінмен,  
Тұтатып ап сөнбейтін жырларыңды,  
Жұта бердің өмірді мүштігіңмен.

Жүргендерді елемей данасынып,  
Сені іздеймін, Серега, аласұрып.  
Қалың қайың ішінен тапқан кезде,  
Қарап маған тұрасың баласынып.

Шалқарында шабыттың шағала едім,  
Қанатымның қағысын бағады елім.  
...Даласында қазақтың бір інің жүр  
Сіңлісіне ғашық боп Шағанәнің.

## СЕМЕЙ

Қимылын бір-бірінің қайталасып,  
Толқындар толқындармен тайталасып,  
«Кел, көне, қойыныма ен!» дегендей-ақ,  
Құшағын ағады Ертіс айқара ашып.

Жатқандай көкірегін аңыз керіп,  
Жеріне тоғысады сан із келіп.  
Шетінен қыраттары томпияды,  
Абайдың тақиясы төрізденіп.

Қазақтың қар бас шыңдар армандары,  
Мұқандай көз тігеді алдан бөрі.  
Оқиды отты жырын Төлегеннің  
Хорменен Бесқарағай ормандары.

Көгінде Күн таранған, Ай таранған,  
Көркіңді көрген сайын жай таба алман.  
Әміре өні дерсің ақ бұлттарды  
Париждің аспанынан қайта оралған.

...Жұлдыздар аспанынан алшақ күліп,  
Қарсы алар, түнде барсаң, самсап тұрып.  
Семейім, сен арусың, сондықтан да  
Мойныңа тағам жырды моншақ қылып.

**ТҮНГІ ЕРТІС ЖАҒАСЫНДА**

Кемелер тоқтап, дегдіген  
Қайраңға якорь лақтырды.  
Ерке Ертіс балық-ернімен  
Сүйеді шөп-шөп ақ түнді.

Жағадан жарқыл ұсынып,  
Жұлдызды қала жайнайды.  
Ай болса айна түсіріп,  
Толқындарменен ойнайды.

Ертістің отты көзіндей  
Нұр шашып шамшырақтар да,  
Құсжолы жатыр көз ілмей,  
Оранып қара мақпалға.

Өзеннің келсең шетіне,  
Көресің сурет әр қилы.  
Су шашып түннің бетіне,  
Толқындар шолп-шолп малтиды.

\* \* \*

Өңімде сен боп келіп ой,  
Түсіме талай кірген-тін.  
Еркешім, пейіш еді ғой  
Екеуміз бірге жүрген түн.

Жанарлар іңкәр қарасқан,  
Қақ тіліп түнді түн демей.  
Бақтағы егіз ағаштар  
Қоштаған бізді үндемей.

Саған да маған сезілмей,  
Егіз боп түскен іздер де.  
Аппақ қар аппақ сезімдей  
Көрініп еді-ау біздерге.

Есіме түссең дір етем,  
Өмірді болжап білген кім?  
Жауған қар кімнің мұңы екен,  
Бақыты екен кімдердің?

\* \* \*

Қарақат көзді, өз үнді,  
Төресі едің қыздардың.  
Басқаға қимай өзіңді,  
Басымды иіп жүз бардым.

Алқалы топтың алдында  
Алқынып жүрген жас ақын,  
Алдаркөсе деп қалдың ба  
Бізбикешті алып қашатын?

Сен жайлы айтсам бір ертек,  
Дүрлігер бәрі жұмақтың.  
Ғашық боп сонда мың еркек,  
Басына киер тұмақ-мұң.

Жетпек боп саған қызба жыр,  
Ажал ордасын бұрғылар.  
Жылан Бапының қыздарын  
Қызғаныш өрті күл қылар.

Айықпас бір дерт жармасты,  
Қайталай берем атыңды.  
Махаббатымсың алғашқы,  
Махаббатымсың ақырғы.

\* \* \*

Бүлдірген ернің бар еді,  
Бүлдірген терген кезіңнен  
Қарақат көзің бар еді,  
Қарақат терген кезіңнен.

Орамал – жаның таза, аппақ,  
Тұратын желмен желбіреп.  
Кішкентай ғана қазақ боп  
Қараушы ем саған елжіреп.

Қараушы ем саған қиылып,  
Ұялап жанға гүл-сезім.  
Мұң болды бұл күн жиылып  
Ішімде кеткен бір сөзім.

Ойлауға, сәулем, тек сені,  
Тоймайды екен шын сезім.  
Жыр болды бұл күн жоқ шегі  
Ішімде кеткен бір сөзім.

Арманға биік қол создым,  
Арқаусың мәңгі әніме.  
Айтылмай жүрген сол сөзді  
Айта алмай жүрмін әлі де...

### ҚОНАҚҚА ШАҚЫРУ

Жүр, достым, бізге қонаққа,  
Қонақжай біздің бар ауыл.  
Қарамай минут, сағатқа,  
Алады күтіп Қарауыл.

Күн қаққан өңі тотығып,  
Алады күтіп қырқалар.  
Абайдың жыры оқылып,  
Әміре өні шырқалар.

Өр Шыңғыс күтіп алады,  
Құшағын ашып айқара.  
Бетіңнен сүйіп самалы,  
Көл шаралары шайқала.

Жайлауда – Абай, жаз барсаң,  
Жидебай – қыста мекені.  
Сан түрлі жырлар, саздар сан  
Қалмайды сенен екі елі.

Бөрліге барсаң егер де,  
Мұхаңның ізін көресің.  
Әйгілі аты әлемге,  
Саған да таныс ол есім.

Бұлт көшіп бастан ертеде,  
Көздердің жасын сел етті.  
Өлтірген осы өлкеде  
Еңлік пенен Кебекті.

Ұлы Абайды да күлкі етті-ау  
Кей жандар өлең-жыр ұқпас.  
Қынамен бетін бүркепті-ау  
Қодарға тиген қырық тас.

Өңгіме сөзге тартады,  
Кездесе қалсаң кім-кімге.  
Бір көру үшін Арқаны,  
Қалқа қыз, сен де жүр бірге.

Саған да ашық есік әр  
Менімен келсе жұпталғың.  
Келіні болсаң несі бар  
Ұлы Абай менен Мұхтардың?

### АҚ ШАҒАЛА

Көз ілмеймін түндерде өзіңді ойлап,  
Көкірегімде жатқандай сезім қайнап.  
Мен кеткенде ауылыңнан қарай-қарай  
Қалған еді-ау бір сәуле көзіңде ойнап.



Мен – бір бақыт іздеген қаңғыбаспын,  
 Сәулем болдың,  
 Сонан соң таңға ұластың.  
 Қалғып кетсем сол сәуле оятады,  
 Сірә, мәңгі мен енді қалғымаспын.

Отыр аспан-басымнан күй арылмай,  
 Ақ шағала көрдім бе, сірә, мұндай –  
 Ертісімнің ернінен сүйіп алып,  
 Ұшып жүрген ақынның қиялындай?!

Табындырған талайды өр күшіне,  
 Жеткім келіп жүр қазір Ертісіме.  
 Ұлы өзенді бауырына алып ұшқан  
 Ақ шағала боп ендің сен түсіме.

Бара жатып тағдырдың жетегінде,  
 Жаутаң-жаутаң қарағам кетерімде.  
 Ақ шағала және сол аққұба қыз,  
 Бір ұқсастық бар білем екеуінде!

## ТҮНГІ ҚАЛА

Түнгі қала, түнгі қала,  
 Түнжырама, түнжырама.  
 Егер сұлу болмасаң сен  
 Ақын бала жыр қыла ма?!

Таудан асып құралай Күн,  
 Бір сынығы туады Айдың.  
 Жыр шашылған Құсжолындай  
 Кең көшесі ұлы Абайдың.

Шырақтарың ымдасқанда,  
 Ұқсатамын түнгі аспанға.  
 Ай – Абайдың тақиясы,  
 Жұлдыз біткен жыр-дастан ба?!

Бұл дүбірден шың да қалмай  
Құлақ түріп тыңдағандай.  
Цирк үйі – қазағымның  
Нан мен тұзы тұрған аумай.

Алматыда жалғанады  
Татьянаның салған өні.  
Аузын ашып, көзін жұмып  
Светофорлар таңғалады.

...Өлең толғап жүрді бала,  
Өлең оқып тұр ғұлама.  
Жыр кеші өтіп жатыр сенде,  
Түнжырама, түнгі қала!

### ҚОҢЫРӘУЛИЕ ҮҢГІРІ

Сен не көрдің, мен не көрдім, досым-ай,  
Көргің келсе ішіне кір шошымай.  
Біздің елде, сонау шалғай ауылда  
Бір үңгір бар аталатын осылай.

Кіресің сен, жарық күннен тыс қалып,  
Бір құшақтай жарығыңды ішке алып.  
Шырақтарын жаға-жаға жан біткен,  
Күйеменен қалған тастар ысталып.

Қол шырағың бар сәулесін шашады,  
Қараңғылық сені көріп қашады.  
Кірген бетте шалынады көзіңе  
Қырын қарап ұйықтап жатқан тас ару.

Қаншама рет ғажайыпты жыр қылдым,  
Кең мекені деп ойлайсың бұл кімнің?  
Тас сарайды үнсіз жатқан күзетіп  
Сол тас ару иесіндей үңгірдің.

Мұнда жаңбыр күміс тамшы сеппеген,  
Мұнда Күн де алтын нұрын төкпеген.  
Тас төбеңнен тесірейген тас көздер  
Жарқылдайды шағылысып отпенен.

Сөніп қалса шырағыңды жандыр тез,  
Көрінеді таудай тастар сол бір кез.  
Жүре-жүре кезігеді алдыңнан  
Есіле аққан түп-тұнық су мөлдір көз.

Құтылғандай қараңғылық – қамыттан,  
Қуанады қасиетті өзен жабыққан.  
Төмен қарап маңдайдағы көзіңмен,  
Өзіңді көр суға түскен жарықтан.

Бұл өзеннің аңқасы бір кешпейді,  
Басқа өзендер бұл өзенге жетпейді.  
Көрген адам табиғатқа таңғалып,  
Келген адам бір ұрттамай кетпейді.

Су да кен ғой, ерте тапқан бұл кенді ел,  
Осы судың қасиеті бар жұрт емдер.  
Ауырғанда балаларын жіберіп,  
Алғызады «шипалы» деп үлкендер.

Сарқыраған жер астының шуынан  
Құлақ тұнар,  
Көкіректе туып ән.  
Ғасырлардың қойнауына сүңгисің,  
Ішіп алып әулиенің суынан.

...Пәк қолыммен,  
Бала кезде кекілді,  
Сол суменен талай жудым бетімді.  
Жырым-дағы мөлдір болса деп келем  
Осы үңгірдің шипа суы секілді.

## АҚСАҚАЛДАРДЫ АҢСАУ

Дастарқан қып жусанды қырқа басын,  
Қырқа басын – ауылдың сырханасын,  
Ақсақалдар айта кеп елдің жайын,  
Бір таласқа жалғайды бір таласын.

Қауқылдасып, қаржасып, абың-күбің,  
Әңгімемен өткізер жарым күнін.  
Бірі отырар сөз қылып сері шағын,  
Бірі отырар сөз қылып қалыңдығын.

Түсіме енсе жас күнгі сарсаңдарым,  
Сол әңгіме, сол дала, сол шалдарым,  
Баяғыша отырып сырханада,  
Баяғыша келеді алшаңдағым.

Қиялымда ат мініп, тоқтамадым,  
Жүйткіді-ай кеп желқұйын Ақтабаным!  
Сол баяғы қарттардың жүздеріне  
Ақын көзбен үңіліп, көп қарадым.

Әжімдерің бара ма тарамданып,  
Деймісіндер «Жанымды жанардан ұқ...»  
Сендердегі қазақы қасиеттер  
Қалар ма екен қалтқысыз маған дарып?

Тұйық адам аз бізде, бұйығы адам –  
Сыр ақтармас жандардың күйі қараң.  
Ауылымдағы қырқаны сағынғанда,  
Көктөбенің басына жиі барам.

## ҚАРАҒАШ САЙЫ

Ойнақ салған үстінде алашаның,  
Қайда менің бал шағым, бала шағым?  
Қайда торы ат, ақ арба, күміс шалғы,  
Сен қайдасың, нар шалым, қара шалым?

Ақ шатырлы үй тұр таудың бөктерінде,  
Өзің жоқсың, өмірден өткенің бе?  
Шабушы едің шалғынын Қарағаштың,  
Барушы едім ілесіп шөпке бірге.

...Бізге қарап обалар балбалдардай,  
Маңдайымнан сүйеді таңдағы арай.  
Ай-шалғыны, атамды және мені  
Жуас торы ат тартады алға қарай.

Атам барда жанымда жайраңдаған,  
Бөтен ойлар жоласын қайдан маған.  
Тербетеді, арбамыз әндетеді,  
Дөңгелектер сықырлап майланбаған.

Алтын күннің нұрына шомыламын,  
Қоңыраугүлдер соғады қоңырауын.  
Бастаушымыз – қара жол әкеледі  
Қарағаштың сайына шөбі қалың.

«Қарақатын тереді келген адам,  
Бос тұрғанша жидек же сен де, балам», –  
Деп Көшағам шабуға кіріседі  
Терең сайдың шалғынын белді ораған.

Балаусаға тұрады тұнып іші,  
Жаз осында жататын жүріп ісі.  
Келе алмайды совхоздың «Беларусы»,  
Ене алмайды ферманың «КДП»-сы.

Көркеюде күн санап кең өлкеміз,  
Көкірегімде толқиды өлең-теңіз.  
...Дөңге шығам ертемен арба жегіп,  
Көрінер деп көзіме көлеңкеңіз.

Ұя салып жаныма тағы да мұң,  
Жабығамын, сол кезді сағынамын.  
Ауырамын өзінді еске алам да,  
Сол ойменен қайтадан сауығамын.

Қалды арман боп бұл күнде бал шақ маған,  
Қайда жүрсем, сол сайды аңсап табам.  
Жата қалып шалғынын иіскеймін,  
Мандай терің тамды-ау деп моншақтаған.

Даусыңды естіп жаңғырған жартасынан,  
Сені іздеймін қос таудың ортасынан.  
Маған ыстық сол бір сай орын алды  
Жүрегімнің атлас картасынан.

### МЕНИҢ АНТОЛОГИЯМ

Түндікті түріп тастап,  
Кеңітіп керегемді,  
Ақындар жыр-бесікке бөледі елді.  
Ертістің жағасында құшақ жая  
Қарсы алған қарағайлар Төлегенді,  
Оқиды кезек-кезек өр өлеңді.

Жанары Күнге қарап қарауыта,  
Түймесін көкірегінің тағы ағыта,  
Үндемей жыр жазып тұр  
Мандайынан  
Жүмекен бір сипаған бала-бұта.

Жыладым іштей сонда мен егіле,  
Мұңайдым. Мұңаюдың керегі не?!  
Оранды биыл көктем желегіне,  
Жапырақ-жүрек жас қайың, аппақ қайың  
Айналған Мұқағали өлеңіне.

Бүгін түн сыбырлады үрей маған,  
Қандай таң ататынын кім ойлаған?  
Шындықтың шеңберінде шыр айналам,  
Биылғы қаңтарда да соқты сонау  
Төлеужан төсін ашқан дүлей боран.

Төрелігін өзің айт, сабырлы Абай,  
Жанар шақта жүрміз бе жалындамай?!  
Ақындыққа таста онда қабылдамай.  
Біз қалай маздамайық  
Майданға Қасым барған рельспен  
Поездар жүйткіп жатса дамылдамай?!

Ал маздайық, жігіттер,  
Түсінейік өлеңнің құдіретін,  
Ол – адалдық, ол – шындық, ол – сұлулық,  
Арамдық кеп алдына жүгінетін.  
Поэзия шеңберлі алаң емес,  
Айналып шыр көбелек жүгіретін.

Балық та емес қармаққа ілінетін,  
Күш те емес білектен білінетін.  
Ол – Жер нұры, сәулесі адамзаттың,  
Болашақ санасына сіңіретін.  
Қолда, қолда, Ұлы Абай, құдіретім!

## НАУРЫЗ КЕЛДІ

Қызғалдақты құшақтап қырлар күліп,  
Аспан Жердің сусынын тұр қандырып.  
Қайтқан құстың ілесіп қанатына,  
Наурыз келді дүниені нұрландырып.

Тау өзені шатқалда тасып ерен,  
Наурыз келді мөп-мөлдір шашып өлең.  
Қарсы алады жаңбырын көктемнің,  
Рахаттана кеудесін ашып өлем.

Тамшы көзді аспаным бұлт омырау,  
Әуезді әнін көктемнің шырқадың-ау.  
Сол бір үнге қосылып, көкірегімде  
Сыңғыр-сыңғыр қағылды жыр-қоңырау.

Бөбектердің даусымен ән басталған:  
«...Келеді жаз, тереміз рауғаш таудан...»  
Жай жарқылдап, о, ғажап, күркіреп күн,  
Жауқазындар белдерге жауды аспаннан.

Жаңбыр тынды. Құс келді. Бақ шулады.  
Алма ағаштар бантигін тақсын бәрі.  
...Қыс-мүсінші қалдырған ескерткіштей  
Алатаудың қасқиған ақ шыңдары.

\* \* \*

Найзағай бастап шатағын,  
Тентектік келіп ойына,  
Әуенің сұп-сұр шапанын  
Жыртады дар-дар айыра.

Төсінен көктің төменге  
Төгіледі-ай кеп ырыздық.  
Жуынып жуа белеңде,  
Жұтады ылғал қымыздық.

Ақ селеу – сәні қыр-белдің,  
Тояттап басын шайқаған.  
Тәтті иіске өтір-гүлдердің  
Құтысы толып қайтадан.

Құшағы кеңге жайылған  
Сәмбі тал, қара талдарым.  
Теректер менен қайыңдар  
Тосады алақандарын.

Аруана-бұлттар киелі  
Тарқата көшсе шерді көп,  
Тамшылар жерді сүйеді  
Аспанның мөлдір ерні боп.



\* \* \*

Алматыда қар жауды,  
Ақ күміске толып тау аңғарлары.  
Гүлденгендей ағаштар бар маңдағы.  
Жүректерге ұялар қардай сезім  
Жәудір көзді қыздардың жауды арманы.

Алматыға қар жауды аппақ болып,  
Бар әлемге жатқандай бақ-бақ қонып.  
Қансонарға мен-дағы дайындалдым  
Шабытымның қыранын баптап көріп.

Алматыға қар жауды,  
Жауған шығар қыс гүлі ауылға да.  
Қалада жүр жыр қуып Бауыр-бала.  
Найзақара шыңына шақырғандай,  
Маған қарап қояды тау ұрлана.

Жоғары өрлеп бойымен бір көшенің,  
Ауылды аңсап ерекше күй кешемін.  
Әжем күтіп жатыр-ау сол ауылда  
Киіп алып аппақ қар-кимешегін.  
Алматыда қар жауды...

\*\*\*

Оңтүстіктен Ебінің есті желі,  
Жұлдызды аспан көрпедей әжем жапқан.  
Балықшының дауысы естіледі  
Өзен жақтан.  
Шомылдырып жарыққа жарты аспанды,  
Баяу ғана қалықтап Ай жүзеді.  
Ұйқысынан шошытқан жартастарды  
Байғыз еді.  
Жапырақтар ақырын сыбдырлайды,  
Нәзік үнді ағаштың қоңырауы.  
Сәлден кейін таң келіп түнді ұрлайды,  
Қып-қызыл боп аспанның омырауы.

Үнсіз батып жатқандай ойға дала,  
Ағады өзен ауылды орағытқан.  
Шық-көзімен таңырқап айналаға  
Атады ағарып таң.

\* \* \*

Дәлелдеп тума дарынын,  
Қораз-таң жатыр шақырып.  
Күшейтті өзен ағынын,  
Түбіне түнді батырып.

Қозғалған жаймен таң атпай  
Бөдәуи бұлттар көші өтпек.  
Алтын Күн – алтын сағаттай  
Уақытты тұрған есептеп.

### ЖАҢА ЖЫЛДА ЖАУҒАН ҚАР

Шақырып кәрі қысты аулақтағы,  
Күн келді күн артынан заулап тағы.  
Әлемді аппақ нұрға малындырып,  
Аспаннан Жаңа жылдың жауды ақ қары.

Ақ әлем. Дөңгелейді ажарлы Күн,  
Қаңтардың ғажайыбын жазам бүгін.  
Жаңа жыл аузын ашып аспан-қаптың,  
Жатқандай үлестіріп базарлығын.

Қыраттар тон жамылды, сеңсең киіп,  
Менің де көңілім шат, еңсем биік.  
Із салып, Сарыарқаның ақ жазығын  
Айшықтап жүрген шығар өңшең киік.

Ақынның ақ қар борап шумағынан,  
Ақ жеңгем дастарқанға турады нан.  
...Шашылған жұлдыздардың арасында  
Ай-асық алшы түсіп туды оңынан.

## КҮН МЕН ТҮН ТЕОРЕМАСЫ

Демінен шығар Күннің Үркер сөнді,  
Таңсәрі. Тау оянды. Бұлт өртенді.  
Бір сипап періште жел білегімен  
Даламның мандайынан сүртер терді.

Басталар тіршіліктің той-думаны,  
Оянар жан-жануар ой-қырдағы.  
Боянар Күннің сүттей сәулесіне  
Аққулар жүзіп жүрген айдындағы.

Тербелер жасыл шалғын дала әнімен,  
Жүгірер Күнді бетке ап бала кілең.  
Ағаштар бір-біріне бас изесер,  
Сырласып таудың бипаз самалымен.

Оқылар ақындардың жыры жатқа,  
Шертілер небір күйлер күн ұзаққа.  
Осының бәрін көріп әнші құстар  
Кеткісі келмей қалар жылы жаққа.

...Күн батты. Тау қалғыды. Бұлт өртенді.  
Аспанның көкжиегін Күн көмкерді.  
Қара жер, қайда қашып құтыласың,  
Қайтадан жамыларсың түн-көрпеңді.

...Таң мен түн алма-кезек малдас құрған,  
Дүние бұл бірді-бірге жалғастырған.  
О бастан Жер-жігітке ғашық етіп,  
Қос сұлу – Ай мен Күнді арбастырған.

\* \* \*

Қорасына отарын қойшы қамап.  
Қыр астында құлағын қайшылады ат.  
Ақбоз үйдің түрілген түндігінен  
Жұлдыз күліп қарайды, Ай сығалап.

Балқұраққа балбұлақ билеп беріп,  
Жайлау жатыр ғажайып күйді өткеріп.  
Көрінеді құйрығы көк тазының,  
Жаңа туған Айдай боп имектеліп.

Қойшы ұйқыда бітірген жұмыс талай,  
Қалғыған тау, үнсіз қыр, тыныш маңай.  
Мұндағының бөрі енді оянады  
Бояғанда нұрымен шығысты арай.

Бір тылсым шақ табиғат орнатады,  
Қойлы ауылдың піскенше алма-таңы.  
Күн-сәбиді өмірге әкелмек боп,  
Көзін ілмей Түн-ана толғатады.

...Ай нұрына ақбоз үй шағылысқан,  
Сені еске алып жыр жаздым сағыныштан.  
Қарлығаштың мен де бір балапаны,  
Ханжайлаудан қанатын қағып ұшқан.

### АҚ НӨСЕРДІҢ АСТЫНДА

Ақ нөсердің астында  
Тұрмын суға малшынып.  
Ақ нөсердің астында  
Тұрмын ойға малшынып.

Бір ой келді жүрекке:  
«Аспан қанша сыр бүкті?!  
Қаншама рет суретке  
Түсірді екен тірлікті?!»

Бұл аспанға бөрібір,  
Жерде күндіз, түнек пе?  
Жарқылдатып жарығын  
Түсіреді суретке.

Шежіресі шындықтың  
Фотограф – бұл аспан.  
Суреттері тірліктің  
Тарихымен ұласқан.

Фотограф түсінді,  
Жетті ме екен талып үн?  
Мені де бір түсірді  
Жарқ еткізіп жарығын.

### ЖАСЫЛ ӘЛЕМ

Жасыл әлем – айнала осы,  
Келді жырлап жыршы көктем.  
Айым болып аймалашы,  
Күнім болып күлші, көктем.

Жанарыма қонсын келіп  
Ақша бұлт пен тұнық аспан.  
«Бауы берік болсын!» – делік  
Талшыбыққа бүрін ашқан.

Көктем-қыздың желкесінен  
Ағып жатыр бұрым-бұлақ.  
Қыдырайын еркешіммен,  
Өзім де ұнап, жырым да ұнап.

«Алтыным-ау, кәне, кел!» – деп  
Алайыншы құшағыма.  
...Альпинист-Күн барады өрлеп  
Алатаудың ұшарына.

\* \* \*

Жырына арқау ақынның  
Далада не көп – дөңдер көп.  
Төсіне қырат-батырдың  
Тағылған гүлдер орден боп.

Ағады бұлақ өріле,  
Бұрымы құсап даланың.  
Қарасам айна көліме,  
Шашымды тарап самалым.

Әнші құстардың мекені –  
Тал-шілік толы қолаттар.  
Таңдайын қағып кетеді  
Арнайы келген қонақтар.

Батсайы нұрын себелер  
Батпаған Күннің қыз өңі.  
Ақ шайы бұлттар – кемелер  
Ақ желкен байлап жүзеді.

Ақтарар маған сыр да айқын,  
Көсілген дала, көк белес.  
Кавказдық ақын жырлайтын  
Қар басқан таулар жоқ та емес.

Көкірегі толы саумалға,  
Байтағым – құтым, ырысым.  
Жақындау – дала, таудан да  
Жазықта өскен ұл үшін.

\* \* \*

Көркі сыйлап бізге өлеңді,  
Алматыға күз де келді.  
Ағаштардың көк желегін  
Көшелерден іздеме енді.

Қалай жүрсің соны аңғармай,  
Бүкіл қала жаңарғандай.  
Қарағанда Көктөбеден  
Сары алтынға оранғандай.







Қалықтайды ақша бұлт көкті қармап,  
Тұрақ таппай қаңғырып кетті қаңбақ.  
Ұшып жүріп әуеде неше айналып,  
Дала төсін қыран құс өтті барлап.

Қайың, емен, тал, терек тың тыңдайды,  
Лағыл сәуле бұлақта жылтылдайды.  
Бір сәт аспан алқасы – алтын Күнді  
Кең дүниенің көзінше бұлт ұрлайды.

Жолаушылар – Табиғат, Адам, Уақыт,  
Келеді Жер ғаламды аралатып.  
...Білдіргісі келгендей тірі екенін,  
Тау да тасын қояды домалатып.

Ақ шуаққа қыраттар жылынады,  
Жапырақтың жан сырын гүл ұғады.  
...Қозғалыс бар үздіксіз, сондықтан да  
Тіршілікте бәрі ояу, тірі бәрі.

## ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ

Мөлдір қанат тамшылар жерге қонады,  
Ақ қанатты аққулар көлге қонады.  
Жапырақ та қонағы бәйтеректің,  
Бұл дүниенің, байқасаң, жел де қонағы.

Өзендері өмірдің тулап ағады,  
Тұрақсыз бұл дүниенің су да қонағы.  
Күз түскенде, жазбенен қош айтысқандай,  
Жасыл орман қол бұлғап шулап алады.

Оянады шабытым қайыңға қарап,  
Қоныс тепкен санама ойым да қонақ.  
Жанарымның қонағы ақша бұлт-ару,  
Күн де қонақ, жұлдыз да, Айым да қонақ.

Айналып бұлтқа аспанда қалқыды өлеңім,  
Көз жазбай келе жатыр ғой салтынан елім.  
Қонақжай бүкіл табиғат айналамдағы,  
Сол қонақжайлық дарыған халқыма менің.

\* \* \*

Айдың нұрына түн шомылғанда,  
Тыныштық келіп тұнса қырларға.  
Тылсым әлемнің құшағына еніп,  
Билейді сәуле құм-шағылдарда.

Өзеннің ғажап күйі болады,  
Жағаға толқын тиіп ағады.  
Бетінен судың шөп-шөп еткізіп  
Нәзік бір сәуле сүйіп алады.

Жұлдыздар көлге жиі қонады,  
Ақ таң атқанша үйі болады.  
Самал сипаса алақанымен,  
Самарқау белдің иі қанады.

Қоға мен құрақ қауқылдасады,  
Жағада тұрып ән тыңдасады.  
Көк терек аппақ қайыңды құшып,  
Ғашықтардайын мауқын басады.

Қайнайды өмірдің мәңгі бұлағы,  
Даланың үні сан құбылады.  
Тау шошып оянып байғыз даусынан,  
Жақпар тастары жаңғырығады.

Күн сәулесінің көші келсе егер,  
Жұлдыздарды үрлеп өшірер. Сөнер.  
Тыныштық деген жоқ табиғатта,  
Тыныштық деген осы болса егер.

## ЫМЫРТ

Қарақұс-түн қанатын жайғанында  
 Үйірілді ымырт Қойтастың қойнауында.  
 Отағасы бір кіріп, бір шығады:  
 «Қонақ келер ме екен, – деп, – қойлы ауылға?»»

Жүзі күнге тотығып күреңденген,  
 Ақын жігіт келе ме жыр өңгерген?!  
 Көксеңгірдің көдесін бырт-бырт үзіп,  
 Жайылып жүр торы ат та шідерленген.

Қоныс бар ма жайлаудай, шіркін, жайлы?!  
 Самауырда шай қайнап бұрқылдайды.  
 Иесінің сезгендей бүкіл ойын,  
 Жата қалып дәу төбет тың тыңдайды.

Жан біткеннің жанары нұрлы кілең,  
 Жайлау жайлы осындай сырды білем.  
 Ешкім келмей қалса егер мейман болып,  
 Ай түнейді түсіп үй түндігінен.

## ҚЫСҚЫ СЕРУЕН

Жарқабақта түнгі ызғар бар,  
 Көл бетінде Ай қатқан.  
 Жалт-жұлт етіп жұлдыз-қарлар,  
 Жердің бетін жайнатқан.

Баяу жүріп баққа келем,  
 Онда да алуан сыр ұқтым.  
 Аппақ әлем – жатқан өлең,  
 Тылсым дүние – тымық түн.

Екі көзім қарығады,  
 Алға аттасам, ақ қардан.

Жаным жырдан арылады  
Жүрегімде сақталған.

Күн күмбезге барып қонған,  
Шыңға сәуле лақтырып.  
Ақ қайың тұр мамық қардан  
Шәлі тартып ақ түбіт.

Еске ауылдың түсті қызы,  
Қылығы бар не түрлі.  
...Қарға түскен құстың ізі  
Қыстың ізі секілді.

### ЖАЛҒЫЗ

Әрбір адам – құбылыс қайталанбас,  
Жүзі кетсе қайраты қайтар алмас.  
Шабытымның шабдары сен келмесең,  
Күн күлімдеп, көгімде Ай таранбас.  
Мынау жалқы жалғанда соғып жатқан  
Менің жалғыз жүрегім жай таба алмас.

Мен – бір жалғыз сәулемін жерден өнген,  
Жан дауысын жалаңаш жерге көмген.  
Жылап тұрып көре алмай мөлдірлікті,  
Мен – бір жалғыз тамшымын шөлдеп өлген.  
Айқайлармыз, айтармыз, андыздармыз,  
Бәріміз де өмірде бармыз, бармыз.

Талай жалғыз гүлдерді солғызғанбыз,  
Жалғыздарды аяқтан шалғызғанбыз.  
Тірі пендем, қарасаң жан-жағыңа,  
Тіршілікте бәрі де жалғыз-жалғыз.

Талай таудың басына тұман қонып,  
Талай ақын мұнарды туар көріп.  
Жалғыз жартас басында өсіп тұрар  
Менің жалғыз өлеңім шынар болып.

## ҚАРА ТЕҢІЗ

Армысың, Қара теңіз көзді арбаған,  
Көргенде көкейде айтар сөз қалмаған.  
Саған да ат суарды-ау бір заманда  
Қаймықпай жер-жаһанды кезген бабам.

Төсінде кеме жүзді, қайық та өтті,  
Құшасың құлашыңды жайып көкті.  
Күн сүйген омырауыңа қарап едім,  
Көзімнің нұрын толқын шайып кетті.

Қып-қызыл таң атарда құштың жалын,  
Үркітіп сол жалынмен құстың бәрін.  
Жатасың күн батарда қан қызыл боп,  
Өйткені талай жанның іштің қанын.

Көргенсің талай-талай қанды қырғын,  
Куәсі болғаның шын сан дүбірдің.  
Естисің даң-дұң үннің жаңғырығын,  
Дауысы құлағыңда қалды гуннің.

Таулы өлке, қарағайлы, құзды мекен,  
Көрмеңіз сондықтан да бізді бөтен.  
Беу, теңіз, Мысыр елін билегенде  
Бейбарыс бабам сенде жүзді ме екен?!

Шашымды деміңменен желпі күнде,  
Кеудемде Тәттімбет-күй шертілуде.  
Жағаңда көкірегің толқынға ашып,  
Сан ақын жыр оқыды Жер тілінде.

Тоймайды кейде көзім қарап талай,  
Төсінді жалтылдатқан Жаратқан-ай!  
Күндіз Күн әшекейлеп ажарыңды,  
Түн болса айдыныңа қонақтады Ай.

Ұйыған қойныңда – уақыт, нұр – түрінде,  
Бар екен қанша маржан жыр түбінде?!  
Сыйғызып сұлулық пен зұлымдықты,  
Жатырсың сырыңды айтып су тілінде.

## ШТОРМ

Тыныш суды құтыртып, көкті де асқақ,  
Ай жанарын бұлтпенен өтті жасқап.  
Аяқасты соқты да соқыр дауыл,  
Астан-кестен әп-сәтте кетті бастап.

Қап-қара түн тынбастан бастар бүлік,  
Қара қолы берместен аспанға ырық.  
Жан дауысын шығарып, жағалауға  
Толқындарды лақтырды шаштан жұлып.

Бұлт Айды бауырына тарта қысып,  
Сабырын түнгі дауыл сарқады ішіп.  
Қап-қара боп алысты түн мен теңіз,  
Екі дүлей жатқандай арпалысып.

Үрей алып қақпасын қойған ашып,  
Бұлт та безіп барады, Ай да қашып.  
Долы дауыл пәтшағар келді қайдан,  
Түн мен теңіз жататын аймаласып.

Тыныштықтың келді де шырқын бұзды,  
Суға тыныш жартасты күрт ұрғызды.  
Ызы-шумен шошытып ұйқысынан,  
Қалғып тұрған орманды бір тұрғызды.

Тап болған қара бұлттың қалыңына,  
Түспейді жұлдыздардың жарығы да.  
Қашқан Айдың сәулесі түсе қалса,  
Толқындар ұқсайды оттың жалынына.

Түсіп қалған секілді кейде торға,  
 Өкірді алып толқындар, жай жатар ма?  
 Енді бір сәт дәу теңіз кетеді ұқсап  
 Түн бетіне от шашқан айдаһарға.

«Міне, мына менікі күштілік», – деп,  
 Толқындарды алып түн түсті бүктеп.  
 Түннің бетін тырнайды Қара теңіз  
 Жанталасып, жармасып, ышқынып кеп.

Арпалыста үйренген бақ сынауға,  
 Толқын біткен ұқсайды бақсыларға.  
 Түн дауысы күңіреніп естіледі,  
 Қара аспанға қара су шапшығанда.

Ызалану, долдану – үлесі құр,  
 Дауылдың да қатады сілесі бір.  
 Түн жеңбейді, теңіз де жеңілмейді –  
 Тіршіліктің бітіспес күресі бұл.

\* \* \*

Келеді де ойлар сан қилы,  
 Шертеді келіп шертілмей жүрген сол күүді.  
 Ауыздығымен алысып,  
 Асау толқындар мөңкиді.  
 Көбік шашқан көк теңіз  
 Көкірегімде толқиды.

Теңізім менің секілді бейне жас ғашық,  
 Өп-сәтте ару-аспанмен кетті астасып.  
 Екпіндеп толқын екілене соқса жағаны,  
 Жүгіреді судан тас қашып.

Жүгіреді кеп теңізді қуып жағалай  
 Қаптаған қалың қарағай.  
 Құшамын алып теңізді  
 Көңілімменен даладай.

Ұшқан бұлбұлдар –  
Сол қарағайлардың әндері,  
Бетімнен өпті тау лебі.  
Жұтып қойды көк теңіз  
Көзімнен ұшқан сәулені...

\* \* \*

Абхаздың тауы тұлғалы,  
Кавказдың қарлы шыңдары.  
Әлдилеп ақша бұлттарды,  
Салып ап алақанына  
Ұқсайды Алатауыма.

Қарлығаш ұшып тұсымнан,  
Қарағай маңым қаптаған.  
Аққұба бір қыз ұшырған  
Ақша бұлт сонау – аппақ ән.

Табиғат, сонша көркем бе ең?  
Сәулесі Күннің көмкерген.  
Қарасам Қара теңізге  
Қарақат көзім өртенген.  
Барады менің ойларым  
Ілесіп жалғыз желкенмен...

\* \* \*

Жауғанда жаңбыр ырысымдай боп,  
Шытынайды аспан Богемия шынысындай боп.  
Жарқ етті найзағайларым  
Қыпшақтың қылышындай боп.

Аспанның көбесінен сөгіліп кеткен,  
Мөлдір тамшылар түседі төгіліп көктен.  
Қара бұлт – қара сәйгүлік тауға қонады,  
Тұлпарындай Еділ бабамның тер үгіп жеткен.

Тоқтайды сосын сол жаңбыр сіркіреп барып,  
Шежіре аспан сақалын сілкілеп қалып.



Бурадай бұлттар үлегін, ботасын ертіп,  
Батысқа бара жатады дүркіреп маңып.

Ұмытпайды ұрпақ Отырар, Сауран анасын...  
Бермеген бабам ешқашан жауға даласын.  
Ойдың жауыны санамда басылып қалды,  
Туған жер жатыр паң жұтып саумал ауасын.

...Көз жасы тамды жақпардың,  
Құлпырды іші шатқалдың.  
Кемпірқосақ та керілді  
Садағындай боп сақтардың.

### МӘСКЕУ ТАҢЫ

Бастап бір қайталанбас сонатаны,  
Сәлден соң бұл қаланың таңы атады.  
Уақыттың шетсіз-шексіз мұхитына  
Түншығып түнім батып братады.

Түн батты, жұлдыз сөнді, Ай қалмады,  
Аспанның Ай ғой, шіркін, пайғамбары.  
Күтеді Шығыстағы Күннен жарық  
Орыстың мүлгіп тұрған ойлы орманы.

Басылып Құсжолының шаңытқаны,  
Оянды тіршіліктің алып таңы.  
Келесі түнге дейін қалғып кетті  
Мәскеудің қызыл-жасыл жарықтары.

Соғылып шіркеулердің қоңырауы,  
Тағы да жалғасады өмір әні.  
Айығып бүкіл қала күнәсінен,  
Тазарып, ақ сәулеге шомылады.

Көрінер таңғы сурет кімге қалай?!  
Төгілді төрт тарапқа Күннен арай.

...Адамдар көшелерде топ-тобымен  
Асығып бара жатыр түнге қарай.

\* \* \*

Басып отыр еңсемді теңіздей түн,  
Елестейді жаныммен егіз кейпің.  
Өзің бары өмірде қандай жақсы  
Мен іздейтін және де мені іздейтін.

Біреуге атақ, біреуге ат береді,  
Мансап үшін біреулер өкпеледі.  
Сенсің менің барым да, байлығым да,  
Сенен артық бақыттың жоқ керегі.  
Соның өзін кей пенде көп көреді.

Айлы аспаным сәулесін төкті әдемі.  
Алдым еске Медеуді, Көктөбені.  
Алматыдан жырақта, сенсіз, жаным,  
Алғаш рет қарсы алдым көктемені.

«Жалғыз тастап бұл түнде кетпе мені!»  
Көкірегіме өлеңім кептеледі.  
Сен боп маған тіл қатты бұл Мәскеудің  
Жасыл шырша, ақ қайың, көк терегі.

Таңым, кешім – өзіңсің түсім де, өңім,  
Сенсіз маған өмір жоқ – түсінгенім.  
Қанатыңа сөз жаздым мәңгі өшпейтін,  
Қашықтықты білмейтін құсым менің.

## ТОБЫЛҒЫ

Саясында көде өскен,  
Сайға біткен тобылғы.  
Желге билеп белестен,  
Ойға біткен тобылғы.

Ауылымның көп қырын  
Бұтаң басқан тобылғы.  
Хош иісті ақ гүлің  
Жұпар шашқан тобылғы.

Күлім қағып ақ әжем,  
Күбі ыстаған тобылғы.  
Таңғы саумал ауамен  
Тыныстаған тобылғы.

Мөлдір моншақ таң шығын  
Тағып алған тобылғы.  
Бабам өрген қамшының  
Сабы болған тобылғы.

Көктен жауған жауынға  
Қанып алған тобылғы.  
Торы қабықтың қолымда  
Табы қалған тобылғы.

Қасиетінді сезем мен,  
Шаштың тәтті иіс уыстап.  
Ата-бабам ежелден  
Ет сүрлеген, күбі ыстап.

Жүрсең де отқа жағылып,  
Табиғаттың сыйысың.  
Жүрмін қазір сағынып  
Түтініңнің иісін.

## СӘМБИ ТАЛ

Жапырақтары жиылып,  
Тәңіріге сиынып,  
Жасыл бешпет киініп,  
Жарқабақтан иіліп,

Аққан судың бетінен  
Сүйіп алған сәмбі тал.

Бір-біріне үздігіп,  
Жігіт сөйлеп, қыз күліп,  
Махаббат тұнса ойына,  
Мың бұралған бойына  
Ғашықтардың бал сырын  
Құйып алған сәмбі тал.

Алтын шашы жайылып,  
Күміс суға шайылып,  
Түнгі айдында талықсып,  
Жалаңаш Ай толықсып  
Шомылғанын өзенде  
Талай көрген сәмбі тал.

Өрілген шашы сәнді еткен,  
Желмен баяу әндеткен,  
Өмірге шөлі қанбайды,  
Хас сұлудан аумайды,  
Айнасына өзеннің  
Қарай берген сәмбі тал.

## МАЙҚАРАҒАН

Ауылдың шетінде өскен майқараған,  
Тұтасып көзге түскен айдаладан.  
Жанға ыстық туған жердің тікені де,  
Ұмыту ұлы өлкені қайда маған.

Қараған өнген жерден құт тараған,  
Ауылдан, біледі, өсіп шыққан адам.  
Бала кез барушы едік жұмсағанда,  
Қайтушы ек шауып алып түпқараған.

Сонан соң буушы едік сыпырғы етіп,  
Қалардай қарағансыз күтім кетіп,  
Ауласын сыпырушы ем туған үйдің  
Ошағын жатқанда анам түтіндетіп.

Көрген соң тазалықты айналадан,  
Құшағын: «Құлыным!» – деп жайған анам.  
Бала кез сен де маған серік болдың,  
Сағынып жүрмін сені, майқараған.

Тұрушы ең сары гүл боп көзің күліп,  
Келгенін көктеменің сезіндіріп.  
Ыстыққа, суыққа да төтеп берер  
Бар еді сенде ғажап төзімділік.

Сыйладың сол тұлғаңмен ой да маған,  
Төзімді сенен алмай қайдан алам?  
Жұт жылы отын болып, жылу шашып,  
Малға да азық болған майқараған.

Торы қабық, тобылғының нақ серігі,  
Қолыма талай кірген ақ шөгірі,  
Сенің де үлесің бар, майқараған,  
Гүлденіп қазағымның жатса өңірі.

Шая алмас төтті елесті сағым әсте.  
Хат алдым. Оқып едім соны кеште.  
...Гүлдепті ауыл жақта майқараған,  
Гүлденген бала күнді салып еске.

Мұндайда санама ойлар құт оралтып,  
Жусанның жұпар иісі күтер аңқып.  
...Шалғайда жүрсең егер  
Шалғыныңнан  
Екен-ау туған жердің тікені артық.

## КӨК ЖУСАН

Қасиетіңнен айналайын, көк жусан,  
Кешір мені, қала жақтан кеп жұлсам.  
Сені иіскеп бастым сағынышымды –  
Көкірегімді көз жасыммен көп жусам.  
Қасиет бар, жусан, сенде – бір ұлы,  
Саған сіңген бозторғайдың шырылы.  
Саған сіңген қалғып кеткен қастерлі  
Кең даланың кеудесінің сырылы.

Айдан тамған алтын сәуле аптаған,  
Күннен жеткен күміс сәуле баптаған.  
Қазақ жері сенің ғажап иісіңді  
Ғасырлардан ғасырларға сақтаған.

Найзағайдың оты сені қарыған,  
Ақ нөсердің мөлдірлігі дарыған.  
Шалғай жүріп, туған жерді аңсасам,  
Алдыменен жусан иісін сағынам.

Жұпар шашып күтіп алып тұрсаң, қыр,  
Жоқ арманым жусан болып тусам бір.  
Туған жерді таныстырып әлемге,  
Туғызуым керек менің жусан-жыр.

## КҮРЕҢ ЖОЛ

Ауылға барсам өмір сүрем басқа,  
Жиналып күтер мені кілең дос та.  
Сен мені қарсы аласың жотасынан,  
Күн сүйген таныс жолым күрең қасқа.

Қаланың көріп жүрмін сабылысын,  
О баста туған едім ауыл үшін.  
Күрең жол, сені бойлап ұшады алға  
Анама деген менің сағынышым.

Сен – менің жүрегімнің құмарысың,  
Жанымның алғаш сезген жылы ағысын.  
Сан рет сапарымда сен көрсеттің  
Әкемнің құшақ ашқан қуанышын.

Өзіңсің сан тыңдатқан күйді ақ таңда,  
Қарсы алып, шығарып сап, ширатқан да.  
Өзіңсің бастап барып бас игізіп,  
Зиярат еткізген де зираттарға.

Бойыңда ғажап күй бар естілмеген,  
Сыр ашып тілдеспедің ешкімменен.  
Өмірден өткендер бар, тірілер бар –  
Талай жан жүрген сенің үстіңменен.

Сіңірдің Күн сәулесін, Айдың нұрын,  
Таң даусын, желдің әнін, сай күмбірін.  
Ішіңе бүгіп үнсіз жатырсың сен  
Ақындар айта алмаған ойдың мыңын.

Бойыңда жазған сенің өлеңді Абай,  
Киелім, бөлінемін сенен қалай?  
Бірде өрге алып шығып жолаушыңды,  
Біресе құлдилайсың төмен қарай.

Бірде оңға бұрыласың қау ішіне,  
Кіресің солға тартып тал ішіне.  
Көңілімді байлап қойып көз ұшына,  
Сіңесің енді бірде тау ішіне.

Қанаттанған қаршыға-жыр өзіңде,  
Ұқсайды саған кейде мінезім де.  
Аспан асты ақ күміс шаңың қағып,  
Балалық шағым өтті бір өзіңде.

Сыйладың сөйтіп талай ойды маған,  
Есімде дейсің менің қай бұралаң.  
Басталған үзілместен күрең жолым  
Адамның өмірінен айнымаған.

## АҚША БҰЛТ

Ей, ақша бұлт, ақша бұлт,  
Күн нұрына шомылған  
аппақ ару қыз ба едің?  
Ақ кемеге де ұқсайды  
көк жүзінде жүзгенің.  
Сапарларға шыққанда,  
барғанда алыс жерлерге,  
Жанарыма қондырар  
жамалыңды іздедім.  
Көрдім сені көбелек  
қуған бала кезімде,  
Сурет болып не түрлі  
тұндың менің көзімде.  
Аяладың жанымды,  
салдың алақаныңа,  
Жүрегімді орадың  
аппақ мақпал сезімге.  
Көрдім сені жол үсті  
асық атып жүргенде,  
Жатқанымда сырластым  
шалғындарда гүл-кеуде.  
Кемпірқосақ қуғанда,  
рауғаш терген қырларда,  
Шыққанымда көрдім мен  
жүз жотаға, мың белге.  
Қызарып таң атқанда,  
ұзарып күн батқанда,  
Бөркімді саған лақтырдым,  
жеткіздім сәлем, сонда сен  
құшақтауға шақ тұрдың  
оңаша таулы шатқалда.  
Қызық қуып, ой қуып  
байтақ қазақ жерінен,  
Алатауды бетке алып,  
Алматыға келіп ем.



Мамықтары бұрқырап,  
мамырлаған аққудай,  
Кездестім мен тағы да,  
беу, киелім, сенімен.  
Бұл дүниеде жоқ ешкім  
сендей мені түсінген,  
Қиялыммен бірге ұшқан  
әлде сыңар құсым ба ең?  
Күзде сені сағындым,  
іздеп сұрқай аспаннан,  
Көзімді ілсем кей түні  
шықпай жүрдің түсімнен.  
Көңілімді ағартып,  
көз алдымнан көшкенде,  
Кездестірдім Бішкекте  
тау самалы ескенде.  
Қап тауында жүздестім,  
жолықтырдым Қырымда,  
Көрдім сені Мәскеуде,  
көрдім сені Ташкенде.  
Саған сіңген сан алуан  
тіршіліктің нұры ма?  
Көрдім, көрдім, көп көрдім,  
қанбай қойдым сырыңа.  
Менің жаным бір күні  
ақша бұлтқа айналып,  
Сол ақша бұлт айналар  
бір ақынның жырына.

## ТАС

Жарқылдайды бұлт қолында қылыш-күн,  
Жанарыма содан түскен бір ұшқын.  
Тастай шыдам, төзім тілеп өзіме,  
Тас құдықтан тастай суық су іштім.

Тас бұлаққа басымды идім, еңкейдім,  
Тас жүректі балқытамын, өртеймін.  
Тасқа түскен суреттерді көрдім де,  
Жаным байып, көңілім тасып, көркейдім.

Тауға шықтым, көрдім тастың көшкінін  
Қара жартас қызыл болды кешқұрым.  
Тасқа жазған жазуларды оқыдым,  
Оқыдым да тарих үнін естідім.

Тастан жүзік тақты қыз да мен сүйген,  
Қырға шықтым досымды ертіп көрші үйден.  
Ішке бүгіп өткен күннен бір сырды,  
Тас обалар үндемейді мелшиген.

Кезіккенде, ешқашан дақ түсірме,  
Табиғаттың өзі соққан мүсінге.  
Тас адамның көрдім бірде бейнесін  
Тас қараңғы тас ұңгірдің ішінде.

Тастан талай ескерткіштер қашадық,  
Сөйтіп, ұлы тарихымызды жасадық.  
Тастан белгі қойып қимас жандарға,  
Тұрдық кейде көзімізге жас алып.

Тас арқылы жетті сөздер бұрынғы,  
Беу, құдірет, төксең маған нұрыңды,  
Жырдан тұғыр орнатамын халқыма,  
Тасқа басып қалдырам да жырымды.

## ҚЫНАНЫҢ МОНОЛОГІ

Қынамын мен, қынамын!  
Қойтасқа өрлеп шығамын.  
Жабысып жартас басына,  
Қайызғақтанып тұрамын.  
Қабыршықтанған бетімді  
Ай нұрына жуамын.

Бояуы бар не түрлі  
Күн нұрына жуамын.  
Желмаядай желіп кеп,  
Жел кеп мені өбеді.  
Желге бұлттар еріп кеп,  
Жез жаңбырын төгеді.  
Шәлі бұлтқа ақ шәйі  
Тау көтеріп таядым.  
Кемпірқосақ батсайы  
Сіңірген бар бояуын.  
Қара тастан қайғы емдім,  
Көңілімде қаяу бар.  
Қара түнде Айды емдім,  
Менде барлық бояу бар.  
Сарғыш, сары, тоқсары –  
Атқан таңнан дарыған.  
Қызғылт, қызыл, қанқызыл –  
Батқан күннен дарыған.  
Жасыл менен жап-жасыл –  
Жаққан шалғын, шөп бояу.  
Көгілдір, көк, қаракөк –  
Аспан шашқан көп бояу.  
Бозғылтым, боз бояуды  
Боз жусаннан алғанмын.  
Сиякөк түсті қияқгүл,  
Киікотынан алғанмын.  
Қара, алқара түстерге  
Түн де мені бояған.  
Мөлдір шықты ішкенде  
Күміс болып оянам.  
Мен – қынамын!

### ЖЕТІ БОЯУ

Өзенсің, тоқтатпа, өмір, ағысыңды,  
Тұлпарсың, бөсеңдетпе шабысыңды.  
Санамда Күннен шыққан жеті бояу,  
Тыңдадым жетеуіңнің дауысыңды.

Көрінді қызыл Күннің өзі батпай,  
Кісінеп қызыл жирен сезім аттай.  
Қызыл сөз, қызыл іңір, қызыл қырғын...  
Басылды қызыл сәуле көзіме оттай.

Сіміріп сары қымыз толғанамын,  
Сары айшық, сал домбыра қолға аламын.  
Сары күз, Сарыарқа, сары ала қаз...  
Жеткізді сағыныштың салған әнін.

Жасыл бел, жасыл жайлау, жасыл шалғын,  
Төсіне аунап-қунап, асыр салдым.  
Жыр жаздым жасыл жаздың қойынында  
Жығылып жарығына жасыл шамның.

Көк байрақ көкірегімде дүрсілдеуде,  
Көк түрік дүр сілкінді тылсым кеуде.  
Көк бөрі оятты ұлып Көк Тәңірін  
Көк аспан көк күмбезді күрсінгенде.

Келешек ататұғын таңдар үшін  
Күл болып жанды талай жолбарысым.  
Күлгін түс жеткізеді күлге айналған  
Дегелең деген таудың жан дауысын.

Қара түс – қазақ үшін дара әлемім,  
Қара қазан ғасырдың табар емін.  
Кешінде Қарауылдың қара барқыт  
Қара шал жазып кеткен қара өлеңін.

Ақ таңым Ақ шыңдағы тақтан қарап,  
Ақ қыста ақ даланы мақпалға орап,  
Ақ сәуле арқан керіп алдан шықса,  
Жанымды тазартады ақ қар борап.

Әлемде жетеу дейтін – шын керемет,  
Тербелді бесік жеті үнге бөлеп.  
Сіңірген жеті бояу қанатына  
Дүние – ұшып-қонған бір көбелек.

**ЕРТІС ӨЗЕНІ**

Жарысып уақытпен аққан Ертіс,  
Түн келсе тылсым тыныш тапқан Ертіс.  
Мойылдай жұлдыздарды моншақ етіп,  
Мойнына Айдан алқа таққан Ертіс.

Қыс түссе мұз құрсанып жатқан Ертіс,  
Тау болып толқындары қатқан Ертіс.  
Өрт тисе өткел бермей өгейсініп,  
Атой сап, жауға қарсы шапқан Ертіс.

Қайықта ұлы Абайды көрген Ертіс,  
Қазақтың қара өлеңін өрген Ертіс.  
Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мұхтар, Иса,  
Қаныштай асылдарды берген Ертіс.

Ерлердің аңсар шөлін басқан Ертіс,  
Кеудесін оқ пен отқа тосқан Ертіс.  
Қазақтың арғымағын қанат байлап  
Әлемнің бәйгесіне қосқан Ертіс.

Көз жасын елім болып төккен Ертіс,  
Қасірет, азапты да шеккен Ертіс.  
Ғасырлар тереңінен ағып-ағып,  
Тәуелсіз бүгiнiме жеткен Ертіс.

**ЖАРТАС**

Етегіне аунаған тас,  
Судан балық аулаған тас,  
Балықшыдай су қасында  
Сүйенетін тауға жартас.

Еске түстің түске кіріп,  
Дәу тұлғаңнан күш көрініп,  
Бала күнгі дауысымды  
Жаттың ба екен ішке бүгіп?

Үңілген жан тапқан сырды,  
Сенде ой кені жатқан сынды.  
Шешіп тастап жалаң қалпы,  
Кешіп тұрдың аққан суды.

Құйып жарық, отты жырын,  
Күмбез етіп көк тұғырын,  
Қайран жартас, осы саған  
Қаншама күн төкті нұрын.

Қара судан қанып ішіп,  
Құсжолынан жауып ішік,  
Түн де сені аялады,  
Ай сәулесі шағылысып.

Жаңбыр моншақ тақты қандай,  
Жартас едің қатты қандай –  
Жел жейдесі қарс айырылып,  
Құйын саған соқты маңдай.

Құйылғансың күз боп тастан,  
Өтті дәурен күз боп бастан.  
Қанша көктем, жаз бен қысты  
Өткіздің сен міз бақпастан.

...Ортасында жыра, белдің  
Үндеместен тұра бердің.  
Жарылдың да өкіріп кеп,  
Суға бір күн құлап өлдің.

## **БІЗДІҢ АУЫЛ**

Біздің ауыл таулардың бөктерінде,  
Көгереді, көктейді көктемінде.  
Қазағымның дарыған кең пейілі,  
Ей, жолаушым, соға кет өткеніңде.

Біздің ауыл – дастархан жайған ауыл,  
Түн баласы малына Ай қарауыл.  
От ойнатып ошақта, шай қайнатып,  
Мейман келсе марқасын сойған ауыл.

Біздің ауыл – сауықшыл, сәншіл ауыл,  
Бір соқпастан кетпейтін әнші дауыл.  
Қытығына тимесең қойдан жуас,  
Ашуланса бишікті, қамшылы ауыл.

Шалғыда жүр шалдары шаруа ап тәуір,  
Еске аламын өткенді әр уақта бір.  
Тағзым еткен айқұлақ зираттарға  
Біздің ауыл – өулие, аруақты ауыл.

Өміренің өнімен оянады,  
Тәттімбеттің күйіне боянады.  
Алақанға салып ап сол бір ауыл  
Төлеужанның жырларын аялады.

Біздің ауыл – сол ауыл, баяғы ауыл,  
Жүзін Күннің нұрына шаяды ауыл.  
Көк аспанға ақша бұлт бөркін атып,  
Қонақ келсе құшағын жаяды ауыл.

## **ТУҒАН ЖЕР**

Туған жерім!  
Қымбат сенің әр кешің, қымбат таңың,  
Талбесікке тәнімді құндақтадың.  
Сен деп соққан жүректе көп сыр жатыр,  
Тауыса алмай келемін жырлап бәрін.

Тұңғыш сенің төсіңде көзімді аштым,  
Сезімімнің пернесін өзің бастың.  
Сағыныштың дертінен саған деген  
Жаным барда кеудемде жазылмаспын.

Жазылмаспын, өтермін аңсап мәңгі,  
Пейілім деп біл менің, жауса, ақ қарды.  
Сені ойлаумен кешті де батырамын,  
Сені ойлаумен сағына қарсы ап таңды.

Ғажайып бір мейірім жанарда ойнап,  
Сені ойласам, қаламын анамды ойлап.  
Қырларыңа шығамын, сонан кейін  
Тереңіне Шағанның алам бойлап.

Жайсаң далам, жазирам, жазық маңдай,  
Сырларыңды боламын аз ұққандай.  
Сенен ұзап ешқайда кете алмаймын,  
Мені жіпсіз байлаған қазық бардай.

### ОЯТҚАН МЕНІ...

Ойсызға, жұртым, балама,  
Ойсыздар бізде аз ба еді?  
Оятқан мені далада  
Қаңқылдап өткен қаз демі.

Сағынып биін талдың да,  
Сарғайып қазір шақ жүрміз.  
Оятқан таңның алдында  
Аспаннан аққан ақ жұлдыз.

Кеудеме құйған мың сан нұр  
Сәулесі Күннің бейуақта.  
Оятқан иісі жусанның  
Қытықтап мені кей уақта.

Оятқан мені әжемдей  
Әдемі таңның әлдіі.  
Күмбірлеп аққан өзендей  
Күйшінің шерткен сан күйі.



Аспаным сөйлеп не тілмен,  
Жанары бұлттың жай атты.  
Сондай бір кезде бетімнен  
Тамшылар сүйіп оятты.

Хақың жоқ, ақын, қалғуға,  
Алқа жырыңды Айға тақ.  
Шалқаңнан жатып шалғында  
Оянған шақтар әйбат-ақ.

Оята берші, небір үн,  
Бастала берсін қайта өмір.  
Оятқан Табиғат – Тәңірім,  
Ұйықтатпа мені, әйтеуір.

### **БҰЛТТЫ ЖҰБАТУ**

Осқандай-ақ әлдекім семсерменен,  
Ойбай салған дауыстан теңселді әлем.  
Жай-қамшымен сұр аспан тартып қалып,  
Бұлт иегі бұлтиып кемсеңдеген.

Мөлдірлікті қаншама құйса да анық,  
Құтылмады-ау қамшыдан бишара бұлт.  
Ұрудай-ақ ұрып ап қатал аспан,  
Сұрамайды кешірім ишара қып.

«Масқараны-ай... – дегендей, – масқараны-ай!..»  
Ақ шашты шың құшағын ашты анадай.  
Бауырына сонда оның басын сүйеп,  
Жылады бұлт өксіп бір жас баладай.

...Жылама, бұлт тұлымы желкілдеген,  
Сырыңды шерт одан да шертілмеген.  
Сенің мөлдір мұңыңды жұтып алып,  
Жапырақтан жыр тамды мөлтілдеген.

## ҚАРАУЫЛТӨБЕ

Қарауылтөбе, Қарауылтөбе,  
Көзіндейсің сен даланың көне.  
Жазықты салып алақаныңа,  
Қариядай болып қарадың төне.

Жидебай қалды текті ғасырдан.  
Жыр ауылы мекен тепті қасыңнан.  
Қуаныш, қайғы куәсі болдың,  
Сан алуан күндер өтті басыңнан.

Асау бұлттарға бұғалық салып,  
Асыл тұлғаңнан Күн алып шабыт.  
Тұрдың сен бір кез үнсіз, қажыға  
Құнанбай шалды шығарып салып.

Ұзатып көзбен арғымақ Айды,  
Тосқансың талай таңды да жайлы.  
Сабырлы қалпы күтіп алғансың  
Семейден қайтқан балғын Абайды.

Қол бұлғап бір кез сағымың белден,  
Қара сөздердің ағынын көргем.  
Қарауылтөбем – қасиетті төбем,  
Қара өлеңімнің тәңірін берген.

Жарық күн көктің жанарында еріп,  
Жайнаған елдің жамалын көріп.  
Ұқсайсың кейде қара шалыма  
Халқына тұрған қарауыл болып.

## АБЫРАЛЫ

Туғызған талай дауыл-жыр,  
Сілкініп қалған қауым бір.  
Төсінен өлең өргізіп,  
Төлеужан туған ауыл бұл.

Ауылға көңілім ауғанда,  
Жаңбыр боп жырым жауғанда,  
Жаңғырып қара жартастар,  
Сілкінсін таныс таулар да.  
Айырылып талай тау-қырдан,  
Уланған улы жаңбырдан,  
Теперіш көрген тағдырдан,  
Ата-бабамның мекені –  
Абыралым қайта жаңғырған.  
Даусымда менің ақ таң бар,  
Таныдыңдар ма, шатқалдар,  
Жазықтар, жасыл белдерім,  
Қайырылыстар, қапталдар,  
Сәлем деп келдім сендерге,  
Өзен, бұлағым өр кеуде.  
Құлазып қалды көңілім  
Айқұлақ бейіттер көргенде.  
Қорғайтын, қолдап бар маңын  
Есіме түсті, аруағым –  
Шөптерін шауып жүретін  
Қасиетті қара шалдарым.  
Сіздерге сәлем деп келдім,  
Баталарыңды алып кеткенмін.  
Арқамнан қағып, аруақтар,  
Осынау шаққа жеткердің.  
Ұлдарың талай жер көрер,  
Мұнда да талай ел келер.  
Сіздерсіз менің байлығым –  
Аналар, аға, жеңгелер.  
Жүре беріңдер шалқытып  
Туған жерімнің аспанын,  
Бірге өскен менің достарым,  
Жүре беріңдер сыңғырлап қоңырауларың,  
Інілер, қарындастарым.  
Жайқала берсін жапырағың,  
Гүлдене берсін атырабың.  
Иеді басын бір балаң,  
Киелі менің топырағым!

## АРҚАТ

Есіме алсам болды Арқатымды,  
Кеудемнен жібек-жырым тарқатылды.  
Тұрады ол алып аспан омырауына  
Тағып ап моншақ-жұлдыз, алқа-Күнді.

Өзінде бүршік атты көп ойларым,  
Есімде доланалы тоғайларың.  
Төсіңде қол бұлғайды бозбала-арман  
Бетінен өмір деген шарайнаның.

Ұшырдың, қанат қақтым қасқалдақтай,  
Қоймайсың көңілімді аспандатпай.  
Тастарың қаланып тұр төртіппенен,  
Биікке бастайтұғын баспалдақтай.

Өзеннен бұлағыңды артық көрем,  
Ішемін балдай суын балқып денем.  
Бір күй бар көкірегімде сен сыйлаған,  
Сол күйді қайда жүрсем тартып келем.

Жартаста жаңғырығып қалған үнім,  
Арқатым, сәлем саған, арда ауылым.  
Бұлағын қос жағадан күй тербетіп,  
Тауының әлдилеген өн бауырын.

Қалайша бір сілкінбей қала аламын,  
Алдымнан шықты жеңге, ағаларым.  
Арқатым – көпті көрген қариялар,  
Арқатым – ақ жаулықты аналарым.

Еске алсам сенде өткізген жас күнімді,  
Жанарға таңғы шықтай жас та ілінді.  
Арқатым – інілерім ілтипатты,  
Арқатым – қарындастар қос бұрымды.

Кеудемді бір ғаламат ағыс керген,  
Атыңды айтып жүрмін алыс белден.  
Арқатым – ұлағатты ұстаздарым,  
Өмірлік нәр болатын дөріс берген.

Қалайтын көңілдерді шаң баспауын,  
Ту еткен ақиқаттың алдаспанын.  
Әр жерде жүректері бірге соққан  
Арқатым – адал ниет жолдастарым.

Сөз десе лайланбайтын тұнығыңмын,  
Мамайдың қылышындай суырылдым.  
Сен болсаң, ақ шаңқан үй – Арқат аулы,  
Мен сенің шаншылған бір уығыңмын.

## ОРМАНДАР

Ормандар, жасыл ормандар,  
Жанымды менің қорғаңдар.  
Боянған көкке бойында  
Оянған асыл армандар.

Ормандар, жасыл ормандар,  
Жарысып жолмен қалмаңдар.  
Ертістің екі жағасы,  
Жақын-ау маған сол маңдар.

Ормандар, асқақ ормандар,  
Биікке ұшсам, қолдаңдар.  
Аспанның төсін арда емген  
Сендерде қандай арман бар?!

Аңызға айналған ормандар,  
Кешегі Естай – Қорландар.  
Ауаңмен сенің тыныстап,  
Танылған талай тарландар.

Ормандар, жасыл ормандар,  
Көктеңдер, мәңгі солмаңдар.  
Мендегі талай ойларды  
Ақша бұлттарға жалғаңдар.

Тұра беріңдер жасарып,  
Ғажайып мүсін жасалып.  
Қарағайларың қасқиған  
Табиғат қолымен қашалып.

Тұрыңдар мәңгі қартаймай,  
Нү жыныс – ырыс ортаймай.  
Көк теректеріңнен нұр қашпай,  
Ақ қайыңдарыңнан әр таймай.

Бал қарағайлар, теңселме,  
Қарасаң, сыймас өлшемге,  
Ормандар, алып ормандар,  
Сендермен биік еңсем де.

### ШАБЫТТЫҢ ОРАЛУЫ

Қаладан көңілім қап құл базардай,  
Жүр едім көптен бері жыр жаза алмай.  
Ояттың шабыт құсын, беу, табиғат,  
Қайнаттың жан дүниемді сыр қазандай.

Аспаннан Ай мен Күннің нұры құлап,  
Ақынның көкірегінен жыры құлап.  
Тұнығы жазда салқын, қыста жылы,  
Сені де көріп қайттым, Жылыбұлақ.

Құлағын домбырамның қырық бұрап,  
Қайыңға жыр арнадым қылықтырақ.  
Жеті қат жер астынан қайнап шыққан  
Суыңнан таттым сенің, Суықбұлақ.

Сыланған сұлу қыздай жамалды көр,  
Қарсы алып, саф самалға таранды бел.  
Сүт құйған тостағандай аппақ болып,  
Жатады шығарып сап Маралдыкөл.

Жақындап бір кездегі сағым өлем,  
Жүрген ем сәнді орманның жаныменен.  
Дүр етіп қарағайдан ұшқан құстай,  
Кетті ұшып жүрегімнен қалың өлең.

### ҚАТАР ЖАТҚАН ЕКІ КӨЛ...

Шарбақтыға келгенде,  
Маралдыны көргенде,  
Қатар жатқан екі көл  
Қалып қойды зердемде.

Самалға кеуде ашсаңыз,  
Алдымызда жеті бел.  
Жеті белден ассаңыз,  
Қатар жатқан екі көл.

Түсті есіме сағынсам,  
Бірі – жылы Тұздыкөл.  
Саз-балшығын жағынсаң,  
Балтыр ысып, қызды бел.

Ағыны жоқ, ақпайсың,  
Түскен күннің шуағы.  
Ортасына батпайсың,  
Су көтеріп тұрады.

Дертке дауа шеті де,  
Адамға, аңға, құсқа да.  
Қабыршық мұз бетіне  
Қатпайды екен қыста да.

Қыста суы қатпайтын  
Құдіретіне сенгенмін.  
О, Тәңірім, батпайтын,  
Қасиетті көл көрдім.

Мөлдір судан түзілді,  
Екіншісі – Тұщыкөл.  
Шаю үшін тұзыңды  
Толқынымды құшшы дер.

Көлге жайдым құлашты,  
Құшағым да сыр ашты.  
Қатар жатқан екі көл,  
Бірі – тұщы, бірі – ащы.

Екі көл боп көріндің,  
Беу, табиғат, күштісің!  
Сездіргендей өмірдің  
Ащысы мен тұщысын.

## ҚҰС БАЗАРЫ

Су ішкен ерке дала еліктері,  
Мынау көл неткен әсем, көрікті еді?!  
Шөл басқан ақбөкендер құс омырау  
Басылмай, желіп келіп, желіктері.

Қалықтап көк жүзінде қыран маған,  
Төсінде ақ шағала тұмар болған.  
Қаптаған құс қондырған көкірегіне  
Қарасаң, көл реңіне құмар қанған.

Қаптаған, шер тарқатқан қоңыр үйрек,  
Сүңгиді су бетіне салып ирек.  
Қонады жұбын жазбай сары ала қаз,  
Аққулар «Аққулы көл» тағы билеп.



Сары шымшық көк қамыстан қармақ салып,  
 Жүреді балықшы құс аулап балық.  
 Ақ күннен алтын моншақ күміс көлдің  
 Төсіне төгіледі саулап барып.

Дөңбекшіп дөңдер жатыр, қыр аунаған,  
 Тырналар көз ұшында тыраулаған.  
 Қарлығаш ұя салып жарқабаққа,  
 Сыбызғы тартып қаздар сылаңдаған.

Жағада тас шыжғырып, құм қайнатқан,  
 Суына өскен балдыр шымдай батқан,  
 Даланың кіндігінде думан ашқан,  
 Көл осы кернейлеткен, сырнайлатқан.

Толқыны қазанында тасып алар,  
 Шашуын аққан бұлақ шашып ағар.  
 Жаз бойы саябырсып, басылмайтын  
 Кішкене құс базары осы болар.

### БЕСҚАРАҒАЙ

Бесқарағай, Бесқарағай,  
 Қарағайлар басынан көшкен арай.  
 Қүдірет қой самсаған самырсындар,  
 Өрлеп өскен ылдидан төске қарай.

Қарағайлар жарысып жол бойында,  
 Жолаушының қақтырар таңдайын да.  
 Қол ұстасып, жарысып, таласа өскен  
 Таңырқамай қарап көр тал-қайыңға.

Бесқарағай, Бесқарағай,  
 Жылдар салған сақина, өс, қарағай!  
 Өзегіне жинаған өз өмірін  
 Ағаш біткен қалмасын есте қалай?!

Бесқарағай, Бесқарағай,  
Үйеңкілер құшағын ашты анадай,  
Ару қыздай бой түзеп ақ қайыңдар,  
Жарысады шыршалар жас баладай.

Бесқарағай, Бесқарағай,  
Көз алдымнан көкпеңбек көшкен арай.  
Қарағайдың ішіне қызғылт тартып,  
Бара жатыр күн батып кешке қарай.

### **ЖАРҚАБАҚТА**

Ойымды менің сезер кім,  
Құшағы түннің ашылды.  
Тыныстап жатқан өзеннің  
Желпиді демі шашымды.

Төнеді суға жарқабак,  
Шертілмей қалған сыр бардай.  
Ай-немересін арқалап,  
Тау-әжей қарап тұрғандай.

Жанға бір жайлы дірілмен  
Жағаны самал жаулайды.  
Жалғыз тал суға үңілген  
Балықшы шалдан аумайды.

Қиялға шомып келемін,  
Қиянға ойым жетуде.  
...Түнгі аспан жайлы өлеңім  
Қалқиды өзен бетінде.

### **БАЯНАУЫЛ ТОЙЫНА**

Баянауылым, Баянауылым,  
Тойыңда қалай аянар ұлың?!

Қарағай, қайың сыбызғы тартып,  
Сыңсыған әні саялы ауылым.

Ел едің ердің атын шығарған,  
Батыр шығарған, ақын шығарған.  
Ауылысың сен Бұқар жыраудың  
Абылай ханға ақылшы болған.

Толқыған көлі орман жиекпен,  
Киелі жерім арман күйі өпкен.  
Орысты жасқап, қазақты бастап,  
Әулеті текті Шорман би өткен.

Сақтадым, Баян, санама сені,  
Көзім алдында дала көшеді.  
Жаяу Мұсаның өндері болып  
Тауыңнан саумал самал еседі.

Жайқалып өскен атырабыңа  
Мәшһүр Жүсіптің жапырағы ма?!  
Иемін әр кез басымды келіп  
Киелі сенің топырағыңа.

Жүсіпбек шыққан көк белден бүгін  
Шашады мәңгі көктемдер гүлін.  
Қараңғы қазақ көгіне шыққан  
Сұлтанмахмұт төккен жер нұрын.

Асылдар келіп елдің де есіне,  
Жарасар өлең мөлдір кешіңе.  
Қазақтың тойы басталып кетер  
Исаның салсам «Желдірмесіне».

Баянауылым, ән ұшты көлден,  
Тау-тасты кезіп, алысты көрген,  
Аспандай асқақ, мейірімді күндей,  
Данышпан ғалым Қанышты берген.

Қозғаған ойын арғыдан, тыңнан,  
Әйгілі Әлкей Марғұлан туған.  
Олжастың отты жырлары болып  
Арғымақтарың қарғыған қырдан.

Даналарымды, дараларымды,  
Бағалар елім бағалар ұлды.  
Салады халық алақанына  
Шәкен мен Кәукен ағаларымды.

...Жылдар да өтті азап-түнекте,  
Жеттік біз бүгін ғажап тілекке.  
Баянауылым, шоқтығы биік,  
Көтеріп тұрсың қазақты көкке.

### **АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН, БАЯНАУЛА!**

Сыйлаған тақтатасы ой адамға,  
Көркіңді көрген сайын тоя алам ба?!  
Басына ақша бұлттан сеңсең киген  
Атыңнан айналайын, Баянаула!

Сіңірген шыққан Күннің арай нұрын,  
Жақсыаула, Жаманаула, Торайғырың.  
Тауыңның әр тасында, жартасыңда  
Жауыңның көзін жасқар бар айбының.

Жасыбай, Ақбет тауы, Жанбақыдан  
Тұрасың самалыңмен самғатып ән.  
Адамның баласында арман бар ма  
Ауаңның қанып ішкен шәрбатынан?!

Мөлдіреп қарақатың, бүлдіргенің,  
Күйі боп Сарыарқаның күмбірледің.  
Батқандай қалың ойға жартастарың,  
Жатқандай сыр жасырып үңгірлерің.

Төгілсе жеті бояу Жерге Күннен,  
 Ай сүйіп, жел қашаған келбетіңнен.  
 Тудырған ұлыларды қасиеттім,  
 Сен менің бесігімсің тербетілген.

Көрдім мен тастан шыққан балбұлақты,  
 Төсіңнен көз жасыңдай қарғып ақты.  
 Бір шоқың қыранға ұқсап қанат қағып,  
 Бір жартас елестетер арғымақты.

Асқақтап көрінесің таяғанда,  
 Өр тұлғаң бар жұмбағын жаяды алға.  
 Сен менің тарихымсың тасқа айналған,  
 Атыңнан айналайын, Баянаула!

### **ЖАСЫБАЙ КӨЛІ. МАХАББАТ АРАЛЫ**

Көл жатыр көкпеңбек, мөлдіреп жанары,  
 Өн бойым өртеніп, жүрегім жанады.  
 Куә боп түнгі аспан, ғашықтар сырласқан,  
 Махаббат аралы, махаббат аралы.

Аппақ түн. Сол түннің сал жігіт қонағы,  
 Қыздың көз жасындай жұлдыздар тамады.  
 Ай нұры әндеткен, айдын көл тербеткен  
 Махаббат аралы, махаббат аралы.

Толқындар қосылып, сүйеді жағаны,  
 Жастықтың тәтті әні қалықтап барады.  
 Ақша бұлт желкенді Арманның кемесі –  
 Махаббат аралы, махаббат аралы.

Баянның бір қызы мөлдіреп жанары,  
 Оятты сезімді, жаулады сананы.  
 Дүниенің қызығы, өмірді жұмағы –  
 Махаббат аралы, махаббат аралы.

## АҚМЕШІТ

Көкірегімде өзгеше ой түледі,  
Күн күледі көгінде, Ай күледі.  
Алатаудың жеткізіп ақ сәлемін,  
Келіп тұрмын өзіңе, Сейхун елі.

Қара өлеңнің маржанын сенен алам,  
Желпінемін періште жебеп ауаң.  
Сырға тұнған құшағы, жырға тұнған,  
Ақмешітім, армысың, көне қалам!

Бір кездері астанам, төрім болдың,  
Сайрап жатқан Мұқаңның жолын көрдім.  
Сен емес пе ең ағасы Алматының,  
Сен емес пе ең інісі Орынбордың.

Ақмешітім – тербеткен ақ бесігім,  
Жаңғырады жырымда сәтті есімің.  
Күндіз болсын, түн болсын, мейіріммен  
Ақындарға ашылып жатты есігің.

Естіп қалдым жапырақ, гүл сыбырын,  
Қалың жыңғыл тыңдатты сыңсып үнін.  
Көз алдымда көлбеңдеп көк көйлегі  
Мың бұралып көрінді Сыр-сұлуым.

Толқындары ойымды өпті де өрлеп,  
Ғажап сезім бойымды кетті кернеп.  
Ақ самалға ілесіп бір шалғайдан,  
Көк жусанның иісі де жетті кермек.

Далаң жатыр жамылып жұқа барқыт,  
Әдемі бір әуенге бұта балқып.  
Жирен жалды шабытым оянады,  
Жиде гүлдеп, маңайда жұпар аңқып.



Ақ батаңды да қаншама  
   балаға бердің,  
Арналды талай маржаны  
   саған өлеңнің,  
Бетімді шайып қайтсам деп  
   тұнық суыңа  
Өңімде де енді өзіңнің  
   жағаңа келдім.

### ҚЫЛУЕТ

О, қылует, қылует!  
Жүрегіме жылу ет,  
Жанымнан шыққан әр сөзді  
Хор қызындай сұлу ет.  
Оятты мені күбірлеп,  
Қара өлеңнің пірі кеп,  
Қарашықтың суы кеп.  
Мәдинада – Мұхаммед,  
Түркістанда – Қожа Ахмет.

Санама жырдың гүлін ек,  
Мұңдылардың мұңын ек,  
Нұрлылардың нұрын ек.  
Даналардың бір кезде  
Айтылмай қалған жырын ек.  
Асыл сөзім – меруерт,  
Көрейін салып сурет.

...Жер астында қылует,  
«Бісмиллә!» – деп кіріп ек.  
Көптен құран түспепті,  
Санама берді белгісін  
Періштелердің бірі кеп.  
Түсірдік құран бағыштап,  
Аруаққа тағзым бұл рет.



...Алланың адал құлы боп,  
Алпыс үш жасқа келгенде  
Бабам енген қылует,  
Ішің толы нұр екен,  
Сенде тұнып тұр екен  
Қожа Ахмет дананың  
Айтылмаған сыры көп.

Беу, қасиетті қылует,  
Ішің толы нұр екен,  
Баба рухы жүр екен.  
Жер бетіндегі ғұмырын  
Жалғастырғаны шын екен.

Айы, күні аманда  
Алланың нұрын жырлаған,  
Күш-қуат алған әманда  
Тіліне салған құрмадан.  
Арыстан баб ұстаздың  
Өсиетін тыңдаған.  
Пайғамбар жасқа келген соң  
Бір күн де жерде тұрмаған,  
Тағы алпыс үш жас жасаған  
Осында менің дүр бабам.

О, киелі қылует,  
Бұ дүниенің шектеулі  
Екендігін көрсеттің,  
О дүниеге бастайтын  
Мекен бүгін көрсеттің.  
Бұ дүниеде мүліктің  
Бекерлігін көрсеттің.  
О дүниенің мәңгілік  
Екендігін көрсеттің.

Әзірет Сұлтан әулием  
Ашқан саған бар сырын,

Ақиқатын ақтарған,  
Төккен саған жан сырын.  
Алланың ақ жолында  
Тәркі етті ол Күн нұрын,  
Сарп етті ол Ай нұрын,  
Құрбан етті ол таң шығын.

О, киелі қылует,  
Шыңырау, қапас болсаң да,  
Қараңғыда қалсаң да,  
Сен тербеттің бабамның  
Ақыл-ойы бесігін.  
Пайғамбардың жасында  
Тірідей Көрдің есігін  
Ашқанын жайдың жаһанға,  
Аңыз етіп есімін.

Түркістандағы қылует,  
Құпиясы көп, сыры көп,  
Көкейге құяр нұры көп.  
Екі дүниені жалғаған  
Жұмбақ көпірдің бірі деп,  
Қанша ғасыр өтсе де  
Сақтады сені құдірет.

## ҚАНАҒАТ

Замана мынау арқалатса да ала қап,  
Құранға адал Түркістандағы жамағат.  
Назарыңдағы сатушыда да – қанағат,  
Базарыңдағы алушыда да – қанағат.

Ақ сүтіменен дарытқан ана балаға,  
Қанағат құсы ұясын салған санаға.  
Көрінбейді ізі жоқтықтың,  
Патшалығы бар тоқтықтың,  
Киесі де бар, иесі де бар қалада.

Кімнен болсын еститінің дарқан үн,  
Мүшесі олар кең пейілді ортаның.  
– Қанағат! – деп көз іледі әр пенде,  
– Қанағат! – деп қарсы алады әр таңын.

Бір басында тамы болса – қанағат,  
Дастарқанда наны болса – қанағат.  
Шөл басатын суы болса – қанағат.  
Түнде жанған шамы болса – қанағат.

Мейман келсе барын салып сыйлаған,  
Қуанышы қойынына сыймаған,  
Қоштасарда қонағын да қимаған.  
Қанағатшыл үлкені де, жасы да,  
Ынсап сайын берекесін жинаған.

Жаңылыспай бабалардың салтынан,  
Құт дарыған, шаруасы шалқыған.  
Бүкіл қазақ үлгі алуы керек-ақ  
Қанағатшыл Түркістанның халқынан.

### САРЫАҒАШ

Сен шығарып жібердің  
Ойдан шуды, Сарыағаш.  
Моншағыңнан жыр өрдім  
Қайнар сұлу, Сарыағаш.

Құшағыңа алдың сен,  
Сенде шөлім басылды.  
Ұзартқандай болдың сен  
Менің ғұмыр жасымды.

Жүруші едім тегінде  
Бұрын да атап атыңды,  
Әкелгенсің өмірге  
Менің Махаббатымды.

Кім өзінде демалмас,  
Серуендедім бағыңда.  
Көрдім Сені мен алғаш  
Қамал бұзар шағымда.

Жар қуалап иіріліп,  
Жатыр ағып Келесің.  
Айдынынан көресің  
Өткен күннің елесін.

Алмұрт, жүзім әкеліп,  
Дәмін таттым шәрбаттың.  
Көңілімді көтеріп,  
Самалыңмен самғаттың.

Жарқыраған Күніңнің  
Шуағымен емдедің.  
Ай сәулелі түніңнің  
Бұлағымен емдедің.

Жанарымды жаулаған  
Желегіңмен емдедің.  
Тылсымнан ой аулаған  
Әлеміңмен емдедің.

Жүрегімнен үзілген  
Сен бір өлең, Сарыағаш.  
Жыр моншағы тізілген,  
Мөлдіреген Сарыағаш.

Әбділдадай абызым,  
Ақын көрген Сарыағаш.  
Сөздің селін ағызып,  
Ғафу көрген Сарыағаш.

Сырбайдың сырбаз сәлемі,  
Сыбызғы тартып, жырлап өт.  
Төлеген көкем өлеңі  
Төбеңнен ұшқан тырна боп.

Тартыпсың сен тұлғаны,  
Мекенсің сен құт қонған.  
Тұмағамның жырлары  
Тұмадай болып шықты алдан.

Өзім кеттім сыр ұғып,  
Өзің оттай жандырдың.  
Өзегімнен суырып,  
Өлеңімді қалдырдым.

### ТАРТЫЛЫС КҮШІ

Тіл-толқындары жағаны жалап,  
Ағады өзен арнадан аспай.  
Ақ боран жерді соғады жанап,  
Аспанға қарай қарды ала қашпай.

Басқарып тұрған әр қадамды үнсіз,  
Басқарып тұрған айналамызды,  
Ғажап бір күш бар жалғаған сымсыз  
Күнге де бізді, Айға да бізді.

Құламай бұлттар, құтыра кергіп,  
Көз жасын төгіп, көшер жөнімен.  
Осының бәрі – бүкіләлемдік  
Тартылыс күші әсерлерінен.

...Өлең жолыма жанашыр бола,  
Сәйгүлігімді қамшылар халқым.  
Ақын мен жырдың арасында да  
Тартылыс күші бар шығар, бөлкім.

### АСЫҚ ОЙЫНЫ

Ой сауып туған таудың жартасынан,  
Жыр құдым туған жердің картасынан.  
Шілденің шіліңгір бір күндерінде  
Шік түсті кейде асығым шалқасынан.

Шалғынға аунап алдым шық түскенде,  
Арманым бастап кетті мықты істерге.  
Бүк түсіп жатып алдым тұманды күн,  
Асығым жазық жерде бүк түскенде.

Құдайым, тек өйтеуір құтқар мұңнан,  
Кемеңді бір көрсетші Нұх қалдырған.  
Асығым лақтырғанда тәйке түсіп,  
Жоқ жерден кедергілер шықты алдымнан.

Құйындай көз алдымда шаң құтырып,  
Шақырды бұралаңды жол құтырып.  
Олай да бұлай да емес, әрі-сәрі  
Күй кештім кейде асығым омпы тұрып.

Ақ сүттей армандаған түнді көрдім,  
Сұлудың күлкісінен сыңғыр өрдім.  
Беркімді ақша бұлтқа лақтырып,  
Асығым алшы түскен күнді көрдім.

«Берме, – деп, – еліме күн райы бөтен!» –  
Қолымды Тәңіріге жайып өтем.  
Бірде алшы, бірде шік, бүк, тәйке түскен  
Өмірдің өзі асық ойыны екен.

### **НҮКТЕ ТУРАЛЫ ЖЫР**

Мынау өмір нүктелерден тұрады,  
Қара жер де нүктелердің тұрағы,  
Көк аспан да нүктелердің тұрағы.  
Жалғыз нүкте жауап берер Сен үшін,  
Қойылғанда тағдырыңның сұрағы.

Ол бір нүкте үміт отын жақсаң да,  
Нүкте күтер қанатыңды қақсаң да.  
Бір ноқат боп Күн шығады таңертең,  
Ай туады бір ноқат боп ақшамда.

Бір нүктеден адамзаттың өткені  
Басталып кеп, бір нүктеге жеткені  
Көкірегімде бір өлең боп көктеді.  
Гүл-қыздар да бір-бір нүкте жердегі,  
Жұлдыздар да бір-бір нүкте көктегі.

Жапырақтың көз жасындай шық неге?  
Нүкте болып көрінеді, түк деме.  
Ойлап көрсең, ауыл деген нүктеден  
Келдік біздер қала деген нүктеге.

Жазуды да мектеп барған белесте  
Нүктеменен бастағаным әлі есте.  
Өмірің де басталып бір нүктеден,  
Бір нүктемен аяқталады емес пе?

Аппақ қарлар, нүктеден көз тұнады,  
Ақ жаңбырлар нүктелерден туады.  
Тамшылардан құралады теңіздер,  
Мұхиттар да нүктелерден тұрады.

Шешіп көрші ойдың жұмбақ, бүкпесін,  
Нүкте-жауап күтеді ел күткесін.  
Қарапайым болғанға осы не жетер,  
Мен бір – нүкте, сен де, достым, нүктесің.

Бұл өмірге құшағыңды жайған күн  
Жалғыз нүкте едің ғой сен, ойланғын.  
Қос нүкте боп тағдыр қосып жарыңмен,  
Ұрпағыңмен көп нүктеге айналдың.

От та нүкте – жанып тұрған шырағың,  
Су да нүкте – ағып жатқан бұлағың.  
Уақыт та нүктелердің тізбегі,  
Кеңістік те нүктелерден тұрады.

Нүктелерден құралған жол өрлеген,  
Көреміз көп нүктелерді көрмеген.

Барлық нүкте қосылып кеп түбінде,  
Бір Нүктеге айналамыз Жер деген.

Жаратылыс, жан дүниенің балқуы –  
Жаратқанның бізге берген тартуы.  
Біле білсек, бар дүниені тұр ұстап  
Нүктелердің қозғалысы арқылы.

### АСТАР ТУРАЛЫ

Әр нәрсенің бар астары, бар тысы,  
Ол жайында ойлай бермес әр кісі.  
Талай сырды түсінеміз кеш барып,  
Отырғанда балалықты еске алып:  
«Анам талай құрақ көрпе құраған,  
Астарына үңілген жоқ бір адам.  
Әжем өзі тоқып қойған алаша,  
Жолақ-жолақ тысы қандай тамаша?!  
Әкеміздің көрдік сары тонын да,  
Қарамадық астарына оның да».

Байқамаппын мен көзімді ашқалы,  
Бар екенін дүниенің астары.  
Бұл сөзімді барлығы да растар:  
Күн менен түн, бірі – тыс та, бірі – астар.  
Жұлдызды аспан, құпиясың сен маған,  
Жұмбағыңды шешіп жатыр енді адам.  
Өзендерім желең төсі ашылып,  
Тереңіне ағады сыр жасырып.  
Қара жердің астарында асыл бар,  
Қойнауына шөккен талай ғасырлар.  
Қалың бұлттың астарынан жай құлар,  
Қуаныштың астарында қайғы бар.  
Жарықтың да астары бар – қараңғы,  
Ой да астарлы, ұстама, дос, жағанды.



Жүрегімнен тырс-тырс тамды тамшы-өлең,  
 Тыңда менің домбырамды, барша әлем!  
 Шанағында оның қанша саз жатыр,  
 Астарында бұғып жатыр қанша әуен?!  
 ...Жүрегімнен тырс-тырс тамды тамшы-өлең.

## МУЗА

Шабыт келмей отырған бір ақырет,  
 Өлең келсе, келеді бір-ақ рет.  
 Сәуле беріп санамды нұрландырған,  
 Қасиетті, о, Муза, рахмет!

Муза, сені көрдім бе, көрмедім бе?  
 Ізің қалды мен жазған өрнегімде.  
 Сенің берген қанатың шығар мені  
 Шарықтатып ұшырған жер көгінде.

Кең сарайдан іздедім, дәлізден де,  
 Муза, сені іздедім рәмізден де.  
 Таптым сені, оралдың құс боп ұшып,  
 Таптым сені күдерін ел үзгенде.  
 Сенің берген желкенің шығар мені  
 Қалықтатып жүздірген теңіздерде.

Сен бұрын да болғансың пәк киелім,  
 Ол кезде де ағылған от күй едің.  
 Домбырамның сен келіп салып бердің  
 Мен жоғалтқан асықтай ақ тиегін.

Бір заманда бұғының өр мүйізі ең,  
 Асан Қайғы, Марғасқа, Шалкиіз ең.  
 Бір заманда асау ең, арғымақ ең,  
 Қазтуғанның сөзі боп қарғыған ең.  
 Бір дәуірде сырыңды ашпай қалдың,  
 Күлтегіннің көзі боп тасқа айналдың.

Бір заманда жанарда от ойнадың,  
Махамбеттің өзі боп атойладың.  
Абай болып жол алдың кең ғарышқа,  
Жамбыл болып айналдың жолбарысқа.

Мағжандардан нұр сіңген махаббат па ең?  
Сұлтанмахмұт таратқан шапағат па ең?  
Соғып өткен Ілияс боп құйын ба едің,  
Жоқ, әлде Құрманғазы күйі ме едің?

...Кейбір түні еске кеп Қасқабұлақ,  
Жанарымды жыладым жасқа бұлап.  
Менің Музам ешкімге ұқсамайды,  
Сол Музаның бөрінен басқа бірақ.

Муза, Муза, өзіңсің пәк киелім,  
Шайырлардың шертілген көп күйі едің.  
Бір өзінді тапқан күн ақын үшін –  
Жарылған күн қарыны ақ түйенің.

## ТУҒАН КҮН

Таң алдында мені оятты періштем,  
Күбірледім «Неге оятты?..» деп іштен.

Табиғаттың тылсымына жетер ме ой?  
Сөйтсем бүгін туған күнім екен ғой.

Дәл осыдан отыз сегіз жыл бұрын  
Құдіретім берген маған тірлігін.

Екі етпестен Тәңірімнің шешімін,  
Адам болып аштым дүние есігін.

Анашымның бауырынан бөліндім,  
Іңгөлаған Өлең болып төгілдім.

Жан әкеме жалғас болып көріндім,  
Қуанышының жасы болып төгілдім.

Ал әжеме бақыт нұрын бергенмін,  
Қанша жылғы арманы боп келгенмін.

Менің жарық жаңа өмірім арқылы,  
Ана атанды анам менің сол күні.

Хабар айтып найзағайдың жарқылы,  
Әке атанды әкем менің сол күні.

Әже атанды әжем менің сол күні,  
Жылап алып, басылмастан солқылы.

Қосылғанмын өз дауысым арқылы  
Мен де адамның қатарына сол күні.

...Таң алдында мені оятты періштем,  
Күбірледім «Неге оятты?..» деп іштен.

Табиғаттың тылсымына жетер ме ой?  
Бүгін менің туған күнім екен ғой...

*27.04.2001*

### **ТУҒАН АУЫЛ**

Биесін жаздыгүні жұрт байлаған,  
Ауылым қазанында құрт қайнаған.  
Өзіңе келсем болды жеңілейіп,  
Бейне бір көктегі ақша бұлтқа айналам.

Сергимін таңғы ауанды сіміргенде,  
Шығамын шыққа оранған шымыр белге.  
Оңынан ескен желді, жан тазарып,  
Жұтады ақ самалға құмыр кеуде.

Бұлақта көзден шыққан суың балдай,  
Жүрегім мөлдірлікке жуынғандай.  
Тауына Ай қонақтап, Құсжолында  
Самсаған жұлдыздары түнің қандай?!

Иісін де жусаныңның аңсап келдім,  
Көдесін, ақ селеуін кәмшат белдің.  
Қазақтар базар құған бұл заманда  
Шуылы қаладағы шаршатты елдің.

Сайлары көлеңкелі, қыры күнгеі,  
Қарсы алмас қашан барсаң Күні күлмей,  
Сондайда көңілімнің көк дөнені  
Көрінер жыр-бөйгенің күлігіндей.

Бәрі де тірілердің бас иетін,  
Беткейде зираттар тұр – қасиетім.  
Соларға мен де құран бағыштадым,  
Орындап шал-кемпірдің өсиетін.

Бүгін жоқ, кеше ғана бар еді олар,  
Ауылдың құдіреті, сәні еді олар.  
Қазіргі тіршілігін ұрпағының  
Көзімен аруақтардың көреді олар.

Ауылым, шипалысың құдіретті,  
Өзінде талай-талай ғұмыр өтті.  
Бір Алла өшіре алар, өшіре алса,  
Көзіме сенде тұнған суретті.

Жүр, өне, асық ойнап шулаған ұл,  
Бойжеткен бара жатыр суға да бір.  
Балалық шағым еске түсіп кетті,  
Қымбатсың соныңмен де, туған ауыл!

## МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШЫМ

Өмір сүрген бір менің бағым үшін,  
 Әже, әже – мәңгілік сағынышым.  
 Сен тоңуың тіпті де мүмкін емес  
 Жамылғанда ақ қыстың ақ ырысын.

Аппақ, асқақ шың басы – өз басыңдай,  
 Саған арнап айтамын сөзді осындай.  
 Сен шөлдеуің тіпті де мүмкін емес  
 Жауса жауын ұлыңның көз жасыңдай.

Ұрпағыңның жадына көшіпті атың,  
 Баукеңіңнен білдей бір өсіпті ақын.  
 Ол жақта да жүрмісің әлде, әжетай,  
 Оқудағы ұлыңның тосып хатын?

Тамағыма ыстық мұң тығыла ма?  
 Алаңдама, аман-сау ұлың, ана.  
 ...Зиратың да елеңдеп тұрған шығар,  
 Айқұлағын тосумен құбылаға.

## ӘЖЕМНІҢ БЕЙНЕСІ

Әжемнің бейнесі!  
 Кетпейді көз алдымнан.  
 Жыр-дестемді тоқыдым гөзал мұңнан.  
 Түсімде Ақ бас шың боп құшақ ашса,  
 Қолымды, жетпек болып, созам қырдан.

Әжемнің бейнесі!  
 Ұмыта алмаймын тұлғасын күлімдеген,  
 Жұмсам болды көзімді – түрін көрем.  
 Түрілмеген іргесі күнді нұсқап,  
 Жолдарыма бастайды жүрілмеген.

Соғыс кеткен ағартып қара шашын,  
Аяулы әже, қашанда жол ашасың.  
Бірде ұршығын иіріп елестесе,  
Бірде тоқып көрінер алашасын.

Отыратын әндетіп, бесік тербеп,  
Көз алдымда жүр бейнең көшіп, көлбеп.  
«Құлыным!» деп айналып-толғанатын  
Мен жүгіріп кіргенде есіктен кеп.

Жүрегімде сонан соң жыр от алып,  
Шуағыңнан жүремін қуат алып.  
Өзің еккен еменнің саясынан,  
Көзін ашып кеткенсің, тұма тауып.

Аққу-таңдар қанатын қағып ұшып,  
Жыр-бастаудан жүрші, әже, қанып ішіп.  
Асыл бейнең жарқырап сол тұмада  
Тұрар мәңгі Ай, Күнге шағылысып...

### ӘЖЕМНІҢ ШЫРАҒЫ

Әже, сені сағынып жүрмін,  
Сағыныш қонып ішімде,  
Көремін кейде түсімде.  
Күлімдеп маған қарайсың  
Ғажайыш нұрлы пішінде.

Сен күлген әлем – басқа әлем,  
Мен жүрген әлем – басқа әлем.  
Бір уыс менің жүрегім  
Өзіңе арнап шашты өлең.  
Не істеймін, әже, басқа мен?

Жан әжем, сенің бауырыңда  
Тыңдадым қазақ өлеңін.  
Жан әжем, сенің бауырыңда  
Түйсіндім қазақ әлемін.

Сүйсіндім ғажап нұрыңа  
Мейірің қанып құшқанда.  
Қанушы ем небір сырыңа  
Кеудеңе басып, қысқанда.

Өзіңнің бесік жырыңмен  
Кірпігім менің ілінген.  
Көзіңнен төккен нұрыңмен  
Саумалын жырдың сіміргем.

Көмейден төккен көркем үн,  
Сен айтқан аңыз-ертегің,  
Білмеппін сол кез, шіркін-ай,  
Ертеңім екен, ертеңім.

Сен шерткен қалың шежірең  
Еске алып күнде көз ілем.  
Тұтаттың сөздің ұшқынын,  
Сөйлеген сайын сезінем.

Түн қақты талай қанатын,  
Қызылды-жасыл күн ақты.  
Аруағың мені қолдады.  
Сен жаққан сол бір шырақты  
Өшірмей жүрсем болғаны...

## АНАМА ХАТТАР

Анашым!  
Білемін сағынып жүргеніңді,  
Менің балалық шағымды есіңе алып,  
Жымиып күлгеніңді,  
Аяулым, менің ардақтым,  
Аялап өсірдің гүлдеріңді.

Шыр етіп келгеннен соң,  
Өзің болып қарсы алды әдемі әлем.

Қырық күн жуындырдың шеребемен,  
Күн сығалап қарады шаңырақтан,  
Нұр сығалап қарады керегеден.  
Әлдилеп ән айтқанда  
Дарыды сенен өлең.

Емін-еркін, есімде, ерке өскенім,  
Бесігімді тербеттің, әлпештедің.  
Содан бастап білемін көкірегімде  
Жыр көшкенін, әуезді ән көшкенін.

Құлағыңа жетті ме құлдыраған  
Құлын даусым?  
Бір сәтке тынды ғалам.  
Жанарыма жан бейнең жарық беріп,  
Мен де сені сағынып жүрмін, анам!

\* \* \*

«Айым!» дегенің есімде, «Күнім!» дегенің,  
Әйбат-ау, әйбат, әйкерім күлімдегенің.  
Аттанарымда ауылдан байқайтын едім  
Ерініңіздің сәл ғана дірілдегенін.

Жанарыңызға сонан соң жас іркілгенін,  
Әсел ұйқыңды төрт бөлген асыл түндерің  
Ойыңа түсіп, анашым, жүрген-ақ шығар  
Жасыл тоғайдан шықпайтын жасыл күндерім.

Ақ тілек тілеп қалушы ең бақ қонарында,  
Дір етіп жүрек қалатын аттанарымда.  
Сағынған көңіл сарғайып шертеді сырын  
Өзіңнің пейіліңдей өмірдің ақ парағында.

Көкірегінен ұлыңның жыр борағанын  
Көріп жүрмісің?  
Өзіңді шыңға баладым.  
Көзім алдынан кетпей жүр мейірімді бейнең,  
Басыңа тартқан әдемі гүлді орамалың.



...Гүлді орамалың,  
Күлімдеп бір қарағаның...

## НАҒАШЫМ

Алғаш рет Ертіске  
шомылдырған нағашым,  
Сөйлегенде ақ тілек  
ағылдырған нағашым.  
Арман қуып, ой қуып,  
Алматыда жүргенде  
Аңқылдаған көңілі  
сағындырған нағашым.

Қауыны мен қарбызын  
кесіп берген нағашым,  
Жалғыз тонын туысқа  
шешіп берген нағашым.  
Нескен төтем екеуі,  
несібесі ортаймай,  
Немерелер өргізген  
есік-төрден нағашым.

Тіл ойғызар мойылын  
тергізетін нағашым,  
Бүлдіргенін тоғайдың  
жегізетін нағашым.  
Бау-бақшасын суарып,  
өзі өсірген көкөніс  
«Тәттісін-ай жемістің!»  
дегізетін нағашым.

Балық аулап, Ертіске  
ау жатқызған нағашым,  
Шортанын да өзеннің  
аулатқызған нағашым.



Бақыт деген, мінеки,  
осы емес пе, нағашым!

Жиендердің атынан  
енді біздер не дейік,  
Нұрбай ата шаңырағы,  
керегесі кеңейіп,  
Шалқып жүре беріңіз,  
алдымызда асқақтап,  
Немерелер көбейіп,  
шөберелер көбейіп.

Ере берсін соңыңнан  
батырыңыз, нағашым,  
Әрбір таңды күлкімен  
атырыңыз, нағашым.  
Нескен төтем екеуіңіз  
жүзге жетіп қартаймай,  
Ортамызда біздердің  
отырыңыз, нағашым!

## ҚАРЫНДАСТАРЫМА

Менің бес тамырласым бар,  
Өмір-өзендегі бес ағындасым бар.  
Бес байлығым, ырысым, бес өрісім,  
Менің бес қарындасым бар.

Беу, менің қанаттастарым,  
Шын қуандыңдар жазылса абат дастаным.  
Сендерменен тереңдеп тұңғиық өмір,  
Сендерменен биіктеп баратты аспаным.

Өмір бесеуіңді көш жолға салды,  
Бір-біріне ұқсамайтын бес жолға салды.  
Ең қастерлі бойтұмар етіп көз көрген күнді,  
Барасыңдар ұзатып өз керуендеріңді.

Сендер бір көзден шыққан бұлақсыңдар,  
Бір оттан тұтанып жанған шырақсыңдар.  
Маған тірексіңдер, жаныма қуатсыңдар,  
Маған мейірім, ізгілік төгетін шуақсыңдар.

Біріңнің бойыңда әкемнің өсиеті бар,  
Біріңнің бойыңда анамның қасиеті бар.

Құсжолында жолыққан жұлдызды түндерімсіңдер,  
Мені бақытқа бөлеген күндерімсіңдер.  
Аялаймын сендерді қайда жүрсем де,  
Бесеуің – бес тал әдемі гүлдерімсіңдер.

Ойға батқанда сендерді сағынды аспаным,  
Сау жүріндерші қайда да, қарындастарым !

\* \* \*

Атыңнан айналайын, Абыралым,  
Киелі топырағыңа табынамын.  
Шайлығып жан-жүрегің жарылыстан,  
Шайқалды талай-талай шаңырағың.

Сөндірген ошағыңнан отыңды кім?  
Қайғысын ішке бүгіп жатыр қырың.  
Үні өшіп аждаһаның іргеңдегі,  
Жаңғырды жылдар салып атың бүгін.

Сайраған жолдарыңмен сан жыл өттім,  
Туған жер, мекенісің ақ жүректің.  
Ұрпағын аруағымен қолдап жүрген  
Басына Қажы атамның тағзым еттім.

Тауыңда қанаттанып қаршыға-арман,  
Төсіңде талай дарын ән шығарған.  
Таңаттың жайлауыңда тамылжыған  
Әйгілі Әміренің даусы қалған.

Өзіңде сан дүлдүлдің өмірі өткен,  
 Қалды аман ойың, қырың небір өрттен.  
 Көсіліп жатқан анау Мыржық тауын  
 Күйлері Тәттімбеттің тебіrentкен.

Әр күйді жеткізесің әсерлі етіп,  
 Қырық жыл қырғын болды, есең кетіп.  
 Төсіңе мөп-мөлдір боп төгіледі  
 Жырлары Төлеужанның нөсерлетіп.

Өңіңді нұрға бояп, жарық төккен,  
 Өлкеңе қарайды Күн шолып көктен.  
 Келемін ойға батып, тау бөктерлеп,  
 Жолменен ата-бабам салып кеткен...

### АУЫЛ ТҮНІ

Тастай қашып бүгін де ұйқы мені,  
 Көкірегіме ғажайып күй түнеді.  
 Қалғып кетсе, шошытып ару Айды,  
 Арсыл-гүрсіл әредік ит үреді.

Бұйра бас бұлт Айды кеп аймалады,  
 Ояна сап алып тау ойланады.  
 Ит үреді шеткі бір үй тұсынан,  
 Ұйқысынан шошытып айналаны.

Буырқанған өзеннің күші кеміп,  
 Бақ ішіне бақыттың құсы келіп,  
 Ұйқысырап қайыңдар жыр оқиды,  
 Көлшік жатыр түнгі аспан түсіне еніп.

Көмекейі бүлкілдеп шағын арық,  
 Жарық күнді барады сағына ағып.  
 Үрген иттің дауысын жаңғыртады,  
 Бір жартастан бір жартас қағып алып.

...Көңіліммен осынау кір шалмаған,  
Шіркін, сенде қайта бір тусам, далам!  
Тамсанар ем түніңе таңғажайып,  
Аспанынан ақ сүттей нұр саулаған.

## ДАЛА ӘУЕНДЕРІ

Күй қайда, далам, өн қайда,  
Дертімнен таста арылтып.  
Алматы қалды шалғайда,  
Өзіңнің көркің сағынтып.

Сағындым сені, сал өлкем,  
Сарғалдақ толы қырларды.  
Тұрып ап ылғи таңертең  
Қызықтаушы едім қыроманды.  
Сол күнім менің ұрланды.

Өткенді еске түсіріп,  
Сылдырлат, бұлақ, сырғанды.  
Келіп тұр жырын ұсынып  
Лайлаған тентек тұнбанды.

Жайлауға барсам, қыстауға,  
Құстардың өнін айтушы ем.  
Күбіні баптап ыстауға  
Тобылғы жинап қайтушы ем.  
Сол кезім менің ұрланды.

Өткенді еске ап тулаған,  
Жүрегім қазір ержеткен.  
Уақыт-ай, уақыт зулаған,  
Ұрлықшы едің сен неткен?!

\* \* \*

Ұшқан уақыт жеткізбес жүгіргенге,  
Бұл жалған сыртын берер түңілгенге.

Түбі жоқ дүние – құдық, көз жетпейді,  
Қарасаң, бас айналар үңілгенде.

Өз орныңды фәниден анықта да,  
Жұртпен бірге қауғаңды салып қара.  
Тұнығынан қанып іш тіршіліктің,  
Өмір деген – бір күндік жарық қана.

Жүгіресің салмастай жан алдыңа,  
Жүгінесің сонан соң ар алдына.  
...Қараңғыдан туып ең бір сәуле боп,  
Бір сәуле боп сіңесің қараңғыға.

\* \* \*

Күлімдеген Күн сәуле төгіп көктен,  
Бұл өмірге талай жан келіп кеткен.  
Талай рет түскен қыс қар боп жауып,  
Көктемеде қайтадан еріп кеткен.

Талай ағаш гүлдеген, жеміс берген,  
Өмір өткен жеңіліс, жеңістермен.  
Қырғындардан жойылып сан қалалар,  
Күлге айналып, жерменен тегістелген.

«Өзімшіл» Күн араз боп «меншіл» түнмен,  
Су тасыған, сан рет жер сілкінген.  
Аққуынан айырылып, су тартылып,  
Заман келген ән қашқан көл шіркіннен.

Теңіз қашқан алыстап жағалаудан,  
Көл төсінен ғайып боп шағала-арман.  
Қалалары көк тұман түтін жұтып,  
Қансыз-сөлсіз бозарып дала қалған.

...Адамзаттың қолынан жараланып,  
Қайда, жерім, барасың домаланып?!  
Ғалам кезіп келесің үндеместен,  
Үстіңдегі қаптаған моланы алып...

## БҮЛТТАРДЫҢ ЖАЗҒАН ЖАЗУЫ...

Қаңқылдап ұшқан қаз үнін  
Естісең, ғажап басталған.  
Бұлттардың жазған жазуын  
Көрдің бе оқып аспаннан?

Сыр да бар онда ғажайып,  
Сан алуан түрлі бояу бар.  
Көбейіп, бір сәт азайып,  
Үңілсең, күтіп аялдар.

Жыр да бар сол бір бұлттарда,  
Шежіре шертер дастан бар.  
Найзағай осып жыртқанда,  
Құламай қалған аспан бар.

Тарихтың небір парағы  
Жазылған көкке бұлт болып.  
Толтырып күйге даланы,  
Оқыған соны жұрт көріп.

Мұң да бар онда, шер де бар,  
Төгілген маңдай тер де бар.  
Екпіндеп аққан өзен мен  
Екіленіп соққан жел де бар.

Қуаныш та бар, бақ та бар,  
Абырой, атақ, тақ та бар.  
Тебінсе шапқан ат та бар,  
Тебіреніп тұрған шақ та бар.

Ер де бар елін қорғаған,  
Ел де бар бақыт орнаған.  
Бұлттармен бізге жетеді  
Бабалар үні қолдаған.



Құс та бар, шіркін, құтқарсаң,  
Шыға алмай тордан, байланған.  
Сұлу бар онда сұқтансаң,  
Періште-бұлтқа айналған.

Құлаққа ұрған танадай,  
Тып-тыныш туған айлар бар.  
Өртенген қайың, қарағай,  
Астан да кестен майдан бар.

...Оңаша жатыр жазығың,  
Осында бөрі басталған.  
Бұлттардың жазған жазуын  
Оқып көр ойлы аспаннан.

\* \* \*

Сары гүлін шашты қараған,  
Ақ гүлін ашты тобылғы.  
Көгеріп көкпек даладан,  
Көкпеңбек болып көрінді.

Көк шыңдар қалды мұз қармап,  
Ақтанкер қысты армандап.  
Қызыл гүл ашты қызғалдақ,  
Сары гүл шашты сарғалдақ.

Қарағай дүр-дүр сілкініп,  
Емендер бір-бір ән бастап,  
Қайың көзіне жыр тұнып,  
Қайырлы өмір жалғаспақ.

Ашады таулар қабағын,  
Шашады қырлар жапырақ.  
Ақ бұлттың сүйіп тамағын,  
Есінен танды атырап.

Бұрын да болған осылай,  
Ертең де солай болады.  
Кешқұрым қалқып асыл Ай,  
Қызылшоқыға қонады.

Қызыл Күн батар алаулап,  
Сонан соң атар аппақ таң.  
...Отырар біреу ән аулап  
Мен жүрген жалғыз соқпақтан.

### ЭЛЕГИЯ

Кел, күнім, кел, жылдарым, кел, айларым!  
Жатқандай дүбір күтіп кең аймағым.  
Шөкімдей ақ бұлт көрсең көк жүзінен,  
О, жұртым, менің жырым деп ойлағын.

Ұзатқан қыздай өзен сыңсып аққан,  
Таттың-ау сен де талай жыр-шұбаттан.  
Көк өрім шыбық көрсең көктемеде,  
Ойларым ол да менің бүршік атқан.

Халқына бар асылын береді ұлдар,  
Қартайып, жазық болар төбе-қырлар,  
Уақытты шырқ үйірген құйын көрсең,  
Ішінде сол құйынның өлеңім бар.

Күлерсің, ән саларсың, қуанарсың,  
Мұңайып, жылап алып, жұбанарсың.  
Көл көрсең көз алмаған түнгі аспаннан,  
Дүние, мені есіңе бір аларсың.

### ТҮНГІ СУРЕТ

Қалайша мен бұрыннан елемегем,  
Құсжолы жұлдыздардан өреді өлең.  
Бұлақта жаңа туған сәби-айды  
Түн-ана жуындырды шеребемен.

Желекті ағаштарды ұйқы ораған,  
Қырлардың кекілін жел сипалаған.  
Телеграф сымдарын самал шертсе,  
Шығады үн шыққандай-ақ гитарадан.

Оттары айлы түннің жарық қандай?!  
Қазанбас таулар жатыр алыптардай.  
Өзенді жағалаған жылқышы құс  
Өзінің өншілігін танытқандай.

Қамысты құрбақалар күлді ыза қып,  
Дарақы дауыстары түнді жарып.  
Аспанның көкірегін тілгілейді  
Алыста әлсін-әлсін жұлдыз ағып.

## ЖЫЛҚЫЛЫ АУЫЛ

Болмайық кейін жұртқа күлкі, бауыр,  
Мұңайма, кетер ұшып бұл күн ауыр.  
Білмеймін неге екенін, соңғы кезде  
Жүр менің түсіме еніп жылқылы ауыл.

...Тау іші. Жасыл жайлау екен деймін,  
Ежелден осы жерді мекендеймін.  
Көк шалғын, қалың жылқы жүр жайылып,  
Адам да көрінбейді бөтен деймін.

Әжем жүр торы атынан түспей мініп,  
Ағам жүр құла айғырды күштей мініп.  
Мұндағы ел көтереді көңілдерін  
Орыстың «жынды суын» ішпей жүріп.

Досым жүр көк бестіні жайдақ мініп,  
Інім жүр ала тайды сайлап мініп.  
Күледі мез-мейрам боп қара балам,  
Желіге жез құлынды байлап тұрып.

Кәрі әжем сауып отыр торы биені,  
Ауылда саналады ол жан киелі.  
Бағыштап аруақтарға құран да оқыр,  
Түгендеп әулие мен әнбиені.

Анам жүр пісірумен бауырсағын,  
Келтірер дастарқаны ауыл сәнін.  
Қуырдақ қуырады, ет қайнатып,  
Даланың қосып ащы сарымсағын.

Әр күнді көңілді етіп ауылдастар,  
Мен келдім, төрт тараптан ағыл, достар.  
Сапырып сары қымызды құйып берер  
Кезекпен күбі пісіп қарындастар.

Төрінде киіз үйдің, көлеңкеде  
Жайғасқан жан бар ма екен менен төре?!  
Таңертең шақырады аршалы сай,  
Кешқұрым шақырады өлеңтөбе.

Күн кешпес ешқашан да жұртым ауыр,  
Болмайық қонақ барса, күлкі, бауыр.  
Жайлауды сағынғаннан болар, бәлкім,  
Түсіме жиі еніп жүр жылқылы ауыл.

## ӨЛІАРА

Өліара шақ. Қыс пен көктем алмасқан,  
Күннің жылы шуағынан қар қашқан.  
Қара жердің қан тамырын қуалап,  
Бүлкілдеген бұлақ-өмір жалғасқан.

Сүртілмеген көк әйнегін сүрткен,  
Үлпілдеген ақша бұлттар үріккен.  
Лайланып жер қаза аққан жылғалар,  
Кілкілдеген көл қаймағын іріткен.

Көзін ашып, көгермекші үмітпен,  
Қайыңдардың сайда басы біріккен.

Іркілмеген, лекіте ескен жас самал  
Күңкілдеген кәрі еменді түрткен.

Таңырқайды бас көтеріп тал-бала,  
Сағым жүзген, жан біткендей жолға да.  
Жаңғырығып, жартастарға тіл бітіп,  
Тау есінеп, керіледі кең дала.

Қыраттардың құлпырады реңі,  
Жырақтағы Күннің көзі күледі.  
Шүпілдеген қуанышқа тұр толып  
Лүпілдеген қара Жердің жүрегі.

### ТАҢСӘРІДЕ

Үкілі нұр ұялап жылғасына,  
Қонақтады аппақ таң шың басына.  
Күн қарады, сонан соң мен қарадым  
Алатаудың алпамса тұлғасына.

Бұтағына тыным жоқ талдың енді,  
Әнші құстар ұшады әрлі-берлі.  
Мен де ұшқым кеп кетті түү алысқа,  
Салып ұрып қамшымен салкүреңді.

Тау өзені ағады лықсып, тұнып,  
Шымшық отыр шыршада шық-шық күліп.  
Басталады сәлден соң қала өмірі,  
Тыныштықтың әйнегін быт-шыт қылып.

### ШІЛДЕНІҢ ЫСТЫҒЫ

Сиқы жоқ мына аспанның жылайтындай,  
Аптап жел сыр айтады сыр айтудай.  
Аңызақ кеулей-кеулей көкірегін  
Таулардың басы айналып құлайтындай.

Күн жауса кететұғын көріктеніп,  
Ағаштар дел-сал күйге ерік беріп,  
Арналы өзеннің де шыдамастан  
Арнасы тартылады кеміп-кеміп.

Осының жиып алып миға бәрін,  
Өртеніп өне бойым, қиналамын.  
Қой-ешкі жайылмастан жатады тек  
Жамылып көлеңкесін үй-қораның.

Мен сонда қары жауған жапалақтап  
Қаңтарды сағынамын қатал, аппақ.  
Шілдені мүйізімен шайқап іліп,  
Сиырлар бара жатыр оқалақтап.

## КҮЗ

Ұрттап алып ақ жауын – шалабынан,  
Сары күйге елітіп қалады маң.  
Кең аспанды желге еріп кезеді кеп,  
Бізғар шашып сұр бұлттар жанарынан.

Іздеп Күнді дөңестер мұң шағады,  
Қалың тұман тауларды тұмшалады.  
Түсіреді бір мезет көктемді еске  
Табиғаттың мәңгі жас шыршалары.

«Тәртіп керек, ізгілік, ізет керек!»  
Деп тұрғандай күбірлеп, түз өкпелеп.  
Жазға дейін қоштасып жайлауымен,  
Шопан табан тіреді күзекке кеп.

Жәрмеңкесі құстардың жыртылды, өні,  
Ауа дымқыл, жер дымқыл, дымқыл бөрі.  
Күллі ағаш моншаға түсіп жатыр,  
Шешіп тастап киімін сыртындағы.

## ӘСЕМҚОҢЫР

Жанарымнан бояуларың өшпеді,  
Беу, ауылдың әсемқоңыр кештері!  
Сені тастап кетіп қалдым ертерек,  
Жүрмін қазір астанада, кеш мені.

Табиғаттан үйреніп ем ән-күйді,  
Кеттім тастап құс дауысын сан қилы.  
Сан алуан шөптің иісін сағынып,  
Енді отырмын иемденіп жарты үйді.

Кеттім тастап,  
Жо-жо-жоқ!  
Бәрі бірге менімен,  
Жан көрдің бе туған елден жеріген?  
Жалғыз жер сол орын алған мәңгілік  
Көңілімнің, өмірімнің төрінен.

Шыңғыстауым қабағында қатпар бар,  
Қырлар, сайлар, қайырылыстар, қапталдар.  
Мені күтіп жүрмісіндер келер деп,  
Көлде жүзген аққу мүсін ақ таңдар?

Беу, даланың әсемқоңыр кештері,  
Бояуменен жеті түрлі, жеті үнді,  
Айшықтайсың келіп менің бетімді.  
Өзім жүрмін қалада, ал жүрегім  
Сенде, ауылым, соғып жатқан секілді.

## ТАҢҒЫ СҮРЕТ

Асау бір таудың өзені  
Ағады тасты аунатып.  
Таң атты жасыл шалғынның  
Көзінен жасын парлатып.

Бір шуақ жетті алқынып,  
Тағатын тауып ақ таңнан.  
Сайларды күйге толтырып,  
Сайрады құстар бақтардан.

Қиқуға қиқу қосылып,  
Сиқырға сиқыр ұласып,  
Көрпесі жердің ашылып,  
Омырауын көкке тұр ашып.

Қызғалдақ бояу төгіп ап,  
Қызарып қырлар жанады.  
Арғымақ-Күнді жегіп ап,  
Ару бұлт кетіп барады.

Тарағы болып жел есті,  
Айнасы болып жатыр кел.  
Көрінсе саған көмескі,  
Жаныма менің жақын кел.

Шабытпен шалқып, жырлайық  
Бақыттың салған ұясын.  
Кел, досым, бірге тыңдайық  
Ақ таңның симфониясын.

\* \* \*

Бір-біріне ұқсамайды күндерім,  
Ұқсамайды жылағаным, күлгенім.  
Бір күні мен қуанамын баладай,  
Жанарымды торлап бір күн мұң менің.

Бір-біріне ұқсамайды күндерім,  
Сөніп бара жатқан шоқты үрледім.  
Сүйіктіме берсем деймін бір күні  
Жинап бүкіл дүниенің гүлдерін.

Бір-біріне ұқсамайды күндерім,  
Абыр-сабыр, алып-ұшып жүргенім.



Шие болып қалса-дағы байланып,  
Шешсем деймін күйбең тірлік күрмеуін.

Бір-біріне ұқсамайды күндерім,  
Сезім қайда апарарын білмедім.  
Тек жырларым биіктетер еңсемді,  
Керегі жоқ үлде менен бүлденің.

Талай көштің білем бұрын жүргенін,  
Қайталамай өтсем деймін сүрлеуін.  
Менің ізім – өлеңдерім және де  
Бір-біріне ұқсамайтын күндерім.

\* \* \*

Ай қанатын бұлтқа малды,  
Бір қанаты сыртта қалды.  
Айдың нұры – ақ шалабын  
Тау-қария ұрттап алды.

Ұрттады да қалғып кетті,  
Жұлдыз нұрын мол қып төкті.  
Түн ғажайып тікті көрпе,  
Алтын жіппен қарпып көкті.

Қалғыды тау қас қарая,  
Дала ұйқыда, аспан ояу.  
Айдың асыл сәулесіне  
Балқығандай тас та баяу.

Күлді бұлақ күміс маңдай,  
Айдынынан нұр ұшқандай.  
Қайың, терек сырласады  
Тамыры бір туыстардай.

Жусан иісі кермек дауа,  
Ай барады өрлеп қана.  
Жаңғырыққан құс даусынан  
Селк етеді сергек дала.

\* \* \*

Жер беті түгел гүлдеді,  
көк те гүлдеді,  
Ару Алматының құлпырып  
көктемі келді.  
Күміс бұрымын бұлқынып  
бұлақтар өріп,  
Ақ самал таудан ұмтылып,  
өкпені керді.  
Көшелердегі бұтаның  
биледі әр түбі,  
Алма ағаштары ғажайып  
күйге балқыды.  
Қайың-ақындар жыр шашып,  
терек бұр ашып,  
Үйеңкі әндетіп, бар қала  
сирень аңқыды.  
Анам тілейді: «Күн көзі  
жиі ашылғай!» – деп,  
«Шертілсін, – дейді, – әр күні  
күй осындай көп!»  
Аспанда тұрған бір шөкім  
ақша бұлт маған  
Ақ көгершіннің көрінді  
ұясындай боп.

\* \* \*

Жүрегім!  
Сен тек өлең жазуға жаратылғансың,  
Тамыр-жыр болып тартылып, таратылғансың.  
Гүлдің нәзіктігін,  
Даланың жазықтығын;  
Алатаудың мұз-қар басын,  
Алматының күзгі алмасын;  
  
Бұлақтың тұнықтығын,  
Жазғы түннің тымықтығын;  
Көлдің иірімдерін,

Күннің мейірімді өңін;  
Айдың күміс нұрын,  
Жұлдызға бай Шығыс түнін;  
Уақыттың мезеттерін түс орым,  
Шаңырақтағы шаңытқан Құсжолын;  
Көркейткен мұнша маңды  
Көгілдір шыршаларды;  
Сәйгүліктерін сайын даланың,  
Ақ шілтер қайыңдар өнін;  
Бұта-бөбектер күйін,  
Көк көйлек теректер биін;  
Қарағайлардың еңселі өлеңін,  
Жасыл қырлардың сеңсең әлемін;  
Еліктердің еркелегенін,  
Жартасты арқарлардың тақ көтергенін,  
Ақ сағымдармен жарысқан ақбөкендерін  
Жырлағансың...  
Бәрінен, бәрінен  
Тамыр-жыр болып тартылып,  
Таратылғансың,  
Сен тек өлең жазуға жаратылғансың,  
Жүрегім!

## КӨЗКӨРГЕН

Қала өзгерген, дала өзгерген, өзгерген,  
Ән өзгерген, бәрі өзгерген, өзгерген.  
Өзгермеген – қалашығы КазГУ-дің,  
Көзкөрген.

Тау өзгерген, бау өзгерген, өзгерген,  
Үй өзгерген, күй өзгерген, өзгерген.  
Өзгермеген – жатақхана бесінші,  
Көзкөрген.  
Ел өзгерген, жер өзгерген, өзгерген,  
Түр өзгерген, гүл өзгерген, өзгерген.  
Өзгермеген – сенің мойыл жанарың,

Көзкөрген.

Ту өзгерген, күн өзгерген, өзгерген,  
Жыр өзгерген, сыр өзгерген, өзгерген.  
Өзгермеген – менің ғашық жүрегім,  
Көзкөрген.

## АУЫЛ ТҮНІ

Ауыл түні. Маялар.  
Жаның тыншып, жай алар.  
Жарқабақтың жартасын  
Ай сәулесі аялар.

Күнұзаққа шапқылап,  
Күндізгідей жоқ қуат.  
Үлпілдеген көгалда  
Бүлкілдейді ақ бұлақ.

Ақ білегі мақпалдай,  
Ару көрдім ақмаңдай.  
Көл бетіне шолп етіп  
Жұлдыз тамып жатқандай.

Бара жатқан қырды асып,  
Жігіт көрдім шын ғашық.  
Түнге сүйеп тұр басын  
Бойжеткенмен сырласып.

Қытықтайды, ол – анық,  
Ақ тамақты бала мұрт.  
Түннің алтын кебісі –  
Айды ұрлады қара бұлт.

Тып-тымық түн. Тымық түн.  
Тымық түннен сыр ұқтым.

Қабағынан күй ұқтым,  
Жамалынан жыр ұқтым.  
Ертең тағы шығады  
Күншығыстан күліп Күн.

...Ауыл түні. Маялар.  
Таң да бір сәт таянар.  
Қалғып-мүлгіп тұрған тау  
Қаз даусынан оянар.

### АҒАНЫ ШЫҒАРЫП САЛҒАНДА

Күз келді.  
Киіп алып тұр қала сұр ішік,  
Семейге, аға, сен бүгін барасың ұшып.  
Құшағын ашып қарсы алар Шыңғыстау сені,  
Қойнына алар Абайдың даласы құшып.

Қарсы алар Қайнар бақытын кешігіп тапқан,  
Дегелеңнің дертті жазығы көсіліп жатқан.  
Айдынындағы Ай-қайық баяу тербеліп,  
Ертіс қарсы алар шамшырақ өшіріп, жаққан.

Бір аумай қалып керқұла қыр жабағыдан,  
Шапқылар бұлақ төгіліп нұр жанарынан.  
Ауыл қарсы алар, қол бұлғап қараша үйлердің  
Будақ та будақ түтіні мұржаларынан.

Жеңешем шығар күлімдеп кейіппен дара,  
«Өзің әкелген алмадан жейік, – дер, – бала».  
Қарасаң көзге жас келіп, көңілің мұздап,  
Үнсіз қарсы алар томпиып бейіттер ғана.

Қызылшоқыдан қызарып Күн күліп қарар,  
Кішкентай ауыл әп-сәтте жыр қылып қалар.  
«Алматыдан келіпті пәленшекең!» – деп,  
Амандық-саулық сұрасып, дүрлігіп тарар.

Құлақ түрерсің даланың өніне керім,  
Шырайлы болып сонан соң көрінер едің.  
Сағымды дала, дарқан ел, қонақжай ауыл,  
Сағынышымды ала кет бәріне менің.

## АРШАЛАР

Біздің елдің тауында өскен аршалар,  
Жартастарды жарып шығып жар салар.  
Айқұш-ұйқыш, тау мойнына асылып,  
Көкірегіңнің көзін ашып қарсы алар.

Иісі бөлек шашу етіп шашатын,  
Күйші керек домбыраға қосатын.  
Жап-жасыл боп еркелеген көк арша  
Жас сұлудай Күнге бұрым тосатын.

Қысы-жазы таудың көркі – аршалар,  
Жерден өрге өрмелеп кеп жол салар.  
Құдіретіне, биіктікке талпынған  
Қолаттағы бүкіл ағаш қол соғар.

## СӨЗМОНШАҚ

Өлең, сені жалындаған от дер ем,  
От тілінде тілдестірдің көкпенен.  
Албырт өңі алаулаған ақынның  
Жанарынан жанып тұрған шоқ көрем.

Өлең, сені мөлдіреген су дер ем,  
Су тілінде сыбырластым түнменен.  
Туған елге сырымды аштым, нұр шашты  
Туған жерім көмкерілген гүлменен.  
Өлең, сені қасиетті құс дер ем,  
Бір самғаса, биік көктен түспеген.  
Сөзмоншағын үзілдіріп өңімде,

Көзмоншағын тізілдіріп түс көрем.

Өлең, сені Ай нұрымен қоса өрдім,  
Сені анамның ақ сүтімен қоса емдім.  
Ай тағынған аспаныңда қазақтың  
Бұлтқа айналған бура-жыр боп көшермін.

### ТҮННІҢ ТАҢҒА ҰЛАСАР ШАҒЫ

Жанарымда жұлдызды аспан аунады,  
Көктем күйі көңілімді баурады.  
Жұлдыз біткен төккен сезім сәулесін  
Жаңа туған жырларымнан аумады.

Сәуір түні. Жаным оттай лаулады.  
Көкірегіме қонды өлеңнің саумалы.  
Бір мөлдірлік жүрегімнен сүйеді,  
Жапыраққа қонған шықтай таудағы.

Жұлдыз ақты. Жанарымнан жас тамды.  
Бұл не сезім? Жер төңкерді Аспанды.  
Жан дүниеде астаң-кестең басталды.  
Бір өлеңім құсқа айналып құйқылжып,  
Шырт ұйқыдан кетті оятып жас талды...

\* \* \*

Бұл өлке – дүниеге келген жерім,  
Ақ сүтін анашымның емген жерім.  
Алты қат аспан менен жеті қат жер,  
Көзімді ашып алғаш көрген жерім.

Бұл өңір – әке артынан ерген жерім,  
Қамшысын өмірімнің өрген жерім.  
Әжемнің әлдиіне құлақ түріп,  
Өлеңім ақ желкенін керген жерім.

Құлындай құлдыраңдап желген жерім,  
Бүлдірген, қарақатын терген жерім.

Ғаламнан он сегіз мың хабар алып,  
Алланың құдіретіне сенген жерім.

Бұл аймақ – қанатымды қаққан жерім,  
Күн нұрын көкірегіме таққан жерім.  
Тауынан тасты жарып, көзден шығып,  
Бұлқынып, бұлақ болып аққан жерім.

Іздесем барлығын да тапқан жерім,  
Шалғында аунап-қунап жатқан жерім.  
Қойының, құлжасының, арқарының  
Асығын тізіп қойып атқан жерім.

Аралап қызығына батқан жерім,  
Жүгіріп дала шаңын қаққан жерім.  
Жарысып кең жазықтың самалымен,  
Көк айғыр мініп алып шапқан жерім.

Ағарып уыз таңы атқан жерім,  
Қызарып, қимай күні батқан жерім.  
Төсінде мәңгілікке қоныс тауып,  
Тамырым – бабаларым жатқан жерім.

Табаным тарғыл тасқа тиген жерім,  
Жата қап ақ тұмасын сүйген жерім.  
Шомылып күміс толқын өзеніне,  
Ақ төнім алтын құмға күйген жерім.

Қолымды ақша бұлтқа созған жерім,  
Қиялым қияндарға озған жерім.  
Төгілген Құсжолынан сәруар ойды  
Ішіме сыймаған соң жазған жерім.

Көктемде бәйшешек боп шыққан жерім,  
Арылма бойындағы құттан, жерім.  
Беткейін таспен, шөппен, гүлмен қымтап,  
Қойнына бар асылын тыққан жерім.



Қолатта қайың болып өскен жерім,  
Сағынсам сағым болып көшкен жерім.  
Жүрсем де қай түкпірде, есіме алсам,  
Санамда самал болып ескен жерім.

Жасымнан шалғыныңды жастадым көп,  
Жерің – от, тауың – маңғаз, аспаның – көк.  
Тұрасың жанарымда шоқтай жанып,  
Мәңгілік сарқылмайтын бастауым боп.

\* \* \*

Кербез тау, саған келдім мен  
Керімсал самал ескенде.  
Көтеріп Күнді зембілмен,  
Көк бауыр бұлттар көшкенде.

Көкірегім толып саумалға,  
Жақындап, көкпен тілдестім.  
Жартаста жалғыз қалғанда  
Оңаша оймен күн кештім.

Қынамен бетін бүркеген  
Жартастар тұрды сыр бүгіп.  
Табиғат, неткен үркек ең,  
Шіл ұшты бір топ дүрлігіп.

Өшпестей жағып нұрыңды,  
Өткіздім сенде уақытты.  
Сүйетін сенің гүліңді  
Көбелек неткен бақытты?!

Көзіме түсті шалғында  
Бір үйір жылқы жайылған.  
Тал-шілік тұрды алдымда  
Сыр тартып сырбаз қайыңнан.

Күміс нұр баурап жанарды,  
Ақ селеу биі кетпеді.

Аластап тұрған даламды  
Аршалар қандай текті еді?!

Әуелеп ұшқан қарлығаш  
Қанатын қақты қайшылап.  
Еседі самал мәңгі жас  
Жусанның шашын жай сылап.

Жап-жасыл шымға наз артып,  
Көгалды қуып шапқылап,  
Көкірегін жердің тазартып,  
Барады ағып ақ бұлақ.

Суретін салған сөзбенен  
Асылым – атамекенім.  
Көркіңнен, келген кезде мен,  
Күш-қуат алып кетемін.

\* \* \*

Қара сөздің нәрінен қаймақ өрем,  
Ақ құшағын бір маған жайған әлем.  
Желкеніңді жел керіп, толқын тербеп,  
Қайда бастап барасың, қайран өлең?

Бала кезден жармастым жан нұрына,  
Қара көзбен қарадым тағдырыма.  
Шыңғыстаудың аунадым шалғынына,  
Сарыарқаның жуынып жаңбырына.

Күндерім-ай мөп-мөлдір шыққа аунаған,  
Құрығы бар уақыттың құтқармаған.  
Ағалықтың ақ шашы самайымда,  
Балалықтың ізінен түк қалмаған.

Түк қалмаған деймін-ау, есте бәрі,  
Көңілімде өмірдің көшкен өні.  
Бір жылдары құраған томарлардан  
Көк шыбықтар көгеріп өспеді әлі...

Ауыл, ауыл – шабыттың тамызығы,  
Сенен шыққан естілді ән үзігі.  
Көктем келіп, жай ойнап, күн күркіреп,  
Тамшылады жанымның тағы жыры.

Түнеріп ап аспаным ашылмайтын,  
Тағы жаңбыр басталды басылмайтын.  
Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,  
Ештеңеге, ешкімге бас ұрмайтын!

### ЖАҢА ЖЫЛ ЖЫРЫ

Ертіп алып біз білмейтін күндерді,  
Ертіп алып біз көрмеген түндерді,  
Еске салып өтіп жатқан Уақытты,  
Есік қағып тағы да бір Жыл келді.

Бұрын сені іздесем де таппас ем,  
Жаңа жылым, сенде жанған от та әсем,  
Шаттық болып шаңыраққа нұр төгіп,  
Бақыт болып босағамнан атта сен.

Қазақ жерін күллі әлемге сүйікті ет,  
Қазақ елі мәртебесін биіктет.  
Кең далама ырыс сыйла, Жаңа жыл,  
Бір ғаламның ырыздығын жиып кеп.

Бармақтай бақ бұйыр менің талқыма,  
Мол ғылым бер, зор білім бер халқыма.  
Алға жүзіп Тәуелсіздік кемесі,  
Қазағымның даңқ қосылсын даңқына.

Ақсақалдар ақ батасын арнасын,  
Аналардың шашын қырау шалмасын.  
Қырандардың қанаттары талмасын,  
Қиялымыз қияндарға самғасын.

Махаббаттың таусылмайтын дастанын  
Жазсын менің жаны таза жастарым.  
Көтеріліп желбіресін Көк Туым,  
Бұлт шалмасын, мөлдіресін аспаным.

Қуанышыңды бер Қазаққа фәниде,  
Тілейтінім – күлкі сыйла сәбиге.  
Мерекенің дастарханын жайғызып,  
Берекенің шашуын шаш әр үйге.

Қара жерді күнәсінен арылта,  
Аспанымнан жауды аппақ қар ақ ұлпа.  
Естен кетпес Ескі Жылым, есірке,  
Жаныма ыстық Жаңа жылым, жарылқа!

\* \* \*

Ақсақал, қолыңды жай, бер батаңды,  
Ұл ем мен жолға шыққан ел қатарлы.  
Түспестен арқасынан Жер-ананың,  
Аралап мен де келем кең жаһанды.

Өмірге келген адам зерікпеген,  
Желпініп бойға біткен желікпенен.  
Бояған Күннен шыққан жеті бояу,  
Жамалын дүниенің көріп келем.

Көл көрдім көк аспаннан көз алмаған,  
Жігіттің ғашық болған кезі аумаған.  
Ақ түнде өзен көрдім айдынында  
Ақ сәуле Айдан тамған, өзі аунаған.

Шақырған жұлдыздарды шырқау жақтан,  
Тау көрдім шыңдарына бұлт аунатқан.  
Шөл көрдім сексеуілдің көмейіне,  
Жел ессе, алтын жалды құм саулатқан.

Қыраты Көк көтерген иығы боп,  
 Ұшы жоқ Дала көрдім қиыры жоқ.  
 Ақында арман бар ма соғып өтсе,  
 Төсінде сол даланың құйыны боп?!

Арқадан ескен желдей, ел қатарлы,  
 Мен сөйтіп кезіп келем жер-жаһанды.  
 Жүрейін сапарыңды жалғастырып,  
 Ақсақал, жайдым қолды, бер батаңды!

### БАҚЫТ ТУРАЛЫ

Бақыт деген, мен білсем, нұрын шашқан ерке күн,  
 Бала кезде басталған, таусылмайтын ертегің.  
 Ең бірінші бақытым – адам болып туғаным,  
 Бақыт өнін шырқаймын, бақыт күйін шертемін.

Қызыл-жасыл дүние қаққан кезде қанатын,  
 Көрсен соның жалтылын жанарыңда жанатын,  
 Жеті бояу төгілген нұрландырса жаныңды,  
 Міне, міне, сол бақыт бұл өмірден табатын.

Күн күркіреп қанша рет, көкірегіңнен көшті сен,  
 Қарсы алып ақ таңды, шығарып сап кешті сен,  
 Бақыт – тыңдау рахаты, құлақ түріп дүниеге,  
 Он сегіз мың ғаламның үнін түгел естісең.

Ата-бабам ежелден шешен сөзге жүгінген,  
 Қасиетін өмірдің өсиетпен сіңірген.  
 Бақыт дер ем – сөйлеуің ел алдында көсіліп,  
 Жеткізе алсаң ойыңды туған ана тіліңмен.

Бақыт деген – әкеңдей бәйтерегің саялы,  
 Бақыт деген – анаңның алақаны аялы.  
 Бақыт деген – жар құшу, Құдай қосқан қосағың,  
 Бала болып бақытың жапырағын жаяды.

Бақытымды жеңе алмас өтіп жатқан уақытың,  
Көріп келем дүниенің жауһары мен жақұтын.  
Жері – көркем, ал елі – дархан, сұлу, меймандос,  
Қазақ болып туғаным – менің басты бақытым!

## САПАРДА

Отарба жүйткіді алға түн қуалай,  
Шыға алмай бұлт ішінде булығыдай Ай.  
Ұйқыға батып жатыр батыр-дала,  
Қаратау – басындағы дулығыдай.

Өткен жол қайтарылмас қарымтадай,  
Маңайға тұра алмайсың таңырқамай.  
Сұлбасы қарауытып жол бойынан,  
Көмескі көз бояйды қалың тоғай.

Суретті көре алмассың күндіз де ондай,  
Тәңірінің кылқаламы туғызғандай.  
Бір батып қыр астына, бір көрінген  
Жарықтар жерге қонған жұлдыздардай.

Мүлгіп қыр, түнеріп тау, қалғып орман,  
Қол бұлғап қала берді тал бұралған.  
Бар еді бір бойжеткен далада өскен,  
Есіме түсіп кетті сол бір арман.

Жүрегім кең даладан хабар алып,  
Көкейге түнгі әуен, ән оралып,  
Көңілге – ой, көзге – сурет ұялатып,  
Уақыт алға қарай барады ағып...

## ТҮРІК ДӘПТЕРІНЕН

### ЫСТАМБУЛ

Аман шығып кәрі қатты қыстан бір,  
Жолым түсіп, келдім саған, Ыстамбул.  
Баяғыдай шалқып жатыр теңізің,  
Қиқу салып баяғыдай құстар жүр.

Еуропа – Ыстамбулдың бір беті,  
Ал Азия – бұғазының бір беті,  
Қалың мешіт – өткен күннің суреті.  
Таң алдында азынайды азан сап,  
Жалбарынып Мұхаммедтің үмбеті.

Қалың мешіт тас қаланы жаңғыртып,  
Сол бір сәтте шағалалар таңда үркіп,  
Шаңқылдайды көкке даусын қаңғыртып.  
Енді бір сәт ойға шомып қалады  
Ғосман паша алған мекен қан бүркіп.

Ғосман паша қылышымен тас шапқан,  
Жаулап алған Еуропаны аш жатқан.  
Византия айырылып, елі оның  
Еңірегінде етегін де жас жапқан.

Содан бері бұл Ыстамбул, Ыстамбул,  
Соны айтып көк теңізге құстар жүр.  
Шағаланың шаңқылымен шабытым  
Кетті оянып, ұшты жүрек қысқан жыр.

Шыныдағы түрік шайы, мас қылдың,  
Түсті есіме сергелдеңі жас күннің.  
Екі құрлық, үш теңізді жалғаған,  
Бұғазында жүзіп жүріп Босфордың.

Күн бұлттанса мұнарасы сұрлана,  
Күн ашылса мұнарасы нұрлана,

Төрт құлағын төрт мұхитқа қаратып,  
Ая София көрінеді бір дара.

Тас тіреулер, қамалдар мен қорғандар,  
Сонда қанша өліп-өшті армандар.  
Түсті есіме даламдағы шаһарлар,  
Түсті есіме даламдағы балбалдар.

Түсті есіме Күлтегіннің көктасы,  
Түсті есіме Білге қаған ноқтасы.  
Түсті есіме Шыңғыс ханға аспаған  
Отырардың отқа оранған қақпасы.

Беу, Ыстамбул қозғап кеттің дертімді,  
Көне күмбір, көкіректе күй шертілді.  
Сен күреспен алынғаның арқылы  
Жағып кеттің намысымды, өртімді.

Өткізгенсің бастан заман күздерін,  
Көктемдерден үмітіңді үзбедің.  
Тас көшеңнен енді бір сәт ойменен  
Жүрдім іздеп Шәкәрімнің іздерін.

Толқындарды жалдан сүйіп құстар жүр,  
Көк аспанда ақша бұлт боп ұшқан жыр.  
Көк теңізге арқа сүйеп сен тұрсың,  
Көк түріктің бас шаһары – Ыстамбул.

### **ХАРПУТ ТАС ҚОРҒАНЫ. КӨНЕ ҚАЛА**

Хәттер салған іргетасын тас қорған,  
Византия мен Ұрымға болған хас қорған.  
Одан кейін селжуктерден қалған бас қорған,  
Мұра боп жеттің бүгінгі күнге Османнан.

Бес өркениет басын қосқан тасыңда,  
Сендей қорған сирек мынау ғасырда.



Сенің көне заманнан қалған құмыңның қасында  
Жауһар емес жауһар, асыл емес асыл да.

Өйткені сен біздің дәуірге дейін болғансың,  
Жаздарда жайнап, қыстарда тоңғансың.  
Күндіз болсын, түн болсын, адамдарды күзетіп,  
Төңірегінді тас көздеріңмен шолғансың.

Тұрғындарыңды тас кеудеңмен қорғадың,  
Суға батпадың, отқа жанбадың.  
Адамзаттың жігері мен намысын бойыңа сіңіріп,  
Қорған қаланың қайсарлығын таңдадың.

Тасыңа қарап табамын ерте заманнан дәйекті,  
Сенің өр, төкаппар бейнең санама ой екті.  
Тасыңнан жиырма ғасырдан астам Күн сүйді,  
Жарыңнан жиырма ғасырдан астам Ай өпті.

Адамзатқа айтып жауыздық пенен ерлікті,  
Сен әлі де сақтап тұрсың өрлікті.  
Құлық пен сұмдық, сатқындықты да көрсең де,  
Насихат етіп ынтымақ пенен бірлікті,  
Жиырма ғасырдан астам кештің сен тірлікті.

Отырар, Сауран, Яссыны білесің бе, Харпут,  
Сақтар, ғұндар, түркілер ұрпағына құлақ түресің бе, Харпут?  
Әрбір келген адамды жүрегіңе сақтағаныңдай,  
Мені де ойыңа алып жүресің бе, Харпут?  
Сол үшін қалсын осы жыр есіңде, Харпут.

### ЕВФРАТ ӨЗЕНІ

Тарихтан сені кім білмейді, Евфрат,  
Жағаңа келіп суыңды іштім, Евфрат.  
Ғасырлар бойы басталған басыңа келіп,  
Күн сүйген бетімді шайдым, Евфрат.

Маңдайымдағы жазуды оқыдың ба, Евфрат,  
Қазақ екенімді таныдың ба, Евфрат?  
Қылыштай намысымды көрдің бе қайралған,  
Жігерімді жаныдың ба, Евфрат?

Жейхун мен Сейхуннан сәлем саған, Евфрат,  
Еділ мен Ертістен сәлем саған, Евфрат.  
Хвалынның толқындары сәлем жолдады саған,  
Аралдың жан дауысын естідің бе, Евфрат?

Менің бабаларымды көргенсің сен, Евфрат,  
Ауыздығын алғанда атын суарғансың сен, Евфрат.  
Солардың жалғасы болып мен саған келгенде,  
Көзіңе жас іркіп қуанғансың сен, Евфрат.

Орта ғасырдың ұлы өзенісің сен, Евфрат,  
Шығыстың нұрлы бір өзенісің сен, Евфрат.  
Мағырып мен Машырықтың тоғысқан кезін,  
Соғысқан кезін жазған жыр өзенісің сен, Евфрат.

Төсінде сөнген көктен талай от құлап,  
Бұйра-бұйра боп қоршаған сені көп қырат,  
Аспанда ұшып бара жатып та қоштастым сенімен, Евфрат,  
Ақ шарбы бұлттан сыйладың сен ақ пырақ.

Ғажайып күш-қуат бердің маған-дағы, Евфрат,  
Бұлақтарыңды да көрдім сағандағы, Евфрат.  
Адамзаттың мол қуаныш, зор қайғысын жұтып,  
Қызарып, қарайып жатыр жағандағы топырақ.  
Ех, Евфрат, Евфрат!

### **ҚЫПШАҚ ҚЫЗЫ – ГҮЛДЕНІЗ**

Иасауиді түсінде көргенінді айттың, Гүлденіз,  
«Диуани хикметтен» жауһар тергенінді айттың, Гүлденіз.  
Сонан соң Иасауиді жырларыңа қосып,  
Түрікше мақам өргенінді айттың, Гүлденіз.

Түркістанға түріктер сенеді дедің, Гүлдеңіз,  
Сонда бабамның дерегі дедің, Гүлдеңіз.  
Әзірет Сұлтан аян беріп шақырыпты өзіңді,  
Түркістанға барғым келеді дедің, Гүлдеңіз.

Көздерің қап-қара мойылдай еді, Гүлдеңіз,  
Сөздерің тап-таза ойыңдай еді, Гүлдеңіз.  
Жүзің раушандай, өзің жас талдай,  
Шашың алқоңыр түрік шайындай еді, Гүлдеңіз.

Келбетіңе Ай-Күннен нұр қонған, Гүлдеңіз,  
Шайырдың жарысың жыр қонған, Гүлдеңіз.  
Көз алдымда мәңгілік тұрып қалдың сен,  
Ән салса Атажұртты аңсап, мұңданған Гүлдеңіз.

Сен – Анадолыда, мен – Атажұртта, біргеміз,  
Тамырымыз бір, бүтін болсын тек іргеміз.  
Даланың гүліндей құлпырып, гүлдеңіз,  
Түркиядағы қыпшақтың қызы – Гүлдеңіз.

### ҚИСЫҚ МҰНАРАЛЫ МЕШІТ

Көрдім селжук Сүт қаласын,  
Он ғасырдың жұтты ауасын.  
Ұлы Жами, сені көрдім,  
Түріктердің құтханасын.

Ұлы Жами – Ұлы Мешіт,  
Он ғасырдың сыры көшіп,  
Алдымыздан ашылады  
Бір Алланың нұрына есік.

Ұмытылып мың сан қайғы,  
Аспанынан нұр саулайды.  
Сүт қаласын ақын көрсе,  
Сүттей аппақ жыр саулайды.

Бұрын біздер білген бе едік,  
Тастан соққан іргең берік.  
Қадіріңді сезер сенің  
Халқың күнде жүрген көріп.

Қолбасшылар міндетіне,  
Патшалардың құрметіне  
Оқылды сенде дұға, намаз,  
Түсірілді құран-хатым  
Мұсылманның үмбетіне.

Құран сүрелері оқылды сенде,  
Ғасыр мен ғасыр, жыл мен жыл арасы,  
Ай мен ай, күн мен күн арасы.  
Әлемдегі жалғыз мешітсің сен  
Қисық біткен мұнарасы.

Шайырлардың шайырларын  
Оқығанда жиылды ағын.  
Көрдім сенің аспаныңнан  
Нұры Алланың құйылғанын.

Қақпасы ашық Хақ жолына,  
Адамдардың абзалына.  
Бастап тұрған көпірсің сен  
Ақиқаттың ақ жолына.

## **КӨНЕ СҮТ ҚАЛАСЫ. ЧУБУК БЕЙ ЕСКЕРТКІШІ**

Сүт қаласы. Ақша бұлты түбіттей,  
Ағаштары үкілеген үміттей.  
Туын тіккен сонау ерте заманда  
Селжуктардың қолбасшысы Чубук бей.

Сүт қаласы. Сүттей ұйып тыныштық.  
Мешітінде орнап қалған ырыс-құт.  
Болмағандай қанды соғыс бұл жерде,  
Болмағандай шайқас пенен ұрыс түк.

Сүт қаласы. Өткен талай саңлақ,  
Тас босаға, тастан ойған шаңырақ.  
Он ғасырлық адамзаттың тарихын  
Көтеріп тұр тас жонына салып ап.

Орта ғасыр. Византия даласын,  
Тигр менен Евфраттың арасын  
Жаулап алып, патшалығын орнатқан  
Көрдім бүгін Чубук бейдің моласын.

Тасқа айналған Чубук патша ойланып,  
Сүт қаласы тұрады оны ойға алып,  
...Қамсыз, мұңсыз бір көк торғай ұшып жүр  
Чубук бейдің ескерткішін айналып...

### ТҮРКИЯДАҒЫ ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ САЯБАҒЫНДА

Шыңғыс аға, көрдім сенің даңқыңды,  
Хазар көлінің жағасында  
Шабыттың шағалалары шарқ ұрды.  
Сабырлы, салмақты үніңмен  
Ақылға, парасатқа шақырдың халқыңды.

Ерекше жарқырап атып қала таңы да,  
Даусыңнан дүр сілкінді қара талы да.  
Аялады сені, мың мәрте қайталап атыңды,  
Бүкіл түрік салды сені алақанына.  
Айтматов деп Ай қонып аспанына,  
Айтматов деп оянды дала тағы да.

Ақиқатын адамзаттың бар ащы  
Жайып салып, жан дүниеммен жарасшы.  
Сенің саябағыңда  
«Шыра шынар болсын!» – деді,  
«Шымшық ұлар болсын!» – деді манасшы.

Қатты ұнады сізге сонда сол бір сөз,  
Бабалардан бізге жеткен мөлдір сөз.  
Түсті есіңе Ыстықкөлдің жағасы,  
Түсті есіңе көлде жүзген Ақ кеме,  
Арман құған түсті есіңе өндіріс кез.

Шыңғыс аға, неткен мұзарт, кең едің,  
Шайырларға шабыт беріп, демедің.  
Ұлы Абай мен Мұхтар туған киелі  
Шыңғыстаудан келген інің мен едім.  
Евфратта Ақ кеме боп жүзді-ай кеп  
Менің-дағы ақ желкенді өлеңім.  
Шыңғыс аға,  
Адамзаттың Айтматовы атанып  
Күллі халық құрметіне бөлендің.  
Қаламыңның ләззатына кенелдің.  
Жана берсін бақ жұлдызың, жан аға,  
Қақ төрінен орын алып әлемнің!

### **АНАДОЛЫДАҒЫ ЖЫР КЕШІ**

*(Түрік ақыны Яқуп Делимероглыға)*

Ай көрініп ар жағынан бұлттың,  
Өлең кеші. Алуан-алуан сыр ұқтым.  
Түрлі-түрлі мақамменен төгілтіп  
Ақындары жыр оқиды түріктің.

Қалың қауым мың серпіліп, мың түлеп,  
Өлеңіңе қол соғады дүркіреп,  
Жанарыңнан найзағайлар жарқылдап,  
Жыр оқисың сонда күндей күркіреп.

Қорқыт – атам десең, бәрі табынар,  
Иасауидің хикметтерін сағынар.  
Әкімдері ақынына бас иген  
Түріктердің маңдайының бағы бар.

Шайырлары – ақ қанатты күліктер,  
Арғымағын шабытыңның мініп көр.  
Абай атын естігенде тік тұрып,  
Мағжан жырын жатқа оқиды түріктер.

...Бір екенін тамырымыз, түбіміз,  
Бір екенін дініміз бен тіліміз,  
Түрік бауырым, түсінеміз айтпай-ақ,  
Сен екеуміз бірімізге біріміз.

### ЕЛАЗЫҒ ШАҒАРЫ

Көне заман күмбірі Елазығым,  
Атажұрттан әкелдім дала жырын.  
Ғасырлардың сүңгітті тереңіне  
Сенде тауып, сенде алған жан азығым.

Қызылтуда туған Ай жеке көрдім,  
Сенде лаулап жанады оты өлеңнің.  
Сексеуілдей қыздырған сезімімді  
Сеніміңді қалайша көтеремін?

Бәйіттердің мекені ғазалдардың,  
Дертін, мұңын, қайғысын жазар жанның.  
Жүрегімді өртеді қарағанда  
Шоқтай жанған жанары гөзалдардың.

Жырға өртеніп өзім де баратамын,  
Тамырының солқылын таратамын,  
Қысып тұрып, сезініп жас түріктің  
Жырға соғып қызарған алақанын.

Неткен ынта бар сенде нұрға деген,  
Неткен ықылас бар сенде жырға деген?!  
Гөзал қыздың көзіне жас іркілді  
Сыңғырлатып төгілсе сырғалы өлең.

Неше алуан сұлудың қылықтары,  
Сұлулықпен жанымды сырықтады.  
Сені көріп теңіздей буырқанды  
Менің-дағы бойымда түрік қаны.

Елазығым, сені сан аралармын,  
Қалың ойдың ішіне қамалармын.  
Әзірше қош, өлеңнің өз шаһары,  
Алла жазса, мен саған оралармын.

### БАЛҚАН ТАУ

*...Балқан, Балқан, Балқан тау,  
Ол да біздің барған тау.*

Иығына асыла  
Жатқан бұлт тау шашы ма?!  
Шығып біздер келеміз  
Балқан таудың басына.

Сайларына бұлт қонған,  
Ойларына жұрт қонған.  
Тау, тау және тау, тау, тау,  
Басқа дүние сырт қалған.

Таулы, таулы, таулы орман,  
Табанында қар қалған.  
Көз тұнады көк өрім  
Сырға таққан баулардан.

Күн күледі заңғардан,  
Су ағады аңғардан.  
Талдарының басына  
Бұлбұл болып өн қонған.

Тарих иығын талдырған,  
Тау шығады алдымнан.



Орман қуат алады  
Таудан аққан қарғыннан.

Таудан аққан арықтар,  
Мөлт-мөлт етіп ағып қал.  
Таудың басын қымтайды  
Аппақ ұлпа, мамық қар.

Таудың көлі жайнайды,  
Күн сәулесі ойнайды.  
Қалың жыныс, ну ағаш  
Көздің нұрын байлайды.

Сенде ат та, атақ бар,  
Таңнан өрген шапақ бар.  
Қолтығы кең, бойы асқақ,  
Неткен таусың төкашпар?!

Беу, Балқан тау, абыз тау,  
Шежіреңді ағыз, тау.  
Көне грек заманын  
Көзбен көрген аңыз тау.

Қан төккенде тар жалған,  
Қаймықпадың қанжардан.  
Қаталдық та бар сенде,  
Қабағыңнан қар жауған.

Оң жағымнан сыр төктің,  
Сол жағымнан жыр төктің.  
Күбірлейсің алдымнан,  
Сыбырлайсың артымнан.

Құз қуалап жолдарың,  
Жар жағалап тартылған.  
Бүлк-бүлк еміп төсіңді,  
Ақ бұлақтар алқынған.

Жылылық та бар сенде  
Мейірім төккен зор тұлғаң.

Бұлттар қалғып, көше алмай,  
Ойға құшақ ашардай.  
Басым қатып отырмын,  
Жұмбағыңды шеше алмай.

Қайдан келдің демессің,  
Шыңың көкке теңессін!  
Бабам көрген Балқан тау,  
Маған бөтен емессің.

### ОХРИД КӨЛІ \*

Кемелер тұр желкендері желбіреп,  
Күннің көзі сүйеді оны елжіреп.  
Толқиды көл кең арнасын толтырып,  
Көк аспанның айнасындай мөлдіреп.

Ауды тартып, қармақ салып көк тер боп,  
Балықшылар жағажайды кетті өрлеп.  
Көкірегін маздап жанған от кернеп,  
Көл қарайды қиығымен көзінің,  
Македон қыз жанарындай көкпеңбек.

Қара жердің сөгілгендей көбесі,  
Көрінеді өткен күннің елесі.  
Еуропаның төсіндегі ең үлкен  
Тұщы сулы таңғажайып көл осы.

Көл сыр шашып, мен де ойымды ақтарам,  
Күн аунаса айдынынан от табам.

---

\* Охрид – Македония мен Албания шекарасында орналасқан, Еуропадағы ең үлкен тұщы сулы көл

Ескендірге ғашық болған сұлудың  
Жанарының жарқылы ма деп қалам.

Көлде шанақ болатынын кім білген,  
Көне заман күй шертеді күмбірмен.  
Менің мөлдір Байкалыммен тамырлас  
Охридтің жағасында тұрмын мен.

Саф ауамен кеуде керіп тынықтық,  
Тұщы көлден алуан-алуан сыр ұқтық.  
Жердің көкке ғашықтығын жеткізген  
Қасиетіңнен айналайын, тұнықтық.

## ПАРИЖДЕ ӨЛГЕН БЕЛГІСІЗ ҚАЗАҚ ТУРАЛЫ РЕКВИЕМ

*1948 жылы Парижде Сена өзенінің бойындағы  
тас көпірдің қасынан белгісіз адамның  
мәйіті табылады. Оның қойын қалтасынан бір  
парақ қағазға жазылған осы хат қана шыққан.  
Соны оқып, оның қазақ екеніне көз жеткізгенін  
айтады Стамбул қаласында тұратын қандасымыз  
Қызырбек Қайратолла. Ол хатта былай жазылған:  
«Бір күннің я таңында, я түсінде, я кешінде  
Сен Сена өзенінің бойында өлесің.  
Өлігің табылады. Кім жерлейді? Қайда қояды?  
Мен бейшараны қоқыс сияқты  
шұңқырға тастай салады.  
...Сенің Кім екендігіңді кім білсін!  
Арыс бойында Ақбоз аттың құлағында ойнағаныңды,  
Ақ ұй, Ақ жайнамазда Құдай үшін қол  
жайған кешегіңді кім білсін!»*

Көне Париж. Бұл қала не көрмеген?!  
Аты шыққан ғажайып өнерменен.  
Парижді емес, таңдар ем Алматыны  
Қайта тусам өмірге егер де мен.

Париждейін сән шаһар әлемде аз-ақ,  
Көрмесең де туады өлең ғажап.  
«Кісі елінде сұлтан боп жүргеніңше,  
Өз елінде ұлтан бол!» деген қазақ.

...Тағдыры бар әркімнің, бірақ, бірақ...  
Елді сүю – бөрінен қуаттырақ.  
Парижде өлген қазақтың хатын оқып,  
Болып отыр жүрегім құрақ-құрақ.

Жер айналып мәңгілік, аспан көшкен,  
Тағдыры бар әркімнің бастан кешкен.  
Парижде өлген қазақтың сөзі жетіп,  
Болып отыр жан дүнием астан-кестең.

Таяқ жедік момындық, жуастықтан.  
Аз ба қазақ елінен жырақ шыққан?  
Бәлкім, аштық кінәлі, бәлкім, соғыс,  
Еуропадан сол қазақ бір-ақ шыққан.

...Айналысып әр кәсіп, әр шаруамен,  
Өмір сүрді ол сабылып сарсаңменен.  
Дүниенің төрінде жүрсе-дағы,  
Туған жерді өтті ол аңсауменен.

Абыр-сабыр, күйкі өмір – қала заңы,  
Дархан болды қазақтың дала жаны.  
Тамақ табу, ұйықтау – әркімге төн,  
Қиын екен бөрінен жан азабы.

Оңашада самғатып алысқа ойын,  
Бір ғаламат кернеді ағыс бойын.  
Сена өзенін жағалап келе жатып,  
Сағынды ол өзі өскен Арыс бойын.

Ақ жайнамаз. Ақбоз үй. Сағым дала.  
Көзін жұмса ілесіп ағынға да...

Арыс бойын думанға бөлеуші еді  
Қара сирақ, шулаған қалың бала.

Елестердің жылынып шуағында,  
Оқып жүрді ол ұмытпай құранын да.  
Түсті есіне бөйгеге шапқан кезі –  
Ақбоз аттың ойнаған құлағында.

Елеспенен оянып таңдарда да,  
Қыран-қиял самғады заңғарға да.  
Көзін ашса – бөтен жұрт, жалған қала,  
Көзін жұмса – қазақтар, арман дала.

Жаңбырымен сабалап ұрынды күз,  
Ішті шарап. Ішетін бұрын қымыз.  
Көзін ашса – тас көше, тас дуалдар,  
Көзін жұмса – тұлымды ұл, бұрымды қыз.

Елге жетсе, шіркін-ай, бар тілегі.  
Соны ойласа ес жиып, серпіледі.  
Көзін ашса – ағылған машиналар,  
Көзін жұмса – домбыра шертіледі.

Бірақ бәрі кеш болды. Бекер бәрі.  
Өткелінен өмірдің өте алмады.  
Маңдайына жазғаны – жырақта өлу,  
Арманына сол қазақ жете алмады.

Ішқұса боп шараптан ұрттап алды,  
Күбірледі: «Бәрі атажұртта қалды.  
Тағдыр жазған шеңгелден шыға алмастан,  
Қанша қазақ сүйегі сыртта қалды».

Дүниенің төнсе де бар ажалы,  
Хатпен жетер халқына жан азабы.  
Туған жерге жазды да сағынышын,  
Өзіне-өзі шығарды ол жаназаны.

...Өртенемін, өксимін, жанамын мен,  
Ұшып жетті сол бір хат қара күннен.  
Қабіріне белгісіз сол Қазақтың  
Осы өлеңмен топырақ саламын мен.

## САҒЫНЫШ

*(Дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайына  
келген түркиялық қандасымыздың ұшақтан  
түскеннен кейін туған жер топырағын  
сүйгенін көргендегі ой)*

Беу, қартым, туған елге бағыт алған,  
Естіліп «Ақтабанның...» өні талған.  
Отырсың тізе бүгіп, сүйіп жерді  
Қасиетті ата-баба қаны тамған.

Күн де өткен көк найзаның ұшында ағып,  
Арманың өңің болды, түсің қалып.  
Тәу етіп, тағзым етіп, сүйесің кеп  
Сағынған топырағыңды құшырланып.

Зіл-батпан арыл бүгін қайғы-мұңнан.  
Құшағын кең жазира жайды қырдан.  
Үркіткен сені «Алқакөл сұламада»,  
Үріккен аққуымсың айдыныңнан.

Жағаның қала алмастан қармап талын,  
Кеткен-ді бастан ұшып бар бақтарың.  
Жаралдың Жаратқанның өзі жар боп,  
Оралдың қолдап бүгін аруақтарың!

Беу, қартым, сырларыңды жазам біліп,  
Билігін бишік алып тажал құрып,  
Ішінде сен де кеттің көппен бірге,  
Үдере көшті халқың ажал қуып.

Шың барды, Тибет асты, Машын барды,  
Тарыдай кім елейді шашылғанды?  
Табанды бейнет тіліп қайда барса,  
Ажалдың қанды есігі ашылған-ды.

Көз жасы көшкен елдің тыйылмады,  
Бір ғана Алла болды сиынғаны.  
Қаншама қандасыма туған жердің  
Бір уыс топырағы бұйырмады.

Ақыры Қырым барды, Ұрым барды,  
Қатары сиреп көштің жырымдалды.  
Тамырлас түрік еліне жеткен кезде  
Мыңыңнан көзі тірі бірің қалды.

Сол бірдің бірі екенсің, сағынышым,  
Нұр қалған жанарыңда халық үшін.  
Көргенде туған жерді сүйгенінді  
Барады жан ауырып, жанып ішім.

Тұрсың сен көкірегіңді кәусарға ашып,  
Керілген кең далаңда ән сал ғашық.  
Тағдырдың тауқыметін тартпағанда,  
Жүрмес пе ең туған жерде алшаң басып.

Талай ел паналатты болса да жат,  
Шеккізді тағдыр саған қаншама азап.  
Отаннан ұлтарақтай жер бұйырмай,  
Шалғайда өтті өмірден қанша қазақ.

Кел, қартым, немеренді тербетемін,  
Тамызсын мынау туған жерге терін.  
Сағыныш деген сезім бар болса егер,  
Көрдім мен шын сағыныш сенде екенін.

## ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІР ТУҒАН

Азаттыққа ұмтылған,  
Жанарына нұр тұнған,  
Алатауды тел емген  
Қазақ-қырғыз бір туған!

Сай-саласы гүл тұнған,  
Тау, орманы құлпырған.  
Қобыланды мен Манасты  
Оқып батыр ұл туған.  
Қазақ-қырғыз бір туған!

Күлтегін мен Тоныкөк –  
Қара тастан сауған сөз.  
Баласағұн, Фараби –  
Бабалардан қалған сөз.  
Абай менен Тоқтағұл –  
Шың басына қонған сөз.  
Жамбыл менен Османқұл –  
Нәсер болып жауған сөз.  
Мұхтар менен Шыңғыс боп  
Әлем мейірі қанған сөз.  
Сөздің білген қадірін  
Қазақ-қырғыз бір туған!

Әніміз де мол мұра,  
Күйіміз де мол мұра.  
Егіз елдің аспабы –  
Қомуз бенен домбыра.  
Қазақ-қырғыз бір туған!

Бірдей біздің тіліміз,  
Бірдей біздің дініміз.  
Бірге естіліп үніміз,  
Төгіледі жырымыз,

Айтылады ырымыз.  
Бірге туды жарқырап  
Тәуелсіздік күніміз.  
Қазақ-қырғыз бір туған!



## ҚЫРҒЫЗ ҚЫЗЫНА

Солыңнан туып жұлдызың,  
Оңыңнан дәйім туды айың.  
Әсем бір қызы қырғыздың,  
Әспеттеп сені жырлайын.

Алатаудың асыл көрінген  
Кіршіксіз көркің қарындай.  
Алқара шашың төгілген  
Ыстықкөл толқындарындай.

Көгілдір көлдің қуындай  
Қылықты небір кездерің.  
Алаарчаның мөлдір суындай  
Түп-тұнық сенің көздерің.

Сұқтанып жандар өтуде,  
Арусың жалғанда өңі ұнар.  
Албырттау алма бетіңде  
Тәңірінің салған меңі бір.

Айлда ел ғашық болған,  
Ажарыңа ғажап қызығам.  
Ауылда мен ғашық болған  
Аумайсың қазақ қызынан.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЫ

Сақ та болдым, ғұн болдым әуелде мен,  
Тарихымды еске алсам кемелденем.  
Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін боп,  
Тас тілінде сөйлестім әлемменен.  
Махамбет боп сөзіммен от ойнатып,  
Абай болып үн қаттым өлеңменен.

Отар болдым, от кештім, суға баттым,  
Күнін кештім шарқ ұрған шағаланың.  
Енді бүгін көрдім мен қазағымның  
Азаттықты бақытқа балағанын.  
Шекарамды бүтіндеп көзім жетті  
Бостандықта өлшеусіз баға барын.

Тәуелсіздік, не деген керемет ең?!  
Жапыраққа тамырды өнеге етем.  
Тәуелсіздік – әлемдік бәйгедегі  
Тұлпарлардың тұғыры мәреге тең.

Тәуелсіздік Күндей нұр төккен еді,  
Артта қалды өмірдің өткелегі.  
Сен Көк Туға айналдың көгімдегі,  
Алғаш сені Елбасы өпкен еді.  
Соныңмен де асылсың, Тәуелсіздік,  
Сенен басқа бақыттың жоқ керегі!

## ҚАЗАҚ ЖОЛЫ

Жел жылап, қаңбақ қашып қыраттардан,  
Тартылып талай мөлдір бұлақ қалған.  
Жетпіс жыл жетімсіреп өмір сүріп,  
Қырық жыл қырылдық біз сынақтардан.

Кең далам дүмпулерден тозса-дағы,  
Қазақтың болу керек өз садағы.  
Жерім кең, көңілім кең болғанымен,  
Қос тажал қос жағымнан көз салады.

Қайтсек те тілімізді жоғалтпадық,  
Қазағым – ежелден-ақ жомарт халық.  
Қаншама жерімізден айрылсақ та,  
Ешкімге бидай көзді алартпадық.

Өнері тасқындады, тыйылмады,  
 Бір Алла болды елімнің сиынғаны.  
 Далаға шашылса да байлығымыз,  
 «Қалар, – деп жүре бердік, – бұйырғаны».

Біреулер көре алмастан «Пай-пайласып»,  
 Біреулер жатса-дағы айқайласып,  
 Енді-енді еркіндікке қолды созып,  
 Келеміз тәуелсіз боп тәй-тәй басып.

Молшылық, бақыт, шаттық бірге жүрген,  
 Жолынан жақсылықтың кім безінген?  
 Қаз басқан сол бір жолда Қазақ елін  
 Сақтай гөр, уа, Құдайым, тіл-көзіңнен!

\* \* \*

Мынау біздің жалғанда  
 Арам да көп, қу да көп.  
 Қанатымды қызғаныштың  
 Қызыл оты шалғанда,  
 Қауырсынымды матырдым  
 Мөп-мөлдір ағын суға кеп.  
 Мынау біздің заманда,  
 Көтерілгенде байрағым,  
 Дұшпан да көп, жау да көп.  
 Жігерімді жаныдым,  
 Намысымды қайрадым  
 Жақпар-жақпар тасы бар,  
 Көпті көрген тауға кеп.

Мынау біздің өмірде,  
 Көз алартып жеріме,  
 Жүз ойланып, он қарап,  
 Байлығыма қызыққан  
 Сұмдар да тұр анталап.  
 Шапқысы да келеді  
 Емен елді балталап,  
 Шашыратқысы келеді  
 Шаба-шаба жаңқалап.

Шығамын қарсы оларға  
Ақылымнан қалқан ап.

Мынау біздің дүниеде  
Адал да бар, ақ та бар,  
Аузын ашса жан-жүрегі көрінер,  
Дәл соларда бақыт та бар, бақ та бар.  
Онан асқан байлығыңыз болар ма,  
Алланың нұры төгілер  
Төрт тараптан соларға.

\* \* \*

Сен ояндың, қазағым,  
Көрдің, көрдің оянудың азабын.  
Астанаңда шертіледі шертпе күй,  
Ауылыңнан естіледі ғажап үн.

Сен ояндың, кірпігіңе нұр тұнды,  
Торда жатқан ақ жүрегің бұлқынды.  
Ішіндегі ойды көріп таңғалды  
Көріп жүрген кейбіреулер сыртыңды.

Сақта, Құдай, Сарыарқаны мың кезген,  
Жаны таза періште ұлтты тіл-көзден.  
Момындық пен жауыздықты айырар  
Бар екенін білген халқым бір безбен.

Сен ояндың, өз билігің өзіңде,  
Естіледі бар әлемге сөзің де.  
Жеті бірдей қазынаңдай –  
Күннен шыққан жеті бояу,  
Енді, халқым, көз ілме!

\* \* \*

Шықтым да жұттым таудан саумал ауа,  
Көз салдым маңғаз жатқан маң далама.  
Тауға шық биіктікті көргің келсе,  
Көкесі биіктіктің тауда ғана.

Пай, пай, пай! Тауға, көңілім, құмар-ақсың,  
Мөлдіреп омырауынан бұлағы атсын.  
Қасыңда шырша қолын созып саған,  
Қасқиып бұлтты тесіп тұрар ақ шың.

Сонан соң оңға қара, солға қара,  
Ұқсаған далам жатыр аруанаға.  
Кеңдікті аңсап жүрсең, кез даланы,  
Көкесі кеңдігіңнің сол далада.

Алып шың көкке ұмсынған еңсемдей зор,  
Кеңдікті биіктіктен теңселмей көр.  
Сыймайды ол ешбір ғалам картасына,  
Ендіктер, бойлықтармен өлшенбейді ол.

Қысылсам, аруақтардан жол сұрағам,  
Қиналсам, бір Құдайға қол ұсына алам.  
Көзі – Құн, көңілі – ақ бұлт қазағымның,  
Кеңдігі, биіктігі болсын аман!

\* \* \*

Әлдекімдер зіркілдеп,  
Заман қалай боп кетті?  
«Елім, халқым, жұртым!» деп  
Өтті өмірден көп текті.

Желінбеді жемісім,  
Сілтенбеді семсерім.  
Жазықсыздан ел үшін  
Жапа шекті қанша өрім.

Сасық кеуде, бас ұрмас,  
Не тілесен, ол тіле.  
Күліп кірген «сасырбас»  
Күлін шашты бетіме.

Ақ-қараны айыршы,  
Қара жерді сор басты.  
Қаңғып келген қайыршы  
Қайығыма жармасты.

Өзен-көлді тонады,  
Теңізімді кептірді.  
Қапталды да моланы,  
Қайғы-қасірет шектірді.

Жылдар жатты жаңғырып,  
Кең даламның көркі еді.  
Қырларымды жандырып,  
Сайларымды өртеді.

Тыйым салып салтыма,  
Ауыр азап шеккізді.  
Қалың қазақ халқына  
Сынақтарын өткізді.

Өз ғұрыпын таңды олар,  
Адастырып тілімнен.  
Шоқындырмақ болды олар,  
Ажыратып дінімнен.

Елдігімді қорлаған,  
Қоқаңдаған болды кез.  
Ата-бабам қорғаған  
Кең далама салды көз.

Қиындықты көп көрдік,  
Тәңірден сауға сұрадық.  
Бәрін бастан өткердік,  
Бәріне де шыдадық.

...Қазақпын мен төзімді,  
Бақытымды тапқам мен,  
Менің бидай-көзімді  
Топырақпен жапқанмен.

Жарып шықтым жер астын,  
Күнім шашты көктен нұр.  
Туын алдым Алаштың,  
Жаным таза, мөп-мөлдір!

\* \* \*

Жалғыздықтан Құдай сақтасын,  
Достарым, сендер барсыңдар.  
Жырымды бұлттар жаттасын,  
Оқысын асқақ, нар шыңдар.

Өлеңім болып екпіндеп,  
Сөйлесін жел де соққанда.  
Боран боп, жырым, кет гулеп,  
Ақ қарға көміп ақпанда.

Көрдің бе қызыл қайыңды,  
Оянса ол да тоқтар ма,  
Жеткізіп менің ойымды,  
Сыбырлап айтсын көк талға.

Өлеңім «Ой-хой, ой-хойлап!»  
Самал боп өпсін даланы.  
Толқынға айналып, айқайлап  
Оятсын құмды жағаны.

Гүл болып өссін белдерге  
Қарасаң көзің қанбаған.  
Айналсын көлге өр кеуде  
Аспаннан көзін алмаған.

Жауғалы тұрған ойланып  
Көк бұлтты көр де мені көр.  
Тамшыкөз жаңбырға айналып,  
Жырларым болып төгілер...

\* \* \*

Бір дауыл соқты басымда,  
Далада да дауыл соқты расында.  
Паһ! Парапар аспандағы жасынға  
Бір нажағай жарқылдады басымда.  
Іле-шала күркіреді сұр аспан,  
Көкірегімнің күркіріне ұласқан.  
Сосын, сосын кетті нөсер төгіліп,  
Кетті менің қос жанарым егіліп.  
Ебіл-себіл жылады аспан, аспаным,  
Ағыл-тегіл жылап жатты жас жаным.  
Құшағыңа ал, құшағыңа ал енді, өмір,  
Аспан, сенің тамшың едім мен де бір.

\* \* \*

Қаланың ұмыттым-ау, сірә, шуын,  
Ауылдың астым-дағы бір асуын.  
Қандырдым кеп шөлімді сімірдім де,  
Күн сәулесі қосылған тұма суын.

Кіндігін өлеңімнің тауым кесіп,  
Самалмен тербетеді ауыл-бесік.  
Отырмын туған жердің қырқасында,  
Бұлдырап көз алдымда сағым көшіп.

Шарқ ұрып айдынында шағалалар,  
Асығып Ертісіне Шаған ағар.  
Көрінді қыр басынан тас тұлғалы,  
Көненің көзіндегі боп кәрі обалар.

Көрген жоқ кең даламда сағым сынып.  
Кеудемнен шырқап салған әнім шығып,  
Қақтырды қиялыма қанат қайта  
Қайқы бел, қайыңды сай, қалың шілік.

Мен бейне тұрғандаймын ой қармап ап,  
Төсіне туған жердің Айдан қарап.



Ақ бұлттар – ақ шағала киіз үйлер,  
Аспанның жайлауында жайған қанат.

Жадырап, кең өлкеме жаз айым кеп,  
Сен жайлы шумақтарды жазайын көп.  
Жырымның көзі сенде, атамекен,  
Ұлың кеп жатырмысың көзайым боп?

Туған жер, қуан, шаттан, бел балаңмын,  
Төсіңде жорға мініп, теңге алармын.  
Сағынып келіп едім, мауқым басып,  
Саумалын жұтайыншы кең даламның.

\* \* \*

Көңілін адамзаттың көкке өрлеткен,  
Тағы да келдің бе сен, көктем, көктем?!  
Жүректі алтын шапақ Күнің сүйіп,  
Өрекіп өкпек желің өкпемді өпкен.

Қайнардың көзі ашылып, суы қайнап,  
Көздің жауын алатын гүлі жайнап.  
Оянып жер, боянған бар дүние,  
Күні де өсем, наурыздың түні де әйбат.

Құсжолында маздаған мың бір ошақ,  
Бұлт-қынаптан жарқ етті Ай суырыла сап.  
Ала қыстай қасқиып, қар құрсанған  
Алатау да балқиды, буыны босап.

Көктем, көктем! Не деген киелі еді?!  
Енді аппақ қыс түсіме жиі енеді.  
Оңашалау бақтағы ақ қайыңға  
Екі жастың үміті сүйенеді.

Көл бетінде нұр ойнап, жалтыл қашып,  
Алпамсадай құшағын тау күнге ашып,  
Қос ғашықтай сүйісіп, аймаласып,  
Аспан мен Жер тұрғандай мауқын басып.

## АЛМАТЫ

Алатауы қасында,  
Ақша бұлты басында,  
Сендей сұлу бар ма екен  
Бұл ғаламда расында?

Мынау тұрған Алатау  
Сәукелесі секілді.  
Анау тұрған дара тау  
Мәртебесі секілді.

Таудан аққан суына  
Шайып көрші бетінді.  
Қана алмассың сырына  
Ой келеді не түрлі.

Әншілердің мекені,  
Ақындардың мекені.  
Алуан түрлі суреттер  
Көз алдыңнан өтеді.

Медеу қандай сүйкімді,  
Көркі ғажап сиқырлы.  
Көктөбеге барғанда  
Көкірегіме күй тұнды.

Нұрғисаның күйлері  
Есігінен төрге енген.  
Зәулім-зәулім үйлері  
Көктің төсін арда емген.

Толған алма, шиесі  
Көкорайлы бөктерлер.  
Алматының иесі –  
Мәңгі жасыл көктемдер.

Бабалардың киесі  
Қонған осы көк пен жер.  
Райымбектің түйесі  
Ырыс әкеп шөккен жер.

## АҚЫНДАРДЫҢ ҚАЛАСЫ

Алматым менің, Алматым,  
Кеудемде жанған отым сен.  
Құдіретің сенің, жаннатым,  
Шарықтап, шалқып, лепірсем.

Өмірдің төгіп шәрбатын,  
Күн сайын алуан түрге ендің.  
Айтшы өзің, асқақ Алматым,  
Тұсауын кестің кімдердің?!

Өмірдің жаққан шырағын  
Көгілдір қалам, көк қалам.  
Музаның жегіп пырағын,  
Ақындар келіп тоқтаған.

Қазақтың қызыл сұңқары  
Сәкен де ұшқан дабылдап.  
Құйылған жырдың шырқауы  
Лияс құшқан арындап.

Айырбастамай басқаға,  
Сырбайың жүрді сыймастан.  
Бұйырмаса да баспана,  
Қасымың қалды қимастан.

Өзгеге бермей есеңді,  
Семсерін жырдың серметіп,  
Жұбандай көрдің көсемді,  
Қадаған сөзін төрге тік.

Ғалидай көрдің шешенді,  
Өлеңін көкке өрлетіп.  
Ғафуың жүрді көшеңді  
Сәнді етіп, бірде әндетіп.

Қайнекей нөсер-жыр күтіп,  
Найзағай-шабыт сермеген.  
Даусымен бұлтты үркітіп  
Оқыған Тайыр сенде өлең.

Жырлары керуен-керуен боп,  
Төлеужаның мен Тоқашың,  
Серлік құрды серуендеп,  
Ертіп ап бір топ ботасын.

Өбектеп өлең-сәбиін,  
Бесік қып саған бөлеген,  
Бозторғай болып Сағиың,  
Қаршыға болып Төлеген.

Хантәңірінен ұшып кеп,  
Мұқағалиың мұң кешкен.  
Қоңырқай кешті құшып көп,  
Жүмекен жыры үндескен.

Өзіңді ғана таңдады  
Жыр болып өткен тағдырда,  
Ғұмырын саған арнады  
Кешегі өткен Әбділда.

Ерекше шабыт керек қып,  
Алматым, сенде туады ән.  
Өзіңде жазды өрекіп  
Махаббат жырын Тұмағам.

Алма төсіңнен от алып,  
Аттанды сенен бата алып.  
Шығардың бәрін биікке,  
Алатауыңа апарып.

Шырқаттың сөйтіп аспанға,  
Ақындар жырын шашқанда,  
Айналып кеттің өзің де  
Өшпейтін ғажап дастанға.

## АЛАТАУ

Арман қуып алыстан,  
Алматыға келгенде  
Елестеді киіз үй  
Алатауды көргенде.  
Елестеді көзіме  
ақ шаңқан үй мен туған,  
Ей, Алатау, сенің де  
түндігіңді желпуде ән.

Кей түндері ақ жауын  
ұйқы бермес, бәтшағар,  
Қытықтайтын да шығар  
қырдан ескен ақ самал.  
Аппақ менің арманым,  
аппақ сенің басың да,  
«Арман аппақ шығар...» деп  
ойлаушы едім расында.

Самолет боп төбеңнен  
ұшып бара жатқанда ән,  
Шанағыңнан сен едің  
домбыра үнін ақтарған.  
Шыршаларың – көк найза,  
ақберенді алып па ең,  
Ақынсың ба сен әлде  
жыр оқитын шабытпен?

Ақ жаулықты анамдай  
көрінесің күлімдеп,  
Күбірлеймін мен сонда:  
«О, пірім-ау, пірім!» – деп.

Тұман-тұман басыңнан  
алуан-алуан ой көшіп,  
Тұрдың кейде әлеммен  
құс тілінде сөйлесіп.

Кенен сені жырлаған,  
Қасым сені жырлаған,  
Мен де сені жырлаймын  
танығанша бұл ғалам.  
Сені жырлап өтемін  
аспаннан да, жерден де,  
Өлең қалай тумасын  
өр тұлғанды көргенде?!

Алатауым – еңселім,  
Алатауым – тұлғалым,  
Аспан қызы – Ақ бұлттың  
төсін өпті шыңдарың.  
Босқа өтпейді күнім де,  
босқа өтпейді түнім де,  
Алты құрлық білсін деп  
Алатауды түбінде.

## КӨК КҮМБЕЗ

Тағзым еттім басыңа, бабаларым,  
Дария пейіл, дара ойлы даналарым.  
Қасиетті, күн сүйген күмбезінен  
Кесенені төу етіп араладым.

Қожа Ахмет әулие, қолда бізді,  
Абылай хан рухы, қорға бізді.  
Есім хан салған ескі жол,  
Қасым хан салған қасқа жол –  
Осы жерде тоғысқан жолдар ізгі.

Қолда бізді, батырлар аруағы,  
Қорға бізді, бабалар шаңырағы.



Кеш батарында, таң атарында...  
Күн нұрына боянып, сыланасыңдар,  
Аспанның аялы алақанында  
Мөңгілік тұра аласыңдар.  
Қазбауыр бұлттар, қазбауыр бұлттар...

## АЙНАБҰЛАҚ

Айнабұлақ! Айнабұлақ!  
Таудың суы ағады сайға құлап,  
Мұқағали бір кезде келген мұнда  
Сауыққұмар қауымның сайраны ұнап.

Айнабұлақ!  
Ақ көбігің – өжемнің қаймағы ма ақ?  
Тасығаның берердей бойға қуат.  
Алатаудың піскенде Алма-Күні,  
Бұлбұл үнмен таң сайын сайрады бақ.

Айнабұлақ!  
Қос жағаңда қоңыраулы ой жамырап,  
Мақпал түнде ағасың Айға да ұнап.  
Ғашықтардың кұпия, төтті сырын,  
Айнабұлақ, ешкімге жайма бірақ.

Тал-теректі жағаңда қаулап өскен  
Сал самал көп сүйеді таудан ескен.  
Мөлдірлікке шөлдеген талай ғұмыр  
Сенің келіп жағаңа лаулап, өшкен.

Айнабұлақ!  
Шабыт келсе жыр төкпей бөгелген кім?  
Бұрымыңдай мөп-мөлдір өлеңді өрдім.  
Тасқа маңдай соқса да буырқанған,  
Буыршын мінезімді сенен көрдім.



---

**АЛМАТЫНЫҢ СИРЕНІ**

Қанша ақынды жырлаттың,  
Алматының сирені.  
Көктем болып үн қаттың,  
Хош иіс боп үйдегі.

Араладың көшені  
Арулардың қолында.  
Жастық желі еседі  
Жанымды орап жалынға.

Көзіме оттай басылдың  
Он сегізім секілді.  
Көкірегіме шашылдың,  
Өбіп кеттің бетімді.

Түсті есіме сол бір кез,  
Сенен ұшқан тілектер,  
Күлімдеген мөлдір көз,  
Дірілдеген жүректер.

Күбірлеген дауыстар,  
Ілінбеген кірпіктер,  
Ауадағы ағыстар,  
Сирень болып сөйлегін,  
Кел, көзімнің әйнегін  
Жапырағыңмен сүртіп бер.

Елес, елес, елестер,  
Белес, белес, белестер.  
Алматының сиренін  
Аялауға кеңес бер!

Алматының сирені,  
Жанға тыным бермедің.  
Шертілетін күйлері,  
Жастығымсың сен менің.

Сезім нұрын сепкен ол,  
Көзім қалған байланып.  
Шапағатын төккен ол  
Махаббатқа айналып,  
Алматының сирені.

### АЛМА АҒАШЫ

Алма ағашы, алма ағашы,  
Табиғаттың бел баласы,  
Баяу ғана жыр оқиын,  
Келбетіме сен қарашы.

Сапар шегіп жыр еліне,  
Сен үңілші жүрегіме,  
Мені көрген бәзбіреулер  
Қияли деп күледі ме?!

Өйткені олар сен сияқты  
Бола алмасын біледі де,  
Үңілмейді ару болып  
Ақындардың жүрегіне.

Арнап өлең шығаруға  
Қанбай қойды-ау құмарым да,  
Сені кейде ұқсатамын  
Қалған алыс түү ауылда  
Ақ бантикті бір аруға.

### ЕРТІСТІҢ КЕШІ ЕСІМДЕ

Ойыма келді Ертістің  
Жұлдызды жарық кештері.  
Ерке қыз, еске сен түстің,  
Еркелеп самал ескені.

Сезімге ойды жеңдірген,  
Сергелдең сол бір сәттерім.

Балдан да төтті ерніңнен,  
Есімде ессіз өпкенім.

Білінбеген де түнгі ызғар,  
Дүние шалқып, бой балқып.  
Куә боп тұрған жұлдыздар,  
Аспанда, суда Ай қалқып.

Жағалау, марғау тыныштық,  
Жүрегімде – сезім маздаған.  
Деміңнен сенің тым ыстық  
Өртеніп кете жаздағам.

Ержеттім, қолым жетпейді,  
Бойжеттің сен де, еркешім.  
Есімнен мәңгі кетпейді,  
Есейткен Ертіс, сол кешің.

\* \* \*

Сұлуға бай ғой жер үсті,  
Сұлусың бірақ сен ерек.  
Келбетің неткен келісті,  
Қыз едің неткен керемет?!

Басқадан алдым даралап,  
Көңілдің болдың көктемі.  
Қылығың қандай ғаламат,  
Қимылың қандай епті еді?!

Арналып саған бар өнім,  
Бейнеңді жүрмін жаттап ап.  
Объектив дерсің – жанарым,  
Жүрегім – фотоаппарат.

Сүйемін деймін ішімнен,  
Ойлаған сәтте көрем де.  
Сені көп мендей түсірген  
Фотограф жоқ әлемде.

\* \* \*

Көзіммен көкті құшып,  
Кеудемді қысқанда өлең,  
Алысқа кеттің ұшып,  
Ілесіп құстарменен.

Тізбектер арасында  
Сен бара жатқандайсың.  
Айтпайсың, қонасың ба,  
Сырыңды ақтармайсың.

Топты құс қона алады,  
Сен бірақ қона алмайсың.  
Топты құс оралады,  
Сен енді оралмайсың.

### СЕЗІМНІҢ МӨЛДІР МОНШАҒЫ

Оралдың маған қайтадан,  
Қайырылмай кеткен күндерім.  
Балапан-үміт шайқаған  
Балдан да төтті түндерім.

Өтсе де уақыт, мен білсем,  
Сен келдің іздеп сол шақты.  
Көрсетпей айтып бердің сен  
Көзіңнен тамған моншақты.

Жүрекке жетіп жүректен,  
Хат болып ұшқан күндер-ай.  
Сезіміме менің дір еткен  
Нұр еккен сонда Күн мен Ай.  
Алдыңа сенің жүз барып,  
Жүзіңнен өптім көзіммен.  
Өзіңді кеттім қызғанып,  
Сендегі асқақ сезімнен.

Тәкаппар болдың, паң болдың,  
Мен кешкен күйді кешпедің.  
Жанарыма толған Жан-көлдің  
Шығардың астан-кестенін.

Ал енді бір сәт күлгенде  
Түсінетіндей көріндің.  
Алыстан аңсап жүргенде  
Өлеңім болып өрілдің.

Тебіренген сезім теңіз боп,  
Гүл бейнең орнап санама.  
Тағы бір түнде сені іздеп  
Барғанмын жатақханаңа.

Бораны жылап ішекте үзді  
Аязды қаңтар түнінде.  
Елемей ақ қар, көк мұзды  
Барғанмын туған күңіңе.

Сонау бір көктем. Алматы.  
Сен келдің. Күтіп алдым мен.  
Жастықтың лаулап жанды оты,  
Қарсы алдым сені ән-жырмен.

Бір жазда Ертіс бойында  
Қыдырдық бірге екеуміз.  
Қалғаны қазір ойымда –  
Сол кезде бала екенбіз.

Сезімнің селін селдеттім,  
Семейде... Күзде... Бұл қалай?!  
Құс болып ұшып мен кеттім,  
Қалдың сен қол да бұлғамай.

Қайырылмай кеттім. Сол шақта-ақ  
Қалдырдың менің көңілімді.  
Арамыз кетті алшақтап,  
Қайтадан бастап өмірімді.

Толқытып жаным жүз көлді,  
Жанардан моншақ тамса да,  
Қоспады тағдыр біздерді,  
Қосылмағандар қаншама?!

Сақталып қалған дос көңіл,  
Сезім бе сезім таспаса?  
Сендегі өмір – басқа өмір,  
Мендегі өмір басқаша.

Арылып албырт сезімнен,  
Ұмыттым деуші ем, ұмыттым.  
Үніңмен, күлкің, көзіңмен,  
Қытықтап кеттің, қылықтым.

Өкінбес бірақ өз басым,  
Бұған да тәубе, Тәңірім.  
Сен неткен ащы ең, көз жасым,  
Сен неткен тәтті ең, өмірім?!

Жылдарды салып араға,  
Отырмын атап атыңды.  
Орнатып кеттің санама  
Оралған махаббатымды.

### АКРОӨЛЕҢ

Гүл ме едің сен біздің жақта өсетін,  
Үніңнен бір қоңыр самал есетін.  
Лықсып тұнған сезім бе едің, түс пе едің,  
Иран бақта ұшып жүрген құс па едің?  
Я, Құдайым, сақта оның гүл өңін,  
Раушандайын құлпырт, көркейт, реңін.  
Ғазалыма арқау болған қылықтым,  
Алуан-алуан қылығыңнан сыр ұқтым.

\* \* \*

Сенің жүзіңнен мөлдір нұр көрдім,  
Сенің көзіңнен тұнық мұң көрдім.

Сенің күлкіңнен ғажап ән есті,  
Сенің сөздерің гүлмен теңесті.

Сенің жанарың бір сыр жасырды,  
Сенің қабағың бір сәт ашылды.

Нұрмен оятып ғашық жүректі,  
Сенің сезімің бүгін дір етті.

\* \* \*

Жеткізбей кеткен арманым,  
Көгілдір бұла сағымдай.  
Өмірде мынау бар ма ағын  
Бозбала менің шағымдай?

Бойжеткен едің бұрымды,  
Сол көктем ойға шомдырдың.  
Көзіңнен тамған нұрыңды  
Жүрегіме әкеп қондырдым.

Сол сәуле менің жанымда  
Махаббат өртін лаулатқан.  
Сен болсаң қалдың ауылда,  
Ағылды хаттар мен жақтан.

Таңым боп әрбір аттың сен,  
Күнім боп әрбір баттың сен.  
Хат келсе, сенен тосқанда,  
Бөркімді аттым аспанға.  
Айналып бара жаттың сен  
«Махаббат» атты дастанға.

Тіл қаттың бірде жай қоңыр,  
Түсіріп төмен көзіңді.

Қуаттамадың әйтеуір  
«Үйленсек!» деген сөзімді.

Бір селкеу түсті сезімге,  
Екеуміз екі бөліндік.  
Әжемнің тірі кезінде  
Түсіре алмадым келін қып.

Ұстатпас шұғыла құсаң да,  
Білмеймін қалай болғанын.  
Құшағыма қысып тұрсам да,  
Жеткізбей кеткен арманым.

\* \* \*

Жар құштық, бала сүйдік екеуміз де,  
Жаз келді. Көктем өтті. Жетер күз де.  
Жарықта күнді іздеген жолаушыдай  
Жәутеңдеп бұл жалғаннан өтерміз бе?!

Өртеніп махаббаттың маздауынан,  
Өмірде шырқалатын аз ба бұл ән?  
Тағы бір өмір болса кездесерміз,  
Тағдырдың ешкім қашпас жазғанынан.

Беу, шіркін, шарпығанда өзімді арай,  
Көрмедің асылымды, көзім, қалай?  
Құлы боп шықтай мөлдір тазалықтың,  
Өртеніп кете барған сезімдер-ай!

Өзіңсіз атырамын таңдарымды,  
Бір сәуле төгеді әлі жанға нұрды.  
Аялап салғым келді алақанға  
Басқа үйдің отын жаққан қолдарыңды.

\* \* \*

Ойымды түгел шырмап алғансың,  
Мен ақын болсам, жыр да болғансың.  
Мен ара болсам, бал-шырынымсың,  
Мен самал болсам, талшыбығымсың.





Ұйықтамаймын өзің барда,  
сен – аяулым, аяулым!  
Қалғытпаймын дүниені  
мен ояумын, ояумын.

\* \* \*

Міне, тағы кездестік сен екеуміз,  
Бірімізге біріміз дәнекерміз.  
Ертең осы сәттерді жыр етеміз,  
Ертең осы сәттерді ән етеміз.  
Тіршіліктің заңымен күні ертең-ақ  
Өткелінен өмірдің әрі өтерміз.

Өкінбе сен, мен-дағы өкінбеймін,  
Қадіріңді ешқашан кетірмеймін.  
Желқайыққа міндік те батып кеттік,  
Тәуекелге бара алар бекінбей кім?!

Сен есіме түскенде елең етем,  
Өмір бойы жолыңа қарап өтем,  
Шақырады қол бұлғап бала мекен.  
Неге екенін өзім де түсінбеймін,  
Сен дегенде көңілім ала бөтен.

Көңілімді оятып көктемімен,  
Зулап уақыт тоқтамай өткенімен,  
Қызық өмір, жан сәулем, біле-білсең,  
Қайталанбас ғажайып сәттерімен.

Сезіміңмен жанымды сен жылатпа,  
Кетіп қалдым жел айдап мен жыраққа.  
Ұқсамайтын басқаға хор қызысың,  
Сен жүрген жер мен үшін тең жұмаққа.

## ЕСІМДЕ МЕНІҢ

Есімде менің сол көктем,  
Ессіз сезімге шөлдеткен,  
Есіркеп аспан, еселеп құйып тәтті  
Жауынды селдеткен.  
Естілген сонда екеумізге де жер-көктен  
Балапан-қайыңның іңгөлаған даусы  
Жөргектен.

Есімде менің,  
Көрсетті Аспан, Жер кеңдік,  
Көктемнің кеші, төңірек толы көркемдік.  
Жүздік біз сол түн өмір-өзенде  
Махаббатымызды желкен қып,  
Сезімімізден серт өрдік.  
Өртендім мен де, өртендің сен де,  
Өртендік.

Ұмытылар қайтіп  
Көктемгі жаңбыр төккен жыр,  
Табиғатымның – Төңірімнің өзі сепкен нұр!  
Есімде менің көктем бір,  
Көктем бір және  
Көздерің сенің мөп-мөлдір.

## ҚЫСҚЫ ҚИЯЛ

Сенімім қағып қанатын,  
Сезінем таңым атқандай.  
Сезімнің жегіп пар атын,  
Сенімен келе жатқандай.

Ақ қарға жуып бетіңді,  
Келесің асқақ мүсінде.  
Ақ түтек ойлар секілді,  
Ақ түтек боран ішінде.

Секілді дала күй елі,  
Сөйлейді боран не тілмен?!  
Долана-ернім сүйеді  
Домбыққан алма бетіңнен.

Аяулым өзің, жақұтым,  
Аймалай берем бір қанбай.  
...Қар емес, менің бақытым,  
Бақытым борап тұрғандай!

### АЙНАМКӨЗ

Өртеніп өлең өрдім мен,  
Екеуміз көрдік билеп те.  
Мөлдірім, сенің ерніңнен  
Жоқ шығар тәтті жидек те.

Махаббат атты сезіммен  
Оралдық біздер мақпалға.  
Түнгі аспан тұнған көзіңнен  
Өзімді іздеп тапқанда.

Көзіңнен көріп өзімді:  
«Айнама...» – деп қалдым баяу мен.  
Айтылған сол бір сөзімді  
Айтпасам-дағы аяулы ең.

Бал-өмір бізді шақырды  
Құшағын бақыт жайған кез.  
Айтсам ба сенің атыңды  
Айқайлап тұрып, Айнамакөз?!

Кездесіп саған көктемде,  
Жырыммен салдым сурет.  
Өзіңе ғашық еткен де  
Атыңмен аттас құдірет.

## ӘН

Көңіл-көліме жалтырап тұнған  
 Сұлулық салса өрнегін,  
 Жұлдызымды мен жарқырап тұрған  
 Айлы түндерде көрмедім.

Сәулелі, нұрлы, о, рақат күндер!  
 Сезімді неге бойладың?  
 Әуре қып ұлды қарақат түндер,  
 Көзімді неге байладың?

Арайыменен жарасып таңның,  
 Бақытым құшақ жайғанда  
 Аққуымнан мен адасып қалдым,  
 Қайығым қалды қайраңда.

Ай мен Күннен сұрадым қанша,  
 Сыр тарттым көктен әр уақыт,  
 Өзіңді сүйген бір ару болса,  
 Өмірде мынау сол – бақыт.

## ЕЛІГІМ

*Әні Б. Әшірбаевтікі*

Тарқатылған бұрымың,  
 Шөлім қанбас шырыным.  
 Махаббатым, тағдырым,  
 Сенсің менің ғұмырым.

**Қайырмасы:**

*Айдай сұлу керімім,  
 Елең еткен елігім.  
 Қарақаттай жанарың  
 Бүлдіргендей ерінің.*

Айдындағы аққуым,  
Бүршік жарған ақ гүлім.  
Сағынышым, жан нұрым,  
Қуанышым, шаттығым.

*Қайырмасы.*

Бағым жанған күндерім,  
Лағыл жауған түндерім.  
Нағыз бақыт мен үшін,  
Жаным, сенің күлгенің.

*Қайырмасы.*

## САҒАН

Өлеңнің ну орманын араладым,  
Жүзімді сәруары өпкен самаланың.  
Жүрегімді жаулаған махаббатым,  
Еліктей елең етіп қарағаның.

Уақыттың нұрын сүйдім кәусарынан,  
Кеудемнен ұшып-қонды қанша жыр-ән.  
Сағынып сүйген жанды махаббатын  
Бір Аллаһ айырмасын Аңсарынан.

Орлардан арғымағым қарғымас қай,  
Түндерім аялады таңға ұласпай.  
Отырып қаламымды Айға малып,  
Жыр жаздым мәңгілікке қалғымастай.

Өлеңнің өзенінде жүзіп келем,  
Бетінен тұңғиық гүл үзіп көрем.  
Мен де өтермін өмірден, Махаббатым,  
Саусағыма сен салған жүзікпенен.

**СЕНДІМ...**

Жарқылдап тұрған жаныңа сендім,  
 Ақ қардай таза арыңа сендім.  
 Жаратқан Тәңірім, Жасаған ием,  
 Бұ дүниеде барыңа сендім.

Тұмадай тұнық көзіңе сендім,  
 Жүректен шыққан сөзіңе сендім.  
 Айырылмас жолға аттанған бірге  
 Өмір-сапарда өзіңе сендім.

Қылықты, көркем ажарыңа сендім,  
 Балалы болғанда базарыңа сендім.  
 Наздана күлген назеркем менің,  
 Назарыңа сендім, ғажабыңа сендім.

Меңіңе сендім, қалыңа сендім,  
 Жапырақ жайған бағыңа сендім.  
 Кешіңе сендім Айымдай нұрлы,  
 Күнімдей жарық таңыңа сендім.

Пүліштей бұйра шашыңа сендім,  
 Қынадай қою қасыңа сендім.  
 Таңдағы шықтай мөлдіреп тұрып  
 Жастыққа тамған жасыңа сендім.

Ашылған гүлдей ерніңе сендім,  
 Еліктей ерке көңіліңе сендім.  
 Айдынды көлдің толқынында жүзген  
 Киелі аққудай өміріңе сендім.

**ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ**

Қызыл қайың, ауылдың көркі едің сен,  
 Қуанушы ем көктемде ерте күлсең.  
 Жанарыма жапырағың жарық беріп,  
 Өзегімді жандырып, өртедің сен.

Қызыл қайың, нұрландым атап атын,  
Көрген сайын сезімім от алатын.  
Сені көріп оянды бойымдағы  
Бойжеткенге алғашқы махаббатым.

Бұл күндері шалдар жоқ бата алатын,  
Әжелер жоқ төгетін шапағатын.  
Қайыңдының сайында өзің барсың,  
Бала шаққа жетелеп апаратын.

Қырат жатты тағып ап орден-гүлін,  
Алғаш сені есімде көрген күнім.  
Сезімімді ояттың бір көргенде,  
Сұлу қызға ұқсаттым өрген бұрым.

Қызыл қайың, не деген әдемі едің,  
Әсем қыздың әдемі әлемі едің.  
Құсжолынан жұлдыздай жауып түскен  
Ақын ұлдың алғашқы өлеңі едің.

Бойжеткеннің сезімі шүпілі едің,  
Бозбаланың жүрегі лүпілі едің.  
Мен бармап ем, сен ендің түсіме кеп,  
Жылдар бойы өзінді күтіп едім.

Қызыл қайың, қылықты, ерке қайың,  
Саған түнде бар сырын шертеді Айым.  
Сырғаларың сыңғырлап өсе бер сен,  
Өлеңіммен өзіңе ен тағайын.

Қызыл қайың, бұл өмір келмес кейін,  
Жерлес деймін, қасыңнан мен көшпеймін.  
Қоңыраулатып шерт маған дала күйін,  
Сен солмасаң болғаны, мен де өшпеймін.

\* \* \*

Келіңдер менің тойыма,  
Ақ көңіл, адал достарым,



Жұмысты тастап жайына,  
Қосылсын түгел бастарың.

Мың сан дөң сонда дөңбекшіп,  
Қызғалдақ жанған қыр алуан.  
Белдердің бетін кернеп шық,  
Оқылсын сонда жыр алуан.

Тоғайлар тұрсын соны аулап,  
Құлағын тосып құдіретке,  
Таңғалсын таулар манаурап,  
Болмаған тойға бір рет те.

Сайларды, самал, кет кеулеп,  
Бұлақтар, күліп, жүгір өт те,  
Ақ бұлттар жүзсін көк кернеп,  
Түсердей бейне суретке.

Тау іші мөлдір көл қайнап,  
Қаптасын қалың қарағай.  
Желегі жасыл желге ойнап,  
Жүгірсін талдар баладай.

Шомсын бір ойға шоң орман,  
Сағынған ұлын анадай,  
Құшайын көңілін ағарған  
Жаныммен сол сәт даладай.

Қайыңдар, аппақ қайыңдар,  
Олар да сырын ақтарсын.  
Теректер оқып ойымды әр,  
Айтуға жатқа оқталсын.

Алуан ән тыңдап фәни бақ,  
Сол тойда сан күй ойналар.  
Айналып жырға табиғат,  
Табиғатқа өлең айналар.

## КӨЗ АЛДЫМДА

Көз алдымда Шыңғыстың боз кілемі,  
Абай көрген таулардың тозды реңі.  
Жанарыма ақша бұлт ұя салып,  
Жамалымды желпиді жазғы лебі.

Көз алдымда ағады Қасқабұлақ,  
Ағысының екпіні басқа бірақ.  
Шертетіндей мұң-шерін баяу ғана  
Тау да өксіп, мұндағы тас та жылап.

Көз алдымда көк бекет Мұхтар көрген,  
Қалың шілік сиреген, шыққанда өрден.  
Қажы атамның сұрайын қазынасын  
Шөкәрімнің ойларын тыққан көлден.

Көз алдымда туған жер, Абай елі,  
Қажымас өзгерсе де қалай өңі?  
«Іші – алтын, сырты – күміс» сөзден соққан  
Бұл өлке өлең-жырдың сарайы еді.

Көз алдымда көрінді Саржалым да,  
Біздің ауыл қол бұлғап ар жағында.  
Алыс жерден мауқыңды басу үшін  
Оралудың өзі де олжа мұнда.

\* \* \*

Шырқап салған дала әні,  
Шықпас сурет – бәрі естен.  
Тау өзені ағады,  
Жағасында тал өскен.

Асығады арманға  
Тау өзені тасыған.  
Буырқанып арқам да,  
Мен де алысқа асығам.

Қайда кетіп барамын,  
Көзімде Күн дөңгелеп?  
Кезіп төсін даланың,  
Құямын ба көлге кеп?

Қонған құстар – әнші көп,  
Тал бұрымын өргенмін.  
Тамармын ба тамшы боп  
Таңдайына шөлдердің?

Шаһар күйін тартамын,  
Гүлдентермін қаланы.  
Жайылармын, тарқармын,  
Жайнатармын даланы.

Ай еріген бал түннен,  
Құсжолынан мені ізде.  
Қосылармын, бәлкім, мен  
Шөліркеген теңізге.

Алып өзен көшінде  
Аунармын да қунармын.  
Көк мұхиттың төсінде  
Толқын болып тулармын.

Күндіз-түні көз ілмеймін,  
Сезім сүйіп, ойланып,  
Шексіз уақыт, мен білмеймін,  
Бара жатыр қайда алып?

Бір тылсымға көрмеген  
Қаламын ба байланып?  
Кетемін бе әлде мен  
Ақша бұлтқа айналып?

Зулап уақыт өтуде,  
Теріс кетсем айт, өмір,  
Қара жердің бетінде  
Ағып барам өйтеуір.

\* \* \*

Күндер өтіп барады, күндер өтіп,  
Өлең жазып отырмын түнделетіп.  
Жеріміздің байлығын іске асырып,  
Елімізді алсақ қой іргелі етіп.

Сөнді ме екен біреудің жан шырағы,  
Түнгі аспаннан жұлдыз-жас тамшылады.  
Жалғандығын көрген соң бұл жалғанның,  
Жүрегімнен, жыр емес, қан шығады.

Кеше ғана бар адам бүгін ғайып,  
Таға аларсың қалайша ғұмырға айып?  
Бүгін бақыт сыйлаған тағдырыңыз  
Тұрады ертең қайғы мен мұңын жайып.

Бірде олай тірлік-ай, бірде бұлай,  
Түсіне алмай барлығын жүргенім-ай...  
Әжем марқұм айтатын: «Адал бол, – деп, –  
Беретінін біледі кімге Құдай».

Адал болып келемін шын ниетпен,  
Сыр ұғамын уақыттан сырғи өткен.  
Тіршілік-ай, біреуді күйкентай қып,  
Біреулерді тырнақты қырғи еткен.

Бозторғай қып біреуді шырылдатқан,  
Көңілді етіп біреуді күлім қаққан.  
Жақындасаң алатын жан алқымға,  
Біреулерді ит етіп ырылдатқан.

Түлкі-заман күніне мың құбылған,  
Шала алмасаң тазы боп жыңды қылған.  
Ашкөзденіп, Алматым, барасың ба,  
Кейде сенің қорқамын ындыныңнан!

Ауылымды ойлаймын шалғайдағы,  
Сонда бабам ат жегіп, арба айдады...  
«Көппен көрген – ұлы той», біз де өмірде  
Жазылғанын көрерміз маңдайдағы.

## МЕНИҢ ДАУЫСЫМ

Мен шыр етіп туған кезде даусымды  
Естідің де, кең дүние, құшағыңа қаусырдың,  
Сол дауысым сан алуан жер көріп,  
Ғалам кезіп келе жатыр жел болып.  
Аққу болып сұңқылдады, қаңқылдады қаз болып,  
Бауыр басты теңіз қонып, көл қонып.

Бұлбұл болып оятты бау-бақтарды,  
Көкек болып тоғайға сыр ақтарды.  
Ұлар болып тау басына ұя сап,  
Бозторғай боп көк төсіне тақты әнді.

Қаршыға боп қара жерден күй ілді,  
Қыран болып зау биіктен шүйілді.  
Кең даланы емді бүлк-бүлк бұлақ боп,  
Су қасында мәжнүн тал боп иілді.

Жапырақ боп сыбдырлаған секілді,  
Жартас болып таудан құлап өкірді.  
Қобыз болып өксіп қойып кей кезде,  
Домбыра боп саз шығарды не түрлі.

Тұлпар да боп дүсірлетті даланы,  
Үнсіз ғана шайып кетті сананы.  
Ұшақ болып тіліп өтіп аспанды,  
Машина боп аралады қаланы.

Боран болып ұйтқыды ақпанда,  
Қоян болып із де салды ақ қарға.  
Қасқыр болып көкке қарап ұлыды  
Қара түннің қабағына Ай қатқанда.

Менің даусым, айтшы, қайда бармады?  
Жұлдыздарды жанап өтті, ғарышты да шарлады.  
Толқындары таусылмайтын, сарқылмайтын ауасы,  
Жартастары жаңғырығар қара жерді таңдады.

Мен – адаммын, менің дауысым ғасыр кезді қаңғырып,  
Келер күндер айтар оны ән қылып.  
Сол дауысым қалу үшін құлағыңда жаңғырып,  
Ей, дүние, саған өлең оқимын мен мәңгілік.

\* \* \*

Өзгені емес, өзіңді таны, өзіңді,  
Өткізбе бекер қайта оралмайтын кезіңді.  
Өткеннен кейін өзегін өртеп өкініш,  
Өлтіріп алып өзіндегі ыстық сезімді,  
Танымай өзін қаншама адам көз ілді.

Өзгеде емес, өз әлемінде бар бәрі:  
Құдайдың берген бақыты, бағы, арманы,  
Мұхиты мұңның, қайғының қара орманы,  
Қараңғы түнде қапаста қалған шағында  
Шақырып тұрған шаттықтың жарық шамдары.

Өзгеде емес, өз әлемінде бар бәрі:  
Өрмекші-өмірдің көлденең құрған торлары,  
Шығудың одан шырғалаң, шиыр жолдары,  
Қарайлап батар көгілдір көркем кештері,  
Арайлап атар өмірдің өрт өң таңдары.

Өзгеде емес, өз әлемінде бар бәрі:  
Тар иығыңа тағдырдың салған салмағы,  
Өлеңнің, жырдың, ән менен күйдің алуаны,  
Сарабал ойдың сары алтын кені бар сенде  
Таңдайын қағар таланттың небір тарланы.

Өзгеде емес, өз әлемінде бар бәрі:  
Толқын бар сенде толқыса бұзар арнаны,

Ақтық бар сенде шың басындағы қардағы,  
 Шуақ бар сенде күлімдеп шыққан Күндегі  
 Жібитін Жердің мың сан жыл бойғы тоңдары.

Өзгеде емес, өз әлеміңде бар бәрі:  
 Асқақтығы таулардың,  
 Шафқат түрі баулардың;  
 Шарпыған шалқарлы үні ақ самалдардың,  
 Шалқыған дархандығы патша даламның;  
 Ақша бұлттардың баяу қалықтағаны,  
 Таңғы шықтардың ұйқылы-ою шалықтағаны;  
 Өзеннің күлім қаққаны келбетінің,  
 Діріл қаққаны көл бетінің,  
 Өндірі гүлі қыраттың,  
 Мөлдірлігі бұлақтың.  
 ...Келген кезде мынау жарық дүниеге  
 Сол үшін де ата-анаңды қуанттың.

\* \* \*

Болмасақ, біз де болармыз,  
 Дүниені көзбен шолармыз.  
 Айналып барып аспанды,  
 Ай болып тауға қонармыз.  
 Маңдайға жазған балаң қыз,  
 Бақ болып саған қонармыз.  
 Көрімдік беріп көктемдер,  
 Сарқытын беріп сараң күз,  
 Тіршілікте біз адамбыз.  
 Өлген соң бұлтқа айналып,  
 Жаңбыр боп, бәлкім, жауармыз.  
 Сусап бір тұрған қайыңнан  
 Жанымызды іздеп табармыз.  
 Бәлкім, бір шырқап бипаз өн,  
 Бетеге басын сипаған,  
 Беткейден ескен самалмыз,  
 Жырымызды да жазармыз,  
 Мұңымызды да шағармыз.

Жұлдыз боп жанып, ғаламға  
Құс жолынан әлде қарармыз,  
Тамшы-шық болып тамармыз,  
Бұлақ боп, бөлкім, ағармыз.  
Ыстықтармыз, тоңармыз,  
Өртенерміз, жанармыз.  
Пәтуасыз мынау жалғанға  
Жыр болып қайтып соғармыз.  
Өкпелеп кейде қалармыз,  
Табысып қайта алармыз,  
Бәдәуи жердің қойнынан  
Мәңгілік қоныс табармыз.  
...Өмірге қайтіп қанармыз?!  
Кінәні кімге тағармыз?!  
Қанатты пыраққа айналып,  
Соғармыз, дүние, саған біз.

\* \* \*

Шілде айы. Ақпанды сағындым,  
Жер-батырға ақ кіреуке кигізген ақ қарды сағындым.  
Ақ моншақ, ақ білезік тағынған  
Аққудай бақтарды сағындым.

Шілде айы. Ақпанды сағындым.  
Ауылдағы ақ әлем шақтарды сағындым.  
Алысып ауыздығымен, ақ борандарға қарсы аққан  
Ат шананы сырғыта тартқан аттарды сағындым.

Аппақ түске боялған, таңда оянғанды сағындым,  
Суықта аспандап ұшқан торғай-арманды сағындым.  
Бұтаны селк еткізіп, моншағын шашып,  
Ақ қарға із сала қашқан ор қояндарды сағындым.

Бұлқынып жатыр көк мұздан шыға алмай көлім,  
Ағаштар киіп ақ шілтер тұрар көйлегін.  
Мөп-мөлдір, күміс, оюлы айшыққа толы  
Қарашаңырақтың сағындым қыраулы әйнегін.



**ҚОҢЫР ҮЙРЕК**

Қалмастан тілсіз жауға жаны күйреп,  
Каперсіз, су бетіне салып ирек,  
Көрдім мен, кетпейді әлі көз алдымнан,  
Уланған көлде жүзген қоңыр үйрек.

Қоға да, жағадағы қамыс та улы,  
Қосылған бұлақтағы ағыс та улы.  
Балапан кезінде-ақ бұл үйректі  
Дегелең дүмпулермен таныстырды.

Тұратын қалың қамыс бүркеп, қорып,  
Өсті ол көл бетінде үркек болып.  
Биікке ұшушы еді бір кездері,  
Шалдығып, соңғы кезде жүр көп қонып.

Мойылдай жанарына нұр сіңді Айдан,  
Қалайша у сәулені жусын бойдан?  
Саржалдың сағымына жүр шомылып,  
Қайнардың қасіретін білсін қайдан?!

Көзінен үңілген жан мұңды көрер,  
Оны бір көрген адам шындық өрер.  
Өн бойы сәулеленген қоңыр үйрек,  
Өлсе де, туған көлге сүңгіп өлер.

\* \* \*

Күн сәулесін қою бұлт көлегейлеп,  
Қорғасындай төбемнен төнеді ой кеп.  
Сонадайдан көзіме шалынады  
Таулар киген боз көйлек, көне көйлек.

Жер қуарып, шөп сиреп, су тартылған,  
Дем шығады қапырық мылқау қырдан.  
Ақ қан болып ауырған туған далам,  
Айығасың сен қашан бұл қалпыңнан?!

Өксіп-өксіп жетімек тал жылайды,  
Қайғы жұтып, қарт денең қалжырайды.  
Алыс жерде өткізген бір жылым да,  
Сенде өткізген бір күнге арзымайды.

Арқау болып келбетің көп өлеңге,  
Қайта түлеп қырларың көгерер ме?  
Дерттенсең де, қырық жыл өрт көрсең де,  
Перзент үшін сендей жер жоқ әлемде.

Төздің, туған мекенім, сан азапқа,  
Меңдеп алған дертіңе дауа жоқ па?  
Келген сайын қан жылап жан-жүрегім,  
Қайтып жүрмін қайғы алып қала жаққа.

Қасиетсізге қадірің білінбеген,  
Жатжұрттықтар тәніңді тілімдеген.  
Айғыз-айғыз аяулы жүрегіңді  
Өмір бойы емдеймін жырымменен.

### ҚЫРАУГҮЛДЕГЕН

Күн шайдай ашық, аспанда жоқ,  
жоқ қылау да,  
Кім жаудырды екен күмістей  
бақ-бақты бауда?  
Қараша күзде тал-тоғай  
гүлдеп тұрғандай,  
Ағаштың басы малынып  
аппақ қырауға.

Қайталанбайтын бұл неткен  
көрініс еді,  
Тұнық бұлақтан сіміріп  
елік ішеді.  
Қыраугүлдеген. Күзгі таң.  
Таудың бөктері.

Байқамағанмын қалайша  
өмірі сені?

Жүрекке таққан келемін  
тұмар жырменен,  
Алыстап бізден барады  
құнан күн деген.  
Қараған басы аппақ боп,  
селеудің түбі,  
Таудың беткейі құлпырып,  
Қыраугүлдеген.  
Сілкін, шабытым, қалды артта  
мұнар күн деген,  
Қыраугүлдеген, ақкүміс  
Қыраугүлдеген.  
Табиғат-ақын, сен мені  
таңдай қақтырдың,  
Қасқайып өскен тас жарып,  
шынар жырменен.  
Қыраугүлдеген, Қыраугүлдеген...

### ҚАЛА ИТТЕРІ

Қала иттері үреді күнде, түнде,  
Ашу-ыза көрініп тұр бетінде.  
Мен емес қой сендерді бұғаулаған,  
Ұру әлде жазылмас індетің бе?!

«Қала иттері, айтыңдар, бар ма шағым?»  
Деген оймен мен ылғи арбасамын,  
Үреді олар, шырқайды далбаса әнін.  
Еттен қалған сорпаны ішіп жатып,  
Қылғып жатып қалдығын колбасаның.

Ызаланып, бұлқынып жарымес халде,  
Жанай басып өткенде жармасты елге.  
Анау үйдің қасында бір төбет ит  
Қарап маған үреді, қарны аш па әлде?!

Тақыл-тұқыл тамаққа тоймақ қайдан,  
Қатты үруден басқа түк қалмапты айлаң.  
Бір-бір итті, қарашы, бір-бір үйге  
Тағдыр неткен қатыгез байлап қойған.

Қала иттері. Үрді. Ұру – дертіне тең,  
Самалы боп ауылдың желпіп өтем.  
Абайлардың кезінде тышқан аулап  
Жүрген иттер бұлардан еркін екен.

Қарғыбаулар, шынжырлар жоғалсын бар!  
Өштеріңді солардан аларсыңдар.  
...Босатсам деп бөріңді оқталамын,  
Сендер бірақ өзімді қабарсыңдар.

## КӨШЕ СЫПЫРУШЫ

Қапырық леп еседі,  
Қалада осы жай-жапсар.  
Тазалайды ылғи көшені  
Қисая басқан шойнақ шал.

Айғыздап кеткен көшені,  
Адамдар да жоқ ағылған.  
Өшеді іздер кешегі,  
Суреттей сәтсіз салынған.

Көп қабатты үйлер қалғып тұр,  
Сыпырғыш үнінен күй ұғып.  
Жүр шалың қағаз-қалдықтың,  
Қоқыстың бөрің сыпырып.

Жүректен төгіп ой-ақық,  
Қартайса-дағы сыр бермей,  
Сырылмен таңды оятып,  
Сыпырып түнді жүргендей.

Езуден қуып күлкіні,  
Ойланады шырт түкіріп.  
...Өзін де Уақыт бір күні  
Тастайды-ау, өттең, сыпырып.

## БОРАН

Жаяу түгіл, жүре алмайды атты адам,  
Жүру қайда, шыға алмайсың қақпадан.  
Жауған қардың аяғын жерге тигізбей,  
Алып қашады ақ боран.

Дала төсін аппақ түтек көш басты,  
Көзін жұмды, тау да көкпен қоштасты.  
Соқты боран екіленіп, екпіндеп,  
Аспан мен жер астасты.

Соқты боран шығарып бір күшті үнді:  
Ызаланды, лаң салды, ышқынды.  
Ұйытқыды, ұзақ түнге ұлыды,  
Гүілдеді, уілдеді, ысқырды.

Жынданғандай сақ-сақ күлді, ақырды,  
Жерді жауып, көкке шапшып, атылды.  
Алай-түлей, астан-кестең, у да шу,  
Ақ әлемді әрлі-берлі сапырды.

Өзеуреді, өректі, өкірді,  
Зікір салды, зөрені алды, зекірді.  
Айқайлады, аттан салды, жылады,  
Уһіледі, үн шығарды не түрлі.

Таң алдында шаршап боран ендікті,  
Тынды сосын, өкпесі өшіп, мертіккі.  
...Ертесіне аспан шайдай ашылды,  
Ештеңені көрмегендей Жер тіпті.





Біздің жақта қыс суық. Тұзақ кімге?  
Қалжырамай қарттар жүр ұзақ күнге.  
Атқа мініп аттанса көрші ауылға,  
Өзіменен алмайды құжат бірге.

Еркін жүрген жігітке нұр жауады,  
Ат шанамен ақ қарға жыр жазады.  
Қалтасына салмай-ақ төлқұжатын,  
Бірін-бір таниды қыр қазағы.

## ҚҰСЖОЛЫ

Құсжолы жанның арманы дерсің,  
Арманның жанған шамдары дерсің.  
Асылып жатқан зерлі орамалды  
Ақиық шыңның заңғары көрсін.

Құсжолы көктің алқасы дерсің,  
Аспанның тура ортасы дерсің.  
Бұл ғажайыпты ғашық көзімен  
Жігітті сүйген қалқасы көрсін.

Шырақтар қызыл, ақ, сары мұндай,  
Құсжолы жұлдыз патшалығындай.  
Көріп пе ең сағым дала төсінде,  
Аспанның асыл от-сағымындай.

Пайымдағанға парқы ашылмай көп,  
Жұлдыз елінің картасындай боп,  
Адастырмайды қанаттыларды,  
Құстардың түнгі компасындай боп.

Жұлдыз боп көкте шашылар өлем,  
Осы болар-ау көші-қон деген.  
Адамдар түгел жатқанда ұйықтап,  
Ұшады құстар осы жолменен.



Құсжолы менің жырларым дермін,  
Түнгі аспан тұнған сырларым дермін.  
Жағасында тұрып мөлдір айдынның,  
Таңдай қаққанын тыңдадым көлдің.

Өткеннен жеткен шайырдың сөзі –  
Құсжолы – менің ойымның көзі.  
Шашылған жұлдыз шуағын төккен,  
Қазақи думан-тойымның өзі.

Адамзат, көктің нұрын көріп іш,  
Ғаламзат түннің сырын бөліп іш.  
Әрбір көргенде қайталанбайтын –  
Құсжолы неткен сұлу көрініс?!

### БҰЛБҰЛ

Бұлақтардың сылдырын,  
Жапырақ-сырға сыңғырын,  
Әннің әсем әуезін,  
Күйдің ғажап күмбірін  
Көмейіне сыйғызған,  
Сайра, сайра, бұлбұлым!

Тірілердің тірлігін,  
Бүкіл дүние шындығын,  
Әнге қосып жырлаған  
Тіршіліктің сыр, мұңын,  
Сыйып кеткен бар әлем  
Көмейіне мың бір үн,  
Сайра, сайра, бұлбұлым!

Сенің даусың, бұлбұлым,  
Түннің түрген түндігін.  
Құлақ тосқан төрт мұхит  
Және алты құрлығым.

Сансыз сәуле қаптаған,  
Күн де сенен бақ тапқан.  
Алтын арай аппақ таң  
Сені өзіне мақтатқан,  
Сайра, сайра, бұлбұлым!

Көкірегімді аршышы,  
Табиғаттың әншісі.  
Таңдайыңа тамғандай  
Тәңірінің үн тамшысы.  
Титтей құсым, өзіңсің –  
Атар таңның жаршысы,  
Сайра, сайра, бұлбұлым!

\* \* \*

Аспан – ұлы суретші, неткен құдіретті едің?!  
Күннен алған ғажайып бояуларыңмен  
Сен салған бұлт-суреттерің  
Жатыр менің астасып ой-арманыммен.

«Сұлу әйелдер – бар жанның шұғыла-арманы...»  
«Сары күздегі алтынжал Сібір орманы...»  
«Көгілдір үміт. Көк теңіз. Кеме күйреген...»  
«Халықтың салты, дәстүрі, мұңы мен зары...»

Леонардо да Винчи, Врубель...  
Шишкин, Суриков...  
Куинджи.  
Айвазовский.  
Қастеев. Телжанов... – ұлылар бәрі  
Сурет салуды сенен үйренген.

## ТҰЛПАР

Алдын бермес керменің,  
Құйрық-жалы төгілген,  
Сендей тұлпар көрмедім,  
Қолтығы шапса сөгілген.

Алдын бермес бөйгенің,  
Шапқан сайын ашылған,  
Дөңгелентіп дала ой-белін,  
Тұяғынан ұшқын шашылған.

Арғымаққа тән бітіммен,  
Шалқұйрық кейде сияқты ең.  
Тайбурылдан қалған тұқым ба ең,  
Құлагерден қалған тұяқ па ең?

Алты айшылық жерлерді  
Алты күн жүрген асылым.  
Жүлдені талай өңгердің,  
Алшысынан түсіп асығың.

Аспанда Күн мен Ай көрді  
Шашылған нұрға тұрқыңды.  
Көргенде қауым бейнеңді  
Делебесі қозып сілкінді.

Жарысса озған желден де,  
Сағымды артта қалдырған.  
Атқұмар менің кеудемде  
Намыстың отын жандырған.

Көкірегімдегі күйді оят,  
Басылмай сілте сауығың.  
Сауырыңа қамшы тимей-ақ,  
Жазыла шаптың бауырың.

Шап, көне, асау тұлпарым,  
Қазақтың өткен бағына.  
Самғасын көңіл-сұңқарым,  
Шабыт бер ақын жанына.

Жабылар жете алмайтын,  
Құс қанат менің пырағым.  
Өмірге шөлім қанбайтын,  
Қанғандай болды құмарым.

## КӨК ӨЛЕҢ

Көктем сүйді бетімнен,  
Көтерілдім, көкке ұштым.  
Мен де сүйдім шетіңнен,  
Көктем түстім, көк түстім.

Жүрек сыйлап жүз жанға,  
Көкірегіме бастым мен.  
Көк көйлекті қыздарға  
Құшағымды аштым мен.

Айырылып есімнен,  
Көк шалғынға аунадым.  
Көк бұлттардың төсінен  
Көк жаңбыр боп сауладым.

Көк таулардың басына  
Көк арша боп өрледім.  
Көк тазы ертіп қасыма,  
Көк айғыр боп терледім.

Көк езу шақ қалды артта,  
Көк бөрі боп кектендім.  
Көкөзек шақ қалды артта,  
Көк сағым боп өткен күн.

Көк шалғынның төсінде  
Мөлдіредім көк гүл боп.  
Көк аспанның төсінде  
Желбіредім көк ту боп.

Өмір енді басталды,  
Өмір әлі өткен жоқ.  
Көктет, көркейт жас талды,  
Беу, дүние көкпеңбек!

## БОЯУЛАР

Өзендер ағады – мұхитқа құям деп,  
Таулар тұрады – бұлттарды жиям деп.

Бұлттар көшеді – жаңбыр боп жауам деп,  
Даланың төсіне тамшы боп тамам деп.

Көлдер тұнады, аспанды көрем деп,  
Түнде Құсжолынан жұлдыздар терем деп.

Ормандар шулайды, жапырақ бұлғайды,  
Әнін бұлақтың гүлдер тыңдайды.

Самал еседі шалғынды билетіп,  
Құстар сайрайды ән-жырды үйретіп.

Түндер сыйлайды Айды әкеліп,  
Таңдар атады Күнді көтеріп.

Тасқа тіл бітеді қызыл қына боп,  
Дала жатады бәріне куә боп.

## ӨМІР ЗАҢЫ

Көз алдымда аспан көшті, бұлт жылады, Ай туды,  
Біз үйрендік өткен күнге оймен ғана қайтуды.  
Жанарымда тұнды бұлақ, күн артынан күн келді,  
Көкірегіме қатты қысып, құштым ару түндерді.

Ақ қайыңды ормандарда арман бар ма ән ескен,  
Көк шалғында көз тұнады көкорайлы елестен.  
Қыраттардан жырақ қалған көшіп жырдың керуені,  
Қоңыраулатып бара жатар бала кездің серуені.

Бала кезім, қара көзім, оралмайсың сен маған,  
Құшағына алып қалды сені аялап кең далам.  
Жастық шағым, мастық шағым жыр оқыған лаулатып,  
Қаланың бір көшесінде қалып қойды шаңдатып.

Бала кезде бала болып, дуылдатсаң жас күнде,  
Әр асуды өз жөнімен, өз жолымен астым де.  
Біз де жігіт ағасы боп, шықтық қырық белеске,  
Бұл ендеше өмір заңы, нағыз бақыт емес пе?!

## ТҮНГІ КӨБЕЛЕКТЕР

Түнгі көбелектер,  
Жынды көбелектер,  
Қанаты қайырылған  
Мұңды көбелектер.

Түнгі көбелектер,  
Күллі көбелектер,  
Ардан айырылған  
Гүлді көбелектер.

Түнгі көбелектер,  
Түрлі көбелектер.  
Көшеге байланып  
Жүрді көбелектер.

Түнгі көбелектер,  
Жынды көбелектер,  
Құнды қағаздардан  
Құнды көбелектер.

Түнгі көбелектер,  
Жынды көбелектер.  
Кінәлайсыңдар  
Кімді, көбелектер?

Түнгі көбелектер,  
Жынды көбелектер.  
Түнді мазақтап,  
Күлді көбелектер.

## ГҮЛ БАЗАРЫ

Қаламызда көбейді гүл базары,  
Гүлді көрсе ақындар жыр жазады.  
Мұнда келсе күледі-ау гүлді мүлдем  
Сатып алып көрмеген қыр қазағы.

Гүлдер, гүлдер өмірге көрік берген,  
Гүлмен үйге қуаныш еріп келген.  
Бойжеткенге сыйлайды шоқ-шоғымен  
Бозбалалар кеудесін желік керген.

Шықпай жүрсе ғашығың көп түсіңнен,  
Гүл сыйласаң, ойыңды нақ түсінген.  
Жігіт берген гүл шоғы оттай жанып,  
Жүрегіне қыздардың шоқ түсірген.

Біреу гүлді сыйлайды анасына,  
Біреу гүлді сыйлайды ағасына.  
Гүлбазарлар күндіз-түн көрік берген  
Атышулы Алматы қаласына.

Алуан түрлі табиғи нұрды сақтап,  
Сөзбен айтып жеткізбес сырды сақтап,  
Гүлдер бара жатады жүректі ертіп,  
Жүрек бара жатады гүл құшақтап.

Гүлдер жайлы аңызды күнде есітесіз,  
Гүлмен барған шығарсыз мың кешке сіз.  
Гүл шоғынсыз өтпейді туған күндер,  
Мерейтойлар өтпейді гүлдестесіз.

Мерекеде сыйласа гүлдестені,  
Көз алдыңнан кетпейді нұр көшкені.  
Ән кештері өтеді гүлге оранып,  
Гүл-гүл жайнап өтеді жыр кештері.

Қауыздары алқызыл жаңа ашылған,  
Ақиқат бар, сенбей көр, ал осыған,  
Еуропаға ертеде қызғалдақтар  
Барған екен қазақтың даласынан.

Голландия гүлдері жайқалады,  
Алуан түске боянып айтар әнді.  
Бір бекзада қолында барған сол гүл  
Көзін ашқан мекенге қайта оралды.

### ЖОҚШЫЛЫҚТАН АЛАСТАУ

Кімді болсын біздің халық  
көрмеп еді жатсынып,  
Алматының көшесіне  
қайдан келдің, жоқшылық?  
Базар барсаң қол жаяды  
бала емізген бір ана,  
Шыға берсең жәутеңдейді  
көзін ашқан көк шыбық.

Мешіт барсаң, Алла үйінің  
алдында отыр пақырлар,  
Жанарымен медет тілеп,  
дәл қасыңа жақындар.  
Дұғаға қос, Жасағаннан  
тіле олардың тілеуін,  
Садақанды бер соларға,  
мұсылмандық атың бар.

Шер асты табу үшін  
жарым күндік, бір күндік,  
Аспап алып, ән салады  
туннель-жолда бір мұңлық.  
Топталып ап жалаңаяқ  
көше кезген сорлылар  
Еріксізден тамағы үшін  
жасайды енді күнде ұрлық.



Оларға да берген Алла  
ар мен ождан, ой-сана.  
Табынады Мұхаммедке,  
сиынады Айсаға.  
Бірі – қара, бірі – сары  
болса-дағы мұңы бір,  
Тағдыр жазған мандайына  
жоқшылықты бейшара.

Ғаріп болған қай кезде де,  
сонау ықылым заманда,  
Байлық барда мұқтаждық та  
бірге жүрер әманда.  
Сол жоқшылық, сол тапшылық  
тамыр жаймай жойылсын,  
Қазағымнан аулақ кетсін  
айы-күні аманда.

Ешбір адам болжап білмес,  
күтер қандай жол алда,  
Жұмыс берсін екі қолға,  
тамақ берсін соларға.  
Көшемізде көрінбесін жүрек  
шаншыр жоқшылық,  
Пақырлардың барлығына  
несібесін бер, Алла.

Ата-бабам аттанбаған  
жолсапарға салмай ер.  
Қиналғанды көре тұра  
қолын созбас қандай ер?  
Адамзаттың ғасырлардан  
салған ізін зерделе,  
Халқы азбаса, жер тозбаса,  
гүлденеді сондай ел.



Ақ гүлдерді тергенмін,  
Ақ қыздарға бергенмін.  
Ақбоз атпен құйғытып,  
Ақбоз үйге келгенмін.  
Ақ кимешек киінген,  
Ақ ұршығын иірген  
Ақ әжемнің алдында  
Ақ көңілім иілген.  
Ақ арманым қыр асқан,  
Ақша бұлтқа ұласқан.  
Ақ дәптерім ашылған,  
Сезім сыры басылған.  
Сонау өткен ғасырдан,  
Ақыл нұры шашылған.  
Ақ сәлделі бабалар  
Ақиқатқа бас ұрған.  
Ақ көңілді Шығысым –  
Ақтарылған ырысым.  
Сүйем сені, Ақ дүние,  
Таусылғанша тынысым.

### ҚАРАЖАЛ

Жүректе туғанда елге махаббатым,  
Бастап ап туған жерге апаратын,  
Ауылға бара жатқан жол бойында  
Бір жал бар Қаражал деп аталатын.

Кеудеңе енгізердей самалы құт,  
Ойланып тұрғандай ол қарауытып.  
Көз тартар қалың шілік қапталынан,  
Сағынған жан дүниендей ән ағытып.

Тұрады қашан барсаң қарауытып,  
Қасынан өтеді жол орағытып.  
Сол тұстан өтсең болды-ақ, қарсы алдыңнан  
Жатады жазық маңдай дала күтіп.

Өзінде туған ұлың қала кеткен,  
Шақырсам оралар ма бала көктем?  
Көгершін күндер де ұшып баурайыңнан,  
Басыңнан талай-талай заман өткен.

Сен көрдің жарған атом бомбаларын,  
Қырларды айдаһар өрт жалмағанын.  
Бейнесі секілденіп жата бердің  
Ботасыз боздап қалған аруананың.

Сол апат, алапаттан қалдың аман,  
Қайғылы құлағыңда жаңғырады өн.  
Көзіңнің жасындай боп домаланып,  
Тастарың етегіңе сан құлаған.

Онда да сен Қаражал атанған ең,  
Тіршілік заңдылығы қатал деген.  
Айналған қазір бір-бір төмпешікке  
Ауылдың шалдары өткен ат арбамен.

Солардың көзін көрдің, өзін көрдің,  
Солардай бата берсең сезінгенмін  
Қырық жыл қырғынға да төтеп берген  
Бүгінгі ұрпағына төзімді елдің.

Қаражал, көрі жалым, не көрмедің,  
Өзгермей тұра берші, көнермегін.  
Сан рет әрлі-берлі құйындатып,  
Балалық шағым өтті сенен менің.

Қаражал – жазда нәрлі, қыста қарлы,  
Бауырыңа ап, барған сайын құш балаңды.  
Жүрсем де қай түкпірде, қасиеттім,  
Естимін сенен әр кез ұшқан әнді.

Балладалар  
МЕН  
ПОЭМАЛАР





## ТОҒЫЗАРҚАН

(Аңыз)

Жігіттер өсті елемей таңнан да ызғар,  
Бойжеткен осы жерде арман қыздар.  
Саласы аршаға бай тау ішінде  
Басына бүркіт ұя салған күз бар.

Баяғы батырларға, сан із қалған,  
Болыпты осы таулар нағыз қорған.  
Аршабай тауындағы сол күз жайлы  
Айтылып, ел аузында аңыз қалған.

...Бір сері осы жерді мекендепті,  
Көңілін аң мен құссыз көтермепті.  
Қиялап ұшқан бірде қыран көріп:  
– Баулысам балапанын екен, – депті.

Сонан соң жөнеліпті атқа мініп,  
Алдынан таудың сыры ақтарылып.  
Із шолды аңшы – жерде, бүркіт – көкте,  
Көз жазды сол қыраннан шатқа кіріп.

Күн сүйіп қынаптағы қанжарынан,  
Жақпар тас анталайды жан-жағынан.  
Алдынан шықты бір сәт шыңырау күз,  
Аңсары елес беріп ар жағынан.

Басына Ай сәулесін жия салар,  
Төбеден Күн де нұрын құя салар.  
Өрмелеп жылан-дағы шыға алмайтын  
Құз – осы нағыз қыран ұя салар.

Құз – осы қыранды алған құшағына,  
Көрмеген адам шығып ұшарына.  
Құсбегі аттан түсті, аңтарылып,  
Күреңін қалтарысқа тұсады да.

Басынан атқан талай таң таранып,  
Тұр құзды аршалы тау ортаға алып.  
Бұрын да құс ұстаған аңшы жігіт  
Қамданып шыққан еді арқан алып.

Бірақ та сұсты құздың күйі бөтен,  
Асқарға өрмелеу де қиын екен.  
Ұшады тік шаншылған көкке зеңгір,  
Қара құз шынында да биік екен.

Пана етіп жақпар-жақпар жарды қарсы,  
Әккі әдіс, құмарлыққа салды қамшы.  
Кірді де бір үңгірге бой тасалап,  
Қыранның кетер кезін аңдыды аңшы.

Күрең ат төмендегі ойда қалды,  
Селк етті, байғыз салды байбаламды.  
Қыранның ұшып шығар тұсын аңдып,  
Құсбегі ескі әдісін пайдаланды.

Аңшыға пайда бар ма құр жатқаннан,  
Кендірден арқан есті шумақталған.  
Кезінде үлкен бесін дүр сілкініп,  
Жарылып қыран ұшты бір жақпардан.

Көрді аңшы, көкейдегі әнді көрді,  
Көзімен сол бір тұсқа салды белгі.  
Жем іздеп самғап көкке ана-қыран,  
Кетті ұшып бауырына алып тауды, белді.



Шөл басты, аққан көзден балқып, қайнап,  
Сәт жақын аңшы жүрер шалқып, тойлап.  
Бір арқан жету қайда құз басына,  
Жалғады тоғыз арқан тартып байлап.

Айналта жасады да ірі шалма,  
Лақтырып ілді арқанды бір ұшарға.  
Жоқ кезде ана-қыран алу керек,  
Олжаның бар құпия, сыры сонда.

Тік құзға аңшы сол сәт өрмелеген,  
Аспан боп төбесінен төнген әлем.  
Қараса төмен жаққа бас айналар,  
Жер-дүние көз алдында дөңгелеген.

Қырандар мекендеген текті ұяға,  
Аптықпай сері жігіт жетті ұяға.  
Ұяда болып шықты қос балапан,  
Қанатын сермемен тек қияға.

Өрмелеп осындайда өкпе де өшпек,  
Жорығын санайды аңшы тек белес деп.  
Көргенде бүркіттің қос балапанын  
Өзінің екі ұлы кетті елестеп.

Қос бүркіт балапанын қапқа салып,  
Баулыса, бағып-қақса, бапқа салып,  
Болашақ қасқыр алар қыран бұлар,  
Олжаны дәл осындай таппасы анық.

Құсбегі ішке тартып демін алмай,  
Жылжыды арқан бойлап кері қарай.  
Дәу жартас шалманы ілген бір қараса  
Жарылып келе жатты бері қарай.

Бөлініп құздан жартас бара жатты,  
Әп-сәтте құсбегіні бара жапты.  
Сарт та сұрт, тасыр-тұсыр бұл сұмдыққа  
Күә боп тоғыз арқан ғана жатты.

Шыңырауда ажал болып тосқан апан,  
Жан-жаққа шашырады масқара қан.  
Аңшыны алып жартас басып қалды,  
Жаншылды, жан шығарды қос балапан.

Аңшымыз ада еді іске мығым,  
Төңір ме, табиғат па – істеді кім?!  
Айырылып ұясынан ана-қыран,  
Қос ұлы жетім қалды құсбегінің.

Тыныштық. Өтті күндер ағызар қан.  
Жалғанып бізге жетті аңыз арқан.  
Сол бір құз содан бері біздің елде  
Аталып кеткен екен Тоғызарқан.

### ҮШ КЕЛІНШЕК

(*Баллада*)

*Әжелерім Зейне Сүлейменқызы,  
Нұржамилә Садыққызы,  
Нұрқадыш Смағұлқызы рухына*

Шыңғыстау, бір перзентпін мен де саған,  
Қартадан әр жотаңды көрмес адам.  
Басында бір төбеңнің үш жартас бар,  
Күн бояп, мүсіндерін жел қашаған.

Сөйлейтін қара таста нышан бар ма?  
Дауысын жеткізейін ұшарларға.  
Ғажабы – сол үш жартас айналады  
Үш бірдей келіншекке түс ауғанда.

Жүзінде әрқайсының аңсау бардай,  
Таңданып, төңірекке тамсанғандай.  
Болады кейбір сәтте сол үшеуі  
Қосылып мұнды өуенмен өн салғандай.

Көрінген көздеріңнен күдік қандай?  
Әйтсе де жанға медеу үміт бардай.  
Кей кезде батады ойға үш келіншек,  
Бәрін де бұл дүниенің ұмытқандай.

Шертеді шемамен болған шерді кімге?  
Желпілдеп ақ бұлт-жаулық желді күнде.  
Сол үшеу ағыл-тегіл, өксіп тұрып,  
Болады жылағандай енді бірде.

Күә боп алып аспан-шарайна да,  
Көріп тұр соның бәрін бар айнала.  
Адамның көңіл күйі, ой-сезімі  
Дарыған қара тасқа қалай ғана?

Күн шығып батқанында шапақ төккен,  
Себеді Ай сәулесін тақап көктен.  
Ауылда үлкен-кіші сол жартасты  
Әйтеуір «Үш келіншек» атап кеткен.

Білмедім сол жұмбақтың сыры неде?  
Қарттардың айтпай кетті бірі неге?  
Үш жартас айналып үш келіншекке  
Күндердің бір күнінде тіріле ме?

Көне ме бір күндері жұбатқанға?  
Жолықтым сұрақтан соң сұрақтарға.  
Табиғат жұмбағын да шешер әлі  
Келгендер осынау бір жырақ тауға.

Әжемнен соғыс жылы бесіктердің  
Жетім қап тербелгенін есіткенмін.  
Әр заман өз бағасын беріп келген  
Жұмбақты мен де өзімше шешіп көрдім.

...Әжемнің айтуынша, сол уақта,  
Сиынып Тәңіріге, аруаққа,  
Апайы, жеңгесі де жесір қалып,  
Тұрыпты үшеуі бір шаңырақта.

Елемей жоқшылықты, тапшылықты,  
Құдайға барлығын да тапсырыпты.  
Орнына ерлерінің еңбек етіп,  
Күтіпті алғы күннен жақсылықты.

Сәбиді орап жарының жейдесіне,  
Жасында көре алмаған той, несібе,  
Жартасты – соғыс жылы жесір қалған  
Ұқсаттым үш ананың бейнесіне.

«Отаудың отын көсеп, шашпай жағып,  
Жарының жолын күткен жастай қалып,  
Көз алмай құбыладан, тоса-тоса  
Үш ана кетті ме екен тасқа айналып?..»

Деген ой көкірегімде күй ақтарып,  
Жырымнан жүрдім сонда сый ап барып.  
Көрініп кетті маған үш жартастың  
Біреуі менің әжем сияқтанып...

## БЕРІКҚАРА

Бір тау бар біздің елде Берікқара,  
Тұрады жақын жерден төніп қана.  
Алыстан менмұндалап шақырады,  
Дегендей құпиямды келіп қара.

Қызылжал бір қойнаудан үн қатады,  
Қызарып сол бір жалға Күн батады.  
Қазақтың қара өлеңін, құлақ тоссаң,  
Ескен жел Қараөлеңнен тыңдатады.

Жабырқап біреуді іздеп Жал тұрады,  
Бір мезет көкірегіңе өн тұнады.  
Жазықта Ноха қажыға ас берілген,  
Арқаның шертпе күйі тартылады.

Қалады сол жағымда Абыралы,  
Аршадан әшекейін тағынады.  
Ұқсатсам сол тауларды киіз үйге,  
Ақбиік – ақ орданың шаңырағы.

Жалғызтау оң жағымда қарауытып,  
Мәрәмік ұшқан құстан ән ағытып.  
Құшағын кеңге жайып Берікқара  
Тұрады жылда мені дара күтіп.

Сол бір тау барлық таудан жақын маған,  
Өйткені бауырында оның жатыр бабам.  
Кеудемде жыр тұтанып, сөз маздайды,  
Жанымда от жанады лапылдаған.

Тасиды бойда қаным буырқанып,  
Беткейі бетегелі гүлін тағып,  
Кеш келсем, кешір, баба, ұрпағыңды,  
Басыңды келе алмадым бұрын тауып.

Көк майса, жасыл кілем көгалы бар,  
Желпитін жанға жайлы самалы бар.  
Біз келсек, қарсы алады қыран құстар,  
Төмендеп, қиқу салып, жоғарылар.

Суы – бал, қайнап шыққан бұлағы бар,  
Жерінің шөбі шүйгін, құнары бар.  
Сөйлейтін әрбір тасы – бір шежіре,  
Издесең Күнді сүйген шынары бар.

Уақыттың дауылын да, жауынын да  
Өткерген Берікқара бауырында.  
Өзі жоқ болғанменен, көзіндей боп  
Бабамның жұрты жатыр тау ығында.

Тағып ап Зағи әжем сырғасын да,  
Алшаңдап Жақып бабам жүрді осында.  
Жарықтық ата-бабам бейіттері  
Қанша жыл бізді күтті қыр басында.

Атамның мекен еткен жерін көріп,  
Қойдай боп қалың ойым төгілді өріп.  
Ат, түйе асыл жүгін артып алған  
Осында түскен әжем келін болып.

Аттасам, шақырады төріне белес,  
Көшеді көз алдымнан керуен елес.  
Бұл сапар – бабаларға тағзым ету,  
Бұл сапар, біле-білсек, серуен емес.

Аймалап айналаңды самал келіп,  
Ақ бұлттан кигізіпті далам бөрік.  
Тау едің қасиетті, кие қонған,  
Тәу еттім, Берікқара, саған келіп.

Тұнығы лайланбаған атамекен,  
Атыңды ғұмыр бойы атап өтем.  
Аспанда Ай жаяды алақанын –  
Бабалар маған берген бата ма екен?

### СЕҢКІБАЙ ҚАЖЫ

...Халқына нұрын төккен көп,  
Даңқы да кеткен көкке өрлеп,  
Сексеннен асқан жасында  
Сеңкібай қажы өткен деп  
Айтушы еді шалдарым.  
Сарыарқадай даламнан  
Сұңқар едің жаралған.  
Үш мәрте барып Меккеге  
Аман да есен оралған  
Қасиетті Қажы атам!  
Тірісінде көзінің  
Киесі болған сөзінің.  
Елі басын иіпті,  
Жүз қаралы киікті,

Дұғаменен қайырып,  
Ауылға әкеп жиыпты.  
Жұртшылық соны сауыпты,  
Қайтарып төнген қауіпті.  
Асырап киік сүтімен,  
Аштық қысқан халықты,  
Аман алып қалыпты  
Әулие туған Қажы атам!  
Тойөткеннен өткенде,  
Тәбекеге жеткенде,  
Осынау байтақ өлкеде  
Сиынбас сізге жоқ пенде,  
Құдіретті Қажы атам!  
Қабіріңнің қасынан  
Түнөп қайтқан сан адам,  
Бұлағыңның басынан  
Түлеп қайтқан сан адам.  
Ауырған жанды сау қылдың,  
Төбешікті тау қылдың.  
Басыңа қонған адамның  
Басына бақыт қондырдың.  
Иесі болып жеріңнің,  
Киесі болып еліңнің,  
Аруағыңа табынса,  
Аян беріп көріндің,  
Аруақты бабам – Қажы атам!  
Отыз жыл ойран салғанда,  
Қырық жыл қырғын болғанда,  
Тарыдай елің шашылды,  
Лағынет айтып жалғанға.  
Қолдадың сонда халқыңды,  
Қорғадың сонда салтыңды.  
Құтыламыз деп зұлматтан  
Құлындай жұртың шарқ ұрды.  
Айналып кетпей харамға,  
Тапталып кетпей табанға,  
Табынды жұртың өзіңе  
Қиын да қыстау заманда,  
Қолдаған шығар бір Алла.

Ұрпағың бүгін қуанды,  
Қолына алды Құранды,  
Мойнына тақты тұмарды.  
Өзіңе келіп тәу етіп,  
Жиылып, басы құралды.  
Ағылған көлік, ұзын жол,  
Көкшетау мен Қызылжал,  
Қарағанды, Семейден,  
Қараөлеңнен, Самайдан,  
Ат басын бері қаратқан,  
Ақбұлақтан, Таңаттан.  
Абыралы, Қайнардан,  
Қу, Доғалаң, Тайланнан  
Келген жанның барлығы  
Бір өзінді ойға алған.  
Бағыштап құран басыңда,  
Ас беріліп, той болған.  
Үй тігіліп, ет қайнап,  
Іргеде бие байланған.  
Ұрпағың өнер көрсетіп,  
Ат жарысып бөйге алған.  
Құрметтеп мазар тұрғызып,  
Зияратыңа Ай қонған.  
Үлкен де кіші жиылып,  
Аруағыңнан айналған.  
Мен де өзіңнің ұрпағың,  
Бала кезден табысқам.  
Әжем құран бағыштап,  
Бұлағыңнан су іштім,  
Кеттім қазір алыстап.  
Қолдасаң жыр боп құйылдым,  
Алдыңда, баба, иілдім.  
Бір жылда қанша күн болса,  
Сонша күн сізге сиындым.  
Қанша жыл ұшып, қонса да  
Тілекте қалған Қажы атам.  
Қырық жыл қырғын болса да  
Жүректе қалған Қажы атам.



Жүресің қолдап лайым,  
Рухыңнан сауға сұрайын:  
– Еліңнің көтер еңсесін,  
Жеріңнің кіргіз шұрайын!  
Еліңді, бабам, таныт кең,  
Арнадым өлең шабытпен.  
Халқым бар жерде сіз барсыз,  
Жасайсыз мәңгі халықпен!

### КЕМЕЛБАЙ БАТЫР

Шошақ бейіт бірде дала иегі боп,  
Қабағын қошқыл бұлт кеп түйеді көп.  
Болады бұл заманда небір сұмдық –  
Моласы бар батырдың, сүйегі жоқ.

Бұл зират көрген көшкен түйені көп,  
Сауылған желідегі биені көп.  
Қозғалып қоятыны және де бар  
Замана домбыраның тиегі боп.

Төңірегі сусылдаған ақ шиесі еді,  
Моласы бар батырдың, жоқ сүйегі.  
Үлдеп жел жылайды көрді аралап,  
Шіркіннің болды ма екен нақ сүйері?

Шайқастар болды талай отты жалған,  
«Ақжолдап!», «Абылайлап!» ақ ту алған.  
Бұл жерде ата жауды қуып салған,  
Құтылу үшін ауыр соққылардан.

Не күндер өткізбеді қазақ бастан,  
Туады соны ойласаң ғажап дастан.  
Найзаға шаншып талай алып кетті  
Бейкүнә нәрестені азапты аспан.

Сұм заман бастан өткен өрмек құрып,  
Інісін, ағасы өлген жерлеп тұрып,  
Қанжармен қарнын жарып, шашып кетті  
Кінәсіз қарындасты қан бөктіріп.

Қыс өтер, күз бен көктем, жаз аттанбақ,  
Қырылды тірлік үшін қазақ-қалмақ.  
Сұлбасы көрінбейді, түсімде тек  
Жүреді шауып ылғи боз атты аруақ.

\* \* \*

...Ағызып көздің майын мызғыр шамдар,  
Созатын әңгімені жүз күн шалдар:  
– Кемелбай аталатын бір хас батыр  
Қамбарда бопты, – дейтін біздің шалдар.

Тіл шыға «Елім!» депті, аймақ күлді,  
Екіде тұстастарын айдап қуды.  
Үш жаста көзге түсті қоян атып,  
Төрт жаста төрт түлікті көзбен арбап,  
Бес жаста бөсірені жайдақ мінді.

Алтыда Алласына жалбарынды,  
Жетіде – үйірде еркін мал бағуды.  
Сегізде тас бұлақтан су сіміріп,  
Тоғызда Толағайдай тауға мінді.

Он жаста иесіз қырдан арқар алды,  
Он бірде үкілеп киді қарқараңды.  
Қыздарға керегеден сығалаған  
Он төртте алтын-күміс тарта барды.

Жауһар ән, інжу күйдің түрін төгіп,  
Он бесте серілік құрып арқаланды.  
Күптеніп кіреукемен он алтыда,  
Алдында он жетіде жау қамалды.

Сүйегі – сүйектінің сүйектісі,  
Иегі – иектінің иектісі.

Қырандай қанат қаққан атқа қонса,  
Білегі – білектінің білектісі.  
Жер десе өз қолымен жұлып берер  
Жүрегі – жүректінің жүректісі.

Алысса – алып күштің арыстаны,  
Шабысса – шаңын жұтқан шабысқаны.  
Ақырып ақ найзасын қолына алса,  
Иығынан қаһар төккен барыстары.

Болмаған жекпе-жекте жол бергені,  
Садақты шірей тартса – қолмергені.  
Аю ма, айдаһар ма – алдына сап,  
Олжалы болушы еді өңгергені.

Бір көрсең судан шыққан жайын дерсің,  
Қақпақтай жауырынын шойын дерсің.  
Осындай түр-тұрпаты, тұлғасымен  
Қалмақтың қай батырын қайыс көрсін.

Кемелбай деген батыр осы болған,  
Халқының өшпес көңіл хошы болған.  
Қалмақтың батырлары дегендердің  
Талайы тырапай асқан шошып дудан.

Қатысты талай-талай шайқастарға,  
Ел үшін жан аяйтын айқас бар ма?  
Алдыңда жүруші еді көп әскердің  
Аты да үйреніп ап ойқастауға.

Найзасы қарсы жауды көктеп өткен,  
Бұл жерде болған талай жекпе-жектер.  
Қариялар шежіресінде келеді өшпей  
Қазағым бастан кешкен өткелектер.

Соның бірі – мәңгі өлмес Ер Кемелбай,  
Елі үшін жанын қиған Ер Кемелбай.  
Бір өзінің айқасы қалың топтың  
Қақыраған жеңісіне тең Кемелбай.

Талай өзен суалды сарқыраған,  
Енді, міне, күн туды жарқыраған.  
Қазағымнан шықпаса Кемелбайлар  
Қалар ма еді зұлматтан халқым аман?!

Қу, Доғалаң – Қызылжал арасында,  
Қалмаққырған қорымдар бар осында.  
Солардың бөрінен де көзге түсіп,  
Кемелбай тұр оқшаулау моласында.

Археологтар бір кезде жетіп барып,  
Алып адам таптық деп лекіп, танып,  
Батыр баба сүйегін көрден қазып,  
Петербор ма, бір жаққа кетіпті алып.

Сан өзен, ағып жатыр бұлағың да,  
Ғасырлардың дауысы құлағымда.  
Шошақ бейіт тұр қасқайып көз алдымда,  
Құламаған атомның сынағында.

Шошақ бейіт тұр құламас кірпіші бар,  
Тұрпатында батырдың тұр-түсі бар.  
Алып бір құс қориды сол моланы,  
Бәлкім, сол құс бабаның рухы шығар.

Біз үшін ең құдіретті көш елеске,  
Шалқыған Сарыарқаның төсі емес пе?!  
Қойны-қонышы ел қорғар ерге толған,  
Батырдың өлместігі осы емес пе?!

Жанымды шабыт қысып, өлең қайнар,  
Ұлтымның рухымен әлем жайнар.  
Кемелбай батыр көрде жоқ болғанмен,  
Қазақта келеді өсіп Кемелбайлар.

**ҰСТА ӘЛІМБЕК***(Баллада)*

Көңілім – дарқан дала, зеңгір аспан,  
Ол кезде өмірге аяқ енді басқам.  
Дүкені бар болатын ұста шалдың  
Шетінде ауылымыздың дөңге ұласқан.

Қыздырған бөктерін сол адыр, беттің  
Есімі ұста шалдың Әлімбек-тің.  
Әлекең атап кеткен үлкен-кіші,  
Бөленген қадіріне қалың көптің.

Боз таңнан сілкіндірер бар маңайын,  
Керекті құралдары қолда, дайын.  
Ашса егер алақанын – балта дерсің,  
Ал жұмса, жұдырығы – балғадайын.

Қос бетін қоңқақ мұрын ұштастырды,  
Шот маңдай, шодыр мінез, күш тасқын-ды.  
Қайшы мұрт, қашау қасты, шеге көзді,  
Біртоға, шамырқанса қысқаш тілді.

Төсі – төс, ара тісті, көрік кеуде,  
Шежіре, әңгімеші, көріпкел де.  
«Мен – шебер, мен – ісмер, мен – ұста» деп  
Ешкімге мақтанбайды керіп кеуде.

Бұйымы дүйім жұртты қарық қылып,  
Сүйсіне таңғалатын халық күліп.  
Балқытып, иіп темір-терсеңді,  
Құяды неше түрлі қалып қылып.

Бір қартың саптамасын шегелетіп,  
Келеді келесісі және жетіп.  
Шалдарға ең аяғы таяқты да  
Әлекең жонатұғын әдемі етіп.

Жайына мақтау қалар, ақша қалар,  
Пенде жоқ пері шалға жат саналар.  
Сыйлайтын ырза қылып шопандарға  
Дап-дайын ат арбалар, ат шаналар.

Әркімде шөңкелері, шөміштері,  
Әбзелі атқа салсаң келісті еді.  
Әр үйдің мүлкі болып әлі де тұр  
Жеп-жеңіл, дөңгелек бет жер үстелі.

Шыдамас ұсталыққа осал адам,  
Қанша жыл серік болды қашау оған.  
Сәби жоқ менің шағын ауылымда  
Бесігін Әлекең қарт жасамаған.

Мін де жоқ, кемшін де жоқ кәсібінде,  
Кей үйдің бүтіндеген есігін де.  
Мен-дағы жігіт болдым, нәресте едім  
Тербелген Әлекеңнің бесігінде.

Бала кез бұйымтаймен мен де барып,  
Өкініш өн-бойымды кернеп алып.  
– Су жаңа шанам, ата, сынды тауда,  
Деген ем сырғанақтан кенде қалып.

Жабысып еркеліктің желкеніне,  
Үйге кеп жылап та алғам жер тебіне.  
Әлекең маған беріп жіберіпті  
Жаңадан шана жасап ертеңіне.

Сырғанақ кәдесіне жарады ол да,  
Бара сап мақтанғанмын балаларға.  
Сындыра алмайтұғын тас табанын,  
Шанамды шала алмайтын қараған да.

Қалмайтын ілінісіп аршаменен,  
Сол шана жылытатын тоңса денем.  
Балалық, ойын құған балғын дәурен  
Зымырап өте шықты сол шанамен.

Жанына мың сан алғыс бөктерілген  
Қадірлі ұста қарт та өтті өмірден.  
Кезі көп екі етпеген ел тілегін,  
Кезі жоқ ауылына жек көрінген.

Өтеуі тек қана алғыс қара тердің,  
Ісмерді есіне алмас бар екен кім?!  
...Қолынан шыққан заты көзге ілінсе,  
Қалады аты аталып Әлекеңнің.

### КҮЛЖАН АПА

Күлжан апамның сары құртын  
Сағынып жүрмін әрбір күн...  
Кірпіктеріме ілініп  
Аспаннан түсіп қалғыр түн.

Сол түнді көзге ілмей де,  
Жүрегімде соғар жыр кейде.  
Саңылауынан санамның  
Қарайды маған бір бейне.

Қарайды маған күлімдеп,  
Жанарында нұр дірілдеп.  
«Ұмытып кетпе Талғатты,  
Құлыным!» – дейді күбірлеп.

Таныс үн, таныс сол дауыс,  
Сол елес – бізге алданыш.  
Сары қымыз берген сапырып,  
Саратан айы қалды алыс.

Сағындым алтынкүректі,  
Жаныма қанша ол жыр екті.  
Бүлдіргеніне Байпақтың  
Бармадым, қанша жыл өтті.

Талғатжан менен екеуміз –  
Апамыз үшін шекерміз.  
Тал түске дейін ұйықтап,  
Түс ауа қойға кетерміз.  
Сол кезде жүрмей бекер біз,  
Еркелеп өскен екенбіз.

Қойтасқа қойды өргізіп,  
Қойбүлдіргенді тергізіп,  
Қою шай ішкен күндер-ай,  
Қойқаңдап атты желгізіп.

Күнде шығарып салатын,  
Күлімдеп қарсы алатын  
Күлжан апамдай жан бар ма,  
Баланың бабын табатын?

Сары құртын татқан жарты аймақ,  
Сары ірімшігі ол қайнап,  
Сары бауырсақ, сары май,  
Тосатын торта, балқаймақ.

Сары жаз, сарыжайлауды  
Сағынған жүрек қайда әлгі?  
Күлжан апамыз жоқ бүгін,  
Аруаққа ол да айналды.

Ақбұлақ, Таңат, Қайнарды  
Аққу боп рухы айналды.  
Соңында думан-той қалды,  
Санамда жарық Ай қалды.

Шумақ та шумақ саз бенен  
Будақ та будақ ой қалды.  
Күлжан апамның бейнесі  
Күлімдеп жырға айналды.



**НАУБАЙШЫ ӘБІКЕН**

Өткен күндер көзімде  
Сағыныш боп сарғайшы.  
Менің бала кезімде  
Бар еді бір наубайшы.

Тиянақты ісінде,  
Жаны жомарт, қолы кең.  
Нанын табу үшін де  
Нан пісірген Әбікен.

Бүкіл ауыл сыйлайтын,  
Бүкіл ауыл табынған.  
Әңгімем бұл – қимайтын  
Менің бала шағымнан...

Балғын дәурен, бұла кез,  
Сөзден өрдім, қашап тас.  
Дөң маңдайлы, тұма көз,  
Бидай өңді, шашақ қас.

Әбекеңнің білегі  
Дән сапырған қырмандай.  
Бар ауылдың жүрегі  
Сонда соғып тұрғандай.

Масақ дерсің қос қолы,  
Алақаннан дән төккен.  
Соғыс жылы жас пері  
Отан үшін қан төккен.

Сонда нанның қадірін  
Сезінген ол жанымен.  
Егін еккен ауылын  
Қорғап қалған қанымен.

Бір үзім нан ол үшін  
Тіршіліктің мәніндей.  
Бір үзім нан ол үшін  
Бүкіл өмір сәніндей.

Сол үшін де майданнан  
Оралған соң Әбікен  
Наубайшы боп, ой, жалған,  
Аты шықты нанымен.

Әбікен нан салады  
Ашытқы қосып қамырға.  
Нан алуға барады  
Кемпір менен шалың да.

Әбікен пеш жағады,  
Нан алады сан ана...  
Наубайшыға барады  
Жас келін де, бала да.

Салып темір қалыпқа,  
Пісіреді ол түн сайын.  
Нан сыйлайды халыққа  
Өз қолымен күн сайын.

Риза болса ел нанына  
Көзіне жас тұнатын,  
Ұстап тұрып қолына  
Тіршіліктің қуатын.

Үйренген ол күйбеңге,  
Қарапайым тұрады.  
Ол тұратын үйден де  
Нан иісі шығады.

Наубайхана. Аппақ ұн.  
Иіскеп жүріп біз де өстік.  
Әбікеннің ақ нанын  
Тістеп жүріп біз де өстік.

Сол дәм, сол иіс... Өмір – ән.  
Шырқап жүріп таппадым.  
Әлі күнге сағынам  
Әбікеннің ақ нанын.

### АҢШЫ ТӨКЕН

Аң дегенде, тұлпардай кермедегі,  
Көз алдында дүние дөңгеледі.  
Төкен ағам қолынан мылтық түспес,  
Құралайды көзге атқан мерген еді.

Тезекбайдан Шоң асып, Әріш барған,  
Анадайда Алтуайт қалыс қалған.  
Қарағаштың сайында, шоқ тоғайда  
Қабанымен даланың алысқан нән.

Қолда дүрбі, иықта ақ мылтығы,  
Кедергі емес ақ қыстың ақ күртігі.  
Қансонарда із кессе, ізге түссе,  
Арқар атып алмаса жоқ күн-түні.

Тек аң болып елестеп қалың орман,  
Көксеңгірде көкемнің шаңы қалған.  
Аршабайдың сайынан арлан атып,  
Аққорада сілеусін соғып алған.

Сырғабайда елікке сырға таққан,  
Киіктерді көздеген түн қата аққан.  
Суырлы сай ішінде суырларды  
Жас баладай жылатып шулата атқан.

Қыс баласы түлкіден тымақ киген,  
Іздемеген өмірі шуақты үйден.  
Жан дүниесі сағымдай тербетілген,  
Бұл дүниеден шалғайда жырақ күймен.

Түзге ғана өйтеуір аңсары ауған,  
Қоян болып үміті жанса да алдан.  
Қасқыр ішік киіп ап айдалада,  
Қаймықпаған қарсы кеп қаншама аңнан.

Ажырамай бір елі Ақтабаннан,  
Туған дала төсінен бақ таба алған.  
Киіксірақ қамшысын тартып қалып,  
Түн баласы сай кезіп, атқа қонған.

Қуырып жеп арқардың қуырдағын,  
Қу далаға тежемей құмыр жанын,  
Ойламастан сол ағам жүріп жатты  
Бұл дүниеде өлшеулі ғұмыр барын.

...Күндер өтті аларын алып болып,  
Түндер өтті санаға жарық қонып,  
Аяқ асты көліктің апатынан  
Қалды аңшы сол ағам ғаріп болып.

Естігенде жай ойнап алып көкті,  
Жазда күздің жаңбыры жауып төкті.  
Өмір бойы түзде өскен сол ағамды  
Балалары қалаға алып кетті.

Дала оның күйінің күмбірі еді,  
Бұлақ оның жанының сылдыры еді.  
Бәлкім, оны даладан айырған да  
Аң киесі шығар-ау, кім біледі.

Төтеп берген тірліктің дауылына,  
Осы болды сынақтың ауыры да.  
Қапасына қаланың шыдамастан,  
Қайтып кетті аңшы ағам ауылына.

Тар қалаға еркіндік сыймай-сыймай,  
Сағынышын жүрекке жинай-жинай,  
Бір төбенің үстінде жан тапсырды ол  
Өзі кезген даланы қимай-қимай.

**МОТОРШЫ МҰРАТ**

Таңаттың әр тамында  
Жарық болып тараған  
Білте шамды ауылда  
Ауыстырған сол ағам.

Түнде кірер шырайы,  
Ал кездессең күндіз де...  
Электрдің құдайы  
Көрінетін ол бізге.

Ауылымыздың шетінен  
Төгетін ол жарығын.  
Сонда естіп өсіп ем  
Электрдің сарынын.

Кеш батарда ағамның  
Бұрқылдайтын моторы.  
Жарық тілін табар кім,  
Күйдіре алмас от оны.

Бұрқ-бұрқ етіп қайнайтын  
Жарық оның қолында.  
Ауыл сонда жайнайтын  
Қырдағы Құсжолында.

Таныстық біз әріппен  
Тылсым түнде отырып,  
Мұрат берген жарықпен  
Әліппені оқыдық.

Мәз-мейрам боп сауықпен,  
Ой-танымды шыңдадық.  
Мұрат берген жарықпен  
Радионы тыңдадық.

Батырмен ол – анық тең,  
Аңыз еттік үйде оны.  
Мұрат берген жарықпен  
Тұңғыш көрдік киноны.

Жиып жұрттың дүйімін,  
Көрермендер толатын.  
Экран оның үйінің  
Қабырғасы болатын.

Дала – клуб, болатын  
Аспан тұнық, таза ауа.  
Ауыл сонда толатын  
«Менің атым – Қожаға».

Кино көріп болған соң,  
Асық пен доп жай қалып,  
Фильм көріп болған соң,  
Айлап еркін ойнадық.

Біреуіміз – Төлеген,  
Біреуіміз – Қыз Жібек,  
Біреуіміз – Бекежан  
Болып қиял жүзді кеп.

Ел алғысын сан алып,  
Жинап еді сол ағам.  
Бізге төтті балалық  
Сыйлап еді сол ағам.

Ұзын бойлы, қапсағай  
Денелі едің, ағатай.  
Алға тартқан, ақ сарай,  
Кемем едің ағатай.

Кеңдігінен даладай  
Бізге бақыт қонатын.  
Сен бар жерде, ағатай,  
Түн де жарық болатын.

Кеттің өтіп бір күні,  
Сөніп өмір жарығың.  
Кім түсінген шындығы –  
Жалған дүние парығын?

Қауышып ең мың барып,  
Жарық болып халықпен.  
Қабірің де нұрланып  
Тұрған шығар жарықпен...

### ӘКЕ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Жоғалтқанын жандай бір таба алмаған,  
Әлденеге секілді алаңдаған,  
Әкем менің кей кезде батады ойға,  
Қан майданнан әкесі оралмаған.

Аттанғанда әкесі қыр басынан,  
Жетім болып қалды ол бір жасынан.  
Түтін шықпай қалған жоқ тек әйтеуір  
Қараша үйдің қалақтай мұржасынан.

Қимай-қимай кетті әке бар қызығын,  
Бір Құдайға тапсырып жалғыз ұлын.  
Қала берді қалқиып қараша үй,  
Қалды жары – панасы жалғызының.

Талай жанды сұм соғыс кетті жерлеп,  
Келер деген үмітпен кепті жөргек.  
Жесір ана тер төкті, жанын салып:  
«Жетім ұлды қайтсем де жеткізем!» – деп.

Күндіз боран соқты да, түнде дауыл,  
Азаматсыз қаңырап іргелі ауыл,  
Қорғасындай бұлт болып ұшып жатты  
Қараша үйдің басынан күндер ауыр.

Ұмытты ана не екенін күлкінің де,  
Жас үйіріліп жүргенде кірпігіне  
«Біз аманбыз! Харьковтің түбіндеміз»  
Деп хат келді күндердің бір күнінде.

Аман екен, қалмапты жараланып,  
Қуанды ана жарынан хабар алып.  
Тал бесіктің басына жастап хатты,  
Ұйықтамады атқанша таң ағарып.

Содан кейін хабар да қалды үзіліп,  
Мұз еріді, сан рет қар бұзылып.  
Өсіп жатты тек қана жалғыз бала –  
Қараша үйді жылытқан жалғыз үміт.

Соғыс бітті. Үлкен де, бала да мәз,  
Құлпырды қыр, келгендей далаға жаз.  
Қараша үйдің қақпасын қақпады тек  
Қара ниет жамылған қара қағаз.

Бала көңілі әкеге алаңдаған,  
Қара қағаз келмеді хабар жаман.  
Біреулердің ағасы қайтып келді,  
Біреулердің әкесі оралды аман.

Есіне алып бір күні гүл көктемін,  
Үміт пенен мұң торлап құдіретті өңін,  
«Сонау қырдан бесінде аттанған», – деп  
Көрсетті ана әкенің суреттерін.

Шимайлады тәтті ойлар бетін небір,  
Бала алдында көп жұмбақ секілді өмір.  
Суреттердің бәрін де көріп болып,  
Көзін салды қыр жаққа жетім көңіл.

Сол қыратқа көңілі сенетіндей,  
Сол қыраттан әкесін көретіндей,  
Сол қыраттан соғысқа аттаныпты,  
Сол қыр жақтан әкесі келетіндей.



Үмітпенен таңды да атырады,  
 Үмітпенен кешті де батырады.  
 Бес жастағы сол бала бесін болса  
 Қырға қарап, тапжылмай отырады.

Елестесе сол елес мықталатын,  
 Жетімдіктен секілді құтқаратын.  
 Әке күтіп отырған ұлды көріп  
 Жесір ана көзінен шық таматын.

Танып алды суреттен түрін де ептеп,  
 «Айым!» деп кеп баланы, «Күнім!» деп кеп,  
 Түсіне еніп әкесі қалғып кетсе,  
 Құшағына алатын күлімдеп кеп.

Күйбең тірлік жанды жеп, күйкі шыдам,  
 Елең етіп, ит үрсе үй тұсынан,  
 Түсін қимай ішінде әкесі бар,  
 Оянғысы келмейтін ұйқысынан.

«Хабар жоқ!» – деп пошташы неше келді,  
 Бала көрді қиындық, шеше көрді.  
 Жалғыз ана бауырында жалғыз бала,  
 Жалғыз түйір дән болып өсе берді.

...Ана көрді еңбегі өтелгенін,  
 Ұлы ержетіп, келін де әкелгенін.  
 Соғыс өрті шарпыған жастық шағын,  
 Жетім өскен сол бала – әкем менің.

## СИЫР АЙДАҒАН ШАЛ

(*Баллада*)

Күн нұрына жатқандай ұйып аймақ,  
 Ағады өзен жағаға тиіп ойнап.  
 Таңмен бірге оянып, қырды бетке ап,  
 Бір қария барады сиыр айдап.

Сиыр айдау – кәсібі күнде ертемен,  
Сырласады мөп-мөлдір сумен терең.  
Жусан иісі сарайын ашады оның,  
Қызғалдақтар қарсы алып қырды өртеген.

Жайып салса төңірек бар ғажабын,  
Шал көргендей болады қан базарын.  
Кемпірінің жас күнгі жамалындай  
Көрсетеді табиғат таңғы ажарын.

Алтын күнмен, жүздесіп, өрген бұрым  
Күміс шықты көреді елден бұрын.  
Бір сәт түсіп ойына бозбала шақ,  
Еске алады ботадай желген күнін.

Көкейінде сан түрлі сыр қайнайды,  
Сөйтіп жүріп табынды күнде айдайды.  
Ұшып-қонған құстардың ән-күйлерін,  
Құлақ түріп әрдайым тыңдайды Айды.

Ешкіммен жоқ шаруасы, жоқ ісі де,  
Атқарады пайдалы іс көбісіне.  
Алдына сап ауылдың бар сиырын  
Ұзатып сап қайтады өрісіне.

Қырдан қарап ауылға күнде-күнде,  
Санайды өзін пайғамбар үмбетіндей.  
Табиғатпен таң сайын жеке қалып,  
Сиыр айдау – өзінің міндетіндей.

Көршілері қарайтын шалға қырын,  
Елемейтін қария сонда бірін.  
Таңнан тұрып, табынды тау асырған  
Қара шалдың білмейтін сол қадірін.

Қарт үшін жоқ өмірдің басқа мәні,  
Бір күн өтіп, басқа күн басталады.  
Қыс пен көктем, жаз бен күз жатты алмасып,  
Шал дағдылы кәсібін тастамады.

...Тағы да бір таң атты.  
 Ай, жұлдызды аспаннан таң ұрлады,  
 Өтті өмірден сол түні шалың-дағы.  
 Өріс жаққа беттемей сиыр біткен,  
 Азан-қазан боп кетті ауыл маңы.

Жалғыз шалы көз жұмды. Өмірі еді.  
 Жалғыз кемпір егілді, еңіреді.  
 Жоқтағандай қалқиған қара шалды,  
 Сиырлары ауылдың мәңіреді.

Енді шалдың ауылы жырақ мүлде,  
 Тірлігінде төкпеді ол шуақ кімге?  
 Сиыр айдап тастайтын жан табылмай,  
 Қарттың орны білінді бір-ақ күнде.

## ҚАРА БУРА

(Баллада)

Аспаннан жауа-жауа дәлу қары,  
 Күн сайын күртіктеніп, қалыңдады.  
 Ақ боран терістіктен жылай соққан  
 Шытқа орап, жерді көміп, арулады.

Ұқсайтын жазылмаған дәптеріңе,  
 Дала да ақ, дөңестер де ақ, ақ бәрі де.  
 Аспанда бура-бұлттар әрлі-берлі  
 Жылжыды азуынан ақ төгіле.

Ашөзек, көздеріне қан тығылған  
 Қасқырлар жүретұғын жортуылда.  
 Бар еді жалқы шопан жалғыз үйде,  
 Қыстауы Семейтаудың қолтығында.

От көрсе анадайдан орап қашып,  
 Қойлы сай, қойлы ауылды жанап басып,  
 Ұлитын түн жамыла аш бөрілер  
 Даусымен ақ боранның қабаттасып.

Бірі еді сондай түннің тас қараңғы,  
Басына шопан мылтық жастаған-ды.  
Маяның қара бура қалды ығында,  
Қамаған тас қораға басқа малды.

Әредік боран соғып, қар қаңғырып,  
Қауіпсіз атушы еді әр таң күліп.  
Маяның қара бура жатты ығында  
Жабуын қабат-қабат қалқан қылып.

Жабуы жабылған-тын тамашамен,  
Сырмақтай қалыңдығы – қараса ерен.  
Тоқылып ши бойындай тобылғыдан,  
Тысталған неше қабат алашамен.

Қажыған шопан үйде, қой қорада,  
Ақтүтек анталайды айналада.  
Бураның сыртта шөккен иісін сезген  
Көңілі бөрілердің жайлана ма?!

Құрсағы қасқырлардың майлана ма?  
Көзінен от шашады айналаға.  
Бірі – арлан, бірі – қаншық, жұп құраған,  
Екеудің бар үміті сайда ғана.

Қос қасқыр қарғып-қарғып, шарбақты асып,  
Маяға жақындады аңдап басып.  
Қаперсіз жата берді ықтасында  
Басынан жас бураның бар бақ қашып.

Байқады ол жақындаған жалмауызды,  
Аузынан ақ көбігін сонда ағызды.  
Атылып екі бөрі екі жақтан,  
Бураның жабуына салды ауызды.

Шошынып қара бура үріккенде,  
Үлгерді шөккен жерден тұрып демде.  
Қарысып қалды жағы қасқырлардың  
Жабуға тісі айқаса іліккенде.

Құтылып қатерлі бір күйден оңай,  
 Жөнелді желе жортып үйге қарай.  
 Қос бөрі сауырында бұлқынады,  
 Бураға бұдан артық сый бола ма-ай?!

Білмейтін түнгі уақта үн қатуды,  
 Жануар бар даусымен бір бақырды.  
 Шыққанда шопан үйден, көз алдында  
 Бөктерген бөрілерді бура тұрды.

... Үстінен бу бұрқырап қара тер боп,  
 Жүретін күші бойын және кернеп.  
 Бұрын да ұзынқұлақ еститін ел:  
 «Бурасы Байжұманың бар екен!» – деп.

Сұмдық іс болған жерде қалады ма?!  
 Шындық сөз ел аузында тарады да,  
 Баяғы Байжұманың сол бурасы  
 Атанды «Қасқыр соққан қара бура».

## «ОМАР ҚОЙ СОЙҒАН» БҰЛАҒЫ

(Баллада)

Ұмытқан жандар Алласын,  
 Дегелең тауы баурында,  
 Алғашқы атом бомбасын  
 Сынапты менің аулымда.

Бұйрыққа әбден еті өлген,  
 Көрмеген мұндай ел бұрын.  
 Көшіріп атамекеннен  
 Алыпты жұрттың дегбірін.

«Аударып қоныс бір қысқа  
 барыңдар!» – депті сол күні.  
 «Дегелең, Мыржық, Шыңғыста  
 қалмасын!» – депті жан тірі.

«Қалмасын ит те, мысық та,  
Қалмасын мал да көшкенде ел!»  
Ұшақпен жетіп ұшып та,  
Қаптапты қалың әскерлер.

«Қолдар, – деп, – баба аруағы», –  
Күшпенен халық көшіпті.  
«Құдайдың басқа салғаны,  
Көрерміз енді», – десіпті.

Бұл бастан нелер өтпеген,  
Қазақтың қайтпас беті бар.  
«Ұлы той – көрген көппенен,  
Көшкеннен осы не тынар?

Жерім бар, туған тауым бар,  
Атамекенде бір туам», –  
Депті де кейбір ауылдар  
Көшпепті атажұртынан.

...Қабылдап «Туған аймақтан  
көшпеймін!» деген шешімді,  
Шаруасын күйттеп, қой баққан  
Жан бопты Омар есімді.

Алдына салып отарын,  
Иіріпті терең сайға кеп.  
Сойыпты бір қой шопаның:  
«Осының өзі пайда», – деп.

Құдайға бәрін тапсырып,  
Мөп-мөлдір бұлақ басында,  
Тілепті елге жақсылық,  
Болмаса да ешкім қасында.

Сол сайдың қалың талы көп,  
Шаруасы да жоқ бүлікте:  
«Бала-шағаның қамы», – деп  
Қақтапты етті шілікке.

Сол сәтте сұмдық басталған,  
Солқ етіп жердің бауыры.  
Отты шар жанып аспанда,  
Соғыпты зұлмат дауылы.

Сол сол-ақ екен, сол екен,  
Аждаһа жерді өрт етті...  
...Сұрапыл көрген Омекең  
Өмірден мынау ерте өтті.

Тұрғандай бейне тау жылап,  
Көзден жас шығып жапаннан.  
Бәріне күә сол бұлақ  
«Омар қой сойған» атанған.

...Бұл күнде мұңды ән тұнып,  
Сол сайдан өмір үріккен.  
Бұлақ та қалды тартылып,  
Жұрнақ жоқ қалың шіліктен.

Нұрлы етіп түнгі аспанды,  
Тәңірі тауға қондырса Ай,  
Қарғайды сасырбастарды  
Соқыр боп қалған сол бір сай.

## КӨРЛЕН КЕСЕ

*(Баллада)*

...Ұясы төтті күлкінің,  
Дастарқан толы мол тағам.  
Бір қағып қойып кірпігін,  
Қарт әжей отыр ортада.

Қол созып асқа тартынбай,  
Дастарқанды отыр жағалап  
Кішкене қыздар алтындай,  
Екі-үш ұл қара домалақ.

Тағамды жейді қалаған,  
Қарыннан керткен сары май.  
Бауырсақ, қоспа, таба нан,  
Сүзбенің, шіркін, дәмін-ай!

Қалқытып бетте қаймағын,  
Уыз сүт құйып, еселеп,  
Ишеді олар шайларын  
Өңшең бір гүлді кесемен.

Қаладан ұлы ап келген,  
Ишетін шайын керексе,  
Әжейдің ғана ақ көрлен  
Кесесі бар-тын ерекше.

Әжейдің ойы: «Шараны  
Үкімет берген оюлап».  
Құйғызып соған алады  
Үндінің шайын қоюлап.

Тамсайды сосын таңдайын  
Үйіріліп тілге шекері.  
Қатпар да қатпар маңдайын  
Моншақтар жауып кетеді.

Ұрттайды шайдан тағы да,  
Көңілі – шалқар дария.  
Шараны алса-ақ қолына  
Терлейтін болды қария.

Әжесін Күнге балайтын  
Немерелері нешеме.  
Телміріп бәрі қарайтын  
Құдіретті көрлен кесеге.

...Қаншама ағаш гүл атып,  
Қаншама бұлақ шымырлап,  
Жарықтан да ұшқыр уақыт  
Өтті де жатты зуылдап...



...Дастарқан толы мол тағам,  
Сары май, сүзбе, таба нан.  
Әжей жоқ бірақ ортада  
Ұл-қызы Күнге балаған.

Әжейдің өзі өткенмен,  
«Сәнді оты» десе сенбеңіз.  
Кесемен сол бір ақ кәрлен  
Шай ішіп отыр кенже қыз.

### ЕСКІ АРБА

*(Баллада)*

Тірлік атты өткелден  
Тірілердің бәрі асар.  
Шөбін шапқан көк белден,  
Өтті өмірден қара шал.

Шөп таситын ой-қырдан,  
Жегіп алып торы атын.  
Жүрген жері той-думан,  
Өзіл-күлкі болатын.

Бү дүниеге не дерсіз,  
О дүниеге көшті ол да.  
Есік алды елеусіз,  
Иесіз қалды ескі арба.

Беу, ескі арба-ай, ескі арба,  
Екі ауылдың ортасын  
Егіз айрық жол қылған.  
Күнге төсеп арқасын,  
Ай сәулесін қондырған.

Көшкен елдің жұртындай,  
Сол ескі арба тұр үнсіз.  
Доңғалайтын бір тынбай,  
Доңғалағы тынымсыз.

Ескі арбаның есімде  
Сағым бойлап жүзгені.  
Сайын дала төсінде  
Сайрап жатыр іздері.

Жан дүниеме енеді  
Сағыныштың сиқыры.  
Құлағыма келеді  
Ескі арбаның шиқылы.

Ат арбамен, денелі,  
Бара жатқан қырды асып,  
Көз алдыма келеді  
Қара шалдың тұлғасы.

Көрінер жаз, күздегі,  
Айқұш-ұйқыш түздегі,  
Ескі арбаның іздері –  
Көшен қарттың іздері.

...Менің бала кезімдей,  
Қайтып күндер қонар ма?!  
Қара шалдың көзіндей  
Көрінеді сол арба.

### ИТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Бір ит жатыр жасыл шырша түбінде,  
Айықпас бір мұң табы бар түрінде.  
Қандай ғана сүйкімді еді бір кезде,  
Ауылда өскен қара күшік күнінде.

Ұнамайды оған мынау лас қалаң,  
Бұл дүниеден келеді іздеп басқа мән.  
Оны мұнда өсіп қалған кезінде  
Қапқа салып иесі әкеп тастаған.  
Сонан бері қала иті боп басқа өмірін бастаған.

Шулы қала өз бетінше тыныстап,  
Улы ауаны шашады кеп уыстап.  
Туған ауыл сағындырып, аңсатып,  
Ит ғұмыры өтіп жатты жылыстап.

Ауылдағы иттерменен бірге өсті,  
Үрген даусы соларменен үндесті.  
Қалаға кеп қала иттері секілді  
Ішті, жеді, ұйықтады, күн кешті.

Ауылы алыс екендігін сезеді,  
Жоқ есінде: не жемеді, не жеді?  
Кездестіріп қалам ба деп иесін,  
Күні бойы тас қаланы кезеді.

Мұнда тас жол, тас мүсіндер, тас гүлдер,  
Еңсесін кеп басады ылғи тас түндер.  
Тас үйлердің көлеңкесін паналап,  
Өтіп жатты бастан ұшып лас күндер.

Бірде ертемен тұрып алды азаннан,  
Тас қаланың атты таңы бозарған.  
Кезіп жүріп кездестірді иесін  
Адамы мен жемісі көп базардан.

Иә, сол бейне, таныс бейне, сол бейне,  
Өзі әкелген бишара итті көрмей ме?!  
Танымады иесі рас, ит енді  
Бұлай тірі жүргенінше өлмей ме?!

Өлсе... азаяр тас қалада бір кезбе,  
Аңсап өтер ауылдағы күнді өзге.  
Біраз еріп жүрді иесінің соңынан,  
Ығы-жығы. Қалды адасып бір кезде.

Басы айналды сұм жалғаннан түңіле,  
Үрмек болды, шықпай қалды үні де.  
Толқып жүрек, алқынды өкпе, құрсағы аш,  
Жата кетті жасыл шырша түбіне.

Иесінен алынбаған өш қалып,  
Өткен өмір көз алдынан көшті ағып.  
Қусүйек ит қу сүйекті кеміріп,  
Өліп бара жатты ауылды еске алып.

## МЕНІҢ ДАЛАМ

Тербетіп Оңтүстікті, Арқаны үнмен,  
Қазақтың қоңыр күйін тарта білген,  
Алтайдан кең көсілген Атырауға  
Сүйемін мен даламды жан-тәніммен.

Тамылжып мың сан бояу жер-көгінен,  
Көзді арбар әр алуан өрнегімен,  
Көк жота, қызыл адыр, күрең белі,  
Тойған қозы секілді дөңдерімен.

Ыстық ол көдесімен, көкпегімен,  
Жусанды, бетегелі бөктерімен.  
Кетердей түрегеліп түйе-таулар  
Дәл қазір көз алдымда шөккенімен.

Ыстық ол қарағайлы орманымен,  
Билеген көк шалғыны шалғы әнімен.  
О шетін бұ шетімен жалғастырған  
Соқпалы, соқтықпалы жолдарымен.

Ыстық ол сортаңымен, сорларымен,  
Өзенді қуа біткен жарларымен.  
Қыр кезіп, сай қуалап байыз таппай,  
Желге еріп, көшіп-қонған қаңбағымен.

Қосылған емен-жігіт тал-қызымен,  
Жыланшөп, түйетабан, жалбызымен.  
Құлқайыр, итошаған, киікоты,  
Сүттіген, атқұлағы, ханқызымен.

Қарақат, бүлдіргенді сайы кілең,  
Долана, жидесімен, мойылымен.

Шиімен, қамысымен, боянымен,  
Терегі, үйеңкісі, қайыңымен.

Ыстық ол дәрі шөптің қаншасымен,  
Ыққыны, көкбедесі – баршасымен.  
Көгеріп қысы-жазы құрамайтын  
Көгілдір шыршасымен, аршасымен.

Үкілі селеуінің үлпілімен,  
Сасыры, қияғымен, шытырымен.  
Сапырып қымыз құяр күбі ыстаған  
Торықабық тобылғының түтінімен.

Қырды өртер қызғалдағы лапылдаған,  
Құлпырып сарғалдақ көз жатыр далам.  
Сексеуіл, тораңғысы, қарағаны,  
Жантағы – бөрі-бөрі жақын маған.

Сәулесін Күннен тамған тағып аспан,  
Гүлдері жасыл қауыз жарып ашқан.  
Далама қасіретті жолатпайтын  
Шөп те өскен қасиетті – адыраспан.

Жақын ол жылғасымен, жырасымен,  
Түп-тұнық көзден шыққан тұмасымен.  
Кекіре, ерменқурай, меңдуана,  
Жабысып тасқа біткен қынасымен.

Тағынған қырықбуын дөң-дөңесі,  
Жамылған шашыратқы бел-белесі,  
Изені, айғыржуа, итмұрыны,  
Сорасы, есекмия, дерменесі.

Ақ шеңгел, қара шеңгел қалың өскен,  
Рауғашы, қымыздығы, көуілі өскен.  
Бидайық, жыңғыл, мыңбас, жолжелкені –  
Шықпайды қайда жүрсем бөрі де естен.

Дәулетті ол табын-табын сиырымен,  
Жылқының дүркіреген үйірімен.

Киігі жазығында кең жайылып,  
Арқары көз қадаған биігінен.

Отыққан отар-отар қойларымен,  
Тотыққан жүзі күнге жайлауымен.  
Қос өркеш, дала сәні – түйелерге  
Төселген шөлейтінде майда кілем.

Түлкі үріп, қасқыр ұлып, қоян қашқан,  
Қорбандап қоңыр аю аяң басқан.  
Барысы, сілеусіні қар жамылып,  
Жем іздеп, тауды кезген аянбастан.

Қырында ақ самалы аңқылдаған,  
Сайында суырлары шаңқылдаған.  
Жайылып ін қасында борсықтары,  
Терісі күзенінің жалтылдаған.

Балығы сан алуан тереңде өскен,  
Құстары ұшып-қонған бөгелместен.  
Қамысты қабан-шошқа судырлатса,  
Тоғайда еліктері елеңдескен.

Батады қашан көрсем далам ойға,  
Қарсағы жүрер жасап амал-айла.  
Құйрығы бұлғаңдаған тиіндері  
Қарғыған қарағайдан қарағайға.

Шошайып ін қасында саршұнағы,  
Шымшығын оятады таң шуағы.  
Бүркітті көк аспаны, ақсұңқарлы,  
Қырғилы, ителгілі, қаршығалы.

Ұзағы – қиқу салған көктем құсы,  
Күшіген, жамансары – өктем құсы.  
Самсаған тұрымтайы, жағалтайы,  
Лашыны, бидайығы, бөктергісі.

Құзғыны, құмайы мен тазқарасы,  
Бөдене, безгелдегі – жаз баласы.  
Балықшы, жылқышы құс, көкқұтанның  
Қосылар суда басы, сазда басы.

Көгінде тырналары тыраулаған,  
 Көзінде ұларының шың аунаған.  
 Періште – ақша бұлттың қолындағы  
 Желпуіш – сасықкөкек бір аумаған.

Әр құстың бар өзінен бір қылығы,  
 Шіліктен естіледі бұлбұл үні.  
 Тынымсыз қараторғай, қарлығашы,  
 Сауысқан, кекілігі, бұлдырығы.

Қарқылдап қарғасының бір қауымы,  
 Көкектің көк тоғайда тұнған үні.  
 Қырында – тағат тапқан шіл мен құры,  
 Құмында – қанат қаққан қырғауылы.

Көлінде – аққулары сылаң қағып,  
 Шөлінде – дуадағы сыңарланып.  
 Шырқатып салған әнін бозторғайдың  
 Естисің жазығында құмар қанып.

Әкеліп көкек даусы далаға жаз,  
 Айтады толқындарға шағала наз.  
 Нуында – мысықторғай – сыбызғышы,  
 Суында – қоңыр үйрек, сары ала қаз.

Жағада әупілдегі әупірімдеп,  
 Жапалақ паналайды тал түбін кеп.  
 Қанатын жайып салып жарқанаты,  
 Ұшады түнгі ауаны сан тілімдеп.

Жазылған қызғыш құсы – жыр көктегі,  
 Күй болып күйкентайы дірдектеді.  
 Жаңғыртты қараңғыда сай-саланы  
 Байғызы, үкісі мен түн кептері.

Келбеті Айға ұнаған, Күнге ұнаған,  
 Жазықты, таулы далам, құмды далам.  
 Қосылып кетсе болды саздарыңа  
 Менің де құлын даусым құлдыраған.

## ЖАН ДАУЫСЫ

(Поэма)

*Қалың ағаш жапырағы  
Сыбырласып өзді-өзі.  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлпырған жасыл жер жүзі.*

**Абай**

*Хан Орда, Дегелең мен Құндызды, Арқат,  
Дейтін жер – шіркін, көңіл, құмар тарқат.*

**Қасым Аманжолов**

*Армысың, атақоныс – Абыралы,  
Басыңнан бағың қайда жамырады?*

**Төлеужан Ысмайылов**

Құлпырған құлан жазық, құмай белің,  
Шыңғыстау, Абыралы шұрайлы едің,  
«Сол бағың қайда кеткен бастан ұшып,  
Сол шағың қайда кеткен?» – сұрайды елің.

Шыңғыстау, Абыралы, қайран елім,  
Қазақтың даласының қаймағы едің.  
Ай нұры, Күн көзіне шағылысып,  
Айнадай жарқыраған қайда көлің?

Жанарда жаутаң қағып бота-қайғы,  
Жанымды жалмаңдаған от орайды.  
Қарғының қайда таудан құлап аққан,  
Шалғының қайда, шіркін, көкорайлы?

Жыр жазған ақша бұлтқа тауың қайда?  
Билейтін, мың бұралған талың қайда?  
Салатын кешің қайда түрлі сурет?  
Ән шырқап ататын ақ таңың қайда?



Сол таңның шық-моншағы, лағыл қайда?  
 «Кел, кел!» деп көзді арбайтын сағым қайда?  
 Абайдың жұртын іздеп келген жанның  
 Алдынан барлығы да табылмай ма?

Жырмекен, атамекен сүйікті едің,  
 Бейнеңді елестетсем биіктедім.  
 Айтшы өзің, қайда кеткен үйір-үйір  
 Төсіңді еміп өскен киіктерің?

Қырларың түн көрпесін жамылғанда,  
 Шулатқан сай-салаңды аңың бар ма?  
 Оқыстан құлақ тұнар тарсылдардан  
 Жүрегі арқарлардың жарылған ба?

Естіртіп құс тілінде мұң, арманын  
 Аққулар кетті ме іздеп сыңарларын?  
 Шошынып гүрілдер мен дүмпулерден  
 Әуеңнен кетті ме ауып қырандарың?

Туған жер, тек өзіңсің – шын ұлылық,  
 Сен тұрсың бөрінің де мұңын ұғып.  
 Қараймын келер күндер тізбегіне  
 Шұрқырап көкірегімде құлын-үміт.

Жабырқау жартасыңда тіл байланып,  
 Еңселі тауың кеткен күлге айналып.  
 Абайға жыр сыйлаған табиғаттың  
 Көрмедім мүшкіл халін мұндай ғаріп.

Көздері бұлақтардың жабылғандай,  
 Бойынан қан тоқтаған тамырлардай.  
 Әскердің тәртібімен дөңдердің де  
 Шаштары тақырланып алынғандай.

Көркіне көрген сайын жан сұқтанған,  
 Көлшіктер лайланып шалшық болған.  
 Бір кезде тасып аққан өзендердің  
 Арнасы қасық сусыз қаңсып қалған.

Туған жер бесігіне құндақталған  
Ауру тал іңгәлайды бір қапталдан.  
Сайларға сән беретін, әр беретін  
Тоғайлар тұтасымен құрап қалған.

Жазығың бұрынғыдай гүл тақпаған,  
Төсінді қайғы басып, мұң таптаған.  
Мен де енді өзің болып толғанайын,  
Тозған жер, жүдеу өлкем, сырқат далам.

### Дегелең тауының\* зары

Сәнді еткен қойшылардың доғал тамын,  
Басылған кеудемдегі жанартауым.  
Мен де бір сәбиі едім қара жердің,  
Мен де бір перзенті едім Сарыарқаның.

Жусаным, бетегем де, көкпегім де,  
Селеуім көгеретін көктемімде.  
Жерім – от, қысым – жылы, жазым – салқын,  
Жайылып жүретін мал бөктерімде.

Күз келсе тұман орап шалғайымды,  
Тамшылар сүйетұғын маңдайымды.  
Ағатын Қусақ, Шаған айырылып,  
Қаусыра құшып менің баурайымды.

Жүзімді түн баласы Ай бояйтын,  
Бетімнен күн сәулесі тайғанайтын.  
Тау едім құзарларым көкке ұмсынған,  
Тау едім ештеңені ойламайтын.

---

\* «Дегелең – ұсақ шоқылы тау, Семей облысындағы Жаңасемей ауданының батысындағы Қусақ және Шаған өзендерінің су айырығы. Ұзындығы – 30-40 километр, ені – 15-20 километр шамасында. Абсолютті биіктігі – 1010 метр. Салыстырмалы биіктігі – 200-500 метр» (ҚСЭ, 3-том, 511-бет)

Ақша бұлт басымдағы сеңсең еді,  
 Ұлдарым – шоқыларым еңселі еді.  
 Тіл бітті бүгін маған, бәрін де айтам,  
 Ей, адам, сен сенбесең, Жер сенеді.

Ей, адам, сен сенбесең, жел сенеді,  
 Тым құрыса, жел сенгенін көрсең еді.  
 Қыздарым – қарағайлар түссе есіме,  
 Қарт денем қайғы жұтып теңселеді.

Сайларым тобылғылы, аршалы еді,  
 Сүйетін бұлақтарым сонша мені.  
 Шіркін-ай, құшағымда еркін жатқан  
 Немере – жақпар тасым қаншама еді!

Кезінде таңданбап ем көптігіне,  
 Солардың қазір, міне, жоқ бірі де.  
 Аяусыз жылан-қамшы арқамды осып,  
 Жазықсыз сұм дүние соқты дүре.

Жаныма батқаннан соң жыр қып тұрмын,  
 Келеді айықпайтын мұңды ұқтырғым.  
 Айтайын қайсыбірін азабымның,  
 Есімде алғашқысы сұмдық күннің.

### 1949. Тамыздың жиырма тоғызы

Иә, сол бір жылы,  
 Сол айда, сол бір күні...  
 Менің азапты ғұмырым басталып,  
 Бұзылды табиғаттың мөлдірлігі.

Мәңгүрт деп ойламаңдар, ес білемін,  
 Басымнан қаншама азап көшті менің.  
 Естідім құлақ тұнар зұлмат үнді,  
 Ештеңе сонан кейін естімедім.

Көрмеп ем бұрын-соңды жат қылықты,  
Аң-құсым сол дауыстан қатты үрікті.  
Алып бір саңырауқұлақ шықты да өсіп,  
От құсты, айналаға от бүрікті.

Басталды сол бір сұмдық бастан кешкен,  
Секілді әлдеқайда аспан көшкен.  
Жазығым көрінбейді жадыраған,  
Барлығы төңіректің астан-кестең.

Жалмады айдаһар-өрт жаппай маңды,  
Барлығы төңіректің отқа айналды.  
Қаптаған қарағайым шоққа айналды,  
Жүрегім шошынғаннан соқпай қалды.

Бұл неткен аждаһа еді алып тісті,  
Тастарым балқып кетті, жанып күшті.  
Аспанды тұрды жауып алқызыл шар,  
Қарап ем... жанарларым ағып түсті.

Алып шар көк тіреген тағымды алды,  
Өртеніп шала-жансар төнім қалды.  
Омыртқам омырылып, жотам жанып,  
Алапат кетті ырситып қабырғамды.

Ей, адам, құлағыңды тікші дер ем,  
Әйтеуір аман қалдым бықсып әрең.  
Жер де сұр, аспан да сұр, сұр бәрі де,  
Қоршаған маңайымды сүп-сүр әлем.

Ыңырсып айтатындай жерім сұр ән,  
Мен үшін өмір – азап, өмір – шыдам.  
Жанбаған айналамда ештеңе жоқ,  
Күйіктің шығады иісі қоңырсыған.

Табиғат – адамның да бел анасы,  
Жоқ па әлде соны айтатын ел ағасы?!  
Өртейтін табиғатты крематорий  
Секілді Аспан менен Жер арасы.

Бұл, сірә, «сасырбастар» ойраны, ұқтым,  
 Солардың қол астына байланыппын.  
 Сұмдық түс көргендей боп, ес жинадым,  
 Оянсам... сұп-сұр күлге айналыпмын.

Дәл мендей қинады екен дәуір кімді,  
 Қиямет ойдан кетпес ауыр күнгі.  
 Енді-енді есті жинай бергенімде  
 Екпіні бет қаратпас дауыл тұрды.

Зұлжәләл алып шылым шеккендейін,  
 Зұлматтың бәрін үйіп-төккендейін.  
 Дүние алай-түлей, ойран-топыр,  
 Аспан мен Жер қосылып кеткендейін.

Сөзіме куә етемін Айды, Күнді,  
 Артты да айықпастай қайғы-мұңды,  
 Сол тажал кетті ұшырып бәрін-бәрін,  
 Тонады менің бүкіл байлығымды.

Ешқашан алмап едім жарақатты,  
 Күңіренді зор дауыспен дала қатты.  
 Тас темір дәуірінен жасағанда  
 Көрмеппін мен дәл сондай алапаты.

Ыңырсып әлі мұңды айтам әнді,  
 Қырық жыл қыр өртенді, сай тоналды.  
 Әуеде, жер бетінде, жер астында  
 Бұл зұлмат бірнеше рет қайталанды.

Торқамның қызыл-жасыл өшті реңі,  
 Қырық жыл тәнімді азап кескіледі.  
 Өзгерді келбетім де танымастай,  
 Зарымды бірақ ешкім естімеді.

Күн менен жатыр талай түн алмасып,  
 Басымды тұрады ылғи мұнар басып.  
 Көгімнен қыран қашып кетті аулаққа,  
 Бауырымнан жылан екеш жылан қашып.

Қойнымда жоқ арқарым, жоқ киігім,  
Айтамын ойларымның нақ түйінін.  
Жарылып сыртқа шығар бір күндері  
Ішімде тұнып жатқан көп күйігім\*.

Сәт санап барады сол күдік те өсіп,  
Төсімнің сау жері жоқ, шұрқ тесік.  
Ауасын кең даламның улап жатыр  
Төбемнен жасанды бір бұлт көшіп.

Несіне бұл адамдар бұлданады,  
Зарымды керең дүние тыңдамады.  
Өзім де ештеңені естімеймін,  
Соқырмын енді қазір суқараңғы.

Күлмін – мен, тау емеспін, үйіндімін,  
Шертіліп жатыр соңғы күйім бүгін.  
Сан алуан дүниедегі таулар үшін  
Көтеріп тұрмын тірлік қиындығын.

Қанбайды зарланбасам тыншым менің,  
Бар әлем бұл сырымды білсін дедім.  
Астымнан маған арнап көр қазылған,  
Қалды тек құлазыған құр сүлдерім.

Көкірегім, күл болсам да, тола жара,  
Қасымнан қоныс тепті «мола» жаңа.  
Жүрегім соқпайды енді, демім бітті,  
Ей, таулар, жиналыңдар жаназама!

---

\* Жасалған ядролық сынақтардың нәтижесінде Дегелең тауының астында көп мөлшерде радиоактивті қалдықтар қоймасы қалыптасқан. Өз қуатын мыңдаған жылдар бойы жоғалтпайтын плутоний газы бір кездері жер үстіне жарып шығып, аса қауіпті апат болдыруы ықтимал.

### Қураған тоғайдың\* соңғы сөзі

Тұла бойым күрт өзгерген,  
Тоғаймын мен қурап қалған.  
Оянушы ем бір кездерде  
Жапырақтарым шулап таңнан.

Өң жоқ, түс жоқ ажарымды  
Көз жасыма сулап та алғам.  
Тыңда бөрің азалы үнді,  
Тоғаймын мен қурап қалған.

Өз дауысты әнші де едім,  
Ақын да едім жыр да ақтарған.  
Түрімді енді көрші менің –  
Қу тоғаймын қурап қалған.

Қарғыс айтам адамдарға,  
Қурай-қурай көрге кірсем.  
Сонау өткен замандарда  
Туған жерге әр беруші ем...

Өркеш-өркеш тау маңдарын  
Көз тартардай түрлендіріп,  
Сай-саласын, аңғарларын  
Тұратынмын гүлдендіріп.

Алуан түрлі құс үнімен  
Тәңірім өзі даралайтын.  
Аң тілін де түсініп ем  
Саяма кеп паналайтын.

---

\* Сарғалдақ» ауылынан күнбатысқа қарай, Шаған өзенін бойлай өскен бұрынғы қалың жыныс тоғай тұтасымен қурап қалған. Ал бір кездегі Қусақ өзенінің маңайын құлпыртқан ну шіліктерден белгі де жоқ

Шат-шадыман күйлерімді  
Шерте алмаймын, шара бар ма?  
Теріп менің жидегімді  
Жүруші еді балалар да.

Күннен шыққан алуан бояу  
Маған қарай асығатын.  
Самал әні салған баяу  
Тербеп-тербеп басылатын.

Мақпал түнді қарсы алғанда,  
Нұрға бөлеп жүзімді Айым,  
Ақ қайыңдар ән салғанда,  
Би билейтін қызыл қайың.

Жұлдыздарды әперетін  
Көп терегім, көк терегім.  
Күндіз-түні көтеретін  
Көңілімді көкке менің.

Сәнді талым, сәмбі талым  
Су өніне қосылатын.  
Гүл майысқан әр бұтағын  
Жапырағы жасыратын.

Алып тау мен дала таққан  
Әшекейге көп құмарта,  
Моншақ түзіп қарақаттан,  
Итмұрыннан тақтым алқа.

Тұратынмын жағалауда,  
Тұнық суда ойым жүзіп.  
Сырғаларым – доланадан,  
Қолдарымда – мойыл-жүзік.

Жайлы өмірім жалғанған жоқ,  
Бар байлығым тоналды айқын.  
Қазір сол шақ қалды арман боп,  
Қайта ешқашан оралмайтын.



Бір сұмдықты сезді білем,  
Кеберсіді топырағым.  
Жазда түсіп өздігінен,  
Сирей берді жапырағым.

Улы ортаға қамалдым да,  
Улы сәуле уыстадым.  
Улы судан нәр алдым да,  
Улы ауамен тыныстадым.

Бұтақтары құдай болып,  
Құшағымда тұнған ағаш,  
Абыройдан жұрдай болып,  
Қалдым бір күн тыр жалаңаш.

Тіршіліктен кенде қалдым,  
Тамып көзден түсті көп шық.  
Ей, жұмбақ дерт, меңдеп алдың,  
Қу тіземді құштым өксіп.

Құр сүлдерім құлайды енді,  
Айқайлар ем даусым болса.  
Қолым жайып жылай бердім  
Көзім жасы таусылғанша.

Қош айтысты өмірімен,  
Тұрған еді тау да шыдап.  
Қолым жайып, Төңіріден,  
Өліп кеттім сауға сұрап.

### **Боз даланың қасіреті**

Мен – боз даламын!  
Қоршалдым.  
Дүмпулерден тозды алабым.  
Орыны тілім-тілім сорға айналып,  
Сағынып жатыр көлім қаздар өнін.

Мен – боз даламын!  
Жылайын десем жасым жоқ.  
Тарайын десем шашым жоқ.  
Әлдекімдердің қолымен  
Көкірегіме басылды от.

Күйдім де жандым, өртендім,  
Күйімді кімге шертермін?  
Қайғының бұлтын қаптаған  
Қалайша бастан серпермін?

Қырлардың көші қаралы,  
Қош айтып маған барады.  
Әнімнің бәрі мұңды да,  
Тәнімнің бәрі жаралы.

Тауым тұр улы бұлт құсып,  
Залалы жатыр жұртқа ұшып.  
Көрсем де соның барлығын  
Жатырмын сұлап, сұлқ түсіп.

Қатпар да қатпар маңдайым,  
Кеберсіп қалған таңдайым,  
Серейіп кейде жатамын  
Сусап бір өлген жандайын.

Туғаннан бері қабаған  
Атом-ит мені талаған.  
Күн, айтшы, жұлдыз, Ай, айтшы,  
Сау жерім бар ма жарадан?

Тұрамын күндіз, түнде ояу,  
Сыңсиды кейде қыр баяу.  
Айырылдым жеті бояудан,  
Мендегі бары – сұр бояу.

Сұп-сұрмын, тағдыр тонаған,  
Сұрымды көрсін бар адам:  
Сұр селеу, сұр ши, сұр көде,  
Қан да жоқ, сөл жоқ қараған.

Байқатар қалың сорымды  
Қураған қалың тобылғы.  
Бермесін еш жер басына  
Мендегі сұрқай өмірді.

Маңайым толы мұңды үндер,  
Сұрланған бүкіл құмбыл бел.  
Басымнан ұшты басынып,  
Сұрықсыз өңкей сұр күндер.

Көз жасын төгіп көшті бұлт,  
Өмірдің шамы өшті күрт.  
Қаншама менің қойнымда  
Қаңырап қалған ескі жұрт.

Ескі жұрт, ескі қоралар,  
Уатылып кеткен обалар,  
Жаныма батты құлаған  
Қасиетті көне молалар.

Солардан басқа нем қалды,  
Ыңырсып соққан жел қалды.  
Тоқтата да алмай дал болдым  
Төсімнен қашқан аңдарды.

Жол қалды үнсіз жосылып,  
Иесін күтіп тосылып.  
Әлдилеп мені ән салған  
Құстарым кетті шошынып.

Қобыз-мұңымды қозғаған,  
Бозторғай кетті боздаған.  
Жүрегім қалды жалғыз-ақ  
Жарылып кете жаздаған.

Білмеймін қысты өткенде,  
Білмеймін – күз бе, көктем бе?!  
Тоңамын кейде жаз келіп,  
Ызғарлы жаңбыр төккенде.

Қатыгез заман қан ішіп,  
Маусымдар кетті ауысып.  
Жұт келіп бәрін жұтқандай  
Басымнан кетті бақ ұшып.

Есерсоқ қару жыны көп,  
Тандырды-ау естен мың рет.  
Құтқаршы мынау тозақтан,  
Бар болсаң егер, құдірет!

### Тартылған өзеннің мұңы

Құдайға жылап, табындым:  
«Қайтар, – деп, – титтей жұрнағын қуатты ағынның!»  
Бітеліп қалған көздері ашылар ма еді  
Мені тұс-тұстан демейтін бұлақтарымның?!

Айқайласам ба шыңғырып өктем,  
Толар ма еді арнам тек сонда ындыны кепкен?!  
Жайқалып жасыл тоғайым, жамырар ма еді  
Естілмей кеткен жапырақ сыбдыры көптен?!

Теректен әсем баяғы өн ұшқандайын,  
Сүйінші сұрап, қуанып, қамыстан қайың,  
Мәжнүн тал келіп, ернімнен өбер ме менің  
Ләйлісіменен қайтадан қауышқандайын?!

Жағалауымның арайға шарпылғанда өңі,  
Саялатқанда самалым салқынға мені,  
Қайтадан дулы көгімді думанға бөлеп,  
Шағалаларым шаттанып шаңқылдар ма еді?!

Өрмекші біткен шалғында өріп үйлерін,  
Құрағым, қоғам шертіп бір соны күйлерін,  
Ұясын салып жағама сары ала қаздар,  
Оралар ма еді төсіме қоңыр үйрегім?!

Мөп-мөлдір суды ішуге оқтала беріп,  
 Қандырса шөлін қасыма тоқтаған елік.  
 Балығымды аулап, қытықтап саусақтарымен  
 Шомылар ма еді қойныма топ бала келіп?!

...Өткен дәуренді осылай есіме аламын,  
 Кәсілмесем де сол шақта есіле ағамын.  
 Мен бір жоғалсам мәңгілік болмайтынымды  
 Түсінбей жүрген ғалымдар несіне ғалым?!

Сиреді балдыр суымды сүйікті ететін,  
 Азайды балық еңсемді биіктететін.  
 Қиыршық құмға, тастарға толды кең арнам  
 Бір кезде бүкіл Құсжолы сыйып кететін.

Алып жартастар жағама жығылды келіп,  
 Қураған ағаш желге ұшты үгінді болып.  
 Күн айнасынан өзімді танымай қалдым,  
 Ай айнасынан шошындым түрімді көріп.

Жол сілтеп түнде жұлдыздар шырақтай жанып,  
 Әдилелеп бірге әкеттім жыраққа Айды алып.  
 Тоқтап та тоқтап, кей сәтте Ертіске әлі де  
 Үзіліп барып құямын бұлаққа айналып.

Өткеннің бәрі ойымда, ұмытпағанмын,  
 Сүйретілемін, ентігіп тұрып қаламын.  
 Шалдықтым мен де ауруға, шамам жоқ енді,  
 Құрдымға суым кеткендей құрып барамын.

### Желдің жоқтауы

Жайнаған керім,  
 Қайдасың, белім?!  
 Қайтемін, дүние-ай, қайтемін?!  
 Өрт шалған жерім,  
 Дерт шалған елім,  
 Тәңірім, өзің айт емін.

Желмаядай желемін,  
Дауасын таппай келемін.

Ышқынып кейде,  
Ысқырып кейде,  
Ызаланып жүлқындым,  
Қылқынған жандай,  
Құтырған аңдай,  
Құтыла да алмай бұлқындым.  
Құтылып қайда барармын,  
Қайғыма менің қарар кім?!

Құйындатқанда-ай,  
Асылған жандай  
Асылып қалдым аспанға.  
Атом-ит қауып,  
Есімнен ауып,  
Басымды соқтым тастарға.  
Жыладым, күйдім, жындандым,  
Даусымды менің тыңдар кім?!

Теп-тегіс жерден,  
Тірі емес, өлген  
Көл пайда болды атылып.  
Көргенім – шындық,  
Бұл неткен сұмдық?!  
Қариядай қалдым аһ ұрып.  
Кінәлап кімді түтермін,  
Жыртығын жердің бітер кім?!

Бар маңың – дақпырт,  
Арманың – ақ бұлт,  
Қайдасың, тауым, тарланым?!  
Өзіңді жоқтап, анадай аппақ  
Шашымды жайып зарладым.  
Сендей тау қайдан табармын,  
Көз қырын бізге салар кім?!

Өзенім, сені іздедім,  
Сенен де күдер үзбедім.  
Құлпыртушы едің бар маңды,  
Жағасында нуы жоқ,  
Сағасында суы жоқ,  
Сипалап қалдым арнаңды.  
Қайдасың, қайран, өзенім,  
Сені іздеп Жерді кеземін.

Үмітімді  
Үзбеген едім,  
Іздеген едім  
Көк тоғайларды көрікті,  
Олар да түгел өліпті.  
Өртеніп кетті өзегім.  
Мен – кезбе желмін. Кеземін.

Айдала – тозақ,  
Айналам – азап,  
«Құтқар!» – деп  
Айға жалындым.  
Мойнымда – қамыт,  
Қойнымда – тамұқ,  
«Құтқар!» – деп  
Күнге табындым.  
Баладай өксіп жылаймын,  
Қашанғы мен де шыдаймын?!

Ей, адам!  
Сен өмір сүргің келмесе,  
Жылап мен өмір сүрейін,  
Соңыма ертіп  
Бүкіл ғаламның үрейін,  
Жер шарын кезіп жүрейін.  
Барамын қайда?  
Молаға барып түнейін...

### Жидебайдағы зират. Абай жыры

«Патша құдай, сиындым,  
Тура баста өзіңе»,  
Өлең болып құйылдым,  
Бек қараттым сөзіме.  
Алдымда тұр Шыңғыстау  
Бұрынғыдан қартайған.  
Құлазиды мың қыстау,  
Мал азайып, әр тайған.  
Жерімдегі жарылыс  
Жетті маған дүмпуі.  
Ойламаппын болар деп  
Мұндай сұмдық бір күні.  
Кидім ажал-көйлекті,  
Жоғалып ем тапқызбай.  
Рухымды сөйлетті  
Керде тыныш жатқызбай.  
Адам азды, жер тозды,  
Су тартылды, ну жанды.  
Қайда апарып сақтармыз  
Қу сүйекті, қу жанды?  
Балашақпақ, Ботақан –  
Қайда сұлу жайлаулар?  
Көзден шығып жататын  
Қайда мөлдір қайнарлар?  
Қайда кеткен, төңір-ау,  
Қалың шілік, тоғайлар?  
Көрінбейді көзіме  
Көк шалғын, көкорайлар.  
Көзіме оттай басылған  
Жидебайда жиде жоқ.  
Мамырлаған аққудай  
Ақ қанатты үй де жоқ.  
Желпілдетіп түндікті  
Шертілетін күй де жоқ.  
Барады ағып қара Жер,  
Күнге жеккен күйме боп.



Өзірейіл – жарылыс  
 Кеудесінен жан алған,  
 Құлазиды сары дала  
 Байлығынан тоналған.  
 Гүлдеп, қайта сілкінші,  
 Балалығым өткен жер.  
 Бозбала боп сұлудың  
 Тамағынан өпкен жер.  
 Бала құшып, жар сүйіп,  
 Өмір гүлін еккен жер.  
 Әке болып толғанып,  
 Ақыл нұрын сепкен жер.  
 Сарыжалдан жел ессе,  
 Көзім жасы кепкен жер.  
 Сарыарқадан өн ессе,  
 Жаным өлең төккен жер.  
 Асан Қайғы бабаның  
 Желмаясы шөккен жер.  
 Қараменде, Кеңгірбай  
 Келіп қоныс тепкен жер.  
 Құнанбай мен Алшынбай  
 Шалқып-тасып кеткен жер.  
 Нысан Абыз өсиеті  
 Жылдарды аттап жеткен жер.  
 Арғын, найман жиылып,  
 Той мен думан өткен жер.  
 Жұт пен нәубет болғанда  
 Қасірет-қайғы шеккен жер.  
 ...Құтыл, елім, азаптан,  
 Құлпыр, қайта Көк пен Жер!

**Мыржық тауының бөктері.  
 Тәттімбет күйінің күмбірі**

Күймін – мен. Күйге айналған Тәттімбетпін,  
 Алдында алуан күйді тарттым көптің.  
 Қуаныш, қызық сыйды шанағыма,  
 Пернеден мұң мен шерді шерттім де өттім.

Мен едім ардагерің арғын асқан,  
Әр кешім әсем, нұрлы таңға ұласқан.  
Серуендеп шыққан кезде күйімменен  
Сейілттім қара бұлтты тауды басқан.

Мен туған Мыржық тауы, қандай едің,  
Даламның Күнге тосқан маңдайы едің.  
«Сарыжайлау», «Сарыөзекті» төгілткенде  
Сусыны, тыңдайтұғын, қанбай елім.

Жүрдім мен бабам салған жолмен ғана,  
Ой кештім еркін, асқақ заңмен ғана.  
Күйіме сыйып кеткен аспан мен жер,  
Қосылған әуеніме тау мен дала.

Салдым мен қоңыр кеште «Салқоңырға»,  
Бастым мен «Бес төреге» таң шағында.  
Аттандым жауға қарсы атой салып,  
«Айдос» пен кезек беріп «Алшағырға».

Ерлерді күйге қостым апай төсті,  
«Сылқылдақ», «Былқылдақпен» – екі ой көшті.  
Еліммен, жерімменен қош айтыстым  
Көкейден туған кезде «Көкейкесті»

Таңбасын «Көш жанаған» тасқа салды,  
Ақылым сезімменен астаса алды.  
Патшаның өзі келіп медаль таққан  
Шерткенде төгілдіріп «Қосбасарды».

Алмасып туған жердің жазы жатты,  
Өшпестей өткен күннің сазы қапты.  
Жанымды түршіктіріп оқыс ойлар  
Бір күйім туған еді «Азына» атты.

«Аз-з-з» деп ызылдап жел тұрып алды,  
«Ы-ы-ы-ыңға» басып, ұлып алды.  
«Н-на» деп саябырсып, демі жетпей,  
Тұншығып «Азына» күй шығып алды.

Сол бір күй маған сұмдық елестеткен,  
Секілді маңдай тердің бәрі еш кеткен.  
Сүреңсіз, сұрқай сурет көрінісі  
Жайнаған жайлауымды көмескі еткен.

Жасылды жалмап жатқан құртты көрдім,  
Ісі жоқ, тек сөзі бар қыртты көрдім.  
Аурудан, я апаттан зардап шеккен,  
Иесіз, үңірейген жұртты көрдім.

Бос қалған атажұртым қаңыраған,  
Бұлақ жоқ тау басынан жамыраған.  
Қан-сөл жоқ нәрестені қолына алып,  
Ақ шашты ана көрдім аңыраған.

Жас өлді бұл өмірден ерте кетіп,  
Жасаған, қайда кеткен өлкеде құт?!  
Ызылдап соққан сонда бір ыстық жел  
Жолдағы тіршілікті өртеп өтіп.

Ескі жұрт адыра қап, ол жылайды,  
Баянсыз тіршіліктің сазы – қайғы.  
Ығына қарай құлап соққан желдің  
Қураған меңдуана азынайды.

Қаптаған жау шапқандай күллі ауылға,  
Айналған қарағайлар сырғауылға.  
Қураған меңдуана, қираған жұрт,  
Азынап жел ұласты бір дауылға.

Көз бояр қызыл-жасыл гүл алмасқан  
Көркі жоқ туған жердің құмар басқан.  
Қудай-ау, сұп-сұр аспан, сұп-сұр дала,  
Мыржықты, Дегелеңді мұнар басқан.

Мен көрдім сол сұмдықты, шерді көрдім,  
Ел көшіп, жетім қалған жерді көрдім.  
Ұрпақтың ақ құранын аңсап жатқан  
Қараусыз, жермен-жексен көрді көрдім.

Шыға алмай тығырықтан жол іздеген,  
Арты – түн, алдында – Күн елді көрдім.

Сол ұрпақ аман болсын деп тілеймін,  
Тыныштық заман болсын деп тілеймін.  
Бабалар айтып кеткен өсиетке  
Лайым адал болсын деп тілеймін.

### Шыңғыстау.

#### Шәкәрім қажының шындығы

«Мен – бір тілсіз көрікпін,  
Басыма соқпа, дауың жоқ.  
Тепкілеме, өлікпін,  
Шайтаннан басқа жауым жоқ».

Көбейіп енді сол шайтан,  
Өртеді от боп жерімді.  
Дауымды соған қарсы айтам,  
Қорғаймын сөзбен елімді.

Өлген ем, бүгін тірілдім,  
Көтерді күмбез ұрпағым.  
Естіге сөз боп бұрылдым,  
Шындықтың жырын шырқадым.

Кітап боп шықтым, басылдым,  
Насихат айттым жастарға.  
Нақыл боп, нұр боп шашылдым,  
Ай болып тудым аспанда.

Қарадым сөйтіп далама  
Жарты Айдың жарық көзімен.  
Айналған бітпес жараға  
Жарылыстарды сезінем.

Жаратқан ием, бұл неткен  
Зауалың еді жіберген?  
Құтылып өмір, дүрмектен,  
Бір өлген адам мың өлген.

Нәресте көрмей нұр таңын,  
Тумастан тартты азапты.  
Жазықсыз момын ұрпағым  
Тірідей көрді тозақты.

Естісе құлақ бітелді,  
Қараған жанның көзі ақты.  
Болмасын, тәңірім, жұт енді,  
Аясаң етті қазақты.

Өлкем қайта құлпырсын,  
Тілеуім осы Алладан.  
Жапырағыма жыр тұнсын  
Аспанға мені жалғаған.

Өмір деген өтеді,  
Заманның желі қайрасын.  
Махаббаттың мекені –  
Қазақтың жері жайнасын!

«Нартайлақ пен Айсұлу»,  
«Қалқаман – Мамыр» секілді  
Төктім небір ой сұлу.  
«Ләйлі – Мәжнүн»,  
«Еңлік – Кебек» секілді  
Дастандар жаздым не түрлі.

Махаббат, қызық, мас күнім  
Жазылды талай өлеңмен.  
Соның бәрі – жас буын  
Бақытты болсын дегеннен.

Алладан – рахмат, санаға,  
Ал пайғамбардан – шапағат.  
Орнасын тек далама  
Өмірге деген Махаббат!

### Таңат жайлауы. Өміре әнінің әуені

Әнмін – мен. Өміремін.  
Ән болып шырқап өткен өмір едім.  
Сәмбі тал жапырағынан лағыл суға  
Ән болып мөлдіреген төгілемін.

Құс болып құйқылжимын, шарықтаймын,  
Ақша бұлт-әнге айналып, қалықтаймын.  
Айналып ән-самалға желпігенде  
Түймесін көкірегінің ағытты айдын.

Өмір – ән, білген жанға, өмір – әуен,  
Қоршаған төңірегің – небір өлең.  
Сәби боп әніңді айтып сен келгенде,  
Ән болып қаусырады қоңыр әлем.

Ән болып құшақтайды асыл анаң,  
Сәулесі Күннің ән боп шашыраған.  
Адам жоқ бұл дүниеде ақиқаты  
Ән тыңдап шалқымаған, тасымаған.

Менің де пешенеме ән бұйырды,  
Ән болып атқан әсем таң бұйырды.  
Таңаттан шыққан даусым дүние кезіп,  
Шарладым әуен болып сан қиырды.

Шабыт кеп, арқам қозып, шын қысқанда,  
Ән болып тарады үнім мың қыстауға.  
Астынан алты қырдың асып барып,  
Ән болып жетті даусым Шыңғыстауға.

Күмістен құйылғандай көмей қалды,  
Күндей боп көтеріліп мерей қалды.  
Шыққан үн жез таңдайдан түнді жарып,  
Ертістен жүзіп өтіп, Семей барды.

Таң сайын бұлбұл болып оянды үнім.  
Ән болып алтын құшақ жаяр күнім.  
Қазаққа даусым жетті, даңқым кетті,  
Құлпыртып жәрмеңкесін Қояндының.

Дабысым дауылдатып Тәшкен кетті,  
Шабысым Қызылорда, Мәскеуге өтті.  
Атымды алты алашым тік көтеріп,  
Тасымды домалатып, төске өрлетті.

Әуенім жан дүниені тазалады,  
Шырқасам көкірегімнен саз ағады.  
Төрінен Еуропаның көкке шалқып,  
Парижге жетті мен боп қазақ әні.

Әнімін – мен. Әміремін.  
Шырқалған әуен болып өмір едім.  
Оятты жарылыстар мәңгі ұйқыдан,  
Ойлантты құлазыған төңірегім.

Жүдеген, тозған өңір, сұрқай өңір,  
Тәңір-ау, елес берген бұл қай өмір?  
Баяғы туған жерім, өскен елім,  
Әніңді шымырлатып, шырқай егіл.

Осында дауысымды шыңдаған ем,  
Ақырын құлақ түріп тыңдаған ем,  
Мен айтқан әуен тіптен бөлек еді,  
Ерекше қайғы-зарлы мұндағы әуен.

Қамыстан бір азалы үн шығады,  
Құстары қиқуламай, тұншығады.  
Ши де үнсіз, қияқ та үнсіз, шілік те үнсіз,  
Ызыңдап бір өкпек жел құлшынады.

Ақ қайың, қызыл қайың әндетпейді,  
Аршалар таудың бетін сәнді етпейді.  
Жартасқа ақсақ құлжа көтеріліп,  
Көл бетін жалғыз үйрек өрнектейді.

Өлсем де бұ дүниені көремін мен,  
Ән болып қайта оралып келемін мен.  
Құдірет, құтқар менің әнді өлкемді  
Сұрықсыз суретің мен әуеніңнен!..

### **Бөрлі. Әуезов Мұхтардың мұңды үні**

Әуезді өлке, әнді өңір,  
Өзінде бояу бар небір.  
Оянған ой мен елестен  
Алып ұшады сал көңіл.  
Әйгерім шығар Ордадан,  
Тербетіп тауды не бір әнмен.  
Еңлік пен Кебек Ұйтаста  
Қос ғашық болып тебіренген.  
Ақшоқы жақтан ескен жел  
Құнанбай үнін жеткізер.  
Жоқтаған дауыс Оспанды  
Қобыздай сарнап ішекті үзер.  
Шыңғыстың қойын-қонышы  
Жасырып жатыр мың жұмбақ.  
Түйеөркеш. Тоғжан шолпысы  
Шақыратындай сыңғырлап.  
Жидебай. Зере әже мен  
Ұлжан ананың әлдиі.  
Ай бұлғап құшақ жаяды  
Абайдың жатқан мәңгі үйі.  
Қараңғы түнде балбырап,  
Қалғиды таулар сол күйі...  
...Абайдың жолы жарқырап,  
Нұрлы күндерді бетке алған.



Ащысу, Шаған сарқырап,  
Даланың сырын ақтарған.  
Сұлу қайыңдар балтыры ақ  
Сұлу қыздардай топталған.  
Айдыны нұрға жалтырап,  
Айнадай көлдер баптанған.  
Қыраттар бөркін лақтырған,  
Бөйге алған жандай көкпардан.  
Кәрі жартастың жүрегі  
Жарылуға сонда шақ қалған,  
Күміспен бұлақ күптеліп,  
Алтынмен дала апталған.  
Ақша бұлттардан әрі асып,  
Ақ қанат құстар аттанған.  
Құзға ұя салған қырандар  
Жарылып ұшқан жақпардан.  
Арқар қарғыса жел есіп,  
Киік қашқанда от жанған.  
Жылқылар үйір-үйір боп,  
Шалғыны шүйгін тапталған.  
Өрістен қайтқан сиыр көп,  
Соқпағы сүрлеу сақталған.  
Сай-саласында қой өріп,  
Қойшысы соған мақтанған.  
Түйелер жүзіп сағымдай  
Жеткізген сәлем көк таудан.  
Қарауыл басы айналған  
Бөйгеге қосқан аттардан.  
Тұяқтар тасқа тигенде  
Ұшқындар ұшып, шоқ қалған.  
Жарыса оқып жырларын,  
Ақыны өлең төкті алдан.  
Әншісі айтып сырлы әнін,  
Сыйлаған көпке тәтті арман.  
Қариясы берген батасын  
Ақ тілек тілеп ақ таңнан.  
Аспанда Күн мен Ай еріп,  
Ақкөйлек жұрты шаттанған.

Шыңғыстау деген – осы өлке  
Береке, ырыс, бақ қонған.  
...Беу, киелі Шыңғыстау,  
Абайдай асқар алыпты  
Туғызған сенің құдіретің.  
Мен салған бір кез сөзіммен  
Осындай еді суретің.  
Қазақтың атын қастерлеп,  
Әлемге жайған жер едің.  
Абайға ойлы өлеңін  
Сыйлаған дала сен едің.  
Абай да өтті, мен де өттім,  
Болмай қалды ма керегің?  
Қанша рет болса жарылыс,  
Сонша рет мен де өлемін.  
Абайды, мені оқыған  
Жас толқын қайда, өренім,  
Соларға сені тапсырдым,  
Соларға ғана сенемін!

### **Қарауылтөбе. Олжас Сүлейменов оқыған өлең**

«Шыңғыстауға жатыр таяу сазарып,  
Сарғалдақпен шегеленген мазары.  
Осы жерде жолығады түнеріп,  
Тарқағандар қызық думан-базары.

Қайғы-шерден басталмаған жоқ сәрі,  
Қуарған шөп, тамбай көктің кәусәрі.  
Зәр секілді, у секілді кәдімгі  
Гүл атаулы сап-сары...  
Шыңғыстауда жатыр мазар сазарып...»

Ұлылардың туған жерін қорғайын,  
Ұлылардың жатқан жерін қорғайын.  
Махамбеттің басын алған дүние,  
Дәл сол үшін басымды алсаң, мен дайын.

Ұлы Абайдың туған жерін қорғайын,  
Шәкәрімнің жатқан жерін қорғайын.  
Хан Кененің басын алған кер заман,  
Дәл осы үшін басымды алсаң, мен дайын.

Тәттімбеттің туған жерін қорғайын,  
Өміренің өскен жерін қорғайын.  
Енді қалған ғұмырымды түп-түгел  
Жарылысты болдырмауға арнайын.

Ұлылардың топырағын қорғайық!  
Ұлылардың атырабын қорғайық!  
Бәйтеректі желге ұшырмай, өртемей,  
Бүршік атқан жапырағын қорғайық!

### **Семей полигонында өскен баланың жыры**

Бал бала күн, бала күн,  
Жазғы таңдай жамалың.  
Ұтылып қалып асықтан,  
Таба алмастан амалын,  
Тұрушы еді-ау бір бала  
Жасқа бұлап жанарын.

Бал бала күн, бала күн,  
Сені есіме аламын.  
Құйқылжыған құлын шақ,  
Қайырып алып балағын,  
Қияқ қиып балтырын,  
Тікен тілген табанын.

Шыр айналып, шарқ ұрып  
Кең төсінде даланың,  
Бұзамын деп талпынып  
Табиғаттың қамалын,  
Әселіне тамсанып,  
Ұясына қол салып,  
Ара шаққан бала күн.

Шыбық мініп жарысып,  
Жұтып саумал самалын,  
Асқақтайтын ән ұшып,  
Сенен алған сабағым.  
Беу, бала күн, бала күн,  
Қағып-қағып өтесің  
Қобызымның сағағын.  
Шертіп-шертіп кетесің  
Домбырамның шанағын.

Бал бала күн, бала күн,  
Саған қайран қаламын.  
Сен есіме түскенде  
Өлеңіме сыр ашып,  
Өксіп-өксіп аламын.  
Сексеуілдің шоғындай  
Өртенемін, жанамын.  
Сен есіме түскенде,  
Жан дүниемді саз билеп,  
Ортаймаймын, толамын.

Сен есіме түскенде,  
Шақырады Шағаным.  
Балық ұстап алдым деп  
Балдыр ілген бала күн.  
Күнге күйіп күнұзақ,  
Жер қойнына қимаған,  
Отындыққа жинаған,  
Тозған тоғай томарын.  
Байқамалпыз бірақ та  
Азған елдің алабын.  
Тыңдамалпыз күмбірін  
Ойға шомған обаның.  
Түсінбеміз күңгірін  
Күмбездер мен моланың.

Бүлдіргенді белдерге  
Қошақандай өрген күн,

Қарақатты қырларда  
Қалың жидек терген күн.  
Доланалы сайларда  
Құлын болып желген күн.  
Мойыл өскен ойларда  
Атамекенді емген күн.  
Соныңмен де тәттісің –  
Қара өлеңнің қаймақтай  
Ақ желкенін керген күн.

### Семей полигонында өлген баланың зары

Моламын...  
Мен де баламын!  
Менің – бір нәзік сәуленің не жазығы бар еді?  
Анамның ақ сүтінің орнына  
Бүлк-бүлк еmemін  
Жаралы төсін туған даламның,  
Ғазалын айтып қаралы ғаламның,  
Жауабын күтумен  
Көкте – Тәңірі, Жерде – Адамның.  
Көре алмай кеттім  
Жарық дүниенің жамалын.  
Аша алмай кеттім  
Алланың берген жанарын.  
Естімей кеттім  
Бесік жырын Ананың.  
Ақ сүтінің орнына  
Еміп жатырмын  
Алқынған төсін туған даланың.

Бүлдіргенді белдерде  
Қошақандай өрген жоқпын.  
Қарақатты қырларда  
Қарақатын терген жоқпын.  
Доланалы сайларда  
Құлын болып желген жоқпын.

Мойыл өскен ойларда  
Тәтті уызды емген жоқпын.  
Соныңмен де ащысың, менің қайғым,  
Өйткені мен Өмірді көрген жоқпын.

Кейде бұлақ болып,  
Кейде жерден өнген шуақ болып,  
Қара жерге бір нәзік қуат беріп,  
Жылаймын, өксимін, Жер-Ана, уат келіп...

### **Жапырақтар жыры**

Жапырақпыз – біз, тамырымыз тереңде,  
Біздің дауыс естіледі кереңге.  
Дүниенің бар жапырағы қосылдық  
Жарылыстар болмауы үшін әлемде.

Құс ұшырып Құдіретке елші еттік,  
Аруақтарды адамдарға емші еттік.  
Бұл дүниеде жапырақтар болмаса,  
Өмірдің де болмайтынын көрсеттік.

Тамыр үнін өсиеттей тыңдадық,  
Жерді Аспанға жалғап тұрып жырладық.  
Бір дауыспен бір мезгілде үн қатып,  
Бар әлемнің жапырағы шуладық:

Жойылсын зұлмат!  
Жойылсын зауал!  
Жойылсын апат!  
Жойылсын ажал!

## ҚАРСАҚБАЙ

(Лирикалық поэма)

*«...Кен орнында энолит заманында  
(б.з.б. 5000-6000 жж.) сақтар кен өндіріп,  
мыс пен қола балқытқан».*

**ҚҰӘ. – А., 2001. – 627-б.**

Бұл жерде бір заманда теңіз болған,  
Көнеден дәл осындай лебіз қалған.  
Бірде құрлық, ал бірде суға айналып,  
Алмасып келе жатыр егіз жалған.

Су тартылып, бу ұшқан керегемнен,  
Тау мүжіліп, алмасқан төбелермен.  
Тақтатастар, сынтастар, бұжыртастар  
Ғасырларды артқа сап шөге берген.

Қабат-қабат қаланған тәртіппенен,  
Қалған көне заманнан сарқыт көрем.  
Жел жеткізген, күй қалған бабалардан,  
Мен де жел боп сол күйді тартып келем.

Көрдім тасы шашылған көп төбені,  
Көп төбеге әр заман ат береді.  
Шұңқыр қазып, бұл жерде кен балқытқан  
Бабаларым сарматтар, сақтар еді.

Жанған арман, осында сөнген арман,  
Осы жерде өмірін өрген алуан.  
Сақ бабалар сақтанып жауларынан,  
Қару-жарақ, киімін жерден алған.

Шашпау үшін береке, ырыстарын,  
Елін қорғап салғанда ұрыстарын,  
Маңдайынан тер төгіп, соғып алған  
Туған жердің қойнынан қылыштарын.

Құрығаның – болмаса бай жарағың,  
Өтіп еді шайқассыз қай заманың?  
Тас балқытып, темір мен мыс өндіріп,  
Жауға қарсы кезеген найзаларын.

Сақтар қарсы ап жеңіспен әр таңдарын,  
Жауды жеңіп, шығарған талқандарын.  
Осы жерден өндірген кеннен жасап,  
Қарсы қойған дұшпанға қалқандарын.

Ежелден-ақ құт қонған бұл өлкесін,  
Сарыарқаның қорғаған мың өркешін.  
Ақсауытын балқытып құмтастардан,  
Торғауытын тоқыған, кіреукесін.

Батырлығы аңыз боп жатқа жеткен,  
Еркіндігін, ерлігін мақтан еткен.  
Ұрпағына тапсырып құтты өңірді,  
Бұл далада ержүрек сақтар өткен.

Жер қорғаған жүрегін қолына алып,  
Тарғытайдан тараған тамыр алып.  
Елсіз осы мекенді ен жайлаған  
Жапырақ жайған жас халық, соны халық.

Мал өсіріп, саумалға самалдаған,  
Осы жазық далада аң аулаған.  
Өмірлерін қалдырған тасқа қашап,  
Мыс сапырып, кен қазған солар бабам.

Зерлі болған алтыннан киімдері,  
Мыс пен жезден заттары үйіндегі.  
Тостағаны күмістен сусын ішкен,  
Егін егіп, айналған диірмені.

Түннің өзін от жағып жарық қылған,  
Ен байлыққа ұл-қызын қарық қылған.  
Ежелден-ақ кен қазған сол бабалар,  
Қара жердің қазынасын тауып қырдан.



Шыққан және солардан ғұламалар,  
Ойдан соққан мұқалмас мұнаралар.  
Қалғып кетсем, шошайтып дулығасын  
Көктің өзін оятып тұрады олар.

Туған және солардан кемеңгерлер,  
Болды ма екен олардай әлемде ерлер?!  
Күәсі боп ғажайып сол дәуірдің,  
Бізге аңыз айтады төбел белдер.

Туған жердің қойнынан жақұт тапқан,  
Алтын, күміс, асыл тас, ақық тапқан.  
Бірақ олар байлыққа қызықпастан,  
Құстай еркін өмірден бақыт тапқан.

Әуес болып хош иіс гүлге небір,  
Әулетімен көтерген күнде көңіл.  
Жебе менен садағын тастамастан,  
Еркін әрі ерікті сүрген өмір.

Уақыт шіркін шабады аттар болып,  
Жарқырайды, жанады оттар болып.  
Сақтар болып үн қатып тау да маған,  
Тас та маған сөйлейді сақтар болып.

Қобыз үні боздаса ішекті үзеді,  
Көз алдымнан керуен ой өткізеді.  
Кең даладан кен алған бабалардың  
Дауыстарын жел маған жеткізеді.

«Қар» деген – ырысы ғой кеніміздің,  
«Сақ» деген – бір кезгі аты еліміздің,  
«Бай» деген – байлығы ғой бұл өлкенің,  
«Қарсақбай» – бүгінгі аты жеріміздің.

Тарихтың ашылғанда ақ-қарасы,  
Қашанда Қарсақбайдан бақ тарашы.  
Ішіне талай сырды бүгіп жатқан  
Атыңнан айналайын, сақ даласы!

Қолға ұстап орындалған арманды да,  
Қарсы алар ұрпақ талай таңдарды да.  
Асылын қойынына тығып жатқан,  
Бұл дала – бабалардан қалған мұра.

### Жаңа заман. Кеніштің ашылуы

*«...Қазіргі заманғы алғашқы мыс кәсіпшілігін  
1847 ж. Ушаков ашқан. 1904 ж. кен орны  
ағылшындардың «Атбасар мыс кентасы» қоғамына  
концессияға берілді... Бірінші отандық мыс  
1928 ж. Қарсақбай комбинатында балқытылды.  
Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 1929 ж.  
қолға алуымен басталған геологиялық барлау  
жұмыстарын 1931 жылдан Жезқазған экспедициясы  
үздіксіз жүргізіп келеді...»*

**ҚҰӘ. – А., 2001. – 627-б.**

Картадан көзіме оттай басылса да,  
Мен бүгін қуана алам асыр сала.  
Бұл кеніш сарқылмаған бір заманда  
Қолымен орыстардың ашылса да.

Бір ғасыр бір ғасырға иек артып,  
Сарқылмаған қазақтай ие бар құт.  
Жылдар да артта қалды қазақ кенін  
Ағылшындар жөнелткен түйеге артып.

Қалдырып артқа талай алыс белді,  
Сонан соң бұл өлкеге Қаныш келді.  
Бойына Қарсақбайдың қан жүгіріп,  
Қазаққа содан бастап табыс берді.

Тау кезіп, оралатын әр кешқұрым,  
Қанекем күйін кешті жанкештінің.  
Осынау кенді өңірге ұлы Қаныш  
Арнады өмірінің он бес жылын.

Салдырып сал далада қала шағын,  
 Бұзылды теміржолмен ала сағым.  
 Осынау құтты өлкенің әр тасынан  
 Көрдi ол қазақтардың болашағын.

Ашылып көз алдында көмбе қалды,  
 Жастығы Сәтбаевтың сенде қалды.  
 Баяғы бабалардың ізіменен  
 Қазақтар жердi қазып, кен қопарды.

Сарыарқа ұйқысынан кеттi оянып,  
 Жер балқып, қыр құлпырып, көк боянып.  
 Ұлытау дүр сілкіндi – ұлы дала  
 Қызыл мыс балқығанда оттай ағып.

Жаңаарқа – жезтаңдай таң шырқап атқан,  
 Жезқазған көтерілдi бiр тараптан.  
 Тасқұдық, Милықұдық, Теректiде  
 Асыл кен аузы ашылып бұрқап аққан.

Сарысу, Қаракеңгiр, Терiсаққан,  
 Күмiстен шашу шашып келiсе аққан.  
 Қаныштың арқасында қайта оралды  
 Орыстың ағылшынға жерi сатқан.

Балталы, Бағаналы, Абылайша,  
 Алтайша, Қарауылша, Атығайша,  
 Қайламен тауын бұзып, тасын ойса,  
 Жарқ етiп Қарсақбайда жасын ойша,  
 Киелi топыраққа Қаныш келiп,  
 Басталған жаңа заман осылайша!

**Кеңестiк кезең. Лондон. Өлемдiк тастар көрмесi.  
 Қаныштың даналығы**

Иссапар. Қаныш аға – абыз ғажап,  
 Ол жайлы ақиқат пен аңыз ғажап.  
 Бойымен, ойымен де, маңдайымен  
 Черчилльдi таңғалдырған нағыз қазақ.

Сол сапар оған ешкім тең келмеді,  
Қаныштың ұшан-теңіз өңгергені.  
Лондонда қойылыпты екі мың тас,  
Қанекең жүрді аралап сол көрмені.

Тастардың мұражайы шалқытты өлең,  
Байқайсың, бажайлайсың балқып денең.  
Тізіліп бар әлемнен жиналған тас  
Сөреде қаланып тұр төртіппенен.

Келген соң құстай ұшып, жүріп алыс  
Әр тастың ғұламаға сыры таныс.  
Қаптаған көп ғалымды маңына ертіп,  
Келеді жаймен басып ұлы Қаныш.

Ойласа өткен күнді ажыратпай,  
Тастармен сырласпаған кезі жоқтай.  
Бір кезде көк әйнектің ар жағынан  
Басылды бір тас оның көзіне оттай.

Өтті уақыт аққанындай ағын судың,  
Бұл жерде тас танитын тамыршың кім?!  
Үңілсе жақын барып ернеуіне:  
«Тасы, – деп жазылыпты, – ағылшынның».

Сол жерге Қаныш аға тұрып қалды,  
Санада мың сан сауал сұрыпталды.  
Тау кезіп, рюкзагіне тасты терген  
Жастық шақ жанарында тұнып қалды.

Өлгі тас Қаныш үшін асыл еді,  
Жарқ етті көпке қарап жасын өңі.  
«Жазылған жазуларың дұрыс емес!  
Мына тас – Қарсақбайдың тасы!» – деді.

Шетелдік бүкіл ғалым таң-тамаша,  
Ортаға ап Қанекенді қолқаласа.  
Қалайша танымасын туған жердің  
Тастарын өмір бойы арқаласа?!

Бір сәтте ағылшындар жуас болды,  
Сол сөзі Сәтбаевтың рас болды.  
Қарсақбай тасы екенін шын дәлелдеп,  
Сермеді ұлы ғалым құлаш, қолды.

Мысы бар құрамында балқытарға,  
Сан рет жанарында жанды тауда.  
Түзетіп ағылшындар қателігін,  
«Қарсақбайдың тасы» деп салды таңба.

Сол жайттан даналықтың сырын ұқтым,  
Төрінде сонау көне құрылықтың  
Қазақтың тасын жазбай танығаны  
Бір ғана дәлелі еді ұлылықтың.

...Қазақтың қуат отын шашпай жағып,  
Жүрегін құмқайраққа жастай жанып,  
Жүрсе егер тасты теріп бала Қаныш,  
Тұр бүгін дана Қаныш тасқа айналып.

### **Тәуелсіздік таңы. Әлемге аян «Қазақмыс»**

Естіліп Сарыарқаның сазы алыстан,  
Ғарышқа күн де туды қазақ ұшқан.  
Әлемге кенді өлке деп аян болды  
Тәуелсіздік таңы атқан Қазақстан.

Қазғанда алтын, күміс, мыс, қоласын,  
Бабалар салған жолды ұстанасың.  
Орыстар «Мыс салт атты» қойса ескерткіш,  
Қазақтар салды тұтас Мыс қаласын.

Елестетер халқымның ерке көшін,  
Қадірлейік әр тасын, әр төбесін.  
Ен даламда кен байлық көзі ашылып,  
Қазағымның көтерді мәртебесін.

Көк ту боп желбіреген төрде айбыны,  
Еселеп арта түсті ел байлығы.  
Қарсақбайдай кеніші тұрған кезде  
Қазақтың таусылмайды жер байлығы.

Тыңда, көлім, тыңда, тау, тыңда, белім,  
Шығар күнім келді енді шыңға менің.  
Сен жайнасаң мен-дағы жадыраймын,  
Мыс сапырып, кен қазған туған елім!

**ЖАҢҒЫРЫҚ***(Поэма)*

Тыныштық құшағында ауылым – ұям,  
Жайнайды сан түске еніп таулы қиям.  
Жаздыкүн. Тамылжыған тамыз айы,  
Жазықтың таңдайына сәуле ұйыған.

Қырлардың басын желпіп шұғылалы өн,  
Аумайды обалары құмырадан.  
Көктегі қызыл Күннің тұғырындай  
Көрінер Қызылшоқы құбыладан.

Тыныстап дөкей жартас тана танау,  
Демінен ақ бұлт үркіп баратады-ау.  
Базарын қойынына тығып жатқан  
Назалы Машан мынау, Таңат анау.

Жайылған жасыл көгал кілем бе еді?!  
Жарасар тойған дөңнің шіренгені.  
Маңдайын неше қатпар әжім басып,  
Созылған Шыңғыстаудың сілемдері.

Шатқалда қалың терек шуақ күткен,  
Қайыңдар айналаға құлақ тіккен.  
Қайнардан қайнап шығып шапқылайды,  
Сайрандап, сай қуалап бұлақ біткен.

Маңайға қарасаң-ақ құмар қанды,  
Самал жел тербетеді сыңар таңды.  
Сол талды қалқасына паналатып,  
Көз тастап төңірекке тұр Арқарлы.

Аршалы әсемдігін өн қып төккен,  
Қалдым-ау Сандықтасты сандық деп мен.  
Кей таулар айнымаған динозавр  
Бірнеше ғасыр бұрын қалғып кеткен.

Жібітсе мыңсайрамдар бал таңдайын,  
Құлағын түре түсер қартаң қайың.  
Асылып бел-белеске жолдар жатыр,  
Шашылып, жиналмайтын арқандайын.

Судағы серуенге ойы кетіп,  
Күн жүзді толқындарды қайық етіп.  
Мөлдіреп арнасында ағады өзен,  
Ақтастың ақ бақайын шайып өтіп.

Даланың қызыл гүлге қырқасы бай,  
Қалмайды бұл өлкеде нұр тасымай!  
Жарасты, жамалы ашық табиғаттың  
Бұзылмай тұрса, шіркін, шырқы осылай.

Табиғат шырқы осылай бұзылмаса,  
Аралар ызыңдасын ызыңдаса.  
Гүл-қыздар жапырақ-шөлі көлегейлеп,  
Ұялар Күн-жігіттен жүзін баса.

Ақ нұрын тұрса да Күн шаша күліп,  
Арқарлар әлденеден қашады ығып.  
Жәудіреп жанарлары, тығылады  
Топ киік топ шеңгелге ошарылып.

Қара бұлт тамып өтсе сіркіретіп,  
Көдеден шіл үркеді пыр-пыр етіп.  
Асығыс алаңқайда жайылады  
Суырдың ін қасында сұрқы кетіп.

Кептерлер сәні дерсің жар үстінің,  
Қояндар паналайды қамыс түбін.  
Шарқ ұрып серік іздеп жалғыз қыран,  
Шаңқ етіп шығарады алысқа үнін.

Гүл болып дөңестердің жанса бағы,  
Аралар сол гүлдерден бал сорады.  
Сіміріп көк жусанның кермек иісін,  
Мас болған бозторғайлар ән салады.



Дүниенің қызғанғандай қыз қылығын,  
Осынау тылсым шақты бұзды бір үн.  
Баяғы өзен ағып арнасымен,  
Төгеді баяғы Күн ізгі нұрын.

\* \* \*

Қара жол. Бұл жолмен сан жүрген де еді,  
Даланың артта қалып қыр-белдері.  
Асығып әлдеқайда келеді екеу,  
Екі аяқ мотоцикл мінгендері.

Бет төсеп, қарсы жүзіп желге майда,  
Асығып келеді екеу әлдеқайда.  
Біресе қырға шығып мотоцикл,  
Біресе құлдилайды өрден ойға.

Құшағын құлан жазық кең ашты да,  
Жолсызбен зымырады дөң асты да.  
Көк жусан жер бауырлап жата қалып,  
Бетеге тығылады бел астына.

Шал-көде шоқша сақал күңкілдеді:  
«Тыныштық бар ма бізге бұл күндері?..»  
Үрейдің үдей түскен екпінінен  
Үркеді ақ селеудің үлпілдегі.

Дәуқара бұлт көзінен тамшылайды ән,  
Инесін итошаған қарсы қойған.  
Қараған тікен-мұрты тікірейіп,  
Тобылғы сонадайдан томсырайған.

Бет төсеп, қарсы жүзіп желге майда,  
Асығып келеді екеу әлдеқайда.  
Біресе қырға шығып мотоцикл,  
Біресе құлдилайды өрден ойға.

Ақ сәуле себездейді Күн көзінен,  
Аспанның асқақтаған күмбезінен.

Сайланып аңға шыққан аңшы еді бұл,  
Баласын ертіп алған бірге өзімен.

Жанары төңіректі жай шолады,  
Түртпектеп бір ашқарақ ой сананы,  
Рульді екі қолы мығым ұстап,  
Сүзеді екі көзі сай-саланы.

Көңілін сабырлылық желі басты,  
Шегі жоқ сансыз дөңге дөң ұласты.  
Ауылдан біраз болды шыққанына,  
Кездеспей іздегені, өңі қашты.

\* \* \*

Жайнаған жайлауында Сырғабайдың,  
Көз тартар Күнді әлдилеп тұрған айдын.  
Әрбір жол көкейінде сайрап жатыр,  
Әр тасы таныс оған бұл маңайдың.

Биіктің сонау тұрған аты – Арқарлы,  
Қалғымай қарсы алатын атар таңды.  
«Арқарлыға бар, – деген, – аң іздесең»,  
Көнеден бұл тау жайлы мақал қалды.

Осы тау аңшының да бетке алғаны,  
...Жеріне межелеген жетті алдағы.  
Көлігін тоқтатқанда ойпаңға кеп,  
Бір сайдан елес беріп өтті арманы.

Табиғат берем десе сыйы бөтен,  
Дүбірі Тәттімбеттің күйіне тең.  
Жаңағы қылаң берген елес емес,  
Арқардың үрке қашқан үйірі екен.

Шақырды арқасынан қақты да ұлын,  
Көрсетіп табиғатқа жат қылығын.  
Оқтаулы бесатарын оңтайға алып,  
Аңқұмар көздеп тұрып атты бірін.

Гүрс етіп мылтық оқты бір-ақ құсты,  
Ай мүйіз омақаса құлап түсті.  
Аналық арқар екен қозысы бар,  
Киелі таудың төсін жылап құшты.

Заңғардан талып жетті қырғи үні,  
Солқ етті Жер-ананың бір бүйірі.  
Көк саулық қайта келіп қосылардай,  
Қия алмай қалтарыста тұрды үйірі.

Көңілі мынау жайтқа мүлде толмай,  
Қақтырды қоңыр қозы Күнге таңдай.  
Кеудесі қызыл жоса қанға бөккен  
Енесін айналсоқтап жүр кете алмай.

«Қай жақтан шыға қалды қасақана үн?!  
Мен әлі мүсінімді қашатамын!»  
Тапсырып жатты үнсіз табиғатқа  
Көк саулық кіп-кішкене қошақанын.

Көрсетіп ең соңғы рет алып көкті,  
Қоштасып жанарымен жарық та өтті.  
Көзінен жан тапсырған көк саулықтың  
Дүние мөлдір шық боп тамып кетті.

Тұрғандай күтіп талай қатер алдан,  
Топ арқар тауды айналып кете барған.  
Шошынып ауа бұзған қан иісінен,  
Мылтықтың дауысынан секем алған.

Табиғат бағытынан күрт адасқан,  
Аяйды еркелерін үрке қашқан.  
Ақша бұлт – ақ орамал қолына алып,  
Жылаған таудың көзін сүртеді аспан.

Арқарды жоқтап жыла, тұма, белес!  
Дәл жаңа қозы емізген құлады елес.  
Мылтықты жоқ қыл, дүние, ажал сепкен,  
Жо-жо-жоқ, мылтық оған кінәлі емес.

Жүрді аңшы серпіп тастап күдікті әрман:  
«Топ арқар ұзаған жоқ жуық маңнан.  
Үйірді қуып жетіп атсам тағы...»  
Деген ой көкейінде бұғып қалған.

Екеуі арқар жатқан сайға барды,  
Иесіз мотоцикл ойда қалды.  
Белгісіз неге екені, бір шалғайдан  
Байғыздар салып жатты байбаламды.

Тас тұма болған жайдан шошып анық,  
Жатқандай қызыл қаннан қашып ағып.  
Басында сол бұлақтың арқар жатыр,  
Тірліктің қайнар көзін қасына алып.

Саулатып төсі қызыл шымқай қанды,  
Саулықтың жанарынан нұр тайған-ды.  
Көргенде емшегінен аққан сүтті  
Баланың бойы мұздап, сырт айналды.

Жануарды атты-ау аңшы ұялмастан,  
Сол сәтте өмір-өлім күйі арбасқан.  
Емшегі жарықтықтың иіген-ау,  
Қозысын қиналғанда қия алмастан.

Аңшы:  
«Үстінен түсе қалдық аңдығандай,  
Қайқиған ай мүйізі сәнді қандай?!  
Жоқ шығар олжалы адам біздей бүгін,  
Нән арқар атып алған дәл мынандай!»

Ақ бұлттар қанатымен көк қармады,  
Аңшыны азалы тау көп қарғады.  
Манадан үнсіз тұрған бала сонда:  
«Қозыға обал болды-ау...» – деп қалғаны.

«Шығармақ боп жүргенде дара аңшы қып,  
Ей, ұлым, тұрсың ғой сен обалсынып, –  
деді әке, – бүйте берсең ертпеймін де,  
Көңілім саған менің қалар суып.

Қуанам сенімімді әлі ақтасаң,  
Аңдарға дарытпақсың сен оқ қашан?!  
Несіне өкінесің, түсінсеңші,  
Атады басқа біреу, мен атпасам».

Бұл сөздің бәрін естіп жатты бұлақ,  
Бір сырды ішке түйіп ақты бірақ.  
Қайнарға қарады да тамсанды аңшы,  
Сылдырап аққан судың тәтті үні ұнап.

Қалғандай баласында тіл байланып,  
Көз салып соған бір сәт тұрды ойланып.  
Мылтығын тастай салып етпеттеді,  
Ішуге тас бұлақтан ыңғайланып.

Мөп-мөлдір бұлақ шырқап барады әнін,  
Шұңғылдың ернеуіне толады ағын.  
Еріні енді тие берген кезде  
Гүрс етіп қайталанды бағанағы үн.

Бұл дауыс табиғатқа таныстұғын,  
Қояндар паналады қамыс түбін.  
Шарықтап көз ұшында жалғыз қыран,  
Шығарды шаңқ етті де алысқа үнін.

Күтпеген ащы дауыс ашық Күннен,  
Ініне суыр, борсық қашып кірген.  
Қолатта қалың тоғай дүр сілкініп,  
Жартастар жаңғырықты шошып мүлдем.

Селк етіп, секем алып, алабұртып,  
Қанатын қақты ұядан бала бүркіт.  
Пана іздеп Арқарлының сай-сайынан,  
Үйірі көк саулықтың барады үркіп.

Әулекі шошаң етіп ши қарсыда,  
Әуеге көтерілді күй-қаршыға.  
Бұл жолы аң да, құс та құламады,  
Бұл жолы мылтық оғы тиді аңшыға.

Болмаған бұрын-сонды дәл мынандай,  
Құдірет аяғынан шалды қандай?!  
Оққа ұшқан арқардайын құлады ол да,  
Өмірге деген шөлін қандыра алмай.

Ажал кеп құлағына «Жүр!» дегендей,  
Тілін де әлдебіреу күрмегендей.  
Оқталған ұлына сөз айтпақ болып,  
Көз жұмды бірақ аңшы тілге келмей.

Сол сәтте өмір-өлім қайта арбасқан,  
Шайлығып тау жүрегі, шайқалды аспан.  
Аңшының ұшты жаны, адамдарға  
«Аңды атпа!» деген сөзді айта алмастан.

Бәрін де кеш түсінді мезгілінен,  
Көз жұмды қоштаса алмай мәз күнімен.  
Аяғы тасқа тиіп, тас – мылтыққа,  
Атылып кеткен екен өздігінен.

Табиғат санаушы еді кімді бөтен?!  
Қызыл қан қос кеудені жуды бекер.  
Оққа ұшқан арқар жатыр... әлде аңшыны  
Киесі сол арқардың ұрды ма екен?!

Кешірімес алып тау да кінәні ондай,  
Бас иіп аңшы жатты тұра да алмай.  
Тіріде сұрамаған кешірімін  
Мүрдесі табиғаттан сұрағандай.

Саулықтың көз алдынан сағым өшкен,  
Аңшының кеудесінен жаны көшкен.  
Енесіз қозы тұрды түк түсінбей,  
Әкесіз бала тұрды танып естен.

Кінәсіз таудың төсін қан жуады,  
Қос дауыс кернеп кетті тау-жыраны.  
Енесін іздеп қозы маңыраса,  
Әкесін жоқтан бала зар жылады.

Киіп ап қыраттар тұр сеңсеңді көп,  
Беткейден ескен жібек жел селдіреп.  
Бейкүнә жас баланың көз алдында  
Тау құлап, жер айналып, теңселді көк.

Саят та, серуен де былай қалып,  
Денесін құшты әкенің жылай барып.  
Бейкүнә уыз ұлдың жанарында  
Дүние тоқтамады шыр айналып.

Боларын бала-жүрек сезді осындай,  
Әкеге айтып та еді-ау сөз жасырмай.  
Мөлдіреп таудан төмен ақты бұлақ,  
Сайдағы қос жетімнің көз жасындай.

Баба шың бүгеді ішке көне сырын,  
Кім ұтты, кім ұтылды, төреші кім?!  
Қозы жүр... жерге ұйыған қан аралас  
Қызғылтым сүтін жалап енесінің.

## ТАМЫЗДЫҢ ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫ...

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Жаһанға жалпақ жайылған,  
Шықпайсың менің ойымнан.  
Сен едің текті елімді  
Атажұртымнан айырған.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Жанған Күн көкте өшкен күн,  
Талай тағдырды шешкен күн.  
Абыралымның бауырынан  
Абдырап халқым көшкен күн.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Сұмдықты көрген кім болды?  
Таң емес, сол таң түн болды,  
Дүниені жұтқан үн болды,  
Дүр сілкіндірген күн болды.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Күн емес, алып шар шықты,  
Аспан көзінен қан шықты.  
Дегелең деген өр таудың  
Кеудесінен сол күн жан шықты.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Өлкемді түгел өрт шалды,  
Даламды түгел дерт шалды.  
Саңырауқұлақ бөліп шығарды  
Төрт құбыламнан төрт шарды.  
Сұрапыл дауыл соқтырды,  
Жарылуға далам шақ тұрды.  
Жер менен көкте тұтасқан  
Бұрын болмаған от тұрды.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Қасірет құшты Қайнарым,



Қу, Доғалаң, Тайланым,  
Ақбұлақ, Самай, Мәрәмік,  
Аққора, Таңат, Мыржық пен  
Абыралыдай аймағым.

Баянаула, Қызылтау,  
Қарқаралы, Шыңғыстау,  
Қызылжал мен Сарыжал,  
Қаражал мен Қараөлең,  
Жатқан бір жайнап далам ең.  
Жан дауысыңды ышқынған  
Естіді сол күн бар өлем.

Майлықара, Үшқара,  
Берікқара сұстана,  
Тақыр боп қалды төбелер,  
Сыпырғандай алып ұстара.  
Аждаһаның аузынан  
Алып қалған елімді,  
Алып қалған жерімді  
Өшпейтін мәңгі рух пенен  
Қазаққа біткен құдіретті  
Құдайым берген күш қана.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Өртенді сол күн, ластанды  
Қаздауысты Қазыбек  
Сөзден түйін түйген жер.  
Сеңкібай қажы атамыз  
Сеңсеңнен бөрік киген жер.  
Өндірбай қалпе бастаған,  
Ноха қажы қостаған,  
Өлкемнен шыққан қырық қажы  
Сәждеге басын иген жер.  
Ұлжан мен Ділдә аналар  
Өмір бақи сүйген жер.  
Алшынбай мен Құнанбай  
Алшаңдай басып жүрген жер.

Қаратеке, Бақтыбай,  
Жапалақ пен Сартымбай  
Қырандайын қомданып,  
Батырлар жауды ілген жер.  
Сахайып қожа әулие  
Саф алтын ғұмыр сүрген жер.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Көзімді менің байлады,  
Денеме дерт боп бойлады.  
Жер-Ананың ақ шашын,  
Ақ шашын жұлып ойнады.  
Құстардың тоқтап сайрауы,  
Бойымда қаным қайнады.  
Өртеңді атақонысым,  
Қырдағы мен ойдағы.  
Әміренің әсем әні мен  
Жанақ ақынның ойлары,  
Абайдың асыл қыстауы,  
Тәттімбеттің жасыл жайлауы.  
Таптады жерді киелі  
Қайдағы мен жайдағы.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Сезімдерімді шарпыстыр,  
Ойланар бізге тал түс бұл.  
Қасіретті тұңғыш жарылыс,  
Оған да өтті алпыс жыл.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Шерменде болған өтті күн,  
Желбіреп енді Көк Туым,  
Елбасым беріп пәрменді,  
Полигон жабар жетті күн.  
Кеудемді теуіп текті жыр,  
Оған да жиырма өтті жыл.

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Жандырып жанды өрт етті,  
Айықпас тәнге дерт екті.  
Балалар қанша ерте өтті,  
Інілер қанша ерте өтті,  
Апалар менен ағалар,  
Әкелер менен аналар,  
Қарындастар қанша ерте өтті.  
Тастұғыр мынау өткеннің  
Түсірсін еске күллісін.  
Орнасын мынау ескерткіш,  
Сақтасын елдің тірісін.  
Жапырақ үшін жайқалар,  
Өртеңге өсер гүл үшін!  
Қазақстаным көркейсін,  
Жарылыс мәңгі құрысын!  
Таси да берсін берекең,  
Арта да берсін ырысың,  
Арайлы менің Абыралым,  
Шырайлы менің Шығысым!

Тамыздың жиырма тоғызы...  
Рамазан айы, Ұлы елім,  
Алладан тілек тіледім,  
Сыйғызып ойды өлеңге.  
Жаһанды жұтқан жарылыс  
Болмасын енді әлемде!  
Тамыздың жиырма тоғызы...

## АБЫРАЛЫ КӨТЕРІЛІСІ

*(Лирикалық толғау)*

Сонау бір жылы ақпанда,  
Көк боран ұлып соққанда,  
Шиті мылтықты қолға алып,  
Қонды ерлерім аттарға.  
Топталып келіп жылынды  
Түнде жанған оттарға.  
Азаттығын қазақтың  
Жазып кетті ақ қарға.

Кемпірбайдың Сқағы  
Көп алдында сөйледі:  
«Қанға тойған қызылдар  
Байлықты алды, байды алды,  
Орташадан тайды алды,  
Кедейден жалғыз қойды алды.  
Ата қыстау жерді алды,  
Аспандағы Айды алды.  
Бабадан қалған дінді алды,  
Көмейден қызыл тілді алды.  
Билікті алды, төрді алды,  
Енді, халқым, нең қалды?!»

Құрсын деп бүйткен күніңді,  
Ит-өмірден түңілді.  
Бір Аллаға сиынып,  
Аталы сөзге жүгінді.  
Бес Бошанның баласы  
Бес саусақтай бірігіп,  
Жұдырықтай жұмылды.  
Шоқпар, қылыш алысты,  
Білектері түрілді.  
«Абылайлап!», «Ақжолдап!»  
Көтеріп қолға ту ілді.

Сол бұрынғы белестер,  
Сол бұрынғы дөңестер,  
Айқай-сүрең дауыстар,  
Айлы түнгі елестер.

Тұяғымен жер қазып,  
Аттар шапты бел жазып,  
Сол баяғы терең сай,  
Сол баяғы кең жазық.

Ұшырап халық кәріне,  
Қолға түсті жаулары,  
Қуә болған бәріне  
Абыралы таулары.

Көкшетау жақтан оқ құсып,  
Мылтық үні гүрс етті,  
Тайлан жақтан от құшып,  
Көтеріліс бұрқ етті.

Қолдап кетті кеу-кеулеп  
Қызылшоқы, Ақшоқы,  
Қарашоқы, Көкшоқы,  
Сарышоқы, Қаншоқы,  
Ұзынбұлақ, Еңбектес,  
Айнабұлақ, Балапан,  
Қарабұлақ, Ақбұлақ,  
Ақты тулап, шапқылап.  
Қаратұмсық, Дегелең,  
Егіз, Самай, Қараөлең,  
Қусақ, Тоқа, Ақсоран,  
Қарға жақты от Шаған.  
Аршалы мен Айдарлы,  
Айқайдан бас айналды,  
Сүттібұлақ, Келдібай,  
Тілеуін елдің бер, Құдай.  
Қарабиік, Жырықсу,  
Ақсайда тұрды тұнып шу.

Қаздауысты Қазыбек,  
Қажыға барған Жәнібек,  
Тәттімбет пен Алшынбай,  
Қаратеке, Бақтыбай,  
Бар Байбосын, Тышқанбай,  
Жапалақ пен Сартымбай,  
Елқонды мен Толыбай,  
Кемелбай мен Шыныбай,

Атақозы, Бөлеген,  
Ақтамберді, Төлеген,  
Байқошқар мен Божахан,  
Ноха қажы, Өндірбай,  
Сеңкібай қажы аруағын  
Шақырып қонды атына,  
Аттанды Ақсай шатына  
Қайран да біздің батырлар.

Қожыр тастар, қой тастар  
Көне жақпар жартастар,  
Бота тастар, нар тастар,  
Жеткізеді дауысын  
Кісінеген аттардың,  
Жарқылдаған оттардың,  
Зар жылаған баланың,  
Қан жылаған ананың,  
Шиті мылтық тарсылын,  
Үрген иттің арсылын,  
Лақтырылған тастардың,  
Шабылғанын бастардың,  
Мөңірегенін табын мал,  
Лап қойғанын қалың қол.  
Аққан қанның суылын,  
Жүректердің зуылын,  
Салынғанын салықтың,  
Ашынғанын халықтың,  
Қыспаққа алып жандарын,  
Тартып алып малдарын,

Аша тұяқ қалдырмай,  
Асыра сілтеу болғанын.  
Буыршын мұзға тайған күн,  
Мұнар да мұнар, мұнар күн.  
Айтылғанын «Ақсарбас»,  
Оқылғанын құранның.  
Қызылжалда түрмеде  
Қиналғанын ерлердің,  
Тас көзінен басқа таулардың,  
Айтыңдаршы, көрген кім?!

Көріп тұрмын мен бүгін:  
Сасырбасты басқа ұлт  
Сабағанын басқа ұрып.  
Алтын қайда, ат қайда?  
Мылтық қайда, оқ қайда?  
Күміс толы қап қайда?  
Қаруланған топ қайда?  
Сансыз сауал жаудырып,  
Елдің есін аудырып,  
Ұрып-соғып Тайланда,  
Жауап алып Қайнарда,  
Қырып салып Қусақта,  
Атып салып Ақсайда,  
Мынау сұмдық басыну  
Тоқтамай ма, тоқтай ма?!

Күрестің осы бар сыры,  
Қайтсін қылыш, қамшыны,  
Қаруы аз топты бөлшектеп,  
Күшпенен билік жаншыды.  
Көз жасын төкті, көрді де  
Абыралының тау-шыңы.  
Сатқыннан бастық сайлады,  
Атты, қуды, айдады,  
Қолға түскен ерлердің  
Қол-аяғын байлады.

Молда менен Қожаның  
Сақалын жұлып ойнады.  
Абыралы десе, жау көріп,  
Қуғындауын қоймады.

Қойсын жендет сауалын,  
Мен берейін жауабын:  
Бодандықтан құтылып,  
Бостандыққа ұмтылып,  
Жанын қиды сол ерлер,  
Жанарына нұр тұнып.  
Бірі кетті түрмеде,  
Бірі кетті іргеде,  
Бірі атылды қапыда.  
Бірі оққа ұшып мерт болып,  
Ел алдында серт беріп,  
Бірі жанды өрт болып,  
Тірідей жаудың отына.  
Бірі өлді қыстау түбінде,  
Бірі айдалды Сібірге,  
Бірі атылды таң алды,  
Бірі атылды іңірде.

Бар кінәсі олардың –  
Қазақтың ойлап бірлігін,  
Азаттықты аңсаған.  
Осыдан сексен жыл бұрын  
Тәуелсіздікке жол салған.  
Шетінен батыр, текті олар,  
Жазықсыз жапа шекті олар.  
Бұл дүниені сыйлап ұрпаққа,  
О дүниеге кетті олар.

Солар еді жұрттың нар ұлы,  
Гүлденген елдің тамыры.  
Білмей қалды ұрпағы  
Қайда екенін қабірі.



Нағылет заман күйігі,  
Ал не істейсіз енді сіз?!  
Бәрінен де қиыны –  
Қабірі жоқ. Белгісіз!

Мен білмеймін, дәл бүгін  
Қайда бабам сүйегі?  
Соны ойласам әр күні  
Жан-жүрегім күйеді.  
Қырғынды еске ап Кәрі тау,  
Кемсеңдейді иегі.  
Жел болып келіп әруақтар  
Бетімізден сүйеді.  
Бұл да бір Сарыарқамда  
Шертілмей жүрген күй еді.  
Тасқа ойылып жазылған,  
Аттары тұрған жаңғырыш,  
Ұмытпайды елі мәңгілік,  
Ерлерге басын иеді!..

Ақиқаттың ақ пердесі  
Уақыт қолымен түрілді.  
Жаңғырып заман зердесі,  
Әділетке жүгінді.  
Өшкеніміз жанды, ағайын,  
Өлгеніміз тірілді.  
Қабыл да болсын дұғамыз,  
Аруаққа тағзым бүгінгі!

## МАЗМҰНЫ

*Таны мені, ашып көр құпиямды. Т. Медетбек* ..... 5

### Өлеңдер

Еліккөрген.....	21
Киіз үй .....	24
Алаша .....	26
Білте шамның жарығы .....	27
Домбыра .....	29
Тайқазан .....	31
Қасқырдың терісі.....	32
Үш тал үкі .....	33
Әжемнің ұршығы.....	33
Қолтаңба .....	34
Абайдың Қасқабұлағы.....	35
Балқаймақ .....	37
Бәйге .....	38
Ақын монологі .....	39
Аңсау .....	41
Сарыарқаның самалы .....	41
Ауылдың қысын сағындым.....	42
Шыңғыстау.....	44
Қайрау .....	45
Көгершін ұшқан көк белден... ..	47
Тәуелсіз Қазақстаным! .....	48
Шалқыма .....	50
Тұмар.....	51
Тұтқа .....	52
Тұғыр.....	53
Қос жағасы Есілдің .....	55
Студенттік дәптерден .....	56
Түн. ҚазГУ қалашығы .....	57
Ақ қайың.....	59
Семей .....	60
Түнгі Ертіс жағасында.....	61
«Өңімде сен боп келіп ой...» .....	61
«Қарақат көзді, өз үнді...» .....	62
«Бүлдірген ернің бар еді...» .....	62
Қонаққа шақыру .....	63
Ақ шағала.....	64
Түнгі қала .....	65
Қоңырәулие үңгірі.....	66

Ақсақалдарды аңсау.....	68
Қарағаш сайы.....	68
Менің антологиям .....	70
Наурыз келді.....	71
«Найзағай бастап шатағын...» .....	72
«Алматыда қар жауды...» .....	73
«Оңтүстік Ебінің есті желі...» .....	73
«Дәлелдеп тума дарының...» .....	74
Жаңа жылда жауған қар.....	74
Күн мен түн теоремасы .....	75
Қорасына отарын қойшы қамап...» .....	75
Ақ нөсердің астында.....	76
Жасыл әлем .....	77
«Жырына арқау ақынның...» .....	77
«Көркі сыйлап бізге өлеңді...» .....	78
«Жап-жарық Ай. Ашық аспан. Тымық түн...» .....	79
Көзімнің алды – көк тоғай.....	79
Тірі бөрі.....	80
Қонақжайлық .....	81
«Айдын нұрына түн шомылғанда...» .....	82
Ымырт .....	83
Қысқы серуен.....	83
Жалғыз .....	84
Қара теңіз.....	85
Шторм.....	86
«Келеді де ойлар сан қырлы...» .....	87
«Абхаздың тауы тұлғалы...» .....	88
«Жауғанда жанбыр ырысымдай боп...» .....	88
Мәскеу таңы.....	89
«Басып отыр еңсемді теңіздей түн...» .....	90
Тобылғы .....	90
Сәмбі тал .....	91
Майқараған .....	92
Көк жусан.....	94
Күрең жол .....	94
Ақша бұлт .....	96
Тас.....	97
Қынаньң монологу.....	98
Жеті бояу .....	99
Ертіс өзені .....	101
Жарғас .....	101
Біздің ауыл.....	102
Туған жер .....	103
Оятқан мені... .....	104

Бұлтты жұбату .....	105
Қарауылтөбе .....	106
Абыралы .....	106
Арқат .....	108
Ормандар .....	109
Шабыттың оралуы .....	110
Қатар жатқан екі көл... ..	111
Құс базары .....	112
Бесқарағай .....	113
Жарқабақта .....	114
Баянауыл тойына .....	114
Атыңнан айналайын, Баянаула! .....	116
Жасыбай көлі. Махаббат аралы .....	117
Ақмешіт .....	118
Сырдария .....	119
Қылует .....	120
Қанағат .....	122
Сарыағаш .....	123
Тартылыс күші .....	125
Асық ойыны .....	125
Нүкте туралы жыр .....	126
Астар туралы .....	128
Муза .....	129
Туған күн .....	130
Туған ауыл .....	131
Мәңгілік сағынышым .....	133
Әжемнің бейнесі .....	133
Әжемнің шырағы .....	134
Анама хаттар .....	135
«Айым дегенің есімде, күнім...» .....	136
Нағашым .....	137
Қарындастарыма .....	139
«Атыңнан айналайын, Абыралым...» .....	140
Ауыл түні .....	141
Дала өуендері .....	142
«Ұшқан уақыт жеткізбес жүгіргенге...» .....	142
«Күлімдеген Күн сәуле төгіп көктен...» .....	143
Бұлттардың жазған жазуы .....	144
«Сары гүлін шашты қараған...» .....	145
Элегия .....	146
Түнгі сурет .....	146
Жылқылы ауыл .....	147
Өліара .....	148
Таңсәріде .....	149

Шілденің ыстығы .....	149
Күз .....	150
Әсемқоңыр.....	151
Таңғы сурет.....	151
«Бір-біріне ұқсамайды күндерім...».....	152
«Ай қанатын бұлтқа малды...» .....	153
«Жер беті түгел гүлдеді...» .....	154
«Жүрегім...» .....	154
Көзкөрген .....	155
Ауыл түні .....	156
Ағаны шығарып салғанда .....	157
Аршалар.....	158
Сөзмоншақ.....	158
Түннің таңға ұласар шағы .....	159
«Бұл өлке дүниеге келген жерің...» .....	159
«Кербез тау, саған келдім мен...» .....	161
«Қара сөздің нәрінен қаймақ өрем...» .....	162
Жаңа жыл жыры .....	163
«Ақсақал, қолыңды жай, бер батаңды...» .....	164
Бақыт туралы.....	165
Сапарда .....	166
<i>Түрік дәптерінен</i> Ыстамбұл .....	167
Харпут тас қорғаны. Көне қала .....	168
Евфрат өзені.....	169
Қыпшақ қызы – Гүлдеңіз.....	170
Қисық мұнаралы мешіт .....	171
Көне Сүт қаласы. Чубук бей ескерткіші .....	172
Түркиядағы Шыңғыс Айтматов саябағында .....	173
Анадолыдағы жыр кеші.....	174
Елазығ шаһары.....	175
Балқан тау .....	176
Охрид көлі .....	178
Парижде өлген белгісіз қазақ туралы реквием .....	179
Сағыныш .....	182
Қазақ-қырғыз бір туған .....	184
Қырғыз қызына.....	185
Тәуелсіздік жыры .....	185
Қазақ жолы .....	186
«Мынау біздің жалғанда...» .....	187
«Сен ояңдың, қазағым...» .....	188
«Шықтым да жұттым таудан саумал ауа...» .....	188
«Әлдекімдер зіркілдеп...» .....	189
«Жалғыздықтан Құдай сақтасын...» .....	191
«Бір дауыл соқты басымда...» .....	192

«Қаланың ұмыттым-ау, сірә, шуын...» .....	192
«Көңілін адамзаттың көкке өрлеткен...» .....	193
Алматы .....	194
Ақындардың қаласы .....	195
Алатау .....	197
Көк күмбез.....	198
Қазбауыр бұлттар .....	199
Айнабұлақ .....	200
Алматының сирені.....	201
Алма ағашы .....	202
Ертістің кеші есімде .....	202
«Сұлуға бай ғой жер үсті...» .....	203
«Көзіммен көкті құшып...» .....	204
Сезімнің мөлдір моншағы .....	204
Акроөлең .....	206
«Сенің жүзіңнен мөлдір нұр көрдім...» .....	207
«Жеткізбей кеткен арғаным...» .....	207
«Жар құштық, бала сүйдік екеуіміз де ...» .....	208
«Ойымды түгел шырмап алғансың...» .....	208
«Мен ояумын...» .....	209
«Міне, тағы кездестік сен екеуіміз...» .....	210
Есімде менің .....	211
Қысқы қиял.....	211
Айнамкөз .....	212
Ән.....	213
Елігім .....	213
Саған.....	214
Сендім... .....	215
Қызыл қайың.....	215
«Келіндер менің тойыма...» .....	216
Көз алдымда.....	218
«Шырқап салған дала өні...» .....	218
«Күндер өтіп барады, күндер өтіп...» .....	220
«Күн сәулесін қою бұлт көлегейлеп...» .....	221
Менің дауысым.....	221
«Өзгені емес, өзінді таны, өзінді...» .....	222
«Болмасақ, біз де болармыз ...» .....	223
«Шілде айы...» .....	224
Қоңыр үйрек .....	225
«Күн сәулесін қою бұлт көлегейлеп...» .....	225
Қыраугүлдеген .....	226
Қала иттері .....	227
Көше сыпырушы .....	229
Боран .....	229

Ақтүтек .....	230
Ғалымға хат .....	231
Құсжолы .....	232
Бұлбұл .....	233
«Аспан – ұлы суретші, неткен құдіретті едің?!» .....	234
«Тұлпар...» .....	234
Көк өлең .....	236
Бояулар .....	237
Өмір заңы .....	237
Түнгі көбелектер .....	238
Гүл базары .....	239
Жоқшылықтан аластау .....	240
Ақ дүние .....	242
Қаражал .....	243

### Балладалар мен поэмалар

Тоғызарқан .....	247
Үш келіншек .....	250
Берікқара .....	252
Сеңкібай қажы .....	254
Кемелбай батыр .....	257
Ұста Әлімбек .....	261
Күлжан апа .....	263
Наубайшы Әбікен .....	265
Аңшы Төкен .....	267
Моторшы Мұрат .....	269
Әке туралы баллада .....	271
Сиыр айдаған шал .....	273
Қара бура .....	275
«Омар қой сойған» бұлағы .....	277
Кәрлен кесе .....	279
Ескі арба .....	281
Ит туралы баллада .....	282
Менің далам .....	284
Жан дауысы .....	288
Қарсақбай .....	319
Жаңғырық .....	327
Тамыздың жиырма тоғызы... ..	336
Абыралы көтерілісі .....	340

**Бауыржан ЖАҚЫП**

**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

I том

**ЕЛІККӨРГЕН**

*Өлеңдер, балладалар, поэмалар*

Редакторы *Қуат Құрмансейіт*  
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*  
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқанов*  
Корректоры *Шолпан Оразбаева*  
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 20.05.13 қол қойылды.  
Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 29,0.  
Тапсырыс №301. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13